Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 821.512.122.0(043) Қолжазба құқығында

УСЕНОВА НУРЖАМАЛ ЕСРКЕПОВНА

«Бабырнаманың» қазақ тіліндегі нұсқалары: тарихи шындық және әдеби заңдылықтар

«8D02304 – Әдебиеттану»

Философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Ф.ғ.д., профессор
Бисенғали З-Ғ.Қ.
Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Prof., Dr. Yakıcı Ali
Гази университеті
(Анкара, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2026

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР ……..... 3

КІРІСПЕ …….....…... 5

1 ЗАХИРАДДИН МҰХАММЕД БАБЫРДЫҢ «БАБЫРНАМА» ЕҢБЕГІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ 11
1.1 «Бабырнаманың» шығыс және батыс тілдеріне аударылуы 11
1.2 «Бабырнама» жәдігерінің қазақ жазба мәдениетіндегі маңызы 37
1.3 «Бабырнаманың» әдебиеттану саласында зерттелуі ……..... 48

2 «БАБЫРНАМАНЫҢ» ЖАНРЛЫҚ ТАБИҒАТЫ. МЕМУАРЛЫҚ ЖӘНЕ АВТОБИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ 61
2.1 «Бабырнама» туындысының сюжеттік-композициялық ерекшелігі мен әдеби-көркемдік әлемі ……..……..... 61
2.2 З.М. Бабырдың кейіпкер портретін бейнелеудегі психологиялық аспектілері ……..... 92
2.3 Кейіпкер характерін ашуда қолданылған тәсілдері ……..... 106

3 «БАБЫРНАМАДАҒЫ» ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМНІҢ ҮЙЛЕСІМІ ……..... 115
3.1 Туындыдағы тарихи деректердің көркем көрінісі ……..... 115
3.2 З.М. Бабырдың тарихи тұлғаларды бейнелеу тәсілдері..... 123
3.3 Баяндау мен кейіпкер диалогінде қолданылатын амалдар 134

ҚОРЫТЫНДЫ ……..... 145

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ ……..... 150

ҚОСЫМША А ……..... 159

АНЫҚТАМАЛАР

Осы диссертацияда тиісті анықтамалары бар мынадай терминдер қолданылады:

Кейіпкер – көркем шығармада суреттелетін оқиғаға қатысушы әдеби образ. Әдебиетте адамның көркем бейнесін суреттегенде, жазушы оның кескін-тұлғасын, іс-әрекетін, мінезін сол ортаның, дәуірдің өзгешеліктерін танытатын типтік сипаттармен қатар өзінің басына ғана тән ерекшеліктерді де (жүріс-тұрысындағы, сырт келбетіндегі, сөйлеу әдетіндегі) анық байқалатындай етіп көрсетеді.

Кейіпкер сөзі – көркем шығармадағы сөйлеп тұрған, пікір білдіретін, әңгімелесетін немесе баяндаушы рөлін атқаратын кез келген адам бейнесі. Автордың көркемдік ниеті, негізгі баяндаушы немесе хикаяшы ретіндегі мақсат-мұратына қарай кейіпкер сөзінің табиғаты айқындалады. Тарихи шығармаларда кейіпкер сөзінің сипаты – сол дәуірдің тарихи жағдайы мен тілдік ерекшелігіне сай құрылуы шарт. Сонымен қатар көркем тілде жеке дараландыру принципі де маңызды орын алады. Кейіпкердің өзіндік сөйлеу мәнері оның мінезі, тұлғалық болмысы, дүниетанымы, мәдени және рухани деңгейімен тығыз байланысты.

Көркемдік шындық – өмір шындығының жазушының ой-елегінен, шығармашылық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы. Көркем шындық өмірдегі шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну, оған жазушы өз қатынасын білдіру арқылы туады.

Мемуар – француз тілінен алынған сөз. Француз тілінен аударғанда «естелік» деген мағына береді. Алайда мемуарлық туындыға тек естеліктер ғана емес, күнделік жазбалар, хаттар, баяндаулар және т.б. жатады.

Мекеншақ (көне грек. «хронос» – уақыт, шақ + «топос» – мекен) – көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік координаталарының табиғи сабақтастығын білдіретін көркем категория. Тұңғыш рет физиологиялық зерттеулерде А. Ухтомский қолданды; кейін бұл терминді гуманитарлық салаға қосқан – М. Бахтин; отандық әдебиеттануда қазақша нұсқасын «менкеншақ» деген аудармада ғылыми айналымға енгізген – Б. Майтанов. Әдебиеттегі мекеншақ ұғымының жанр анықтауыштық сипаты бар.

Мінез – көркем шығармадағы кейіпкердің мінез-бітімі, ой-сезімі дүниесіне тән психологиялық, моральдық сипат ерекшеліктері. Әдеби мінез адамның өмірдегі мінез, қимыл-әрекет өзгешеліктерін жинақтап, екшеп, типтік дәрежеге көтеріп, сомдап бейнелеу арқылы жасалады. Сондықтан оны жекелеген қасиет-сипаттардың қосындысы деп санамай, солардың бірлік-тұтастығы, синтезі деп қараған жөн.

Нарратив (ағылш., франц. narrative – әңгімелеу, баяндау) – оқырманға немесе тыңдаушыға сөздер мен образдардың тіркесі ретінде ұсынылған өзара байланысқан оқиғаларды мазмұндау**.**

Нарратология (франц. narratologie – әңгімелеу теориясы, баяндау

теориясы) – баяндау құрылымын, әдістерін және қызметін зерттейтін әдебиеттанудың бір саласы. Бұл сала баяндау теориясының ғылыми зерттеуіне бағытталған және әңгімелердің құрылымын, баяндау тәсілдерін, кейіпкерлердің дамуын және оқиғалардың байланысын талдауға көңіл бөледі.

Нарратор (narrator) – бұл әдеби туындыдағы оқиғаны баяндайтын, әңгімелейтін немесе баяндаушы тұлға, ол автордан бөлек, тек сол шығарманың ішінде өмір сүреді және оқиғалардың қалай жеткізілетінін анықтайды.

Тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Алайда әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркемдік бейнелеу тәсілмен берілетін өмір шындығы, яғни көркемдік бейнелеу тәсілмен берілетін өмір шындығы, яғни көркемдік шындық.

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Заһираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» шығармасы – мемуарлық сипатымен ғана емес, сонымен қатар тарихи деректілік пен көркемдігі қатар үйлескен дүниежүзілік деңгейдегі әдеби туынды ретінде бағаланады. «Бабырнама» шығармасы – XV-XVI ғасырдағы тарихи шындықты айғақтайтын аса сенімді дереккөздердің бірі. Бабырдың бұл шығармасының маңызы – тарихи дерек пен өзі көрген оқиғаларға құралады. Ол – нағыз табиғат зерттеушісі, дала мен тауларды аралап, өз көзімен көрген деректерді бақылап зерттеген. Жәдігерде XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысындағы Орта Азия, Ауғанстан және Үндістан өлкелерінің тарихи географиясы, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, этнографиясы, фольклоры мен өркениет тарихы туралы құнды мәліметтер беріледі. «Бабырнама» – тарихи дерегімен ғана емес, әдеби тұрғыдан да зор құндылыққа ие. Туындыдағы сөйлемдердің қысқа болуы, автордың оқиға мен құбылыстың ең басты белгілерін дәл ұстап, шебер тілмен жеткізе білуі «Бабырнаманы» түркі әдебиетіндегі прозаның шынайы шыңына көтереді.

«Бабырнама» – қарапайым деректер тізбегі емес, Бабырдың философиялық ойлары, әлемге және адам табиғатына деген өзіндік көзқарасы, эстетикалық талғамымен тұтасқан көркем туындысы. Бабыр – ел басқарудағы қайраткерлігімен, сөз өнеріндегі шеберлігімен танымал тұлға. Оның тағылымға толы өмір жолы мен бай рухани мұрасы талай ұрпаққа үлгі болып келеді. Қазіргі таңда әлемнің әр аймағындағы тарихшылар мен әдебиеттанушылардың Бабыр мұрасына ерекше назар аударуы – оның тарихи және мәдени маңыздылығы уақыт пен кеңістікке бағынбайтын, әмбебап құндылық екенін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының өзектілігі. «Бабырнаманы» қазақ әдебиеттануында зерттеу – тек бір тарихи жәдігерді талдау емес, ол түркілік әдеби дәстүрді, қазақ жазба мәдениетінің тарихи негізін, көркем ойдың эволюциясын тереңірек түсінуге жол ашады. Бұл еңбекті ғылыми тұрғыда зерделеу отандық әдебиет тарихын кең ауқымда, халықаралық мәдени контексте қарастыруға мүмкіндік береді. «Бабырнама» туындысының маңызы – тарихи-мәдени дереккөз ретінде орта ғасырдағы түркі әлемінің әдеби дәстүрін түсінуге, сол дәуірдің рухани ортасын тануға мүмкіндік береді.

Бүгінде қазақ әдебиеттануы мен тарихнамасында «Бабырнамаға» деген қызығушылық уақыт өткен сайын артып келеді. Соның нәтижесінде бұл туынды екі рет қазақ тіліне аударылып, әр кезеңнің аудармалық ұстанымдары мен әдеби-ғылыми талаптарына сай түрде жарық көрді. «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі аудармаларының бір-бірінен айырмашылығы – мәтінді беру тәсілінде, тарихи атауларды түсіндіруде, көркемдік детальдарды жеткізуінде және тілдік сәйкестік мәселесінде анық байқалады. Осы тұрғыдан алғанда «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі

аудармаларын ғылыми тұрғыдан салыстыра талдау – түркі әдеби мұрасының ұлттық кеңістікте қабылдану ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

«Бабырнама» әдебиеттанудағы салыстырмалы зерттеулер бойынша терең зерттеліп қарастырылмады. Жәдігердің қазақ жазба мәдениетіндегі маңызы мен әдеби-көркемдік әлемі, қазақ әдебиетіндегі жыраулардың (Қазтуған, Доспамбет, Бұқар жырау т.б.) поэтикалық дәстүрімен толықтай салыстырыла зерттелмеді. «Бабырнаманың» жанрлық табиғатын айқындау, әдеби-көркемдік әлемі мен көркем бейнелеу құралдарын талдау, туындыдағы тарихи шындық пен көркемдік шешімін қарастыру – қазақ әдебиеттануында өзектілігін көрсетеді.

Зерттеу жұмысының мақсаты. «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі аудармаларын кешенді түрде қарастырып, жәдігердің әдеби-көркем ерекшеліктерін, тарихи шындық пен көркемдік шешім арақатынасын анықтау.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

– жәдігердің қолжазбалары, көшірмелері және зерттелуі туралы жарық көрген еңбектер жүйеленеді;

– «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі аудармаларының жазылу тарихы, аудармашылардың бағыт-ұстанымдары мен аударма ерекшеліктері анықталады;

– «Бабырнама» жәдігерінің қазақ жазба мәдениеті мен әдебиеттану саласындағы орны анықталады;

– «Бабырнаманың» мемуарлық және автобиографиялық жанрлық табиғаты дәйектеледі;

– «Бабырнаманың» сюжеттік-композициялық ерекшелігі мен әдеби-көркемдік әлемі сипатталады;

– автордың кейіпкер портретін бейнелеудегі психологиялық көзқарастары көрсетіледі;

– Бабырдың кейіпкер мінез-құлқын ашуда қолданған көркемдік амалдары талданады;

– «Бабырнамадағы» тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасы салыстырылады;

– туындыдағы тарихи деректердің көркем бейнесі мен тарихи тұлғалар портетін ашуда қолданған тәсілдері талданады;

– автордың кейіпкер диалогінде қолданған амалдары мен баяндау түрлері қарастырылады.

Зерттеу нысаны. Байұзақ Қожабекұлының «Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама» аудармасы мен Ислам Жеменейдің «Захираддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама» аудармасы.

Зерттеу жұмысының әдістері. Диссертациялық жұмыстың мақсат-міндеттеріне сәйкес салыстырмалы әдіс, салыстырмалы-тарихи әдіс, нарративтік элементтерді талдау мақсатында құрылымдық-семантикалық талдау әдісі, герменевтикалық әдіс басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық (әдіснамалық) негізі – Ж. Лейден, У. Эрскин, А.С. Беверидж, Л.У. Кинг, Р.М. Калдекот, Ф.Г. Талбот, С. Лейн-Пуул, Э.Холдэн, М. Элфинстон, Г.М. Эллиот, А. Денисон Росс, В.Х.Мореланд, А.Ж. Клапрот, Ж. Дранжете, Паве де Куртейл, Жан-Поль Ру, Луи Базен, Н.К. Витсен, А. Кайзер, В. Штаммлер, Х. Лэмб, У. Тэкстон, Р.Куренов сияқты шығыстанушылар мен аудармашылардың зерттеулері басшылыққа алынады.

Түрік ғалымдары Рашид Рахмати Арат, Мехмет Фуат Көпрүлү, Юсуф Хикмет Баюр, Енвер Конукчу, Омер Фарук Акун, т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектері мен өзбек ғалымдарынан: А. Фитрат, П. Шамсиев, С. Мирзаев, С.мАзимжонова, А. Қаюмов, А. Абдуғафуров, З.Қ. Тешабоева, Д.М.мХошимова, Ғ. Саломов, Н. Комилов, С. Хасанов, Н. Отажонов, Х.Қудратуллаев, Х. Рахимов, Х. Болтабоев, А.П. Ибрахимов, М. Собиров, Ғ.Хужаев, А. Иброхимов, З. Холманова осы бағытта ауқымды зерттеулер жүргізген.

Орыс шығыстанушылары қатарында И.В. Стеблева, Г.Ф. Благова, М.А.Салье, А.Н. Самойлович еңбектері мен жапон зерттеушісі Эйджи Маноның «Бабырнама» еңбегін аударып және оның сыни (критикалық) мәтінін дайындап, бірге жариялауы – бабыртанудағы ерекше құнды еңбек ретінде бағаланады.

«Бабырнама» қазақ оқырманына XX ғасырдың екінші жартысынан бастап аударма арқылы жетті. «Бабырнаманы» қазақ тіліне ең бірінші болып аударған – Байұзақ Қожабекұлы (1990). Ал Жеменей Ислам Ақмұратұлы Ауғанстанның Мазар Шәріп қаласында «Ұлықбек» баспасынан Һедайәтолла Һедайәт дайындаған түпнұсқалық қолжазба негізінде тәржімелеп, 2023 жылы «Дарын» баспасынан жарыққа шығарды. Байұзақ Қожабекұлы аударманы оқырманға жеңілдетіп, көркем тілмен жеткізуге тырысса, Ислам Жеменей аудармасында түпнұсқаға барынша жақын болуға күш салған. Екі зерттеушінің аудармалары зерттеу жұмысына ғылыми-тәжірибелік жағынан зор үлес қосқанын айтып кету орынды. Сонымен қатар қазақ әдебиеті тарихында Б. Кенжебаев, Н. Келімбетов «Бабырнама» жәдігерінің түркі әдебиетімен байланысын қарастырса, М. Мырзахметов – «Бабырнама» және Абай байланысын, Ө. Күмісбаев – Бабыр ғазалдарын зерттеген. Ә. Дербісәлі, Б. Қапасова – түркі-ислам әдебиеті контексінде «Бабырнаманы» қарастырса, Б. Кәрібаев – тарих тұрғысынан Бабыр дәуірін зерттеген. Ф. Шамшиденова, М. Қожанұлы – Бабыр жазбаларындағы тарихи деректерді қарастырса, Ғ. Есім, Т. Ғабитов, К. Камзин, Ж. Ошақбаева зерттеулерінде «Бабырнама» әдеби-мәдени мұра тұрғысынан бағаланды. «Бабырнамаға» қатысты Тоекина Балжан Сәкенқызының ««Бабырнама» және Қазақ хандығы тұсындағы жазба шежірелер» атты кандидаттық диссертациясы, Таңсықбай Әділет Қыдырбекұлының ««Бабырнаманың» лексика-семантикалық сипаты (теориялық және әдістемелік аспектісі)» және Данияр Әлия Ахмедияқызының ««Бабырнаманың» синтаксистік құрылымы» атты философия докторы (PhD) диссертациясын атау орынды. Сондай-ақ

Қарлығаш Нұрмұхаметованың «Бабыр мұраты» атты монография еңбегі зерттеу жұмысымызда басшылыққа алынды.

Зерттеу жұмысының негізгі дереккөздері. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы, аталған кітапхананың Сирек кітаптар мен қолжазбалар қоры, ҚР БҒМ Ғылым комитеті «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасы, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының кітап қоры, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Әл-Фараби кітапханасының материалдары, әлемдік зерттеулер мен ғылым қоры Өзбекстан, Түркия, Ресей мемлекеттеріндегі кітапхана қоры мен ғылыми орталықтарының материалдары зерттеу жұмысына негіз болды.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы. «Бабырнама» бір мезгілде тарихи дерек, әдеби ескерткіш және аударматану нысаны ретінде қарастырылады. Қазақ әдебиеттануындағы зерттеулер көбіне аударма мен тарихи деректік құндылықтарға бағытталып, поэтика мен көркемдік заңдылықтарын арнайы зерттеу әлі де терең қарастырылмаған. Осы реттегі зерттеудің басты ғылыми жаңалықтары:

– «Бабырнаманың» қазақ тіліндегі аудармаларының жасалу тарихы мен аудармашылардың бағыт-ұстанымдары мен аударма ерекшеліктеріне ғылыми тұжырым жасалды;

– «Бабырнама» жәдігерінің қазақ жазба мәдениеті мен әдебиеттану саласындағы орны анықталды;

– «Бабырнаманың» мемуарлық және автобиографиялық жанрлық табиғаты сипатталды;

– «Бабырнама» тарихи жәдігерін әдебиеттану тұрғысында, яғни көркемдік жүйе, жанр, бейнелеу құралдары негізінде әдеби-көркемдік ерекшеліктері айқындалды;

– Автордың кейіпкер портретін бейнелеудегі психологиялық көзқарастары мен кейіпкер мінез-құлқын ашуда қолданған көркемдік амалдары талданды;

– Бабырнамадағы» тарихи шындық пен көркемдік шешімнің арақатынасы сараланды;

– туындыдағы тарихи деректердің көркем бейнесі мен тарихи тұлғалар портетін ашуда қолданған тәсілдер анықталды;

– автордың кейіпкер диалогінде қолданған амалдары мен баяндау түрлері қарастырылды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңызы. Диссертациялық жұмыс нәтижелерін орта ғасыр әдебиеті мен түркі халықтары әдебиеті тарихын оқытатын пәндерге, оқу орындарындағы элективті және семинар курстарда пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі нәтижелер мен тұжырымдар. Диссертацияда «Бабырнама» мұрасының жанрлық қалыптасу ерекшеліктері мен жәдігердің сюжеттік-композициялық ерекшелігі мен әдеби-көркемдік әлемін қарастыра отырып, бірнеше маңызды ғылыми нәтиже ұсынылады:

– «Бабырнама» шығармасында автобиографиялық және мемуарлық екі жанрдың да белгілері бар. Құрылымдық жағынан автобиографиялық жанрдың ерекшеліктері басымдылыққа ие болса, мазмұны мен баяндау формасында мемуар жанрының сипаттарымен ерекшеленеді;

– «Бабырнаманы» көптеген зерттеуші шағатай тілінде жазылды деп пікір білдіргенімен, Бабырдың өз еңбегінде «түркі тіліндегі» атаулар жиі кездеседі. Статистикалық зерттеу бойынша «Бабырнама» лексикасының 30,60%-ын түркі сөздері, 29,57%-ын араб сөздері, ал 21,95%-ын парсы сөздері құрайды. Бұл көрсеткіштер әдеби мұрадағы негізгі тілдік қабатының түркілік екенін көрсетеді;

– «Бабырнаманың» композициясы дәстүрлі шежірелік жүйеден өзгеше, динамикалық, өзгермелі композицияға негізделген. Себебі мұнда ретроспекция (артқа шегініс), проспекция (болашаққа бағдар), эллипсис (уақытты қысқарту), егжей-тегжейлі баяндау (scene), жинақтап айту (summary) сияқты нарратологиялық тәсілдер қолданылады;

– «Бабырнама» мәтінін үш негізгі бөлікке бөлуге болады: Бірінші – тарихи-саяси оқиғалар (елдер, хандықтар, соғыстар, дипломатия), екінші – географиялық-этнографиялық сипаттамалар (климат, өсімдік, жануар, қала мәдениеті), үшінші – психологиялық портреттер (әкесі Омар Шейхтен бастап, қарсыластары мен одақтастарының, туыстарының портреті). Бұл үштік бір-бірімен кірігіп, композицияны түрлі қырынан толтырып отырады;

– «Бабырнаманың» поэтикалық құрылымы – дәстүрлі түркі прозасының және авторлық мемуар жанрының тоғысында туған көпқабатты көркем жүйе. Баяндаудың бірінші жақтан берілуі, лирикалық деталь, табиғат поэтикасы, жанрлық синтез және авторлық бағалау стилі шығарманың көркемдік қуатын арттырып, оны әлем әдебиетіндегі бірегей ескерткішке айналдырады;

– З.М. Бабырдың тарихи тұлғалардың бейнесін жасаудағы тәсілдері, ең біріншіден, жүйелі құрылымға бағынған және психологиялық тереңдікке құрылған. Сонымен қатар тарихи деректермен дәлелденіп, көркемдік элементтермен байытылған, әлеуметтік-генеалогиялық байланыстарды ескерген және авторлық шыншылдықты алдыңғы орынға қойған;

– «Бабырнамадағы» баяндау түрлерінің алуан сипаты – шығарманың көпқабатты құрылымын дәлелдейді. Хроникалық, психологиялық, портреттік, географиялық және эпикалық баяндаулар мәтінді кеңістік пен уақыт тұрғысынан тереңдетеді;

– кейіпкерлер сөзінде қолданылатын диалогтік және монологтік сөйлеу үлгілері мақал-мәтелдер, нақыл сөздер сияқты паремиологиялық құралдар арқылы айқындалады.

Зерттеу жұмысының жариялануы мен сыннан (апробациясы) өтуі. Зерттеу жұмысының негізгі ғылыми нәтижелері мен тұжырымдары отандық және шетелдік басылымдарда, халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында 6 мақала түрінде жарияланды. Оның ішінде, Scopus (Скопус) халықаралық деректер базасында 1 ғылыми мақала,

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 3 мақала жарық көрді. Халықаралық ғылыми конференция жинақтарында 1 мақала жарияланды.

Scopus (Скопус) халықаралық деректер базасына енетін журналда:

1. Transition from Autobiography to Memoir in «Babur-nama» // Asiatic: IIUM Journal of English Language and Literature. – 2024. – No. 2, Volum 18. – pp. 155-172.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда:

1. «Бабырнама» шығармасындағы тарихи шындық және фольклорлық негіздер // «Керуен» ғылыми журналы. – 2023 ж. – №2, 79-том. – 29-42 бб.

2. Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегіндегі психологиялық көзқарастары // «Керуен» ғылыми журналы. – 2024 ж. – №2, 83-том. – 270-284 бб.

3. «Бабырнамадағы» тарихи тұлғалар бейнесі // «Керуен» ғылыми журналы. – 2025. – № 1, 86-том. – 45-58 бб.

Халықаралық ғылыми конференция материалдарының жинағында:

1. «Бабырнама» және Бабыр мұратындағы саяси сана // «Ғылым мен білім беруді дамытудың басым бағыттары» халықаралық ғылыми конференцияның материалдар жинағы. – Қарағанды, 28-29 қараша 2022. – 15-20 бб.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Диссертациялық жұмыс анықтамалардан, кіріспеден, үш тараудан және қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшадан тұрады.

1 ЗАХИРАДДИН МҰХАММЕД БАБЫРДЫҢ «БАБЫРНАМА» ЕҢБЕГІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ ЖӘНЕ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ

1.1 «Бабырнаманың» шығыс және батыс тілдеріне аударылуы

Түркі әдебиетінің шоқтығы биік тұлғаларының бірі, ортағасырлық көрнекті қаламгер Захираддин Мұхаммед Бабыр – тек классик шайыр ғана емес, өз дәуірінің рухани болмысын көркем тілмен бейнелеген алғашқы түркі мемуар прозашылардың бірі. Ол – түркі тіліндегі әдеби мемуар жанрының негізін қалаушы, түркі поэзиясының көрнекті өкілі, әрі ғылымның бірнеше саласында өнімді еңбек еткен әмбебап ғалым.

Захираддин Мұхаммед Бабыр (1483-1530) Орта Азия тарихындағы ең күрделі әрі алмағайып кезеңдердің бірінде, 1483 жылдың 14 ақпанында, Темір ұрпақтарының арасында билік үшін тоқтаусыз қырғын жүріп жатқан уақытта дүниеге келген. Бабырдың өмір сүрген кезеңі тарихи аренада өте күрделі, ірі және қайшылықты оқиғаларға толы кезең болды. XV ғасыр мен XVI ғасырдың басындағы ең маңызды қоғамдық-саяси оқиғалар Хорасан мен Мауереннахрдағы тақ үшін күрестің төңірегінде өрбіген кезеңде он екі жасар Бабыр әкесі Омар Шейхтің қайғылы қазасынан кейін Ферғана уәлаятының билеушісі атанады. Бұл жаста Бабырды билеуші болады деп ешкім күтпегенімен, бұл жайт оның ақыл-ойының ерте жетілуіне, адами қасиеттері мен діни сенімінің салыстырмалы түрде ертерек жақсаруына айтарлықтай серпін берді. Алайда Бабырдың таққа аса қиын саяси-әлеуметтік және тарихи жағдайда отырғаны белгілі.

Оның өмір жолы билікті сақтау мен нығайту жолындағы күрестерге, саяси мәмілелер мен әскери жорықтарға толы. Осы күрделі өмір жолының шынайы бейнесі оның әйгілі туындысы «Бабырнамада» жан-жақты әрі көркем тілмен сипатталады. Бұл шығарма – Бабырдың тек тарихи дерекке негізделген мемуары ғана емес, оның философиялық пайымдарына, дүниетанымына, табиғат пен адам болмысына деген эстетикалық көзқарасына куә болатын көркем проза үлгісі. Шығарма автордың өмірбаяндық және тарихи тәжірибесі негізінде жазылған, түркі әдебиетіндегі тұңғыш толыққанды мемуарлық шығарма саналады. Онда тек жорықтар мен шайқастар емес, саяси мәмілелер, жеке толғаныстар, табиғаттың сұлу көріністері мен адам психологиясының нәзік иірімдері де шебер өріледі. Бабыр тек осы туындымен шектеліп қалмаған. Ғұлама әмірші өз заманында бірқатар ғылыми және әдеби еңбектерді өмірге әкеліп, жан-жақты ғалым ретінде де танылған. Атап айтқанда, Бабырдың шығармашылық мұрасына мыналар жатады:

«Аруз рисоласы» – аруз өлшемі жайлы трактат. Д.Р. Юсупова тарапынан 1524-1525 жылдары муфассал, яғни кең көлемді монографиялық сипатта жазылған еңбек ретінде танылады. Бұл шығарманың энциклопедиялық қыры да бар, онда X-XI ғасырларда өмір сүрген алпысқа жуық ғалымның есімдері аталып, олардың еңбектерінен көптеген мысал

келтіріледі. Д.Р. Юсуповаңың пікірінше, «Аруз рисоласы» өзге трактаттармен салыстырғанда ырғақтық элементтерді анағұрлым мол қамтиды. Бұл ерекшелік түркі поэтикалық жүйесіндегі аруз өлшемінің Тимуридтер дәуірінде айтарлықтай жетілгенін дәлелдейді [1, б.205]. «Аруз рисоласы» қолжазбасы қазіргі таңда Париждегі Франция Ұлттық кітапханасында сақтаулы болса, оның микрофильм нұсқасы Санкт-Петербургтегі Азия халықтары институтында сақтаулы тұр. Бұл дерек Бабыр еңбектерінің ғылыми құндылығы мен тарихи маңызын тағы да дәлелдей түседі.

«Диуан» – өлеңдер жинағы. Бабырдың ақындық жолы ерте басталған. Ол шамамен он алты жасында өлең жаза бастайды, ал он тоғызға келгенде «ақын патша» ретінде аты шығып, белгілі тұлғалардың қатарына енеді. Оның поэзиялық жинағы классикалық диуан үлгісі бойынша реттелмеген, әрі басқа әмір-ақындардікі секілді әліпби тәртібімен берілмеген. Кей зерттеушілер Бабыр өз жырларын жазылған уақытына қарай реттеп отырған деген тұжырым айтады [2, б.396-400]. Бабырдың әдебиеттанушылық қыры да «Бабырнамада» айқын байқалады. Себебі ол поэзиялық туындыларды талдау барысында өлең құрылысына, бейнелеу тәсіліне және поэтикалық дәстүрге қатысты терең пайымдар жасайды. «Диуанның» түпнұсқасы біздің заманға жетпеген. Алайда оның бірнеше көне көшірмесі Орта Азияда ғана емес, өзге елдердің кітапханаларында да сақталған. Солардың ішінде ең танымал нұсқалары – Париж ұлттық кітапханасындағы 1515 жылғы көшірме, Тегерандағы 1525 жылы хатқа түскен нұсқа [3, б.444], Наваб Рампурдың жеке қорында тұрған 1528 жылғы қолжазба, сондай-ақ Салар Юнгтың (Джанг) Хайдарабад кітапханасындағы 1774 жылғы нұсқа. Бұл соңғысы парсыша аудармасымен бірге берілген [4, б.493-494]. Бабырдың өлеңдері түркі поэзиясына тән махаббат, табиғат, сұлулық тақырыптарын қамтығанымен, ол тек дәстүрлі лирикамен шектелмей, адамгершілік, қоғам, моральдық құндылықтар жайлы ойларын да жырға қосқан. Оның поэзиясы да, «Бабырнамадағы» баяндау стилі де – артық бояудан ада, шынайы әрі қарапайым. Осы табиғилық Бабыр поэзиясына өзгеше реңк береді.

«Мүбайын» – діни-этикалық сипаттағы насихат еңбегі (шариғатқа байланысты). «Бабырдың бұл еңбегі 1521 жылы жазылған. А.А. Әлиевтің айтуынша, Бабыр бұл еңбекті мемлекетті басқаруға арналған практикалық нұсқаулық ретінде жүйелеген. Онда берілген қағидалар сол кезеңдегі саяси құрылымның тұрақсыздығын азайтуға және мемлекеттік басқаруды біріздендіруге бағытталған. Бабыр «Мүбайынды» өзінің мұрагері Құмайынға арнағаны белгілі. Құмайын кейіннен 1530-1556 жылдары Үндістанды басқарып отырды [5, б.55]. А.П. Ибрагимовтың статистикалық талдауы бойынша, Бабыр қалдырған шығармалардың ішінде түркілік лексикалық қабаты ең қалың кездесетін туынды – дәл осы «Мүбайын» [6, б.15]. Яғни орындаушылық, билік жүргізу, тәртіп пен жүйе туралы жазылған бұл еңбек тілдік тұрғыдан да автордың түркілік дүниетанымына жақын.

«Рисалейе Уәлидие» – XV ғасырдағы Орта Азияның таңдаулы дәруіш ойшылдарының бірі, Бабырдың рухани ұстазы саналатын Қожа Ahмет Ахрардың парсы тіліндегі этикалық әрі ғибраттық мазмұндағы трактатын Бабыр түркі тіліне көркем әрі сауатты түрде тәржімелеп, аудармашы ретіндегі қырын да айқын танытқан.. Бабыр бұл еңбекті 1529 жылдың көктемінде түркі тіліне аударып шығып, жұмысын толық аяқтайды. Мехмет Фуат Көпрүлү жасаған қолжазба көшірмесі бүгінде Стамбулдағы кітапханалардың бірінде сақтаулы [7, б.113-124].

«Рисола-и харбия» – әскери іс-қимылдар мен соғыс өнері туралы еңбек, «Рисола-и мусиқа» – музыка іліміне арналған трактат, «Хатта Бабури» – Бабырдың өзі жасаған әліпби үлгісі. Бүгінгі күнге дейін Бабырдың прозалық еңбектерінің ішінен «Рисола-и харбия» – әскери іс-қимылдар мен соғыс өнері туралы еңбек пен «Рисола-и мусиқа» – музыка іліміне арналған трактаты бізге толық жетпеген. Алайда аталған шығармалары туралы мәліметтерді «Бабырнамада» кездесетін жанама деректер арқылы білуге болады. Мысалы, Бабыр өзінің жазу өнеріне қатысты еңбектерінің бірі – «Бабыри жазбасы» жайында «Бабырнамада» былай дейді: «Молда Бихишти арқылы Хиндалға қымбат тастармен әшекейленген қанжарлы белдік пен сиясауытты, меруертпен шектелген бешпетімді, тоғалы белдігімді, бабыри жазбасының әліппесін, онымен жазылған өлеңдерімнен бірнеше үзінді де жібердім. Соған қоса Құмайынға тағы да бабыри жазбасымен түзелген Үндістанға келгеннен бері жасалған тәржімелеріміз бен өлеңдерімізді жолдадық. Хиндал мен Қожа-и Қаланға да осы тәржіме мен өлеңдер жіберілді. Үндістанға келген соң бабыри әліппесімен түсірілген осы тәржіме, өлеңдер мен шығармалар Мырза бек Тағай арқылы Камранға да жолданды» [8, б.408]. Осы үзіндіден-ақ Бабырдың жазу жүйесіне, әдеби стильге деген ерекше ықыласы мен «Бабыри жазбасының» сол дәуірде жоғары бағаланғанын аңғаруға болады.

Захираддин Мұхаммед Бабыр тек жаулаушы емес, сонымен қатар Үндістан тарихындағы көрнекті мәдениет қайраткері ретінде де белгілі. Бұл жөнінде Үндістанның тәуелсіздік жолындағы көшбасшысы әрі көрнекті мемлекет қайраткері Джавахарлал Неру өзінің әйгілі «Әлем тарихына бір шолу» атты еңбегінде ерекше тоқталады. Неру Бабыр туралы: «Бабыр сол кездегі мәдениетті, дәулетті адамдардың ішіндегі ең шебері еді. Бабыр, әсіресе, өнер мен әдебиетке құмар еді» [9, б.27], – деп әділ бағасын береді. Нерудің осындай жоғары бағасы кездейсоқ емес. Себебі Бабыр Үндістанды бағындырғаннан кейін жергілікті халықтың әдет-ғұрпына, рухани болмысына, мәдениетіне еш нұқсан келтірмей, керісінше олардың мәдениетін одан әрі дамытуға ерекше мән берген. Бабыр билік құрған кезеңде Үндістанның мәдениеті мен экономикасы айтарлықтай өркендей түсті. Орта Азиядан білікті қолөнершілер, сәулетшілер, суретшілер, ақын-жазушылар арнайы алдырылып, мемлекет мәдени тұрғыдан жаңа серпінге ие болды. Үндістанның ішкі саяси тұрақтылығы күшейіп, сауда-экономикалық байланыстары да айтарлықтай жанданды [10, б.408].

Бабыр 1530 жылдың 26 желтоқсанында 47 жасында Агра қаласында дүниеден өтеді. Бастапқыда оның денесі өзі салдырған Зарафшан бағында жерленеді. Алайда жарты ғасырға жуық уақыт өткен соң, шөбересі Шах Жаханның пәрменімен сүйегі Кабулға көшіріліп, Шардаваза тауының етегіндегі Бабыр бақшасында қайта жерленеді. Бүгінде ол жер «Бағ-и Бабыр» деген атаумен аталады. Тарихи жазбаларда Бабырдың артында бірнеше ұлы мен қыздары қалғаны белгілі: Құмайын, Қамран, Асқари, Хиндал есімді ұлдары және Гүлранг, Гүлчехра, Гүлбадан атты қыздары бар. Бабыр әдеби әлем аренасында шығармашылық қырынан бөлек, қоғамдық-саяси және әскери жетік қырларымен де тарихта қалды.

Заһираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегі – XV ғасырдың соңғы онжылдығы мен XVI ғасырдың 30 жылға жуық тарихын қамтитын Орта Азия, Ауғанстан, Иран, Үндістанның тарихын қамтитын ірі монументалды тарихи-мемуарлық шығарма» екенін ғылым әлдеқашан дәлелдеп қойған. «Жазба шежіре – көркем әдебиеттің бастауы» атты мақаласында Балжан Сәкенқызы Орта Азияда өмір сүрген ортағасырлық қаламгерлер еңбектерін атап өтеді және оларға «Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегін, Зейн ад-дин Васиридің «Бадаи ал-вакаи», Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашидиін», Өтеміс қажының «Шыңғыснама», Камал ад-дин Бинаидың «Шайбанинама», «Тауарих-и гузида-йи нусрат-нама», Ғұлам Шәдінің «Фатх-нама», Әбілғазы ибн Араб Мұхаммедханның (баһадүр хан) «Шажара-и түрк», Қадырғали Қосымұлының «Жамиғ-ат тауарих» сынды туындыларды жатқызуға болады», – деп атап өтеді [11] Бұл аталған жазба мұралардың барлығы дерлік XV-XVI ғасыр туындылары. Яғни Бабырдың «Бабырнамасына» дейінгі және кейінгі еңбектер. Шығыстанушы Ислам Жеменей өзінің бір мақаласында: «Жалпы Мұхаммед Бабыр заманында және одан кейінгі кезеңде Орта Азия, Қазақ хандығы мен Шайбанилер мемлекетіне қатысты басқа да маңызды тарихи еңбектер дүниеге келді. Олардың ішінде Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» (1541-1546) еңбегі айрықша орын алады. Мұнда Моғолстан мен Жетісу тарихы, қазақ хандарының іс-әрекеттері және Бабырға қатысты құнды деректер берілген [12], – дейді. Жалпы, жоғарыда аталған бұл туындылардың негізгі ерекшелігі – деректілік пен тарихи оқиғаларды жүйелі баяндауында.

XV ғасырдың өзінде Орта Азия мен Қазақстан (Жетісу) аймақтары халқына парсы мәдениеті үлкен әсер еткен. Мұны Әлішер Науаи да айтқан. Бұл кезде туған шығармалар ішінен біз «Кодекс куманикус», «Мухаббатнама», «Латафат нама», «Тағашшуқ нама» секілді т.б. жинақтарды қарастырамыз. Сондай-ақ мұнда XIII-XIV ғасырларда қыпшақ, оғыз диалектілерінің араласуынан пайда болған түркі халқының әдеби тілінің дәстүрі мен таралу өрісі де әңгімеленеді [13].

Бабырдың «Бабырнаманы» жазбай тұрып, қандай еңбектерді оқып, өзіне үлгі алғандығы жөнінде өзінен бұрынғы атасы Әмір Темір жайында парсы тілінде сақталып, бірақ бұрмаланған Мәлуфат-и Темури (Түзук-и

Темури) атты естеліктерінен үлгі алғаны айтылады. Осылайша Бабыр «Бабырнама» арқылы өз әулетінде естелік жазу дәстүрін қалыптастырған. Оның қызы Гүлбадан Бегімнің «Хумаюннамасы», император Нуреддин Жаһангирдің «Түзук-и Жаһангири» осы дәстүрдің жалғасы деуге болады. Сонымен қатар Бабырдың бөлесі Мұхаммед Хайдар Дулаттың естеліктерге сүйенген бөлімдері мен «Тарих-и Рашиди» еңбегі де осы шығармашылық дәстүр аясында жазылды [14, б.408].

Филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзин ««Бабырнаме» – түркіге ортақ мәдени жәдігер» атты зерттеу мақаласында: «Әу бастан айта кетер жайт – Бабырдың қайда жүрсе де оқу-тоқуға, ғылымға, кітап жинау мәселесіне уақыт табатыны. Ол өз заманының, өзінен ертерек ғұмыр кешкен ғалымдар, дінтанушылар, заңгерлер, математиктер еңбектерінен хабардар екенін дәміл-дәміл сездіріп отырады. Мәселен, Шайбани ханның тарихшысы Мұхаммед Салық жазған «Шайбанинамеге», суфизмнің әйгілі қисынгері Мірсейід Әли Хамаданидің еңбектеріне, парсы тілінде қағазға түскен Мінқажы әд-дин бек Сираджани әд-дин Жүзаджанидің «Табахат-и Нәсириіне», Шараф әд-дин Әли Иәздидің «Зафарнаме-Тимуриіне» сілтеме жасап, өз пайымдауларын солардың пікірімен ойластыра береді. Оның жазбаларынан түркі әлеміндегі дүниетанымдық ғылымның, түркілік жазба стилінің сол кездегі деңгейі мен өрнектері анық аңғарылады. [15, б.23], – дейді. Шынында, Бабырдың ізденімпаздығы мен білімге деген құштарлығы оны жан-жақты етті.

«Бабырнамамен» қатар жазылған замандас туындылар XVI ғасырдағы түркі-мұсылман әлемінің тарихи шындығын әр қырынан көрсетеді. XV-XVI ғасыр жазба мұраларының ішіндегі «Бабырнама» туындысымен сабақтастығы бар туындыларды «Кесте 1» топтастырдық.

Кесте 1 – XV-XVI ғасырдағы тарихи-әдеби жәдігерлер

Еңбек атауы	Авторы	Жазылған уақыты	Аймақ	Негізгі мазмұны	«Бабырнамамен» сабақтастығы
Бабырнама	Заһираддин Мұхаммед Бабыр	1493-1529 жж.	Ферғана, Самарқан, Кабул, Үндістан	Автордың өмірбаяны, жорықтары, табиғат суреттері, этнография және саясат	Тарихи шындық пен көркем әдебиетті үйлестірген естелік
Тарих-и Рашиди	Мұхаммед Хайдар Дулат	1541-1546 жж.	Моғолстан, Жетісу, Қашқария	Моғол хандарының тарихы, қазақ хандары мен Бабырға қатысты деректер	Бабыр дәуірін басқа қырынан баяндайды, туыстық байланысы бар

Кесте 1 жалғасы

Шайбани-наме	Камал ад-дин Бинаи	XVI ғ. басы	Мауараннахр, Хорезм	Шайбани ханның жорықтары мен жеңістері	Бабырдың қарсыласы болған әулеттің тарихын береді
Фатх-наме	Ғұлам Шәді	XV-XVI ғғ.	Орта Азия	Әскерилік жеңістер, саяси оқиғалар	Бабыр заманындағы әскери-саяси жағдайды толықтырады
Жыраулар поэзиясы (Қазтуған, Доспамбет, Жиембет)	Қазақ жыраулары	XV-XVI ғғ.	Дешті Қыпшақ, Қазақ хандығы	Туған жерге сүйіспеншілік, ерлік, заманға алаңдау	«Бабырнамадағы» туған жерге сағыныш пен философиялық ойлармен үндес

«Кесте 1» бойынша ортағасырлық жазба мұралар ішінде «Бабырнамаға» мазмұндық әрі жанрлық тұрғыдан жақын еңбектің бірі – Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашидиі». Дүрбелеңге толы кезеңде жазылып, бірнеше ғасырлық тарихи дәуірдің тынысын нақты танытқан «Бабырнама» мен «Тарих-и Рашиди» тек тарихи-әдеби ескерткіш ретінде ғана емес, ғылымның көптеген салалары үшін де құнды дереккөзі саналады. Бұл еңбектерден этнография мен географияға қатысты мәліметтермен қатар, медицина, биология, сондай-ақ сәулет пен музыка өнері жөнінде де қызықты әрі бағалы деректер табуға болады. Авторлар өз заманындағы қоғамның өркендеуіне тікелей әсер еткен ғылым мен өнер мәселелерін тек атап өтумен шектелмей, сол құндылықтарды ел игілігіне айналдырған ғалымдар мен өнерпаздар жөнінде де кеңінен баяндайды. «Тек өзім білсем болды» дейтін тар түсініктен биік тұрып, қоғамдық мүддені алдыңғы орынға қою – көреген де ірі қайраткерлерге тән белгі. Бұл тұрғыдан алғанда, Бабыр да, Дулати де туған еліне, жеріне адал қызмет етуді басты мұрат санаған, керісінше жеке бастың пайдасын көздейтін мақсатты алға шығармаған.

Екі ғұлама да түрлі өнер түрлерін меңгеруге ұмтылып, қабілеті жеткенше үйреніп-игеруге талпынған. Мәселен, Мырза Хайдардың ұсталық пен суретшілікке жетіктігі айрықша байқалса, Бабырдың әр алуан музыкалық аспапта ойнап, ән салудағы шеберлігі туралы деректер оның өнерпаздық болмысын айқын танытады. Бұған қоса, Бабырдың музыка жөнінде ғылыми сипаттағы еңбек жазып қалдыруы оның талантының тағы бір қырын дәлелдей түседі. Сонымен бірге қос тұлғаға ортақ ең басты қасиет – ақындық дарын. Мұны «Бабырнама» мен «Тарих-и Рашиди» беттерінде кездесетін өлең өрімі, поэтикалық өрнек анық аңғартады. Алайда олардың ақындық деңгейі тек осы аталған шежірелік еңбектермен шектеліп қалмайды. Бабырдың рубаи мен ғазалдары түркі поэзиясының тынысын кеңейтіп, көркемдік мүмкіндігін жаңа деңгейге көтерсе, Мырза Хайдардың әйгілі «Жахан-намесі» өз дәуіріндегі поэма жанрына өзгеше сипат дарытқан туынды ретінде бағаланады. «Жахан-наме» желісінің араб және үнді

әдебиетінде ертеден орныққан ертегі-аңыз сюжеттеріне сүйеніп құрылуы – шығыс поэзиясында бар дәстүр болғанымен, орта ғасырда түркі тілінде жазылған дастан үшін тың қадам еді. Алғашында Фирдауси, Физули, Низами, Сағди тәрізді классикалық шығыс шайырлары қалыптастырған поэтикалық мектептен тағылым алған бұл екі тұлға кейін түркі поэзиясының ірі өкілдері Науаи мен Жәми салған сүрлеуді жалғап, түркі өлең өнерінің кемелдене түсуіне елеулі үлес қосты.

Қос ғұламаның әлем назарын аудартқан еңбектерінің өзге жазбалардан даралайтын басты белгісі – аласапыран дәуірде өз басынан өткен оқиғаларды тікелей хатқа түсіруі. Осы қырынан қарағанда екі шығарманың үндестігі айқын байқалады. Сонда бұл жақындықтың түп төркіні неде? Неліктен «Бабырнама» туралы әңгіме қозғалғанда, Мырза Хайдардың «Тарих-и Рашидиін» де сөз ету заңды сияқты көрінеді? Мұны түсіндіретін бірнеше негізді себеп бар:

Біріншіден, Мұхаммед Хайдар Дулати өзінен үлкен бөле ағасы Бабырдың шығармаларын жас күнінен-ақ оқып, өнеге тұтып өсті. Жалпы қай қаламгердің де қалыптасуына өзі сусындаған әдеби мұраның ықпалы тимей қоймайды. Екі тұлғаны жақындастыратын – тек туыстық байланыс емес, өмір жолдарының ұқсас өрілуі. Екеуі де туған жұртынан алыстап, өзге өлкеде билік жүргізіп, сол өлкеге орнығып, жаңа ортаға бейімделуге мәжбүр болды. Саяси-әлеуметтік тағдырларындағы осы сабақтастық олардың дүниетанымы мен талғамының бір арнада қалыптасуына, соның нәтижесінде шығармашылық үндестіктің пайда болуына ықпал етті.

Екіншіден, тарихи дерек пен авторлық куәліктің қатар тоғысуы. Себебі екі еңбек те – авторларының өз көзімен көргені, қатысқаны, естігені арқылы жазылған деректік мәтін. Сонымен қатар екі туындыда да мемуарлық және автобиографиялық сипат басым. «Бабырнамада» Бабыр «мен» деп сөйлеп, өмір жолын баяндайды, «Тарих-и Рашидиде» Дулати өз басынан өткен оқиғаларды, қызметін, сапарларын қосып отырады. Яғни екеуі де жалаң хронология емес, тұлғалық тәжірибе негізінде өрбіледі.

Үшіншіден, екі шығарма да XV-XVI ғасырлардағы Мауереннахр, Ферғана, Қашғар, Моғолстан аймағындағы саяси өзгерістерді, билік үшін күресті, көшпелі-отырықшы әлемнің қатынасын, Орта Азия кеңістігі мен бір дәуірдің тынысын суреттейді. Сонымен қатар саяси тарихтың ішкі ахуалынан хабардар етіп отырады. Хандықтар, ұлыстар, жорықтар, одақ, дипломатия, сатқындық, келісім – бәрі де бар. Екеуі де билікті «қағаз жүзінде» емес, қалай жүретінін көрсетеді.

Төртіншіден, екі автор да билеушілерді, батырларды, ғұламалар мен қарсыластарын, одақтастардың саяси портретін сипаттайды. Мінез, шешім, бедел, әдет-ғұрып, киім киісі, жүріс-тұрысынан тарихи тұлғаның образы шығады.

Бесіншіден, этнография, салт-дәстүр, қоғамдық орта, халықтың тұрмысы, ру-тайпа байланысы, әдет-ғұрып, билік дәстүрі, діни-мәдени орта туралы нақты мәліметтер береді. Екі туынды да – мәдени-антропологиялық

дереккөз. Себебі жер-су атаулары, жол бағыты, мекеннің ерекшелігі, табиғи орта сипаттары екі шығармада да кездеседі. Әсіресе «Бабырнамада» табиғат, өсімдік, қала суреті мол.

Алтыншыдан, авторлар исламдық дүниетаным мен моральдық бағалауды баяндағанда көбіне әділдік, тағдыр, жауапкершілік, мінез сияқты ұғымдар арқылы бағалап отырады. Сонымен қатар екі туынды да ең бірінші Жаратқанға мінәжат айту үлгісімен басталып, мәтін бойында Алла есімі жиі аталып отырады. Мысалы, Бабыр өз шығармасын «Мейірімді және қайырымды Тәңірі атымен!» [17, б.27] деп өрбітсе, Дулати алғы сөзін «Мейірімді һәм рақымды Алла атымен!» [16, б.98] деген Құраннан бастау алатын дәстүрлі формуламен ашады. Ислам өркениетінің рухани арқауы саналатын Құрандық сюжеттер мен сопылық танымға жақын ишаралар екі еңбектің өн бойынан ұдайы ұшырасып, авторлардың иманға беріктігі мен сенім тұтастығын аңғартады. Осы қырынан қарағанда Бабыр мен Дулатидың рухани үндестігі анық байқалады.

Жоғарыда айтылған осы себептер олардың есімдерінің әдеби-тарихи кеңістікте қатар аталуына негіз бола алады. «Бабырнама» мен «Тарих-и Рашидиді» салыстырмалы түрде зерттеу барысында бұл екі мұраның өзге де көптеген ұқсастықтарына назар аударған В. Бартольд тұжырымдарын арқау еткен И. Жеменей: «Ортағасырлық көптеген ғұмырнамалық және тарихи-прозалық шығармалардағы секілді «Тарих-и Рашидиде» қара сөзбен баяндалатын әңгімелер арасында «қыстырма» бәйіт пен ғазалдардың, яки рубаилар мен жекелеген өлең жолдарының жиі ұшырасатынына назар аударды. Мұны ғұмырнамалық шығарма жазушылары әдейі қолданатын ерекше көркемдік әдіс десе де болғандай. Тарихи оқиғаларды баяндау барысында өзінің не болмаса өзге бір шайырдың өлеңдерінен үзінді келтіріп отыру – «Бабырнамаға» да тән», – дейді [16, б.74].

Бұл мұраларды әдебиетпен байластыра қарастыруымызға түрткі болатын тағы бір маңызды жайт – еңбектерде сол дәуірдің ақыны, өнерлі жандары туралы мол мәліметтің берілуі. Екі ғұлама қай өңірге билік жүргізсе де, ең алдымен сөз өнерінің жүйріктерін төңірегіне топтастыруды дағды еткен. Тіпті өздері ерекше жоғары бағалаған шайырларды қасына жақын ұстап, қажет болса алыстан арнайы шақыртып алып отырған. Соның нәтижесінде кезең талабына сай ірі әдеби орта қалыптасып, шығармашылық байланыс күшейе түсті. Бұл жөнінде аудармашы, шығыстанушы И. Жеменей: «Мырза Айдар «Тарих-и Рашидиде» өз дәуірінің бірталай белгілі шайырын тілге тиек етіп, олардың әрқайсысының ақындық машығы мен шығармашылық ерекшеліктеріне тоқталып өткен. Ол, әсіресе, Әбдіраһман Жәми, Әлішер Науаи, Шейхим Аһмет Сүһейли, Үсейін Әлі Жалайр, Аһи, Һелали, Бинаи, Сейфи, Мұхаммед Бәдәхши, Мәулана Кәмал Мүһәми, т.б. ақындардың есімдерін құрметпен еске алады», – дейді [16, б.73].

Екі ғалымның да түркі әдебиетінің алып тұлғасы Әлішер Науаи поэзиясына арнайы тоқталып, оны өз дәуірінің ең үздік ақыны ретінде танып-білуі – олардың көркемдік өлшемі биік, зиялы қауым өкілдері екенін айқын

көрсетеді. Науаимен бірге сол кезеңнің әйгілі шайырлары Низами, Бинаи, Жәми секілді қаламгерлердің шығармашылығы да қос ғұлама тарапынан жоғары бағаланып, құрметпен аталады.

Табиғат көріністері мен оқиғаларды көркем бейнелеуде қолданылатын бейнелеу құралдары тарихи туынды баяндаған шындықты оқырман санасына тереңірек орнықтырып, әсерін күшейтеді. Мәселен, Мырза Хайдар «Тарих-и Рашидиде» Кашмир қамалын аса көркем тілмен суреттеп, оның көркін былайша береді: «Оның таң шыңдары жасылдықтан көктерге қарап, самғап тұр. Оның тауларының етегі әсемдіктен шаттықпен бақ алауынан нәзіктік етегіне ауысқан. Таудан аққан мөлдір су әлемге айғай салып ағып жатыр». Осындай әсерлі көріністің өзі Дулатидың шабытын оятып, оған арнайы рубаи арнауына себеп болады. Дулати:

Гүл суындай суы да әртарапқа шұбайды,
Топырағы жәнаттың топырағындай шұрайлы.
Гүлі Муса отындай лаулап жанып тұрыпты,
Самалы да еседі деміндей боп рухтың [12, б.338], – деп Кашмир қамалының сұлу көрінісін табиғатпен байланыстыра суреттейді. Ал Бабыр:

Кабул сарайында ішіп, шарап кесесін айналдыр,
Бұнда тау да, дария да, қала да, һәм дала бар, – деп [17, 144], табиғатты адамның ішкі сезімімен, көңіл күйімен үндестіре суреттейді. Дулат ұрыс даласындағы әскерді былайша суреттейді:

Қалың әскер есеп-қисап жоқ шегі,
Бәріңнің қолында отты қылыш ойнаған [12, б.256].
«Бабырнамадағы» осындай соғыс көрінісі:

Үнділердің барлығы зарлап, қор болды,
Пілге қонған атқыштың тасындай болды.
Тәндерден талай таулар көрінді,
Әр тауынан қан бұлағы ағылды.
Үлестердің бір үлесі салтанатты сап болды,
Әр тау мен түзден қабандар да қашты [17, б.352], – деп әсерлі пафоспен беріледі де, оқиғаның бар болмысын көз алдымызға жайып салады. Ақындық қуаты кемел тұлғалар кей тұста қара сөз жеткізе алмаған нәзік астарды өлең тілімен кестелеп, шығарманың көркемдік әсерін күшейте түседі.

«Бабырнама» жазба мұрасы үш ірі бөлімнен тұрады және құрылымы белгілі бір хронологиялық және географиялық жүйелілікке негізделген. Бірінші бөлім – «Ферғана» деп аталады және жеке он тараудан тұрады. Бұл бөлімде, негізінен, Мауараннахр өңірінің XV ғасырдың соңғы ширегі мен XVI ғасырдың басындағы (1483-1504) саяси оқиғалары, географиялық жағдайы, сонымен қатар автордың тегі мен шежірелік деректері баяндалады. Бабыр өз шығармасында нағашы атасы Жүніс хан, оның ұлдары Сұлтан Ахмет және Сұлтан Махмұттың өмір жолдары мен әскери жорықтарын да суреттейді. Бұған қоса, бұл бөлімде Бабырдың Шайбани ханмен болған қақтығыстары, саяси жеңілістері мен туған жерінен қуылып, ауыр кезеңдерді бастан өткергені тарихи шынайылықпен баяндалады.

Екінші бөлім – «Кабул» деп аталып, екі тараудан тұрады. Ал Ислам Жеменей аудармасында жеті бөлімге бөлінген. Бұл бөлімнің ерекшелігі – Кабул өңірінің табиғаты мен географиясына терең тоқталуында. Бабырдың өзі бұл аймақты «Кабул иелігі» деп атаған. Сонымен бірге, аталас туысы Сұлтан Құсайын Мырзаның өмірбаяны мен жорықтары да кең көлемде сипатталады.

Үшінші бөлім – Бабырдың Үндістанға қоныс аударуынан өмірінің соңына дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл бөлімде Сұлтан Ибрахиммен болған шайқас, Үндістан халқының тұрмыс-салты, жері мен табиғи ерекшеліктері және осы кезеңде орын алған әртүрлі оқиғалар кеңінен көрініс табады. Б.Қожабекұлы аудармасында тоғыз бөлімге бөлінген болса, Ислам Жеменей аудармасында жеті бөлімге бөлінген.

«Бабырнама» жазба мұрасы ғасырлар бойында әртүрлі зерттеу сатыларынан өтті. Алдымен мұсылман елдерінде қарастырылып, кейіннен Еуропа ғалымдарының назарын аударды. XVIII-XIX ғасырларда еуропалық шығыстанушылар жүргізген зерттеулер шығарманың мазмұнын жан-жақты ашуға мүмкіндік беріп, оны әлемдік ғылыми кеңістікке енгізді. «Бабырнаманы» зерттеп-зерделеуде шығыс пен батыстың саяси-мәдени байланыстары айрықша ықпал етті. Үндістандағы Британ империясының отаршылдық саясаты да Моғолдар әулетінің тарихына деген қызығушылықты күшейтті. Соның нәтижесінде «Бабырнама» батыс тілдерінде көбірек басылып, аудармаларының саны артып, кеңінен зерттеле бастады.

«Бабырнамада» Орта Азия, Ауғанстан, Үндістан халықтарының тарихи, қоғамдық-саяси өмірі, тұрмыс-салты, осы елдердің географиясы, өсімдіктері мен жануарлары туралы көптеген мәлімет бар екенін жоғарыда айтып өттік. Шығарманы шығыс мәдениеті тарихындағы тамаша жаңалық, сирек кездесетін әдеби дереккөз деуге болады. Сол себепті «Бабырнама» XVI ғасырда парсы тіліне бірнеше рет аударылып, кейін Еуропа тілдерінде бірнеше рет басылып, жан-жақты зерттелді. Тарихи деректер бойынша Бабырдың тірі кезінде Шейх Зейн «Бабырнаманың» көшірмесін жасаған. Одан кейін 1586 жылы Пояндахан еңбекті парсы тіліне аударса, ал Абдулрахим Ханхан 1589 жылы парсы тіліне аударған. Сонымен қатар бабыртанушы И. Жеменей өз мақаласында ең әуелі Бабырдың саяси тарихы Үндістанды билеген Жалаледдин Мұхаммед Әкбар шаһтың тапсырысымен жазылған «Тарихы Әлфи» (Мыңжылдық тарих) атты кітапта кеңінен қамтылғанын және жұмыстың жазылуына көп ғалым қатысқанын айтады [17]. Бабырдың еңбегі XVII ғасырдың өзінде-ақ еуропалық шығыстанушылардың назарын аударған. Мысалы, Бартоламе Эрбало Моленли өзінің әйгілі «Bibliothèque Orientale» (Париж, 1697) еңбегінде «Babur ou Baber» деген атпен таныстырады. Сондай-ақ Н.К. Витсен «Бабырнаманың» кейбір бөлімдерін голланд тіліне аударып, «Noord en Oost Tartarye» (Амстердам, 1692; екінші басылымы 1785) кітабында жариялаған. XIX ғасырдың бірінші

жартысынан бастап «Бабырнаманың» құндылығы мен маңызы бұрынғыдан да жақсы танылып, ол әлемнің басты мәдени тілдеріне аударыла бастайды.

«Бабырнама» жайлы еуропалық шығыстанушылар – XIX ғасырдың ортасында алғаш ағылшын, француз, неміс тілдеріне аударып, тарихи-әдеби мұра ретінде қарастырды. Яғни ағылшын тілінде У. Эрскин (1826), А.С. Беверидж (1922), В.М. Тэкстон (1996) еңбектерінде «Бабырнама» тарихи дереккөзі ретінде сипатталды. Ал үнді зерттеушілері Ж. Шарма, С. Хуссейн Бабырды Ұлы Моғол империясының негізін қалаушы ретінде қарап, оның мемуарын тарихи хроника тұрғысынан зерделеді.

Түрік ғалымдарынан ең алғашқы болып Ф. Көпрүләзаде 1915 жылы Стамбұлда «Диуан» негізінде Бабыр еңбектерінің толық жинағын жариялады. «Ұлттық баспахананың оқу-әдістемелік жинағы» баспасынан шыққан бұл жинақ түркі әдебиетінде алғашқылардың бірі болып саналатын маңызды ғылыми басылым болды.

Бабыр шығармашылығы Өзбекстанда 1940 жылдарға дейін зерттелмеген. Бұл, негізінен, Кеңес өкіметі тұсында жүргізілген мықты саясаттың ықпалы болатын. Бабыр жайлы алғашқы мақалалар 1940 жылдан бастап жарық көре бастады. Әрине, шектеулер болса да, Бабыр шығармашылығы жайлы айтылмай қалмады. Зәкиятдин Омаров, Порсо Шамсиев және Содиқ Мирзаевтар тарапынан 1948-1949 жылдары «Бабырнама» шығармасы негізінде ғылыми мақалалар жазылды. Сонымен қатар 1948 жылы «Бабырнама» шығармасының тарауларына Михаил Салье тарапынан ғылыми шолу жасалды. 1959 жылы Азиз Қаюмов пен Сабохат Азимжанованың «Бабур лирикасы» деген еңбегі жарық көрді. Онда Бабыр ғазалдары, рубаилары, маснауилері мен «Мүбайын» шығармасы алғаш рет ғылыми айналымға енгізілді. «Бабырнаманың» ғылыми басылымы мен аудармасы жайлы мақалалар жазылып, бірқатар жинақ жарық көрді. Осы кезден бастап Бабыр шығармалары әртүрлі бағыттарда талданып, зерттеле бастады. 1965-1966 жылдары Ташкентте Бабыр шығармаларының үш томдығы басылды. Бірінші томында өлеңдері, екінші мен үшінші томын да «Бабырнамаға» арнады. Содан XX ғасырдың 70-80-жылдарынан бастап Захириддин Мұхаммед Бабырдың бейнесіне жаңа көзқарас қалыптасты. Бұрын ол кейде «басқыншы», «залым», «темірлік мұрагер» ретінде көрсетілсе, енді шынайы тарихи тұлға ретінде бағалануға бет алды.

Қазақ әдебиеттануында «Бабырнаманы» алғашқылардың бірі болып ұлы ақын Абай Құнанбайұлының «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» атты еңбегінде түркі әлемінің тарихы, яғни түркі қағанатынан бастап қазақ хандығы құрылғанға дейінгі 2-3 мыңжылдық кезең мен «Бабырнамадағы» Алаша хан жөнінде, қазақтың түбі араб емес, шығыстан шыққан түрік екенін айтады. Б. Кенжебаев, Н. Келімбетов «Бабырнаманың» жалпы түркі әдебиетімен байланысын қарастырса, Т. Омарбеков – «Бабырнамадағы» тарихи деректер мәселесін зерттеді. Тарихшы Б. Кәрібаев – тарих тұрғысынан Бабыр дәуірін, яғни Қазақ хандығы құрылуы барысында жанама түрде қатысы бар жазба дерек ретінде зерттесе,

шығыстанушы ғалым Ә. Дербісәлі Бабыр мұрасын түркі-ислам әдебиеті контексінде қарастырды. Сонымен қатар Ғ. Есім, Тұрсын Ғабитов еңбектерінде философиялық әдеби-мәдени мұра тұрғысынан бағаланды.

Н. Келімбетов өзінің «Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері» атты еңбегінде: «Ұлы Абай, көрнекті шығыстанушы ғалым Ш.Уәлиханов және академик-жазушы М.Әуезов кезінде «Бабырнаманы» ерекше зейін қойып оқып, бұл еңбекті қазақ халқының тарихына, ертеректегі тілі мен әдебиетіне, этнографиясына тікелей қатысты шығарма деп танығаны мәлім. Олар Бабыр кітабының қазақ халқы тарихына қатысты жақтарын ашып көрсетті», – дейді. [18, б.387].

Орта Азия түркі жазба ескерткіштерін зерттеген ғалымдардың бірі А.Н.Самойлович «Бабырнаманың» ағылшын тіліндегі алғашқы аудармасына (А.С. Беверидж аударған) жасаған ғылыми шолуында дәл әрі ғылыми тұрғыдағы аударма мен түпнұсқалық түсіндірме үшін үш негізгі қағиданы бөліп көрсетеді. Біріншіден, ескерткіш тілін жан-жақты меңгеру және іргелі сөздіктерге сүйену. Екіншіден, қолда бар нұсқалар негізінде алдын ала мұқият мәтіндік талдау жүргізу. Үшіншіден, тарихи, тарихи-географиялық және этнографиялық сипаттағы шығыс, еуропалық және орыс әдебиеттерімен кең көлемде танысу [19]. Бұл талаптар әлі күнге дейін аудармашылар мен тарихшылардың, тіл мамандары мен шығыстанушы-түркітанушылардың зерттеу жұмыстарына бағыт-бағдар деуге болады.

Әлем әдебиеттануындағы «Бабырнаманың» қолжазба көшірмелері туралы көптеген зерттеуде көрсетілген тарихи деректер негізінде көркем-тарихи, публицистикалық шығармалар жасауға көңіл бөлінуі, бұл шығарманың жалпыадамзаттық маңызын тағы да бір айғақтайды. Себебі қолжазба көшірмелері жайлы деректер өте көп. «Бабырнаманың» ғылыми басылымдары 1857 жылы Н. Ильминский шығарған Қазан басылымы (Кер қолжазбасы), 1905 жылы А. Беверидж шығарған Лондон басылымы (Хайдарабад қолжазбасы) негізінде дайындалғаны белгілі.

Қазан көшірмесі Г.Я. Кер көшірмесіне негізделген, Н.И.Ильминскийдің өңдеуінен кейінгі жаңа нұсқа деуге болады. Г.Я. Кер Бұхарада 1714 жылы жасалған қолжазбаны 1737 жылы көшірген. Көбінесе хайдарабадтық мәтінге сәйкес келгенімен, ерекшеліктері де аз емес. Н.Ильминский аталған көшірмені зерттеп, сәйкессіздіктермен жұмыс жасады. Қолмен көшіру тәсілімен жасалған «Бабырнаманың» өңделген нұсқасы 1857 жылы Қазан қаласында жарияланған. Сондықтан оны «Бабырнаманың» Қазан нұсқасы немесе Ильминский көшірмесі деп атайды [20].

Хайдарабад көшірмесін 1900 жылы сәуірде Г. Беверидж Сэр Салар Юнгтың жеке кітапханасында тауып алады [21, б.466]. Бұл еңбек бабыртанушылар арасында жоғары беделге ие. Көлемі $7^{1/4}$х 4дюймді құрайды. Алтын астарлы қызыл былғарымен қапталған 382 парақтан тұрады. Әр парақ 14 жазба жолдан тұрады. Насталық үлгісімен тиянақты, асықпай көшірілген. Тек соңғы беттері еңбектің басқа бөлігіне қарағанда сәл ұқыпсыздау хатқа түсірілген. Хайдарабадтық нұсқа – бір көшірменің еңбегі, өйткені жазуда

айырмашылық жоқ және көшірменің жазуы бір үлгіде. А.К. Эллис бұл нұсқа 1700 жылдары көшірілген деп есептейді. Қағаздың сапасы XVI ғасыр хатқа түсірілді деп тұжырымдауға мүмкіндік бермейді [22, б.656]. 1905 ж. А.С. Беверидж бұл мәтіннің фототипті факсимильесін дайындап, баспа бетінен шығарды. Кейін бұл фотокөшірме 1971 жылы қайта басылып шықты [23].

«Бабырнамаға» ғылыми зерттеу жүргізген түркиялық ғалым Масуд Шен шығарманың 10 қолжазба көшірмесін аты-жөнімен санайды. Өзбек ғалымдары Н. Отажонов пен Д. Хошимованың еңбегінде «Бабырнаманың» 15 қолжазба данасы бар екендігі атап өтілген. Өкінішке қарай бұл көшірмелер ескірген және толық емес. Ғалым С. Болтабаев өзінің «Бабырнамадағы» «чүн» жалғаулық шылауының қолданылуы мен қызметтері» [24] атты мақаласында XVI-XX ғасырлар аралығында көшірілген «Бабырнаманың» төмендегі 17 қолжазба нұсқасын атап көрсетеді.

1. Элфинстон нұсқасы. Эдинбургтегі Шотландия Ұлттық кітапханасында Adv.18.3.18 нөмірімен тіркелген. 286 парақтан тұрады. М.Элфинстон Пешавар қаласынан тауып, Ұлыбританияға алып келген. Бұл нұсқа Бабырдың ұлы Құмайын (Хумаюн) дәуірінде көшірілген, кей беттерінде оның өз қолымен жазған жазбалары бар.

2. Манчестер нұсқасы. Джон Райландс кітапханасында №151 нөмірімен тіркелген. Нұр Мұхаммед ибн Әбу Фазл тарапынан 1625 жылы көшірілген. Шығарманың алғашқы 71 парағын қамтиды, кейінгі беттері толық емес.

3. Лондон нұсқасы. Британ Музей кітапханасында Add.26324 нөмірімен сақталған. 1629-1630 жылдары Давуд ибн Али әл-Кәшмиридің қолымен көшірілген. Барлығы 97 парақтан тұрады, толық емес нұсқа.

4. Хайдарабад нұсқасы. Үндістанның Хайдарабад қаласындағы Салар Жанг мұражайында сақтаулы. 382 парақтан тұрады, толық нұсқа. Насталик жазуымен 1700 жылдары көшірілген деп болжанады. 1905 жылы Беверидждің факсимиле басылымы шыққаннан кейін ең танымал түркіше қолжазбалардың біріне айналды. Осы нұсқа негізінде еңбектің Кабул және Үндістан бөлімдері Месут Шен (1993) тарапынан докторлық диссертация ретінде зерттелген. Сондай-ақ Мүнәувер Текжанның жетекшілігімен дайындалған 6 магистрлік жұмыста әртүрлі бет бойынша транскрипция, сөздік және көрсеткіш жасалған.

5. Тегеран нұсқасы. Тегеранда Гүлістан сарайы кітапханасында 2936 нөмірімен тіркелген. Бұл нұсқа Бабырдың «Аруз рисаласы», «Мүбәииын», «Бабырнама» және «Рисалеи Валидия» тәржімесін қамтиды. Астында парсыша аудармасы берілген.

6. Лейдениана нұсқасы. Ұлыбританияның Үндістан кеңсесінің Лейдениана кітапханасында сақталған. 1805-1811 жылдары көшірілген, толық емес.

7. Бенгал нұсқасы. Бенгал Азия қоғамы кітапханасында сақтаулы, нөмірсіз және толық емес.

8. Кер нұсқасы. Санкт-Петербургтегі Ресей Ғылым академиясының Шығыстану институтында №685 нөмірімен сақталған. 1737 жылы Георг Якоб Кер тарапынан көшірілген. Ол Темір Полат әкелген Бұхаралық нұсқаға сүйенген. Кейіннен бұл нұсқа 1857 жылы Илминский жасаған Қазан басылымына негіз болды. Қазан басылымы кең тарағандықтан, өзге нұсқаларға да ықпал етті.

9. Сековский нұсқасы. Санкт-Петербургтегі Азия халықтары мұражайында №590 нөмірімен сақтаулы. 1824 жылы поляк текті Юзеф Сековский Түркістандық Назарбайдың қолжазбасынан көшірген.

10. Петербург университеті нұсқасы. Санкт-Петербург мемлекеттік университеті кітапханасында 0.683 нөмірімен сақталған. 1839 жылы Молла Фейзиханов тарапынан көшірілген, толық емес.

11. Санкт-Петербург нұсқасы. Ресей Ғылым академиясының Шығыстану институтында №117 нөмірімен сақтаулы. Толық емес нұсқа.

12. Хиуа нұсқасы. Санкт-Петербургтегі Ресей Ұлттық кітапханасында Tur. Ns.104 нөмірімен сақталған. 574 бет, 1861 жылы Хиуада Саид Мұхаммед Бахадурханың бұйрығымен көшірілген.

13. Ташкент I нұсқасы. Өзбекстан Ғылым академиясының Әбу Райхан Бируни атындағы Шығыстану институтында №2588 болып сақталған. 1880 жылы Қазан басылымы негізінде көшірілген.

14. Ташкент II нұсқасы. Әбу Райхан Бируни атындағы Шығыстану институтында №13 нөмірмен сақталған, 565 беттен тұрады. Толық емес, 1908 жылы көшірілген.

15. Ташкент III нұсқасы. Әбу Райхан Бируни атындағы Шығыстану институтында №9377 нөмірімен тіркелген. 1936 жылы көшірілген.

16. Душанбе нұсқасы. Тәжікстан Ғылым академиясының Шығыстану институты кітапханасында №2016 нөмірімен сақталған. XX ғасырдың басында көшірілген, 126 бет, тек Ферғана бөлігін қамтиды.

17. Баку нұсқасы. Әзербайжан Ғылым академиясы Қолжазбалар институтында С391/13609 нөмірімен сақталған. 425 бет, толық емес нұсқа [24, б.166].

Т.И. Султанов өзінің «Бабырнаманың» жазылу уақыты мен сипатына арналған зерттеуінде көпшілікке беймәлім «Тегеран нұсқасы» жайлы қызықты мәлімет береді. Ғалымның айтуынша, қолжазба көлемі – 1036 бет, әр бетте 18 жолдан мәтін бар. Ол Самарқанд қағазына түсіріліп, айқын әрі ұқыпты насталик жазуымен жазылған. Қолжазбаның кейбір парақтары бос қалдырылған, бастапқыда олар миниатюралармен әшекейленуі тиіс болған. Алғашқы бетінің арт жағында «1022 жылдың раби әл-аввал айының 27-күні» (бұл күн 1613 жылдың 17 мамырына сәйкес келеді) және «Аламгир шах» деген атаумен мөр басылған. Бұл дерек қолжазбаның Үндістандағы Темір әулеті билеушілерінің кітапханасына тиесілі болғанын аңғартады. Кейіннен ол Иранға жетіп, 1833 жылы Тебриздегі Дарайя кітапханасы тарапынан сатып алынған. Аталған қолжазба – бес бөлімнен тұратын жинақ. Оның бірінші бөлімінде Бабырдың түркі тілінде жазылған өлеңдері берілген, әр

шумақтан кейін парсыша аудармасы тіркелген (Бадри Атабай сипаттамасына сәйкес). Екінші бөлімінде (187-377-беттер) әртүрлі өлең өлшемдері жөніндегі қысқаша прозалық кіріспе бар. Үшінші бөлімінде (379-455-беттер) өлең өлшемдерінің прозалық сипаттамасы мен талдауы қамтылған. Бұл бөлімдердің бірі Бабырдың әйгілі «Аруз трактатына» сәйкес келетіні анық. Соңғы беттерінде (1013-1036) Бабырдың бірнеше қасидасы мен діни мазмұндағы «Рисола» еңбегі берілген. «Бабыр жазбалары» қолжазбаның төртінші бөлімін құрайды.

Зерттеуші бұдан әрі «Бабырнама» бөлігі туралы деректерді де атап өтеді. Мәтінде жеке беттердің шетінде күрделі сөздердің мағынасын түсіндіретін түсіндірмелер жазылған, яғни оқырманға арналған глоссарий іспетті түсініктемелер кездеседі. Түркі тіліндегі мәтін әрқашан парсы тіліне сөзбе-сөз аудармасымен қатар беріледі. Бұл дерек шығарманың парсыша толық аудармасы Бабырдан кейін емес, оның көзі тірісінде жасалғанын дәлелдеуге негіз береді [25, б.91]. Сонымен бірге Т.И. Султанов «Тегеран нұсқасы» ғылыми айналымға енгізілгенімен, оның толықтығы жайлы мәселе әлі де анықталмағанын және көшірілген нақты уақыты белгісіз екенін де атап көрсетеді [25, б.91].

Ең көне қолжазба ретінде 1700 жылдар шамасында көшірілген Хайдарабадтағы Салар Юнгтың (Джанг) нұсқасы саналатын. Бірақ Тегерандағы Кітапхана-и Салтанати қорынан 931 ж. (1524-1525) деген күні (датасы) бар жинақтағы Бабырнама анықталған соң, Бабырдың көзі тірісінде жазылған түпнұсқа бар екені дәлелденді. Абдулрахим Ханхан жасаған, кең таралған парсы тіліндегі Бабырнама аудармасымен қатар, Экбер дәуірінен бастап Бабыр төңірегінде сарай суретшілері қалыптастырған миниатюра жасау дәстүрі пайда болды. Бұл миниатюралардың барлығында дерлік Бабырдың бет бейнесі сақталған және кейбір аударма қолжазбаларында бай коллекцияны құрайтындай көп мөлшерде кездеседі. Солардың толық жеткен екі маңызды нұсқасы бар. Оның бірі – Британ музейіндегі тоқсан алты миниатюралы қолжазба, екіншісі – Жаңа Дели мұражайындағы 1598 жылғы нұсқа. Мәскеудегі Шығыс халықтары музейіндегі алпыс тоғыз миниатюраны С. Тюлаев альбом түрінде жариялаған [26]. Ал Британ музейіндегі отыз екі миниатюраны Хамид Сүлейман жеке альбом етіп шығарған.

«Бабырнама» 1519 бен 1530 жылдар аралығында кезең-кезеңімен жазылған. 1509-1519 жылдар арасындағы мәтін жоғалып кеткендіктен, шығарманың нақты қашан басталғаны белгісіз. Бұрынғы жылдарға қатысты бөліктер кейіннен естелік сипатында жазылса, 1519 жылдан бастап оқиғалар күнделікті түрде тіркеле бастаған. Осылайша Бабырнама нағыз «күнделік» сипатын алады. Алдыңғы кезеңдерге қатысты егжей-тегжейлі деректердің берілуі Бабырдың есте сақтау қабілетінің күштілігін көрсетуі мүмкін немесе бұрын жазып қойған жазбаларын пайдаланып, кейін оларды өңдеп шығарғанын білдіруі ықтимал. Алайда ол кезеңде патшалардың көпшілігі өз шежіресін тапсырыспен жаздырып, сарайларында хұснихатшы ұстағаны белгілі. Тіпті Бабыр заманынан бір ғасыр бұрын ғұмыр кешкен арғы атасы

Әмір Темірдің шежіресін Низам ад-дин Шами, Шараф ад-дин Әли Жезді секілді хұснихатшылар жазған. Бабыртанушы С.М. Азимжанова Бабырдың бөлесі әрі замандасы Мұхаммед Хайдар Дулаттың «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде келтіретін деректі негізге алады. Онда автор Бабыр тұсында сарай жылнамашыларын (хұснихатшылар) ұстау дәстүрі болмағанын айтқанын дәлел ретінде келтіріп, Бабырдың арнайы жылнамашысы болмағанын айтады [27, б.40]. Алайда Бабыр өз аузымен «Бабырнамада» Санканы жеңсем, оның таңбасын мұсылмандарға сыйлайтыны туралы айта келіп: «Хұснихатшыларымды шақырдым да, бұл ұлы оқиғаны хатқа түсіріп қоюға әмір еттім», – дейді [28, б.360]. Тағы бір жерінде: «Сұлтан Құсайын мырзаның сарайында көркем жазатын хатшылар көп болғанымен, олардың табынатын адамы, әрі ұстазы Сұлтан Әли Мешхеди. Ол мырза мен Әлішер бек үшін көп көшіретін; күніне мырзаға отыз өлең, Әлішер бекке жиырма өлең жазып тастайтын», – дейді [28, б.212]. Яғни Бабырдың өзі айтқандай өзінің жеке хұснихатшылары болған және Сұлтан Құсайын мырзаның да хатшылары болғанын, берген өлеңдерін көшіретіні жайлы айтады. Бұдан шығатын қорытынды, Бабыр өз көзімен көргендерін күнделік ретінде жазып отырып, ал сарай айналасында болып жатқан оқиғалардың кейбірін хұснихатшыларына жаздыртқан. Осылайша Бабыр өзінің қысқа ғұмырында ұлы мемлекет қайраткері ретінде де, көрнекті қаламгер ретінде де кейінгі ұрпаққа өшпес өнеге қалдырды. Оның ғибратты өмірі мен рухани мұрасы ғасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келеді. Бүгінде Бабыр тұлғасына әлемнің түкпір-түкпіріндегі әдебиетшілер мен тарихшылардың қызығушылық танытуы – оның мәдени-тарихи құндылығының әмбебап сипатқа ие екендігін дәлелдейді.

Бүгінде «Бабырнама» – оннан астам сала мамандарына, оның ішінде әдебиеттанушыларға, тарихшыларға, тіл мамандарына құнды деректер беретін әдеби-тарихи, естелік шығарма. «Бабырнама» жазылған күннен бастап әр дәуірде өмір сүрген, әр тілде сөйлеген шығыстанушы ғалымдардың назарын аударды.

«Бабырнама» әлемнің 31 тіліне толықтай аударылды. «Бабырнаманың» шет тілдеріне аудармасының хронологиясын «Кесте 2» топтастырдық:

Кесте 2 – «Бабырнаманың» шет тілдеріне аудармалары

Аударма	Шыққан жылы	Аудармашы
Парсы	Бабырдың тірі кезінде 1586 ж. 1589 ж	Шейх Зейн Пояндахан Абдулрахим Ханхан
Голланд	1705ж.	Н.К. Витсен (Ферғана бөлігі)

Кесте 2 жалғасы

Неміс	1810 1828 1980 2018	Юлиус фон Клапрот (Ферғана суреті) А. Кайзер Б. Штаммлер Хамид Далов
Француз	1824 1871 1969	Анри Жюль Клапрот Паве де Куртейль Баке Граммон
Ағылшын	1826 1922 1996	Дж. Лейден мен У. Эрскин А.С. Беверидж В.М. Такстон
Түрік	1943-1946	Р.Р. Арат
Орыс	1948	М.А.Салье
Урду	1962 1991	Мұхаммед Ширази М. Насир ад-Дин
Хинди	1974	Юджит Навалпурий
Ұйғыр	1992	Темур Хамит
Жапон	1995 (2006)	Эйджи Мано
Қазақ	1990 2023	Байұзақ Қожабекұлы Жеменей Ислам Ақмұратұлы
Өзбек	1948 2002 қайта басылды	Порсо Шамсиев пен Содиқ Мирзаев
Қытай	1997	В. Жилай
Испан	2004	Мерсе Комас
Парсы-дари	2007	Шафика Яркин
Әзірбайжан	2009 2011	Ф. Баяти Рамиз Аскер
Араб	2008	Магда Салах Махлуф
Мажор-венгер	2018 (толық емес)	Бенедек Пери
Түрікмен	2018 (толық емес)	Рахиммамат Куренов

Батыс ғалымдары «Бабырнамамен» алғаш рет «Кесте 2-де» көрсетілген парсы көшірмелері арқылы танысады. Еуропалық шығыстанушылар арасында Н.К. Витсен бірінші болып «Бабырнамаға» қызығушылық танытып, 1705 жылы шығармадағы Ферғана алқабының географиясы туралы сипаттамаларды аударып, Амстердамда басып шығарады. Бірақ сәл ертерек 1697 жылы француз шығыстанушысы Бартоламе Эрбало Моленли «Шығыс кітапханасы» энциклопедиясының 18 нөмірінде «Бобур немесе Бабар» атты мақаласында Захираддин Мұхаммед Бабыр мен Әлішер Науаи туралы мәліметтерді алғаш рет келтіреді [29, б.14] Әйтсе де, «Бабырнаманың» Еуропадағы шынайы даңқы тура жүз жылдан кейін, XIX ғасырдың басында тарады. Бұл жұмысқа ағылшын шығыстанушыларының қосқан үлесі зор болды. Олар шығарманы аударып, басып шығарумен қатар, оны зерттеп, Бабырдың өмірі мен жеке қабілеті Еуропа зерттеушілерін таңқалдырды. Олар

Бабырдың жүзінен ұлы қолбасшы, білікті мемлекет қайраткері және ізгілікке толы адамды көрді.

«Бабырнаманың» ағылшынша аудармасы. «Бабырнаманы» ағылшын тіліне алғаш рет Джон Лейден мен Уильям Эрскин бір-бірін білмей аударған. Эрскин парсы әдебиеті бойынша бірнеше зерттеу еңбектің авторы болған және Британ мұражайында көптеген қолжазбаны жинап, зерттеген атақты шығыстанушы болды, ал доктор Дж. Лейден парсы тілінен басқа ескі өзбек тілін де зерттеді. Ол хинди тілін жетік меңгерген білімді болған. Екі аудармашы да «Бабырнамамен» Үндістанда танысып, сол жерде аудара бастайды.

У. Эрскин аударманы 1811 жылы бастап, Абдулрахим Ханханның парсы тіліндегі нұсқасы бойынша 1817 жылы аяқтаған. Алайда У. Эрскин аударманы басып шығаруға асықпады, бірақ бұл арада доктор Дж. Лейденнің «Бабырнаманы» ағылшын тіліне де аударғанын естіп, бұл аудармамен танысуға ынталы болды. Алайда Дж.Лейден мезгілсіз қайтыс болып, аударма аяқталмай қалды. Эрскин Лейденнің аудармасын алып, салыстыра отырып, Лейденнің аудармасы өзінің аудармасынан айтарлықтай ерекшеленетінін анықтады, өйткені Лейден түпнұсқадан көшірген. У. Эрскин аудармаларды егжей-тегжейлі салыстыра отырып, контекстегі кез келген сәйкессіздікті түзетіп, нақтылады. Еңбекті түркі тілінен аударғандықтан, аудармада көптеген қате болды. Сондықтан да У. Эрскин түркі пен парсы нұсқаларын мұқият сақтықпен салыстырады [30, б.15]. Аудармашы «Бабырнаманың» қалған бөлігін түрік түпнұсқасынан, парсы тіліндегі аудармасынан және Элфинстон арқылы Мистер Меткалфеден алған көшірмеден салыстырдым және жұмысты соңына дейін жеткіздім», – дейді [31, б.115].

Осылайша, У. Эрскин Дж. Лейденнің жұмысын қайта қарап, толықтай аяқтады, ал «Бабырнама» 1826 жылы Лондонда Лейден-Эрскин аудармасы деген атпен басылды. Кіріспеден оқырман «Бабырнамаға» қатысты қызықты материалдар, сыни мәтін жасау мақсатында жүргізілген зерттеулер, көне сенімді көшірмелер, «Бабырнаманы» зерттеген шығыстанушы ғалымдар туралы кеңінен мағлұмат ала алады. Дж. Лейден мен У. Эрскиннің аудармасы 1921 жылы Оксфорд университетінің баспасында көп томдық басылымда қайта басылды. Бұл басылымның артықшылығы – аударманың ғылыми дәлдігін қамтамасыз ету үшін ескертпелер мен түсініктемелер беріліп, кітаптағы өлеңдердің кімге тиесілі екені және қай тілде жазылғаны көрсетіледі. Хайдарабадтағы Саларжан мұражайындағы «Бабырнаманың» өзбек тіліндегі көшірмесін негізге ала отырып, А. Беверидж «Бабырнаманың» 1905 жылы Лондонда басып шығарған Хайдарабад көшірмесін факсимиле ретінде ұстады. 1971 жылы Лондонда қайта басылып шықты. Бұл басылым шығарманың одан да кең танымал болуына әкелді. Қолжазбаны мұқият зерттеп, оны аударуға кірісіп, 1921 жылы бұл аударма толық кітап болып шыққанға дейін оны бөлшектеп басып шығарды. Бұл «Бабырнаманың» екінші толық аудармасы еді.

Лейден-Эрскин аудармасынан А. Беверидж аудармасының айтарлықтай айырмашылығы бар. Бұл ең алдымен, олардың арасында өткен уақыттың (бір ғасырға жуық) үлкен әсері бар. Бұл кезең арасында Бабырдың өмірі мен шығармашылығы туралы мәліметтер мен «Бабырнама» туындысы әлдеқайда байып, Қазан басылымы жарық көрді. Бұл өзгерістер, әрине, жаңа аудармада көрініс тапты. Ғылыми түсіндірмелердің көптігі және олардың өте мазмұндылығы – осы басылымның маңызды ерекшеліктерінің бірі.

А. Беверидж аудармасы – ғылыми аударма. Беверидж аударманың «Кіріспесінде» «Бабырнаманың» аудармасы, Бабырдың өмірі мен шығармашылығы, «Бабырнама» атауының берілуі сияқты бірқатар мәселеге тоқталып, «Бабырнаманың» көшірмелері туралы толық мәлімет береді. Кітап соңында жалқы есімдерге, географиялық атауларға, кейбір сөздердің емлесіне, мағынасына, этимологиясына арналған қосымшалар беріліп, әртүрлі сөздер мен терминдердің көрсеткіштері транскрипция түрінде берілген. А. Беверидж аудармасы шығыстанушыларға өзінің толықтығы мен ғылыми дәлдігімен танылып, ұзақ жылдар бойы сенімді дереккөз ретінде пайдаланылды. Алайда атақты шығыстанушы В.В. Бартольд «Бабырнаманың» бұл аудармасына жиі сілтеме жасап, ондағы кейбір қателіктерді атап көрсетті. Мәселен, ол Бевериджді Ферғана алқабындағы Құба қаласының атын Қаба (Кава) деп қате оқып, Ескі Ахси қаласы «жоғалып кетті» деген қате тұжырым жасағанын көрсетеді. Расында, А.Беверидж аудармасында кемшіліктер де жоқ емес. Атап айтқанда, ұзақ «и», «е» дыбыстары мен «ай» дифтонгтері транскрипцияда ерекшеленбей, шатастырылған [31, б.118].

Американдық шығыстанушы ғалым У. Тэкстон [32] аталған еңбекте Беверидж аудармасын сынап, оның сөзбе-сөз дерлік аударма екенін айтып, өз пікірін білдіреді. Ол Бевериджді аудармасын Абдулрахим Ханханның аудармасымен салыстырады, бірақ оның сөзбе-сөз аудармасының себебі мүлде басқа болды дейді. Ғасырлар бойы түрлі шығармалар парсы тілінен түрік тіліне аударылып, бұл тұрғыда біршама тәжірибе жинақталғанымен, түрік тілінен парсы тіліне аудару дәстүрі әлі қалыптаса қоймаған еді. Абдулрахим Ханхан өзіне таныс әдісті, яғни аударылып жатқан тілдің сөйлеу құрылымына мән бермей, сөзбе-сөз аударылған Құран Кәрімді парсы немесе түрік тіліне аудару әдісін таңдады. У. Тэкстонның пікірінше, «А. Беверидж аудармасы студенттердің жұмысына ұқсайды, барлық сөз сөздіктегідей, түрік және ағылшын сөздерін дәл сәйкес келтіру әрекеті жасалған», – дейді [33, б.21]. «Бабырнаманың» Лейден-Эрскин аудармасын А. Беверидж аудармасымен салыстырған профессор Н.Отажоновтың айтуынша, ағылшын аудармашылары шығарманың өзіндік ерекшелігін, көркемдік қасиеттерін сақтауға ұмтылған. Ол аудармалар тіліне қатысты да өз пікірін білдіреді: «Лейден-Эрскин аудармасында стиль ағылшын оқыр манына түсінікті болу үшін әдейі таңдалған, ал Беверидж аудармасы, керісінше, құрғақ, ғылыми тілде жазылған» [31, б.119], – дейді.

Кемшіліктеріне қарамастан, Беверидж аудармасы мерзімді үзілістер кезінде болған оқиғаларды қалпына келтіруге де қызмет етеді. Ол үшін аудармашы 30-дан астам тарихи-этнографиялық дереккөзді, жануарлар мен өсімдіктер әлеміне қатысты 20-ға жуық дереккөзді, 15-тен астам сөздікті және басқа да дереккөздерді салыстырады. Бабыр Мырзаның әскери жорықтарын қалпына келтіру үшін 40-қа жуық сенімді картографиялық нысан зерттеледі. Осылайша, Беверидж жұмыстың мәтіндік және дәлелдік тұтастығын қалпына келтіруге тырысты» дейді ғалым.

1996 жылы Беверидж аудармасынан кейін 75 жыл өткен соң, профессор У. Тэкстонның үшінші толық ағылшын тіліндегі аудармасы жарияланды. Ағылшын тілінде екі толық аударма болғанымен, американдық шығыстанушының жаңа аударма жасау әрекетін ғылыми батылдық деп бағалауға болады. Басылымның басында «Бабырнаманың» мәтіндері, аудармалары, Еуропадағы «Бабырнамаға» деген қызығушылық туралы құнды деректер беретін «Аудармашының алғысөзі» берілген. Сонымен қатар «Бабырнамада» оқиғалардың географиялық аймағы, Шыңғыс хан мен Тимуридтер тарихы туралы маңызды мәліметтер бар. Кітаптың соңында «Хронология», бейтаныс терминдердің глоссарийі, толық библиографиясы, кісі аттары мен жер-су атауларының көрсеткіші берілген. Әкесі Омар Шейх пен Жүніс ханның шежіресі, бірқатар карта, сурет, түрлі түсті фотосуреттер басылымның құндылығын едәуір арттырады. Аударманың тағы бір маңызды ерекшелігі – оның кең, толық және мазмұнды түсіндірмесі. Түсіндірменің жалпы саны 700-ге жуық [33, б.18].

Сонымен қатар «Бабырнаманы» Р.М. Калдекот қысқартылған түрде ағылшын тіліне аударған. 20 ғасырдың аяғында Ф.Ж. Талбот та шығарманы аударып, иллюстрациялармен басып шығарды [34, б.21].

«Бабырнаманың» французша аудармасы. Француз шығыстанушы ғалымы Бартоламе д'Эрбало «Захираддин Мұхаммед Бабыр мен Бабырнама» туралы алғашқы мәлімет бергендердің бірі болып саналады. Ол «Шығыс кітапханасы» энциклопедиясындағы «Бабыр немесе Бабар» атты мақаласында Бабырдың өмірі, оның мемлекет және әскери шеберлігі, әдебиет пен өнерге қызығатын озық ойшыл болғаны туралы мәліметтер береді. Жалпы Француз шығыстану ғылымында Бабыр шығармашылығы мен ол туралы жазу XVIII ғасырдың екінші жартысынан басталады. 1773 жылы шығыстанушы А.де Лонгперье өзінің «Шығармалары» жинағында «Бабыр туралы хат» мақаласын жариялады [35, б.45].

XIX ғасырға қарай еуропа, француз шығыстануында Бабыр мұрасын зерттеу мен оның шығармаларын аударуда жаңа дәуір басталды. Осы жылдары «Бабырнаманы» француз тіліне аудару, мәтіндік ерекшеліктерін зерттеу, саяси-тарихи маңызын бағалау бағытында елеулі жұмыстар атқарылды. Анри Жюль Клапрот – «Бабырнаманы» француз тіліне алғаш аударып, зерттегендердің бірі. 1824 жылы А. Клапроттың «Бабыр сұлтан тарихы немесе «Бабырнама» туралы ескертпелер» атты мақаласы басылып шығады [36, б.15].

Орта Азия мен Сібірді мекендеген халықтардың тарихын, мәдениетін, әдебиетін жетік меңгерген Клапрот еуропалық шығыстануда бірінші болып «Бабырнаманың» жан-жақты көрінісін ұсынды. Автор «Бабырнаманың» кейбір тарауларын француз тіліне аударып, аудармаларына түпнұсқамен салыстырмалы талдау жасап, мәтіннің тілдік аспектілеріне қатысты қорытынды жасайды. 1854 жылы Парижде «Қазіргі және ежелгі тарихи тұлғалардың өмірі» атты үлкен кітап жарық көрді. Бұл кітапқа шығыстанушы М.Лангленің «Захираддин Бабырдың өмірі мен қызметі» атты мақаласы да енген. Бұл мақалада Бабыр туралы бұрынғы деректерге қарағанда кеңірек мәлімет берілген болатын.

1960 жылдары француз лексикографы Пьер Ларустың «XIX ғасырдағы француз сөздігі» жарық көрді. Сөздіктің екінші томына енген «Захираддин Мұхаммед Бабыр» мақаласы назар аударуға тұрарлық. Автор: «Бұл жұмыс шынымен де өте қызықты және Францияда әлі дерлік белгісіз», – дейді. Бабыр мұрасын зерттей келе: «Түркі-шағатай тілінде жазылған бұл кітап алғаш рет парсы тіліне аударылып, Үндістан мұсылмандары арасында танымал болды» [35, б.14], – деп жазады.

Француз түркологі Анри Паве де Куртейльдің (1821-1889) Захираддин Мұхаммед Бабыр мұрасын үйреніп, «Бабырнаманың» аудармасы мен лингвистикалық интерпретациясындағы қызметін ерекше мақтауға тұрарлық. Француз колледжінің (College de France) түрік тілі кафедрасының меңгерушісі, Француз академиясының мүшесі, Санкт-Петербург Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Паве де Куртейльдің туған жері – Франция және ол түркологияның дамуына зор үлес қосты. Профессор А.Паве де Куртейльдің ғылыми еңбегінде «Шығыс түркі тілдерінің сөздігі» немесе «Әлішер Науаи, Захираддин Бабыр, Әбілғазы Бахадүрхан шығармаларын оқуға арналған түсіндірме сөздігі» ерекше маңызға ие. Профессор А. Паве де Куртейльдің үлкен дайындығы мен оның ескі өзбек тілі мен әдебиетін жетік білуі «Бабырнаманы» аударуға итермеледі. Содан 1871 жылы Паве де Куртейльдің «Бабырнама» аудармасы екі том болып шықты. Бірінші томда аудармашының он алты беттік алғысөзі бар. Онда «Бабырнаманың» жазылу барысы, кітапта айтылған оқиғалар, Бабырдың Ауғанстан мен Үндістанда құрған қуатты империясы туралы мәлімет беріледі. Кейбір батыс ғалымдары «Бабырнама» еңбегінің пайда болуын Бабыр Үндістанды билеген кезеңмен байланыстырады. Бұл жөнінде француз аудармашысы мынадай пікір айтады: «Менен «Бабырнаманың» қашан жазылғанын сұраса, мен бұл кітап Бабыр Үндістанды жаулап алғаннан кейін, яғни 1526 жылдан басталып, өмірінің соңына дейін жазылған деп жауап берер едім». Бұл тұжырымға келе отырып, профессор Паве де Куртейль үнділік кезеңдегі оқиғалар жұмыстың алғашқы тарауларынан-ақ орын алады деп есептеді. Осылайша, Паве де Куртейль өзінің жоғары қызметтерімен Францияда Захираддин Мұхаммед Бабыр мұрасын зерттеу мен насихаттауға үлкен үлес қосты. Ол «Бабырнаманың» аудармашысы ретінде танымал болды. Ғалымның бастамасымен қолға

алынған бұл аударма жұмысы дүниежүзі халқы тарапынан жоғары бағаланып, көптеген ғалымның Бабыр өмірін үздіксіз зерттеуіне себеп болды.

XX ғасырда француз шығыстанушылары да Захираддин Мұхаммед Бабыр мұрасын зерттеп, «Бабырнаманы» аударуда үлкен жұмыстар атқарды. Француз әдебиеті ғылымында Бабырдың өмірі, шығармашылығы, «Бабырнама» кітабы туралы жалпы мағлұмат беретін мақалалардың саны арта бастайды. 1930 жылы француз ғалымы Фернанд Гренардтың «Бабыр – Үнді империясының негізін қалаушы» атты кітап жарық көрді. Кітап 10 тараудан тұрады, онда Бабырдың балалық шағынан, өмірінің соңына дейін болған оқиғалар тарихи-көркемдік тұрғыда баяндалады. Гренардтың бұл трактаты – «Бабырнамамен» үндес және ондағы оқиғаларға ұқсайтын эсселерден тұратын ғылыми-көпшілік еңбек. А.Ж. Клапрот, А. Лонгпере, М.Лангле, А. Паве де Куртейл, Ф. Гренард, Баре-Граммон сияқты зерттеушілер мен аудармашылар Бабыр мұрасын тарихи-этнографиялық, библиографиялық және лингвистикалық тұрғыдан сипаттап, Еуропадағы бабыртану ғылымының дамуына лайықты үлес қосты.

«Бабырнаманың» неміс тіліндегі аудармасы. Бабырнаманың зерттелуіне неміс ғалымдары да үлкен үлес қосты. 1810 жылы шығармадағы Ферғана алқабының сипаттамасын шығыстанушы әрі саяхатшы Юлиус фон Клапрот неміс тіліне аударып, Петербургте «Азия әдебиеті, тарихы және лингвистика архиві» кітабында басып шығарды [35, б.43]. Клапроттың аудармасы түпнұсқа түрік тілінен аударылған. Басылымның «Алғы сөзінде» автор: «Бабырнама» – түркі-татар тілінде жазылған шығарма, онда Үндістандағы Моғол империясының негізін қалаушы Бабыр өзінің жорықтары мен басынан кешкен оқиғалары туралы мәлімет береді. ...Бабырдың ұлы Мырза Мұхаммед Камранның Баһадүрге жазған хатына сәйкес, ол Үндістаннан Қандағарға Ферғана өлкесін сипаттайтын шығарманы жіберген, мен одан сіз үшін қызықты үзінділерді аударып отырмын», – дейді. Бұл мәліметтер Клапроттың қолында «Бабырнаманың» қолжазба көшірмесі немесе оның бір үзіндісі болғанын көрсетеді.

«Бабырнама» шығармасын неміс тіліне екінші рет 1828 жылы А.Кайзер аударған. Шығарманы аудару барысында аудармашы тікелей түрік тілін пайдаланбай, шығарманың ағылшын тіліндегі аудармасын пайдаланған. Шығарманың ағылшын тіліндегі аудармасының екі нұсқасы бар, біріншісі – ескі түркі тілінен Дж. Лейден, екіншісі – парсы тілінен У. Эрскин. Кайзер осы екі аударманы қорытындылап, ескі түркі тілінің, парсы, ағылшын, неміс тілдерінің семантикасын зерттеп, шығарманы неміс тіліне сәтті аударады. Бұл басылым түпнұсқаға біршама жақынырақ және аударма талаптарына көбірек сәйкес келеді. Қайзердің «Бабырнаманы» қаншалықты сәтті аударғаны туралы аударманың кіріспесінде былай деп жазады: «Біз сарай өмірімен, Шығыстың көптеген билеушісінің әлеуметтік және жеке өмірімен таныстық, сонымен қатар маңызды дүниелер өте көп. Сондықтан қай жағынан алсақ та, Бабырдың бұл шығармасын оқыған адамның көңілі қанағаттанбай қоймайды [36, б.13].

Келесі неміс тіліндегі аудармасын Вольфганг Штаммлер 1980 жылы Швейцарияның Цюрих қаласындағы «Манесе» баспасында басып шығарды. Бұл аударма 1986 жылы ЮНЕСКО-ның ұсынысымен қайта басылып шықты. Дегенмен бұл екінші неміс аудармасы француз тілінен, ал француз аудармасы парсы тілінен алынған. Шығармадағы оқиғалар оқырманға түсінікті болуы үшін аудармашы өзбек ғалымы Сабахат Азимжанованың алғы сөзі мен ауғанстандық зерттеуші Абдулхай Хабибидің «Бабыр Ауғанстанда» және «Кабулдағы Бабыр бағындағы қалпына келтірілген қабірдегі жазулар» тақырыбындағы мақала-ақпаратын, үнді тарихшысы Мохиббул Хасанның «Бабыр Үндістанда» атты кіріспе сөзінен бастайды.

2018 жылы неміс аудармашысы Хамид Далов шығарманы Сабахат Азимжонованың қысқартылған орысша аудармасы арқылы неміс тіліне қайта аударды. Бабырдың прозасы мен поэзиясының синтаксисі өте қарапайым және лексикалық мағыналары түсінікті. Сол себепті ана тілін жетік меңгерген аудармашы еш қиындық көрмейді десе де болады.

«Бабырнаманың» орысша аудармасы. Бабыр шығармашылығының баға жетпес туындысы «Бабырнама» Кеңес өкіметі тұсында екі рет орыс тілінде, екі рет өзбек тілінде толықтай басылып шықты. Авторлар басылымның алғысөзінде «Бабырнаманың» тарих және басқа да ғылым салаларындағы маңызы зор екенін айта отырып, шығарманың әлем әдеби әдебиетіндегі бірегей ескерткіш екенін де атап көрсеткен.

Алғашқы кездерде орыс ғалымдарының «Бабырнаманы» зерттеуі, негізінен, қолжазбаларды көшіру және басып шығарумен шектелді. «Бабырнаманы» аудару мәселесі ұзақ уақыт назардан тыс қалып келді. Ең соңында XIX ғасырдың аяғында олар аударма жасай бастады, бірақ кейбір үзінділері ғана аударылды. Атап айтқанда, Н.И. Пантусов «Ферғана» бөлімін, В. Вяткин «Самарқанд және оның төңірегі» бөлімін аударған. Шығарманы С.Поляков та аударған. Поляковтың аудармасын А.Н. Самойлович «Мәселеге ғылыми көзқарас жоқ» деп қатты сынға алады. Араб тілінің ғалымы Георг-Якоб Керр ескі өзбек тіліндегі білімін жетілдіру мақсатында «Бабырнаманың» қолжазбасын көшіруге кірісіп, жұмысты 1737 жылы аяқтайды. Бұл қолжазба 420 беттен тұрады және тарихта «Керр көшірмесі» деген атпен қалды.

Шығыстанушы Н. Ильминский бұл еңбекті 1857 жылы Қазан қаласында басып шығарды. XIX ғасырдың аяғында «Бабырнаманың» кейбір бөліктерін И. Пантусов, С. Поляков, В. Вяткин аудармасында орыс оқырмандарына ішінара ұсынылғанымен, толық орысша аудармасы жүзеге аспады. Бұл абыройлы да игілікті жұмысты білікті аудармашы ғалым Михаил Салье атқарып, шығарма 1958 жылы Ташкентте басылып шықты. М. Салье аудармада 10 жылдан астам уақыт жұмыс істеп, шығарма тілін терең зерттеп, терминдер мен сөз тіркестердің, атаулардың транскрипциясын қамтамасыз етті, сонымен қатар Бабыр қаламының «ер адамдық стилін» сақтай алды. «Бабырнаманы» орысша оқыған адам түпнұсқаны оқып отырғандай дәлірек және толыққанды суретке куә болады. Дегенмен Сальенің аудармасында

бірқатар қателік бар. «Бабырнамадағы» бірнеше атау қате берілген. Мысалы, Ахмет Мырзаның сүйіктісі Құтлық бегім «Катак бегім» атанып, «буқаламун», «муча»(мүше) сияқты кейбір сөздер мен сөз тіркестері аудармасыз, түсіндірместен беріліп, орыс оқырманына түсініксіз болды [37, б.25]. Поэтикалық үзінділер прозалық аудармада беріліп, қай тілде жазылғаны көрсетілмеген. М. Салье еңбектің Хайдарабад көшірмесін пайдаланғанын атап өтті. Бірақ оның өзбекше «Бабырнамаға» бірнеше рет кирилл қарпімен сілтеме жасағаны белгілі. Мысалы, Парсо Шамсиев пен Садық Мирзоев баспаға дайындаған «Бабырнамадағы» мың үйлік керуен оқиғасы (мың қара мал өліп келе жатқан керуен) оқиғасын М.А. Салье орыс тіліне «Караван из тысячи людей» деп қате аударған [38, б.15].

Жалпы «Бабырнаманың» тілінің қарапайымдылығы, мәнерінің жатықтығы, бейнелерінің айшықтылығы кім-кімді де тәнті етті. «Бабырнамаға» тек ағылшын ғалымдары ғана емес, француз, неміс ғалымдары да шындап қызығушылық танытқаны белгілі болды. Мұны аудармалардың қайта-қайта жарияланып жатқанынан және әлі де болса жаңа аудармалардың қажеттілігінен-ақ аңғаруға болады.

«Бабырнаманың» парсыша аудармасы. «Бабырнама» алғаш рет парсы тіліне аударылғаны, оның бастамашысы Бабыр көзі тірісінде-ақ өз шығармасын парсы тіліне аударуды өтінгені белгілі. Оның арманы орындалып, шығарманы Шейх Зейн (Шейх Зайнуддин) парсы тіліне аударған. Бұл «Бабырнаманың» парсы тіліне бірінші аудармасы еді. Шейх Зейн өз заманының ең білімді, парасатты адамдарының бірі болған және оның «Уафаи» деген лақап атпен өлеңдер жазғаны белгілі. Зерттеушілердің пікірінше, аударма түпнұсқаның «мен» түрін үшінші жақ көпше түрдегі есімдікпен алмастыру арқылы шығарманың тілдік стилін айтарлықтай өзгерткен. Шейх Зейн Бабырдың мырзаларының бірі болғандықтан, оның жарлықтарын өзінше түсіндірген. Бұл аударма 932-933/1525-1526 жылдар аралығындағы он бір айлық оқиғаларды қамтиды. Оның үш данасы Британ мұражайында, ал бір данасы Париждегі Ұлттық кітапханада сақтаулы [39, б.57].

Парсы тіліндегі екінші аударманың бастамашысы Бабырдың немересі Сұлтан Сәлім Мырзаның ұстазы Құтбиддин Мұхаммед Баходирхан Бекларбегидің ұлы Бехруз хан болды және ол шығарманы қатты әсерленіп, Мырза Хасан Пояндахан Ғазнауиден аударуды өтінді. Пояндахан алты жылға жуық оқиғаларды аударып үлгерсе, Мұхаммедқұли Хиссари деген екінші аудармашы оны 1586 жылы аяқтаған. Аудармада сөздердің мағынасын ашуға аса мән берілмейді, соның салдарынан мәтіннің көркемдік сапасы жоғалады [40, б.89]. Оқиғаларда үзілістер көп. Аударманың кіріспесінде Хисари бұл шығарманы алғаш рет Шейх Зейн аударғанын атап көрсетеді. Қазіргі уақытта Британ мұражайында және Бодлиан кітапханасында (Англия) сақталған бар көшірмелер жұмысты толық қамтымайды.

«Бабырнама» үшінші рет парсы тіліне 1589 жылы Акбар шах тұсында оның бұйрығымен сарайда қызмет еткен Абдулрахим Ханхан Байрамхан

тарапынан аударылған. Бұл аударма стилі жағынан айтарлықтай толық және түпнұсқаға жақын болды. Сондықтан да шығарманың бұл аудармасы «екінші түпнұсқа» деп танылып, оған көбірек көңіл бөлінеді [43, б.57]. Шейх Зеин мен Хасан Пояндаханның аудармаларында ресми әдеби парсы тілінің талаптары орындалып, Бабырдың қайталанбас тілі біраз түрленіп, бұрыннан бар тарихи естеліктер стиліне бейімделсе, Абдулрахим Ханхан қарапайым, түркі әдеби тілінің ерекшеліктерін сақтауға ұмтылды. Сондықтан да болар, «Бабырнаманың» француз аудармашысы Паве де Куртейль Абдулрахим Ханханның шығармашылығы туралы: «Парсы тіліндегі аударма көбінесе оқырманға үлкен қиындық туғызады. Оның стиліндегі түркі сөздерінің көптігі соншалық, кейде тіпті түркі өлеңдерінен толық үзінді келтіру парсы тіліндегі оқырманды қиын жағдайда қалдырады» [44, б.28], – дейді. Аудармашы терминдер мен әскери сөздерді түрікше түпнұсқасында беруге мәжбүр болды, өйткені «Бабырнамадағы» көптеген сөздің, сөз тіркестің, терминнің таза парсы тіліндегі баламасын табу қиын.

Абдулрахим Ханхан аудармасы шығарманың шығыста кең таралуына жол ашып, еуропалық шығыстанушы ғалымдардың назарын аударды. Әдемі миниатюралармен безендірілген бұл аударманың көшірмелері Лондон, Париж, Ленинград, Калькутта кітапханаларында сақтаулы. Дереккөздер оның 32 қолжазбасы барын айтады [43, б.58]. Аударма «Бабыр хикаясы» және «Бабырдың тарихы» деген атаулармен көп данада көшіріліп, Шығыс елдеріне кеңінен тараған. Абдулрахим Ханхан аудармасында Бабырдың ерекше сөз мәнерін жеткізе білді, бұл шығарма парсы әдебиеті мен тарихнамасына үлкен жаңалық ретінде қабылданды. Қамтылған тарихи оқиғалардың шынайы берілуі, ғылыми фактілердің молдығы ғана емес, сонымен қатар өзінің жатық стилі, қарапайымдылығы, тартымдылығымен де Бабыр шығармашылығы өзінен кейін жазылған тарихи мемуарлық туындыларға әсерін тигізе алды. Мысалы, Бабырдың қызы Гүлбадан бегімнің «Хумаюннамасы», Низомиддин Хиравидің «Табақати Акбаршах» сияқты еңбектерден мұны анық көруге болады. «Бабырнаманың» қолжазбаларындағы әдемі суреттер де аударманың атақ-даңқын арттыруға септігін тигізді. Акбар патша бейнелеу өнерінің жетекші меценаты болған. Оның сарайында 104 суретші тұрақты жұмыс істеді. Аудармашы Абдулрахим Ханхан өзі де сурет салумен айналысқан. Акбардың сарайында ондаған кітап иллюстрацияланған. «Бабырнаманың» парсы тіліндегі көшірмелеріндегі миниатюралар – шығыс кескіндемесінің тамаша үлгілері.

Абдулрахим Ханханның аудармасы Британ мұражайында және Мәскеудегі Шығыс қолжазбалары қорында сақтаулы. Фотокөшірмесі Әлішер Науаи атындағы әдебиет мұражайында бар [29, б.49]. Ағылшын шығыстанушы ғалымы Л. Кингтің айтуынша, «Бабырнама» өз ғасырында парсы тіліне тағы екі рет – Мұхаммедқұли мен Зейниддин Хауафи тарапынан аударылған. Алайда ғалым бұл аударманың қолжазбаларының қайда сақталғанын айтпайды [42, б.28]. «Бабырнамаға» зерттеу жүргізген

ғалымдарымыздың айтуынша, дүниежүзілік қолжазба қорларында шығарманың 68 парсы-тәжік қолжазбасы сақталған [45, б.54].

«Бабырнаманың» жапон тіліндегі аудармасы. «Бабырнаманың» алғашқы сирек кездесетін қолжазбалары болғанымен, соңғы уақытқа дейін шығарманың ғылыми және сыни мәтіні жасалмаған. 1995 жылы жапон ғалымы және антропологі Эйджи Мано отыз жылға жуық зерттеулерден кейін еңбектің ғылыми-сыни мәтінін жазды [46, б.8]. 1996 жылы осы басылымның жалғасы ретінде толық кітап «Көрсеткіштер» атымен жарық көрді. Бұл еңбектерді жарияламас бұрын 1983-1984 жылдары Э. Мано «Бабырнаманың» «Ферғана» және «Кабул» бөлімдерін де жапон тіліне аударған. Эйджи Маноның шығармашылығы «ғылыми батылдық» деп бағаланды [45, б.2]. Эйджи Мано жасаған мәтін – «Бабырнаманың» жаңа әрі шынайы аудармаларының жасалуының негізгі көзі. Сонымен бірге ол жұмыс бойынша зерттеудің маңызды объектісі болып қала береді.

«Бабырнаманың» хинди аудармасы. «Бабырнаманың» хинди тіліне аудармасын 1974 жылы белгілі үнді аудармашысы Югжит Навалпури аяқтады. Бұл аударманың ерекшелігі және басқа аудармалардан айырмашылығы – оқырманға нақтырақ ақпарат беруінде және шығарманың ерекшелігін қамтамасыз етуге қызмет ететін аннотациялардың көп болуы. Хинди тіліндегі аудармасы 521 бет, оның 182 беті түсініктемелер, олардың саны 2600-ден асады. Түсініктемелердің ұзындығы бір немесе екі сөзден, сөз тіркесінен немесе сөйлемнен, бір немесе екі беттік пікірлерге дейін өзгереді. Бұл түсініктемелер мәтінді және сипатталған оқиғаларды неғұрлым толық және тереңірек түсінуге көмектеседі. Жалпы алғанда, оқырманның білімін кеңейтеді [33, б.23].

«Бабырнаманың» урду тіліндегі аудармалары. Бізге «Бабырнаманың» урду тіліне толық екі аудармасы белгілі. Кейбір дереккөздерде бұл екеуінен басқа да толық емес аудармалар бар дейді, бірақ ешбір дереккөз олар туралы жеткілікті мәлімет бермейді. Урду тіліне бірінші аударманы 1962 жылы Насир ад-дин Хайдар Курагани жасады (Бабырдың ұрпағы болған). Шығарманың алғысөзінде Хайдар Курагани аударма барысында түпнұсқа түрік мәтінін және Лейден-Эрскин аудармаларын оқып, оларды салыстыру үшін пайдаланғанын, сондықтан жұмыста ешқандай кемшілік жоқ екенін, сондықтан бұл аударманың түпнұсқа мәтінді алмастыра алатын мұқият жұмыс екенін атап көрсетеді. Дегенмен ғалым Мұхаммед Сабир аударманың, автор айтқандай, толық еместігін, онда көптеген қате мен кемшілік бар екенін, тек алғашқы урду аудармасы ретінде маңызды деп санауға болады деп жазады [33, б.24]. «Бабырнаманың» түпнұсқа нұсқасынан айырмашылығы Насир ад-дин Хайдар Курагани аудармасында әрбір бөлімге жалпы саны 380-нен астам айдар енгізілген. Түсініксіз сөздерге автор түсініктеме береді, ондай түсіндірмелер өте көп. Сонымен қатар аудармада сөздердің емлесіне көп көңіл бөлінеді. Дегенмен жер-су атаулары мен атауларының қате жазылуы да бар.

Екінші урду аудармасын 1991 жылы парсы тіліндегі басылымнан Мырза Мұхаммед Ширази аударған және онда көптеген қате мен кемшілік бар. Басқа аудармаларда байқалғандай, бұл еңбекте тарауларға арналған айдарлар да бар, бірақ айдарлар кейде Бабыр тілінде, кейде үшінші жақта жазылып, түрленеді. Сондай-ақ кейбір сөздер мен терминдерде айырмашылықтар бар. Жоғарыдағы кемшіліктерге қарамастан, шығарма тілі қарапайым, жатық. С. Азимжанова урду тіліндегі екі аударманы да жоғары бағалайды, әсіресе, «Бабырнаманы» кеңінен насихаттауда құнды дейді [33, б.24].

XVI ғасыр туындысы «Бабырнама» көптеген саладағы білімді қамтиды. Онда автор өз көзімен көріп, естіген шынайы оқиғаларды сенімді дереккөздерге сүйене отырып ұсынады. Бұл туралы Бабырдың өзі: «Ұшпу сөзді шағым жасайын немесе қайырымдылығымды білдірейін деп мақтан үшін жазбадым, шындықты, болған оқиғаны ешбір қоспасыз қағазға түсіріп отырмын. Естелікті жазуда алға қойған мақсатым – ақиқатты, қандай да болмасын істі сол қалпында баяндап жазу. Сондықтан тумаларымның, бауырларымның жақсы-жаман істерін, алыс-жақын адамдардың кемшілігін де, артықшылығын да бүкпесіз айтып отырмын. Жарандар, жамағаттар, меймандар кешірім етер деймін» [28, б.222], – дейді. Ендеше, өз кезеңіндегі тарихи тұлғалар мен оқиғаларды бүкпесіз жазған Бабырдың «Бабырнамасы» әлі де зерттеп-зерделеуді қажет етеді.

1.2 «Бабырнама» жәдігерінің қазақ жазба мәдениетіндегі маңызы

«Бабырнаманың» қазақ жазба әдебиетіндегі маңызы – түркі дүниесінің рухани-мәдени мұрасын зерделеуде ерекше маңызды тақырып. Себебі жәдігердің қазақ жазба әдебиетіндегі маңызы мен байланысы дегенде, ең әуелі, ортақ тарихи-мәдени негіздің бар екенін айта кеткен жөн. Яғни Бабыр – Шыңғыс хан ұрпағы, Әмір Темір мен Жошы әулетімен байланысты тұлға. Туған анасы Құтлық Нигар ханым – Жүніс ханның екінші қызы. Шығармада былай делінеді: «Құтлық Нигар бәйбішесі еді. Ол – Жүніс ханның екінші қызы, Сұлтан Mahмұт хан мен Сұлтан Ahмет ханның әпкесі еді. Жүніс хан болса, Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ханның нәсілінен болған. Шыңғыс ханнан Шағатай, Шағатай ханнан Мұтакен, Мұтакеннен Есентуа, Есентуадан Барақ хан, Барақ ханнан Дауа хан, Дауа ханнан Есенбұға, Есенбұғадан Тұғлықтемір хан, Тұғлықтемір ханнан Қызырқожа хан, Қызырқожа ханнан Мұхаммед хан, Мұхаммед ханнан Шерәлі оғлан, Шерәлі оғланнан Уайыс хан, Уайыс ханнан Жүніс хан» [17, б.32]. Сонымен қатар қазақ хандары мен Бабыр заманында ортақ тарихи кезеңдер мен тұлғалар кездеседі. Мысалы: Қасым хан, Әдік сұлтан, Сұлтан Махмұт хан, Жүніс хан, Уәйіс хан, Сұлтан Ахмет хан (Алаша хан)». Бұл жөнінде «Бабырнамада» былай дейді: «Жүніс ханның осы Шah бегімнен екі ұл, екі қызы болды. Жоғарыда айтылған үш ұлынан үлкен, үш қызынан кіші Сұлтан Mahмұт еді. Оны Самарқанд пен сол төңіректегі кейбір тұрғын жұртшылығы Ханеке хан деп атаған. Сұлтан Mahмұт ханнан кіші Сұлтан Ahмет хан еді. Ол Алаша

ханға мәшһүр болды. Алашаның аталу себебі – қалмақ пен моғол тілінде адам өлтірушіні «алашы» деген. Сұлтан Аһмет қаншама қалмақты қайталап басып қалың кісілерін қырғаны үшін алаш атанып келген. Ол сөз көп рет қолданыла келе Алаша «Alıcı» есіміне айналған» [17, б.34], – дейді. Бабыр бұл жерде Сұлтан Маһмұт ханды – Ханеке, Ахмет ханды – Алаша деп атап кеткенін өз аузымен нақыт айтып, жазып отыр.

Қазақтың Уайыс хан мен Қасым хан, Әдік сұлтандары жайында Бабыр былай дейді: «Сұлтан Нигар ханым өзгелерден кіші, тек бір қызынан үлкен болған ол Сұлтан Маһмұт мырзаға ұзатылған еді. Мырзадан Сұлтан Уайыс атты бір ұлы болды. Ол жайлы осы жазбада айтылады. Сұлтан Маһмұт мырза өлгеннен соң ешкімге хабар берместен ұлы жанына алып Ташкенттегі ағаларына барған еді. Сонда бірнеше жылдан кейін Шыңғыс ханның үлкен ұлы Жошы нәсілінен болған қазақ Сұлтандарының бірі Әдік Сұлтанға тұрмысқа шыққан еді. Ол оқиға Шейбани ханның Ташкент пен Шаһрұхияны жаулап, хандарын қолға түсірген кезде Сұлтан Нигар ханым он, он екі моғол нөкерлерін жанына алып, қашып Әдік Сұлтанға барған еді. Әдік Сұлтаннан екі қызы болды. Оның бірін Шейбан Сұлтанның әулеттері, ендігі бірін – Сұлтан Саид ханның ұлы Сұлтан Рашидқа тұрмысқа шықты. Сұлтан Әдіктен соң қазақ ұлысының ханы Қасым ханға тиді. Әңгімелерге қарағанда қазақ хандары мен сұлтандар арасында аталған ұлыста ешкім Қасым ханның билеген кеңістікті өз билігіне ала алмаған. Оның жауынгерлерінің саны үш жүз мыңға жуыққа жеткен еді. Қасым хан өлгеннен соң Сұлтан Нигар ханым Кашғарға Сұлтан Саид ханның жанына кетті» [17, б.34], – дейді. Яғни мұнда Бабыр қазақ сұлтандары мен хандары арасында Қасым хан сияқты ешкім бағындыра алмағанын және әскер саны үш жүз мыңға жуық болған деп Қасым ханның беделді һәм әскери күші мықты болғанын жазып отыр.

Екіншіден, тарихи мұра қазақ жазба әдебиетімен тілдік және әдеби дәстүр бойынша жақындығы бар. Себебі «Бабырнама» ескі түркі тілінде, бір деректерде шағатай тілінде жазылған дейді. Мысалы: Н. Келімбетов: «Бабырнаме» кітабы бір кезде қазақтардың да ата-бабаларына ортақ болған азиялық әдеби тілде (түркі немесе шағатай тілінде) жазылғаны анық» [46, б.228], – деп пікір білдіреді. Бұл тіл XV-XVI ғғ. қазақ даласында да қолданылған. Сонымен қатар қазақтың жыраулық поэзиясында кездесетін философиялық ой мен моральдық тұжырымдар «Бабырнамадағы» пайымдармен үндес. Мысалы, XV-XVIII ғасырлардағы Қазтуған (XV ғасыр), Доспамбет (XV-XVI ғасырлар), Жиембет (XVII ғасыр), Бұқар жырау (1668-1781) өз толғауларында ел мен жерге сүйіспеншілікті, заман ағымына алаңдаушылықты, тарихи сана мен адамгершілік қағидаларын жыр етті. Олар да Бабыр сияқты жеке тұлғаның атынан сөйлеп, қоғамдық-әлеуметтік мәселелерге қатысты өз көзқарасын білдірді. Мәселен, ел мен жерге сүйіспеншілік тақырыбында Бабыр өз еңбегінде Ферғана, Самарқан, Кабул, Үндістан секілді аймақтардың табиғаты мен тұрмысын ерекше суреттеп, туған жерге деген сағынышын жасырмайды. Мысалы, «Ферғана уәлаятының төңірегіндегі тауларда жақсы жайлаулар бар. Осы тауларда тобылғы бұталар

бар. Ол өзге еш жерде болмас тобылғы бұтасы» [17, б.28], – десе, Қазтуған жырау (XV ғ.) «Алаң да алаң, алаң жұрт, Ақ ала ордам қонған жұрт» деп туған жерін жырлап, одан айырылудың қасіретін айтады. Бұл – «Бабырнамадағы» туған өлкеге деген іңкәрлікпен үндес. Сонымен қатар Бабыр мемлекет үшін күрестерді, биліктің қолдан-қолға өтуін, сатқындықтар мен соғыстарды баяндай отырып, қоғамдағы тұрақсыздыққа қынжылады. Ал Доспамбет жырау (XVI ғ.) «Айнала бұлақ басы – Тең» жырында:

«Арғымаққа оқ тиді,
Қыл майқанның түбінен,
Айдаметке оқ тиді
Отыз екі омыртқаның буынынан,
Зырлап аққан қара қан
Тыйылмайды жонның уақ тамырдан.
Сақ етер тиді санына,
Сақсырым толды қанына,
Жара бір қатты, жан тәтті,
Жара аузына қан қатты» [47, б.26], – деп заманның қайғысы мен азапты тағдырын шертіп, өмірдің өткіншілігіне алаңдайды. Сонымен қатар жаугершіліктің дәмін татқан жауынгер ретінде жыр жазады:

Бетегелі Сарыарқаның бойында
Соғысып өлшен өкінбес! [47, б.27].

Бабыр да соғыстың бір көрінісін суреттегенде былайша ақтарылады:

«Көргенде қарсы алдыннан жаудың легін,
Қарады жүрексініп тартып демін.
Атымды тебіндім де топты бастап,
Айқайлап: «Артта бірің қалма!» дедім.
Соңынан қолды ертіп ақ ниетім,
Қайтару қаймықтырып жаудың бетін.
Жасақты бастау үшін алға кеттім,
Түрі жоқ айқайымның естілетін...» [28, б.228]. Яғни тарихи сана және азаматтық ұстаным тақырыбы бойынша да ұқсастықты көре аламыз. Себебі Бабыр күнделікті жазбаларында өзі куә болған соғыстары мен тарихи оқиғаларды ұрпаққа жеткізуді мақсат етеді. Бұл – тарихи сананы сақтаудың айқын көрінісі. Ал Жоңғар шапқыншылығына қарсы соғыста ат үстінен түспеген жырауларымыз жорықта жортуылдап жүріп те ұрпаққа өшпес, рухты жырларын қалдырды. Елдің от пен оқ шалған мазасыз кезеңінде Қазтуған, Ақтамберді жыраулар да жаугершілікте жауынгер, қолбасшы болып ел тағдырын қорғады. Мәселен, Ақтамберді жырау «Күлдір-күлдір кісінетіп...!» атты толғауында өзінің қолбасшы болғанын жырлайды:

«Сол шұбарға мінген соң,
Қоңыраулы найза қолға алып,
Қоңыр салқын төске алып,
Қол төңкерер ме екенбіз?!
Жалаулы найза жанға алып,

Жау қашырар ма екенбіз?! [47, б.71].

Жиембет жырау (XVII ғ.) Есім ханға қарата айтқан толғауларында: «Еңсегей бойлы Ер Есім,

Есім сені есірткен,

Есіл де менің кеңесім.

Ес білгеннен, Есім хан,

Қолыңа болдым сүйесін,

Қолтығыңа болдым демесін» [47, б.45-46], – деп ел тарихындағы әділетсіздіктерге қарсылық білдіріп, жеке көзқарасын ашық жеткізеді.

Бабыр адамгершілік пен моральдық қағида, өмірдің өткіншілігін, дүниенің жалғандығын жиі еске салады. Ол биліктің баянсыздығын түсініп, пенденің ар-намысына, адамдық қасиетіне мән береді. Мысалы, «Ғазы ханды қорғанда деп ойлаған едік, ол мәртсіздік жасап қалыңдық, әке, аға, іні, ана, әпке және қарындасын Мәлветте тастап, өзі біраз адамдарымен тау жаққа қашып кеткен екен.

Қарама! Ондай намәрт кісіге ешқашан,

Ол көрмес бақыт жүзін ешқашан.

Жеңіл жолды таңдай дүние қызығы үшін,

Әйел, бала-шағаға қалдырады тауқыметін» [17, б.291], – дейді Бабыр. Ал Бұқар жырау (XVIII ғ.) Абылай ханға айтқан өсиеттерінде:

«Өлетұғын тай үшін,

Қалатұғын сай үшін.

Қылмаңдар, жанжал, ерегіс» [47, б.52], – деп адамды дүниеқоңыздықтан арылуға шақырады, ел бірлігі мен әділеттілікті алдыңғы орынға қояды. Қысқасы, Бабыр да, қазақ жыраулары да жеке тұлға атынан сөйлеп, елдік, адамдық, замандық мәселелерге ой тастаған. Мұндағы ұқсастық – мазмұндық және идеялық өзек ортақ. Ал жеткізу жолында Бабыр– күнделік түрін таңдаса, жыраулар – поэзиялық толғау түрінде жырлады.

Бабыр тек қана саяси оқиғаларды емес, өзі көрген жердің табиғатын да аса бір нәзік сезіммен суреттейді. Ол Ферғананың жайқалған бағын, Самарқан маңындағы Зарафшан аңғарын, Кабулдың жасыл өрнекті тауларын, Үндістандағы гүлге оранған алқаптарын, өзен-суын ерекше сипаттайды. Мысалы, «Үндістанда өзендерден басқа бір ағар су бар, мұны Кәкер өзені дейді. Чәтыр де бұл өзеннің жағасында тұр. Біз бұл өзеннің жоғары жағын тамашалауға аттандық. Чәтырден сегіз шақырым жоғарылау өзен суының бастауы жатыр. Өзеннің жоғары жағына тамашалауға барғанымызда бір кең шатқалдан төрт-бес диірменге жетерлік су шығып жатыр. Өзеннің жоғары жағы өте жұмсақ, қош және жайлы ауасы бар жерлер. Осы өзеннің кең шатқалының шыға берісінде бір шарбақ отырғызуға бұйырдым» [17, б.294].
Сонымен қатар Бабыр «Ферғанада астық көп, жемісі мол және қауын мен жүзімі жақсы болады» [17, б.25], – деп ауыл шаруашылығы мен табиғи байлықтың молдығын көркем тілмен жеткізеді. Табиғат суреттері көбіне туған жерге деген сағынышпен, жүрек қылын тербететін іңкәрлікпен беріледі.

Ал қазақ жырауларындағы табиғат бейнелеріне келер болсақ, Қазтуған жырау:

«Алаң да алаң, алаң жұрт,

Ақ-ала ордам қонған жұрт», – деп туған жер табиғатын суреттеп, өз елін аңсайды [47, б.20]. Доспамбет жырау:

«Айнала бұлақ басы – тең,

Азаулының Стамбұлдан несі кем», – деп, дала сұлулығын бейнелесе [47, б.26], Бұқар жырау:

«Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек,

Бұл үйректей болыңыз,

Судан суға шүйгумен,

Көлден көлге қоныңыз.

...Айнала алмай ат өлсін.

Айыра алмай жат өлсін,

Жат бойынан түңілсін,

Бәріңіз бір енеден туғандай болыңыз!» [47, б.67], – деп қоғамдағы бірлік пен татулық жайлы ой айтады. Бабыр үшін де, қазақ жыраулары үшін де туған жердің тауы мен өзені – қасиетті символ. Қарап отырсаңыз, екеуінде де табиғат суреті – адамның ішкі көңіл күйінің айнасы. Табиғат тек эстетикалық фон емес, ол елдік, ерлік, өмірдің өткіншілігі жайлы ойдың өзегі. Яғни бұдан шығатын қорытынды, Бабыр табиғатты саяхатшы, мемлекет қайраткері ретінде ғылыми-көркем сипаттаса, қазақ жыраулары оны поэтикалық, рухани бейне ретінде береді. Бірақ екеуінің түпкі мақсаты – туған жерді дәріптеу мен елдік санаға үн қосу.

Үшіншіден, жәдігердің қазақ әдебиетімен жанрлық сабақтастығы байланыстырады. Себебі қазақ әдебиетіндегі естелік, шежірелік элементтер «Бабырнамадағы» мемуарлық үлгімен жақын. Мысалы, тарихи жырлар: Есім хан, Абылай хан, Наурызбай, Қанай батыр эпосы секілді шығармаларда тарихи оқиғаға негізделу – «Бабырнама» стилімен сабақтас. Сонымен қатар «Бабырнама» ізімен қазақ әдебиетінде көптеген мемуарлық шығармалар дүниеге келгенін Б.Тоекина да айта кетеді: «Мемуарға тән белгілер төл әдебиетімізде Бабырдың «Бабырнамасы» сынды ортағасырлық жәдігерліктер арқылы қалыптасып, жаңа дәуірде, әсіресе, С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу», «С. Мұқановтың «Өмір мектебі», Ғабиден Мұстафиннің «Көз көрген», Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», «Қадір Мырзалиевтің «Иірім», Мұхтар Мағауиннің «Мен» ғұмырнамаларында жалғасын тапты деуге болады», – деп «Бабырнама» мен С. Сейфуллиннің «Тар жол тайғақ кешу» шығармасымен салыстырмалы талдау жасайды [48, б.64]. Осы тұста «Бабырнама» мен Қабдеш Жұмаділовтің «Таңғажайып дүние», «Қадір Мырзалиевтің «Иірім», Мұхтар Мағауиннің «Мен» ғұмырнамалары арасында ешқандай байланыс жоқ екенін баса айтқым келеді. Ал автор бұл тұста тек жанрлық тұрғыдан ғана бұл шығармаларды мысалы етіп алды деп ойлаймын.

Төртіншіден, Бабырдың көркем тілдік шеберлігі қазақ әдебиетіндегі көркемсөз өнерімен ұштасады. Ол тек оқиғалар баяндаушысы емес, суреткер, лирик ақын ретінде де көрінеді. Мысалы, Бабырнамада:

Анау бәйтерек маңына жеткеніңде, әй, самал,

Мына қажыған көңілді еске алып, бері кел.

Бабырды сағындырмай, үміт боп, рақым қыл,

Тас жүрекке құдайым-ай, рақым қыл!» [17, б.266], – десе, ендігі бір тұста:

«Мұнда да әскер дүрліккен,

Онда да әскер дүрліккен,

Бір жағын билеп қорқыныш,

Екінші жағы гүл еккен [17, б.258], – деп Бабыр Үндістандағы Панипат шайқасы алдындағы дайындық пен қобалжуды жыр етеді. Демек, «Бабырнама» – түркі халықтарына ортақ әдеби, тарихи және мәдени мұра. Қазақ әдебиетімен байланысы – тіл, жанр, ойлау жүйесі және тарихи таным тұрғысынан өте терең. Бұл шығарманы зерттеу – тек тарихи естелік емес, әдеби көзқарасты байытуға, қазақтың әдеби таным көкжиегін кеңейтуге зор үлес қосады.

«Бабырнама» – тек тарихи мемуар емес, ол – түркі әдебиетінің алтын арқауы. Бұл туындыдан басталған дара «меннің» көркем бейнесі, тарихи сана мен рухани пайым Абайдың «Ғақлия» сөздері мен Шәкәрімнің прозалық, философиялық еңбектерінде де осы бағыттағы рухани сабақтастық бар. Себебі Абай мен Шәкәрім адам мен қоғам, заман және әділет, жақсылық пен жамандық туралы ойларын тақырыптық та, стильдік те жағынан Бабыр дәстүрімен ұқсас түрде жеткізеді. Олар да адамзаттық ойдың тереңіне үңіледі, өздерінің өмірлік тәжірибесін, байқаған кемшіліктерін, ізгілікке ұмтылыстарын ұрпаққа аманат етеді. Мысалы, Бабыр өз заманындағы әкімдердің парақорлығын, теріс қылықтарын сынайды: «...ол менің туған нағашым Хуб Нигар ханымнан ұл-қыздары бар еді, бұл құқығын еске алып Мұхаммед Үсейін мырзаны босатып жібердім. Хорасан жаққа кетуіне рұқсат бердім. Бұл рақымсыз, дәм-тұздың қадірін білмейтін кісі менің осыншама жақсылығымды, жанын бағыштағанымды мүлдем ұмытып, мені Шейбани ханның қасына барып ғайбаттап, шағымдар айтыпты. Бірақ аз уақыт өткен соң Шейбани хан оны өлтіріп жазасын берген болды.

Сен жаман жасағанды тағдырға тапсыр,

Тағдыр – сенің құлың, одан кегіңді алар» [17, б.266], – деп Бабыр соңында сатқындық иесін тағдырға тапсырады. Бұл сарын Абайдың «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңіндегі:

«Бас-басына би болған өңкей қиқым,

Мінеки бұзған жоқ па елдің сиқын...» деген сыни пайымымен үндеседі [49, б.49].

Бабыр өзінің философиялық ойларын да жазады. Алайда ол көбінесе реалистік психологизмге негізделеді. Мысалы, «...Адамның асқақтаған кезінде араны ашылып, тойымсыздық ниет пайда болатын мына дүниенің

бәрі қолына көшер кезде құдайын ұмытып кететін әлімсақтан тұқым қуалап келе жатқан тұрпайы хайуанға тән мінезі бар ғой. Басшы адам соны ауыздықтай алмаса адам баласын апатқа ұшыратпай ма!» [17, б.286], – дейді. Осында философиялық-дидактикалық ой толғауы Абайдың «Ескендір» поэмасындағы өле-өлгенше адамның көзі ештеңеге тоймайтыны туралы:

«Кәпір көздің дүниеде араны үлкен,
Алған сайын дүниеде тояр ма екен?
Қанша тірі жүрсе де, өлген күні
Өзге көзбен бірдей-ақ болады екен» [50, б.137], – деген пәлсапасына сәйкес адам қанша ашкөз болса да, көрге өзіңмен бірге ештеңе де алып кете алмайтыны, өлген соң бәрінің бірдей болатыны туралы философиялық ой түйеді. Ал ұлы Абайдың «Қара сөздерінде» адам мен қоғам, адалдық пен әділет, білім мен ізгілік туралы терең философиялық толғаныстар бар. Бұл – Бабырдың табиғатқа, тағдырға, адамға деген көзқарасымен өзек-тамырлас.

Сонымен қатар ғалым Өтеген Күмісбаев Бабыр ғазалдары мен Абай өлеңдеріндегі махаббат тақырыбындағы үндестікті сөз етеді. Абайдың:

Жарқ етпес қара көңілім не қылса да,
Аспанда Ай менен Күн шағылса да,
Дүниеде, сірә, сендей маған жар жоқ,
Саған жар менен артық табылса да.
Сорлы асық сарғайса да, сағынса да,
Жар тайып жақсы сөзден жаңылса да,
Шыдайды риза болып жар ісіне
Қорлық пен мазағына табынса да, – деген жыры мен Бабырдың мына бір ғазалы:

Қара шашыңа шырматылған менің талайлы тағдырым бар,
Жүзің ашық тұрғанда сабырым да, қуатым да жоқ.
Ернің бауырымды қан қылды, көзімнен қанды жас аққызды,
Неге халімді жаман қылды менің одан сұрарым бар.
Жаһаннан маған мұң келсе, ұлыстан қайғы келсе,
Несі мұң оның, жүз қайғы жабылса сен мұңдасым бар.
Әгәр мен бейбітшіл не бүлікшіл, не ғашық, не діншіл болайын
Не шаруаң бар сенің, тақуа менің ықтиярым бар.
Күрсінісімді ашты бұлбұлдың үні зәредей қамы жоқ құлдан
Бәсе Бабыр осынау құлдың көңілінде қарқарым бар, – дей отырып лирикалық кейіпкердің «мені» мен автордың «мені» бір жерде қабысып, тұтас сезім нақышын құрайды. Айтушы біреу, объекті біреу, қарашаш пен қара тағдырдың арақатынасы сыналып ашылады» [51, б.80].

Шәкәрім Құдайбердіұлының прозалық мұраларында да «Бабырнама» жәдігерінің сарыны мен стилі жаңғырады десек артық айтқандық емес. Шәкәрімнің «Үш анық», «Мұтылғанның өмірі» сияқты еңбектерінде автордың өмірлік тәжірибесі, адами ізденісі, рухани құндылықтары негізгі арқау болады. Бұл «Бабырнамадағы» субъективті хроникамен үндеседі.
Мысалы, Бабырдың:

«Ислам үшін әуре-сарсаңға түстім,
Кәпірлер мен үнділермен соғыстым.
Бекем бел будым өзім шейіт болмаққа,
Аллаға шүкір ақыры ғазы болдым» [17, б.280], – деген жырларындағы ойы Шәкәрімнің:

«Көкіректе толған шер, көңіл қаяу,
Ермейсің деп елім жау, досым баяу.
Сүйер кісім, сүйенер жақыным жоқ,
Бір өзіңе сиындым, бар құдай-ау» [52, б.22], – деген уайымымен бір деңгейде.

«Бабырнама» – тарихи мемуарлық шығарма екені бүгінде белгілі. Мемуарлық шығармалардың жанрлық ерекшелігі жөнінде Т. Бекниязов былай дейді: «Автордың өз көзімен көрген, қатысып араласқан оқиғалар жайындағы жазбалары өмірбаян түрінде, күнделік түрінде қолжазбалар түрінде кездеседі. Қандай үлгіде жазылса да, әдеби шығарма жай естелік болып қалмайды. Естелік немесе өмірбаян, күнделік түрлерін пайдалану көркемдік тәсіл ретінде қолданылады, шығарманың өмірде болған оқиғаларға, нақтылы деректерге сүйеніп жазылғанын көрсетеді» [48, б.226], дейді. Осы тұста Б. Тоекина өзінің зерттеу еңбегінде: «Бабырнаманы» жаңа дәуір мемуарларымен салыстырып, соның ішінде С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» ғұмырнамасымен ұқсастығы басым екенін айтады. Яғни екеуінің де өн бойында баяндаудан гөрі, суреттеу басым екенін айта келіп, Бабырдың «Бабырнамасы» мемуарлық (ғұмырнамалық) жанрдың қалыптасуына жол ашты» [48, б.99], – деп ойын аяқтайды. Демек, «Бабырнаманы» оқыған ұлы Абай мен Шоқан, Шәкәрім, одан кейін еңбекпен етене танысқан М. Әуезов бұл еңбекті қазақ әдебиетіне алғаш рет таныстырып қана қоймай, мемуарлық туындының өрістеуіне де үлесін қосты деп айта аламыз.

«Бабырнаманы» қазақ тіліне аударып, халықпен етене таныстырып және оның ары қарай зерттелуіне негіз жасаған – Байұзақ Қожабекұлы. Ең бірінші 1990 жылы «Жалын» баспасынан «Бабырнама» аудармасын жариялайды. Екінші рет қайта толықтырып 1993 жылы жарыққа шығарды. Себебі бұл екі басылымның арасында үлкен айырмашылық бар. Бірінші басылымда «Үндістан» бөлімі «Тоғыз жүз он екінші жылғы оқиғамен» басталып «Тоғыз жүз отыз екінші жылғы оқиғамен» аяқталады. Яғни «Үндістан» бөліміндегі тоғыз оқиғаның тек бес оқиғасын ғана аударып, аударма аяқсыз қалады. Сол себептен бірінші басылым жайында бірнеше сыни мақалалар мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрді. Мысалы Ә. Дербісәлиевтің «Жұлдыз» журналында жарияланған «Бабырнама – бағалы мұра» атты мақаласында былай дейді: «Аударманың жалпы сәтті шыққанын айту ләзім. Тәржімеші қазақ тілінің бай оралымдары мен ою-өрнектерін қиюластыра білген. Тілі жатық», – деп бағасын береді. Сонымен қатар сын-ескертпелерді де қоса кетеді: «Мұндай тарихи дүниеге қайшы тигізбей-ақ қоюға болмас па?», – деп тарихи жәдігердің қысқарған тұстары мен біршама

сөзге түзету жасау керектігін баса айтады [53]. Сонымен қатар керісінше оң пікірлер де баспасөз беттерінде жарық көреді. Т. Омарбеков «Бабырнама – ортақ мұра» атты «Қазақ әдебиетіндегі» рецензиялық мақаласында Б. Қожабекұлының аудармасының еркін және сөз тіркестер мен фразалар қазақтың ұғымына жақын, түсінуге жеңіл екендігін айтады [54]. Бабырдың шығармашылығын зерттеген ғалым Б. Тоекина екінші аудармасын негізге ала отырып: «Бабырнаманың» Б. Қожабеков пайдаланған орыс және көне түркі тіліндегі нұсқаларын салыстыра қарағанымызда, әрбір сөйлемнің түпкі мағынадан алшақ кетпегенін, тіпті Б. Қожабекұлы аудармасының орыс тіліндегі М. Салье аудармасынан гөрі сапалырақ шыққанын аңғардық. Олай дейтініміз, Б. Қожабекұлы аудармасы «реалистік аударма», «сөзбе-сөз аударма», «жолма-жол аударма», «еркін аударма» сынды әрқилы аударма түрлерінің ішіндегі «реалистік аудармаға» жатады», – деп бағасын береді [48, б.78]. Айнұр Әбдірәсілқызы: «Аударма теориясындағы тұжырымдарда бірізділіктің болмауы аударманың күрделі де көп қырлы табиғатынан туындайды» [55, б.49], – дегеніндей аударма мәселесі жөнінде әртүрлі пікірлерді ғалымдар ұстанады. Себебі бұл – өте күрделі сала.

«Бабырнаманы» шығыстанушы-ғалым Жеменей Ислам Ақмұратұлы Ауғанстанның Мазар Шәріп қаласында «Ұлықбек» баспасынан Һедайәтолла Һедайәт дайындаған түпнұсқалық қолжазба негізінде тәржімелеп, 2023 жылы «Дарын» баспасынан жарыққа шығарады. Аударма үш бөліммен бөлек, «Есімдер», «Жер-су аттары», «Әдебиеттер тізімімен» толықтырылған. Сонымен қатар Ислам Жеменей аудармасы мен Б. Қожабекұлы аудармасы арасында ең бірінші көзге көрінетін айырмашылық – «Захираддин» есімін Ислам Жеменей «Зәһиреддин» деп қазақша транкрипциялайды. Сонымен қатар екі аудармадағы тағы бір айырмашылық – жәдігердегі негізгі үш бөлімдегі тараушалардың бөлінісі мен сөйлем құрылымдарында. Мысалы, Ислам Жеменей «Бабырнамадағы» «Кабул» бөлімін 7 тараушаға бөлсе, Б. Қожабекұлы бұл бөлімді 2 бөлікке бөледі. Сол секілді «Үндістан» бөлімін И. Жеменей 7 бөлікке бөлсе, Байұзақ Қожабекұлы 9 бөлікке бөледі. Б. Қожабекұлы аудармасында «Кабул» бөлімі мен «Үндістан» бөлімінің дұрыс бөлінбегенін байқауға болады. Себебі «Кабул» оқиғасы 909 жылдың оқиғасымен басталса, «Үндістан» бөлімі 932 жылдың оқиғасымен басталады. Ильминскийдің қолжазбасына сәйкес И. Жеменей аудармасында бұл бөлімдердің бөлінуінде қателіктер жоқ.

Шығыстанушы ғалым И. Жеменей аудармасында бүкіл есім мен жер атауларын қазақша транскрипциялайды. Мәселен, Б. Қожабекұлында Мауараннахр И. Жеменей аудармасында – Мауароннәһр, Маргилан – Мәрғинан, Ходжент – Хожәнд, Ахси – Әхси, Сейхұн – Сейһун, Самарқан – Самарқанд, Баракұх – Баракуһ, Исфара – Асфара, Сұх – Сух, Хұшьяр – Һұшяр, Шаһрұх – Шаһрұхия, Канди-Бадам – Кенд-Бадам, Мути-Гил – Мұныгыл, Хурмуз –Һүрмыз, Ха-дәруіш – Һадәруіш, Ахсикент – Әксикент, Теке-саңыратқан – Текесекірту, Мерв – Мәрв, Қашқари – Қашғари, Ұратепе – Өретөбе, Сәри Пұл – Сәрпол, Қасан – Касан Сұлтан Ахмет – Сұлтан Аһмет,

Захир ад-дин – Захираддин, Сұлтан Махмұт – Сұлтан Mahмұт, Уәйіс Лагари – Уәйіс Лағәри, Хасан Жақып – Асан Жақып, Әли Дұст Тағай – Әлідос Тағаи, Әбу Саид мырза – Әбусаид мырза, Исан Дулат бике – Есендәулет бегім, Михр Нигар – Мейір Нигар, Хұб Нигар ханым – Хуб Нигар ханым, Ұбайд хан – Үбейд хан, Гурхан Дулат – Көреген Дұғлат, Әбу Бәуір – Абубәкір, Ханзада бике – Ханзада Бегім, Дува хан – Дауа хан, Уәйіс хан – Уайыс хан, Шейх Нұр ад-дин – Шейх Нұреддинбек, Әбді әл-Әзиз – Әбдіәзиз, Чарас – Жарас, Михр Бану – Mehрбану, Мұтүген – Мұтакен, Есу-Тува – Есентуа, Сұлтан Масуд мырза – Сұлтан Məchуд мырза, Хұррам шah – Хұррәмшah, Мір Бұзырға – Әмір Бұзырг, Сұлтан Әли мырза – Сұлтанәлі мырза, Зухра – Зұhра, Менучихр мырза – Мәнушер мырза, Сұлтан Құсайын – Сұлтан Үсейін, Хисар – Һисар, Хайдар мырза – Айдар мырза, Шайбани хан – Шейбақ хан, т.б. Аудармашылардың алғашқы бес-алты беттегі жер мен есім атауларында осындай өзгешеліктер бар. Яғни бүкіл шығарманың өн бойында орфографиялық өзгешеліктер өте көп орын алады.

И. Жеменей аудармасында кейбір сөздер қалып кеткен немесе басқаша сөздермен алмастырған. Мысалы, Сұлтан Махмұт мырзаның балалары туралы айтылған тұста Б. Қожабекұлы: Үшінші қызы – Ақбике, төртінші қызы – Айбике. Сұлтан құсайын мырза Құндыз түбіне келгенде, Омар Шейх мырза ұлы Жаһангер мырзаны Әндіжан әскерінің басшысы етіп, Сұлтан Махмұт мырзаға жәрдемге жіберді, ол қызын мырзаға атастырды [28, б.49]. И. Жеменей аудармасында: Үшінші қызы – Қазақ бегім еді. Төртінші қызы – Сұлтан Үсейін мырза Құндыз жорығына шыққанда Омар Шейх мырза ұлы Жаһангир мырзаға айттырған еді. Екі аудармада Сұлтан Махмұт мырзаның үшінші қызының есімдері екі түрлі жазылған және И. Жеменей аудармасында Ақикені – Қазақ бегім десе, төртінші қызының есімі жазылмаған және Жаһангир мырзаның Әндіжан әскерінің басшысы болғаны, Сұлтан Махмұт мырза көмекке жіберілгені жазылмаған. Орыс тіліндегі М. Сальенің аудармасында: «Третьей его дочерью была Ак бикем, четвертой дочерью – Ай биким», – деп беріледі [56, б.53]. Аудармадағы көзге түсетін тағы бір дүние ғалым И. Жеменей Б. Қожабекұлы аудармасындағы «барымта» сөзін «қазақылық» сөзімен алмастырады. Мысалы, «Таулы Месча аймағындағы қазақылықта мен Сұлтан Mahмұт ханның қасына бармақ болғанымда Қасым бек менен айырылып, Хұсрау шahтың қасына кетті» [17, б.37]. Б. Қожабекұлы: «Барымта жолында жүргенімде, таулы Масча елінен Сұлтан Махмұт ханға бармақ болдым» [28, б.34]. М. Сальенің орыс тіліндегі аудармасы – орыс тіліндегі толық және жалғыз аударма және бұл аударма А.Бевериджді ң ағылшын тіліндегі аудармасына негізделген. 1958 жылы Ташкентте басылып, 1993 жылы екінші рет өңделіп қайта жарыққа шыққан аудармада: «Во времена казачества, когда я решил направиться из горной страны Масча к Султан Махмуд хану, Касим бек, расставшись со мной, ушел к Хусрау шаху», – деп беріледі [56, с.39]. И. Жеменейдің «Бабырнама. Қазақ және қазақы жайында» атты мақаласында: «Қазақ+лық – еркін жүрісті меңзейді. Бұл жайт үш себепті орын алуы мүмкін: бірі – таққа таласқан

қарсыластың қуатты болуынан даланы пана тұтып, қашқын күйде жүруі. Екіншісі – орталық билікке бағынғысы келмейтіндер далада аң аулап, сәтті уақытын күтіп тіршілік ете тұруы. Үшіншісі – болмыс-табиғаты қалалық тіршілікті сүймейтін жандар, қазақылық өмір салтын ұстанады. Олар даладағы еркін өмірді қалайтын адамдар», – дейді [17, б.12]. Яғни ғалым Бабыр қарақшылық пен барымта жасамаған. Ол еркіндіксүйгіш, халықшыл адам болғанын және қазақылықта жүргенін жазады.

И. Жеменей тек аударып қана қоймай, «Бабырнама» сөздерін 4 топқа бөліп, сөздігін жасайды:

1. Түркі
2. Парсы
3. Араб
4. Үнді, моңғол сынды өзге тілдегі сөздер. Осы жердегі түркі сөздерінің өзін 4 топқа бөліп қарастырады. Олар: түркінің ескі сөздері, түркі халықтарының қолданыстағы ортақ түркі сөздер, түркіленіп кеткен араб-парсы сөздер, қосалқы сөздер.

Жас ғалым Таңсықбай Әділет «Бабырнаманың» лексика-семантикалық сипаты (теориялық және әдістемелік аспектісі)» [57] атты философия докторы дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясында И. Жеменей аудармасы мен Хайдарабад көшірмесімен салыстыра отырып зерттеу жасайды. Нәтижесінде былай дейді: «И. Жеменей аудармасын қолдану үстінде бірқатар қате мен тиянақсыз аударулар анықталды». Соның ішінде «Бабырнамада» 903 h.ж. оқиғалары баяндалғандағы Қожа Мәулана Қазыға сипаттама берілген тұсы мен Байсұңқар мырзаның сүйікті бала туралы мәселесін мысалыға алады. Сонымен қатар бұдан да өзге көзге ілінген қателер деп біршама хайдарабадтық көшірмедегі сөздер мен И. Жеменей аудармасындағы сөздерді теріп жазады. Қорытындылай келіп, «Бабырнама» аудармасына түзетулер енгізілгені дұрыс» деген тұжырымдама жасайды [57, б.24-26]. «Сын түзелмей, мін түзелмейді» демекші, «Бабырнама» еңбегі өте терең зерттеудерді қажет етеді. Екі аудармадағы олқылықтар орны уақыт келе түзеліп, ғылыми айналымға айналады деп ойлаймын. Осы жолда кішкене де болса үлесімізді қосып, «Бабырнаманы» әдеби тұрғыда зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты болмақ. Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасының Сирек кітаптар мен қолжазбалар қорында «Бабырнамаға» қатысты дерек іздегенімізде, Н. Ильминскийдің Қазанда 1857 жылы басылған 508 беттік араб графикасымен жазылған көшірмесімен таныстық [20]. Көшірмені арнайы мамандар көмегімен оқығанымызда, И.Жеменей аудармасының түпнұсқаға жақын «реалист» аударма екеніне көзіміз жетті. Себебі Б.Қожабекұлы аудармасының алғашқы «Ферғана» бөліміндегі сөздің басы: «Жаратқан ием жар болғай! Сегіз жүз тоқсан тоғызыншы жылдың рамазан айында, он екі жасқа қараған шағымда, Ферғана аймағының билеушісі болдым» [28, б.20], – деп басталады. Ал И. Жеменей аудармасында: «Мейірімді және қайырымды тәңірі атымен! Ұлық тәңірінің ілтипаты, жаратылысының төресі мәртебелі пайғамбардың шарапаты, таза

жандарымен танылған шәдиярдың ізгі тілектерімен сейсенбі күні ораза айының бесінің сегіз жүз тоқсан тоғыз жылында (1483) Ферғана уәлаятында он екі жаста патша болдым» [17, б.25], – деп басталады. Ал Н. Ильминскийдің көшірмесінде ең алғашқы сөйлем дәл осылай басталады. Б. Қожабеков «Ұлық Тәңіріге деген ілтипат» пен «сейсенбі күні» деген сөзді аудармай тастап кетті дегеннен аулақпыз. Кеңестік кезеңдегі қысым тарапынан мүмкін бұл сөздер жазылмады. Б. Қожабеков аудармасы М. Сальенің аудармасына негізделгендіктен, ол аудармада да дәл осылай сөздің басы басталады. «Ферғана» бөлімінде Сейхун өзені жайлы айтылады. Б. Қожабекұлы: «Сейхұн өзенін жергілікті халық Ходжент суы деп те атайды. Бұл Ферғанаға солтүстік-шығыс жақтан келеді де, аймақты кесіп өтіп, батысқа қарай бұрылып, Ходженттің солтүстігінен, Финакенттің оңтүстігін ала ағып, қайтадан солтүстікке бұрылып, Түркістанды бетке ала, өзге өзенге құйылмастан құмға сіңеді» [28, б.21]. И. Жеменей аудармасында: «Сейһун өзені Хожәнд (Хожәнт) өзені атауымен де танылады. (Ферғана) уәлаятының шығыс пен солтүстігінен келіп, уәлаяттың орталығынан өтіп, батыс жаққа қарай ағады. Содан Хожәндтың солтүстігі мен Фанакеттің оңтүстік жағынан, қазіргі кезде «Шаһрұхие» атымен танылған қаладан өтіп, тағы да солтүстікке бұрылып, Түркістанға бағытталады. Әрі өзге ешбір өзенге қосылмастан Түркістаннан әлде жырақтау жерде құмға сіңіп кетеді», – дейді [17, б.25]. Осындағы Ислам Жеменей аудармасындағы «Шаһрұхие» қаласының атауы қолжазбада жазылады. Б. Қожабекұлы аудармасында бұл сөз жазылмайды. Осы секілді Б. Қожабекұлы аудармасында көптеген сөздің қалыс қалып, жазылмай кеткеніне түпнұсқаны оқу барысында көзіміз жетті.

Жалпы, бүгінгі күнге дейін «Бабырнама» түпнұсқасы толық жетпеген, тек қана бірнеше көшірмесі сақталған. Бабырдың ұрпағы, шөбересі Акбар шахтың тұсында сарай кітапханасында сақтаулы тұрған тұпнұсқаны Абдулрахим Ханхан парсы тіліне аудару үшін қолданады. Осылайша 1900 жылға дейін түркі тіліндегі «Бабырнаманың» негізгі үш қолжазбасы белгілі. Бірінші – Британ мұражайының қолжазбасы. Екінші – Үнді ведомствосының қолжазбасы, үшінші – Кер (Н.И. Ильминский көшірген) қолжазбасы. Жоғарыда біз атап өткен осы Ильминский көшірмесі Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапханасында Сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақтаулы.

Қорытындылай айтқанда, «Бабырнама» – түркі әдебиетінің ғана емес, тұтас мұсылман-шығыс мәдениетінің рухани жауһары. Оның көркемдік, тарихи және философиялық мәні қазақ әдебиетінің көптеген дәстүрлі арналарына әсер еткен. Жыраулар поэзиясынан бастап Абай мен Шәкәрім шығармашылығына дейінгі рухани-эстетикалық сабақтастық осы еңбектің мәнін арттыра түседі. Демек, «Бабырнама» – тек өткеннің естелігі емес, бүгінге жеткен рухани көпір. Түркілік «меннің» әдебиет сахнасындағы жаңғырығы, ал қазақ әдебиеті – сол жаңғырықты жалғастырған рухани мұрагер.

1.3 «Бабырнаманың» әдебиеттану саласында зерттелуі

«Бабырнама» – тек мемуарлық сипатымен ғана емес, сонымен қатар тарихи деректілік пен көркемдік үйлесімін қатар өрген дүниежүзілік деңгейдегі әдеби туынды ретінде бағаланады. Сондықтан «Бабырнама» – XV–XVI ғасырлардағы тарихи шындықты айғақтайтын аса сенімді дереккөздердің бірі. Бабырдың беретін мәліметтері ауызекі әңгімелерге немесе өзге кітаптарға сүйенбейді. Ол нағыз табиғат зерттеушісі секілді таулар мен далаларды аралап, өзі тікелей көрген, зерттеп, бақылаған деректерге сүйенеді. Жәдігерде баяндалған өлкелердің тарихи географиясы, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, этнографиясы, фольклоры мен өркениет тарихы бойынша өзге деректерден табыла бермейтін құнды мәліметтер қазынасына айналдырады.

XV ғасырдың екінші жартысы мен XVI ғасырдың бірінші жартысындағы Орта Азия, Ауғанстан және Үндістан тарихы үшін «Бабырнама» – түпнұсқа әрі аса құнды дереккөз. Бірақ ол тек тарихи дерегімен ғана емес, әдеби тұрғыдан да зор құндылыққа ие. Сөйлемдерінің қарапайымдылығы, артық сөз бен жасандылықтан аулақ болуы, ойды ең аз сөзбен анық жеткізе білуі – еңбекті оқырманға жақын әрі тартымды етеді. Автордың оқиға мен құбылыстың ең басты белгілерін дәл ұстап, шебер тілмен жеткізе білуі «Бабырнаманы» түркі әдебиетіндегі прозаның шынайы шыңына көтереді. Екінші тарауда бұл айтылған дүниелерді ғылыми түрде талдап, мысалдармен келтіретін боламыз.

«Бабырнаманы» қазақ әдебиеттануында зерттеу – тек бір тарихи жәдігерді талдау емес, ол түркілік әдеби дәстүрді, қазақ жазба мәдениетінің тарихи негізін, көркем ойдың эволюциясын тереңірек түсінуге жол ашады. Бұл еңбекті ғылыми тұрғыда зерделеу ұлттық әдебиет тарихын кең ауқымда, халықаралық мәдени контексте қарастыруға мүмкіндік береді. Яғни тарихи-мәдени дереккөз ретінде орта ғасырдағы түркі әлемінің әдеби дәстүрін түсінуге, сол дәуірдің рухани ортасын тануға мүмкіндік береді.

«Бабырнама» әдебиеттанудағы салыстырмалы зерттеулер бойынша терең зерттеліп қарастырылмады. Бабырдың тарихи тұлғаларды суреттеу әдістері қазақ әдебиетіндегі жыраулардың (Қазтуған, Доспамбет, Бұқар жырау т.б.) поэтикалық дәстүрімен толықтай салыстырыла зерттелуі қажет. Бұл тақырыпқа тереңнен бармасақ та, алдыңғы бөлімде біршама шолу жасап өттік. Жалпы, бұл тақырып аясында ғылыми зерттеу еңбектер жоқтың қасы. Сонымен қатар «Бабырнаманың» көркемдік құрылымы мен авторлық баяндау тәсілдері қазақ прозасының ерте үлгілеріне әсерін теориялық тұрғыдан түсіндіруге де мүмкіндік береді.

«Бабырнаманы» әдебиеттану саласы тұрғысынан зерттеу арқылы мәдени мұраны жаңаша тануға жол ашылар еді. Себебі бұл саладағы зерттеулер қазақ ғылымында ортағасырлық түркі мұрасын қайта пайымдауға және түркілік тарихи-әдеби сабақтастықты ашуға көмектеседі. Сонымен қатар Бабырдың ой-пікірлері, философиялық пайымдаулары мен

дүниетанымы – қазіргі гуманитарлық ғылымдар үшін құнды мәдени-танымдық ресурс.

Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасы» жайында өз еңбегінде алғаш рет сөз еткен және дереккөз ретінде пайдаланғандардың бірі – Мұхаммед Хайдар Дулат. Бабыр мен Дулаттың аналары Жүніс ханның қыздары, апалы-сіңлілер, яғни Бабыр мен Дулат бір-біріне туған бөлелер болған. М.Х.Дулат өзінің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегінде «Бабыр патшаның туған тарихы және оның ататегі жайында әңгіме» мен «Бабыр патшаның ататегі және оның Моғол хандарымен жекжаттығы һәм қызметінің бастапқы кезеңі жайында» атты 7-әңгімесінде: «Бабыр патша мұһәррәмнің алтыншы күні 888 жылы дүниеге келген. Ұлықбектің білімдар ғұламаларының бірі Мәулана Мүнир Марғинани оның туған күнінің хронограммасын «алтыншы мұһәррам» сөзінен тапқан. Олар әзірет Ишан қожа Ұбайдолладан (Алла қабірін жарық етсін) нәрестеге ат қоюын өтінген. Ол Захираддин Мұхаммед деген ат берген. Ол заманда шағатайдың басым көпшілігі түрік болып, қазіргідей басзар кәсіпкері болмаған үшін Захираддин Мұхаммед деп айту тілдеріне қиын оралатын. Содан оны «Бабыр» деп атап кетті», – деп Бабыр жайында кеңінен ақпарат береді [12, б.25-26]. «Бабырнама» жайында келесі бір сөз қозғаған орта ғасыр әдебиеттерін зерттеген алғашқы ғалымдардың бірі де бірегейі – Ш. Уәлиханов. Ол Үндістанда Ұлы моғол мемлекетін құрған Захираддин Мұхаммед Бабырдың шығармаларында «Бабырнамағ»а талай рет сілтеме жасап, «қазақылық» деген сөздің «Бабырнамада» сан рет қайталанатынын айтады, бұл сөзді қазақ этнонимімен сабақтас деп қарайды [58, б.286]. Сонымен қатар ғалым өз ғылыми жұмыстарында, соның ішінде Жетісу аймағындағы Алмату, Қойлық, Алмалық сынды көне қалалардың орналасуы жайлы мәліметті ұсынуда немесе Азия атласын дайындауда Бабырдың жазып кеткен мәліметтерін пайдаланады [59, б.31]. Келесі кезекте Бабырдың «Бабырнамасын» қызыға оқып, өз еңбегінде пайдаланған қазақтың ұлы ақыны – Абай Құнанбаев. «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» атты тарихи тақырыпты қозғайтын очеркінде: «Әмір Темір нәсілінен Құмар Шаих баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Ташкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінің Жүніс ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығыпты, үш жүз басыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағыменен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың «Үш жүздің баласы» дейтұғыны – сол. Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рақымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті, жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты. «Бабырнамада» солай жазылған» [60, б.187], – дейді ұлы ақын. Осы тұста Бабыр өз еңбегінде «Алашы» атауының шығу себебі жөнінде: «Сұлтан Махмұт ханнан кішісі Сұлтан Ахмет еді, ол жұртқа Алаша хан деген есіммен мәшһүр болды. Оның алаша хан аталуының себебі: қалмақтар мен моғолдар кісі өлтірген адамды «алаш» деп атайды-мыс.

Сұлтан Ахмет хан болса қалмақтарды талай рет жеңіп, көп адамды қырғынға ұшыратқан, сондықтан да ол алаш аталып, келе-келе Алаша есіміне айналған» [28, б.57], – дейді. Абайтанушы Мекемтас Мырзахметұлы: «Абай бұл мақаласында айрықша көңіл бөліп, сөз ететіні «XV ғасырдағы Моғолстан мен Әмір Темір әулетінің арасындағы қатынас пен қазақ хандығы жайындағы деректерді қозғайды. XV ғасырдағы қазақ тарихын сөз еткенде Абай пайдаланған тарих саласындағы басты еңбектердің біріне Заһаридин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» деп аталатын тарихи шежіресі жатады. Бұған Абайдың өзі: «Бабырнамада солай жазылған», – деп сілтеме жасауы – бұлтартпас айғақты дәлел» [61, б.157-158], – дейді.

Шәкәрім Құдайбердіұлы еңбегінде де осыған ұқсас дүние айтылады: «Ахмедхан қазақтың әскерге жараулысын үшке бөліп, ұлы жүз, орта жүз, кіші жүз деп, қалмақты шаба берген соң, қалмақтар Ахмедханды Алашы қойыпты. Мағынасы «Жаналғыш» дегені, оны есіткен соң Ахмедхан қалмақ бұл атты қорыққан соң қойды, енді қалмақты шапқанда «алашылап» шабыңдар деген соң, қазақтар алашы деп шулап, сол қазаққа ұран болыпты. «Алаш-алаш болғанда, Алашы хан болғанда қалмаққа не қылмадық деп қазақтың мақтанатұғыны – сол», – дейді [62, б.23]. Көрнекті қазақ жазушысы және әдебиеттанушысы Мұхтар Әуезов өзінің Абай шығармашылығына арналған еңбектерінде ұлы ақынның шығыс классиктерімен қатар, Захираддин Мұхаммед Бабырдың еңбектеріне де ерекше ілтипатпен қарағанын атап өтеді [63, б.31]. Мұхтар Әуезов: «Ірі мемуаршы, шебер ақын Захираддин Мұхаммед Бабыр өзінің атақты «Бабырнама» деген кітабында Әлішердің ақындық, өнерпаздық, мемлекеттік қайраткер, ұстаз есебіндегі әрекеттерін, мол бейесін зор құрметпен баян етеді. Қазақтың атақты классигі Абайдың Науаи қасиетін кеңінен тануына себепкер, бір жағынан, Науаидің өз шығармалары болса, екінші жағынан, осы Бабырдың берген бағалары болған» [64, б.27], – дейді. Бұл дерек Абайдың рухани әлемінде Бабыр шығармашылығының елеулі орын алғандығын айғақтайды. Шығыстанушы Ислам Ақмұратұлы Жеменей өз зерттеуінде көрнекті тарихшы және жазушы Мұхаммед Хайдар Дулаттың өз дәуіріндегі озық тұлғалар – Әлішер Науаи, Абдурахман Жәми және Бабырды ерекше құрмет тұтқанын, олардың шығармашылығын өнеге еткенін баяндайды [12, б.144]. Бұл тарихи деректер Бабырдың шығармашылық мұрасының түркі руханиятындағы жоғары орнын нақтылай түседі.

Сонымен қатар Мұхтар Әуезов «Индия очерктерінде» Үндістандағы Бабырдың ұрпағы қалдырған мәдени мұралар жайында жазады: «Бұл патшалардың ең біріншісі – Индияны ең алғаш басып алушы – Ақсақ Темірдің немересі Захириддин Бабыр болатын. Ол Орта Азияда Ферғананы билеп тұрған жерінен Ақсақ Темір нәсілдерінің қым-қуыт тартыстары кезінде өз тәж-тағынан айырылып, Индияға қарай қашып шыққан. Сонда өзіне ерген әскерімен барып, қорғаны мұршасы, әзірліші болмаған Индияның терістік жағын, мол өлкесін басып алған. Бұдан бұрын ол жерлерді ауған хандары билеп тұрған. Индияға Бабырдың соғыспен кіріп, осы Дели қаласына шейін

өзіне қаратып алған жылы 1526 жыл еді. Индияны бағындырып, патшалығының орталығы етіп Делиді белгілеп алған соң, Бабыр өзі төрт жылдан кейін қайтыс болады. Бұл атақты «Бабырнама» дейтін тарихтық мемуар қалдырған және ғазелдер жинағын тудырған, өзге де бірнеше кітап жазып кеткен өнерлі жанның бірі болған» [64, б.39-40], – дейді және автор «Ұлы Моғолдар» атауының Бабырға және оның ұрпақтарына қатысты қолданылуы қате деп ескертеді.

«Бабырнама» XIX ғасырдың соңында Ш.Уәлиханов зерттеулерінен кейінгі кідірістен соң, XX ғасырдың басынан бастап қайта жандана бастады. Өкінішке қарай, ұлттық құндылықтарымызға ден қоя бастаған қазақ зиялылары геосаясат салдарынан халық жауы ретінде айыптала бастады. Сондықтан бодандық бұғауындағы қытымыр кезеңде орта ғасыр әдебиетінің дәріптелуі былай тұрсын, көркемсөз шеберлері тарихи шығармаларда емін-еркін қалам тербей алмады. Тек араға жарты ғасыр уақыт салып барып, тәуелсіздік жылдарынан кейін ғана жаңаша көзқараспен зерттеле бастады. Әдебиет зерттеушісі Х.Сүйіншәлиев «Бабырнама», «Түркі шежіресі», «Тарих-и Рашиди» сынды шежірелердің «Қазақ прозасы» жинағына тұңғыш рет кіріп отырғанын жинақтың алғысөзінде қуана хабарлайды. Ғалым «ештен кеш жақсы» дей отырып, мұраларды қолға алудың осыншама кеш қалуын түрлі себептермен түсіндіреді [65, б.11].

Академик С.А. Қасқабасов: «Бұл авторлар тек оқиғаларды суреттеумен және билеуші генеалогиясының тарихын баяндаумен ғана шектелмеген. Олар өз суреттемелеріне қоса көркем бейнелер жасап, ауыспалы мән беріп отырған, кейде шайқастардың немесе басқа оқиғалардың әдеби көріністерін беріп, өздерінің сөз саптауларын алуан түрлі айшықты троптармен әрлендіре түскен, хикаяларына өздерінің сирек кездесетін поэтикалық таланты мен кең көлемді эрудициясы бар екендігін дәлелдейтін өлең жолдарын енгізіп отырған. Мұның бірінші кезекте Бабырға қатысы бар» [66, б.573], – дейді.

Бабырдың өмірі мен лирикалық және прозалық шығармашылығына арнап Б. Уахатов «Өшпес өмір» атты еңбек жазды. Ғалым Бабырдың лирикалық шығармасынан үзінділер келтіріп, автордың адамгершілік, оқу-білім, қуаныш пен қайғы және дін, т.б. тақырыптарға қатысты философиялық ой-толғамдарына тоқталады. «Бабырнама мазмұнын және баяндаушы шеберлігін: «Бабырнама өз тұсында туған тарихи еңбектердің көбінен-ақ ілгері тұрады» [67, б.73], – деп жоғары бағасын береді.

Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ эпосы және түркология» [68], Ә. Дербісәлиевтің «Қазақ даласының жұлдыздары» [69] атты еңбектерінде «Бабырнама» туралы мәліметтер хрестоматиялық сипатта беріледі. Н. Минғұлов. А. Абраһимова жазба мұраның ғылым үшін маңыздылығы жайында былай дейді: «Жалпы, Орта Азияның, Ауғанстанның және Үндістанның XV-XVI ғ. тарихы жөнінде мәлімет алғысы келгендердің қай-қайсысы болса да «Бабырнамаға» соқпай кете алмайды» [70, б.84-85], – дейді. Бұл айтылған пікірмен күмәнсіз және толықтай келісуге болады.

Т. Қордабаевтың айтуынша: «Бабыр мен Әбілғазылардың «Бабырнама» «Шежіре түрікмен» деп аталып жүрген еңбектердің тілін қазіргі өзбектер мен түрікмендер қазақтардан артық түсіне алмайды, яғни түсініктілігі жағынан оларға да, бізге де бірдей. Бірақ өзбектер мен түрікмендер ол еңбектерден безбейді» [71, б.26], – дейді. Шағатай жазба ескерткіштерінің қазақ тілімен байланысын зерделеп, оны оқытудың маңызын атап өткен ғалымның бұл тұжырымы өте орынды.

Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» шығармасы туралы тың деректер ұсынған бірден-бір туынды, ол – Немат Келімбетовтің «Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері» еңбегі. Бұл туындыда зерттеуші «Бабырнама» шығармасындағы тарихи шындықтан бөлек, Бабырдың жеке көзқарастарына да тоқталған. Зерттеушінің пікірінше, Бабырдың лирикалық поэзиясы адамзаттың бойындағы асыл қасиеттері дәріптеуге жұмсалады. Әділдік пен адалдықты ту етіп, зорлық-зомбылыққа қарсы шығады. Оны мына өлең жолдарынан көрсек болады:

«Әрқашанда таза болсын ар-ожданың, жүрегің,
Өзгелер де саған адал, әділ болар білемін.
Зорлық қылсаң өзгелерге – өзің жәбір көрерсің,
Қиянаттың құрбаны боп қорлықпен өлерсің» [72, б.382].

Ғалым зерттеу еңбегінде Бабырдың «Бабырнама» шығармасынан бөлек поэзиялық туындылары да талданған. Сонымен қатар Бабырдың өмірлік ұстанымдарына талдау жасаған. Н. Келімбетов: «Жастайынан өнерге, білімге құштар болған Бабыр – түркі тілдерімен қатар, араб, және парсы тілдерін жете меңгеріп, Шығыстың классикалық поэзиясынан еркін сусындаған, тарих, философия, табиғаттану ғылымдары бойынша, сондай-ақ сәулетшілік (архитектура) және соғыс өнері бойынша өз заманына лайықты едәуір білім алған жан. Ержүрек батырлығы үшін оны бала кезден-ақ Бабыр (арабша «бабур» – «арыстан» деген сөз) деп атап кеткен» [72, б.314], – дейді. Ғалым жазба мұра жайында: «Сол кезде қыпшақ даласын мекен еткен түрлі халықтардың ежелгі тарихын, әдет-ғұрпын, салт-санасын, діни ұғымдарын т.б. сөз етеді. «Бабырнама» – мазмұны жағынан энциклопедиялық шығарма. Мұнда тарихи оқиғалармен бірге табиғаттану, география, топография, әдебиеттану, тілі білімі, этнография тағы басқа ғылым салаларына қатысты өте бағалы мәліметтер жинақталған», – деп жәдігерге баға бере отырып, «Бабырнаманың» зерттелу тарихы мен автордың жазу шеберлігіне тоқталады [72].

Филология ғылымдарының докторы, профессор, абайтанушы Мекемтас Мырзахметовтың «Бабырнама және Абай» атты зерттеу мақаласында: «Абай шағатай, түркі тіліндегі көркем шығармаларды еркін меңгеру арқылы атақты «Бабырнамада» ақындық өнерлері сөз етілген ақындардың біразының туындыларын оқып, танысуы – ықтимал нәрсе. Абай «Бабырнаманы» оқу арқылы білген XV-XVI ғасыр ақындары Мұхаммед Хайдар Дулати да, Хасен Әли де өлеңдерін ана тілінде жазатын ақындар», – деген ғылыми пікірімен келіспеске болмайды [73, б.3].

«Бабырнаманы» әдебиет заңдылықтарына сай жазылған «көркем проза» деп қарастырған Тоекина Балжан Сәкенқызы Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған «Бабырнама» және Қазақ хандығы тұсындағы жазба шежірелер» атты диссертациясында «Бабырнама – көркем проза үлгісі» деп баға беріп, дәйекті дәлелдермен әдеби-көркемдік талдау жасайды. Ғалым өзінің зерттеу еңбегінде: «Хандық дәуірдегі прозалық шежірелерден «Бабырнама» туындысында тұңғыш рет психологизм тәсілі қолданылып, автопсихологиялық кейіпкер сомдалды» [48, б.16], – дейді. Ішкі монолог түріндегі автопсихологизм шығарма жазудағы автордың өз сезімін, ой-пікірін, тәжірибесін сипаттауынан көрініс табады. Өзге де жазба ескерткіштермен салыстырып: «Ғұлама-ғалым әсіре боямаларға бармағанымен, көбінесе нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді, баламалы сөздер мен даналық ұғымдарды қолдану арқылы өзіне тән көркемдеу тәсілдерін шеберлікпен қолданған. Түркі тілдерінің бейнелік құралдарын қолдана білгендіктен, стилінің реңі көтеріңкі, оқырманды бірден баурап әкетеді» [48, б.16], – деп «Бабырнаманың» жазылу стиліне жоғары баға береді. Сонымен қатар бабыртану бойынша одан әрі зерттеу нысанына Бабырдың лирикалық шығармашылығын, яғни Бабырдың ғазалдарын нысан етіп алады.

Зерттеуші Нұрмұхаметова Қарлығаштың «Бабыр мұраты» атты монографиясы – бабыртану саласындағы елеулі еңбектердің бірі. Монографияда ең әуелі Бабырдың өмірі мен өскен ортасына, сосын Бабырдың еңбектеріне, Ислам діні мен Бабыр тақырыбына, Бабыр мұратындағы саяси сана мәселесіне, «Бабырнама» жәдігеріндегі мәдени сұхбаттастық, «Бабырнамадағы» мақал-мәтелдер, «Бабырнамадағы» ғұламалар тақырыбына тоқталған [74].

Филология ғылымдарының докторы, шығыстанушы-ғалым Күмісбаев Өтеген Бабырдың ғазалдарына, соның ішінде Бабыр ғазалдары мен Абай өлеңдері арасындағы үндестікке ғылыми талдау жасайды. Сонымен қатар ғалым: «Бабырнамаға» бас қойсақ, тілінің көркемдік кестесі, шыншылдығы Эдгар По мен Пушкин прозасын еске түсіреді. Чехтар, италиялықтар, немістер, ағылшындар бұған бекер қызыққан жоқ» [75, б.79], – дейді.

М.Т. Шоинжанова «Бабырнама және Үндістан» атты зерттеу мақаласында үнді халқы мен қазақ халқының әдеби шығармашылығы мен байланысы жайында айтады. Мысалы: «Қазақ-үнді әдеби байланыстарының ең маңызды кезеңі Үндістанда Ұлы Моғол мемлекетінің негізін қалаған Темір әулетінің ұрпағы Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» атты тарихи-әдеби, естелік шығармасымен тікелей байланысты. Бұл – Орта Азия халықтарының тарихи ескерткіш мұрасы» [76, б.291], – дейді.

Зерттеуші Тұрсын Ғабитовтың ««Бабырнама» және тарих философиясындағы түркілік үдерістер» атты зерттеу еңбегінде «Бабырнама» шығармасының негізі ретінде тек діни сарындар ғана емес, сонымен қатар түркілік сарындар да кездесетінін айтады. Осындай мәдениетаралық

жетістіктерді кеңінен талдауға жету үшін мынадай негізгі міндеттер жүйесі жүйелі түрде қамтылу қажеттігін айтады:

– Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» шығармасындағы Бабыр тұлғасын сол кезеңдегі басқа шығармалармен салыстыра суреттеу;

– ислам мәдениетінде пайда болған жаңа бағыттың әдебиетке әкелген әсерін анықтау және тарихи шындыққа анықтама беру;

– шығармадағы кейіпкерлердің психологиялық жағдайына, рухани әлеміне мәтін арқылы талдау жасау;

– қазақ әдебиетінің ислам дәуіріндегі шығармаларындағы эстетикалық өзгерістерге зерттеу жасау;

– орта ғасырдағы шығарманың көркемдік-эстетикалық құндылықтар жүйесіндегі халықтық дәстүрдің орны мен рөлін анықтау.

– шығыстық қисса-дастандардың табиғатын, олардың зерттелуін негізге ала отырып, образдар жүйесін талдау;

– Бабыр бейнесін зерттеудің ғылыми маңызы мен жаңашылдық сипатын ашу;

– ғалымдардың тақырыпқа ұқсас еңбектерін талқылап, жұмыстарының мән-маңызын анықтау;

– Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» шығармасындағы тарихи оқиғалардың қазақ жерімен байланысын анықтау;

– шығармада сипатталатын Бабыр патшаның сол замандағы өркениеттің дамуына қосқан үлесін анықтау [77].

Әдебиеттану саласында бабыртану бағытының ғылыми тұрғыдан зерттелуіне үлкен үлес қосқан шығыстанушы ғалым – Жеменей Ислам Ақмұратұлы. Себебі ғалымның Бабыр мен «Бабырнамаға» қатысты 20-дан аса мақалалары бар және Өзбекстан Республикасындағы Халықаралық «Бабыр қорының» Қазақстандағы жалғыз өкілі. Сонымен қатар ғалым түпнұсқа негізінде «Бабырнаманы» аударып, 2023 жылы жарыққа шығарды. «Бабыр бейнесі әлем шарында» атты зерттеу мақаласында «Бабырнама» жәдігерінің тарихи рөлі жайында айта келіп [78, б.113], кезекті «Қазақ тарихының дерекнамалары (Зафарнама, Бабырнама және Тарих-и Рашиди)» атты мақаласында «қазақ» сөзі ортағасырлық жоғарыда аталған жазба мұраларда кездесетін, соның ішінде «Бабырнамада» Бабыр «қазақ» сөзін түрлендіріп, түрлі мағынада қолданғанын айтады [79, б.3].

Жиырма томдық «Әдеби жәдігерлер» атты жинақтың 14-томында Б. Қожабековтің «Бабырнама» еңбегін қайта басып жарияласа [80], 18-томында Бабырдың «Шариғатты түсіндіруші» (Мүбәййән дәр фикh) еңбегін филология ғылымдарының кандидаты Төрәлі Қыдыр транскрипциялап, қазақшаға аударып, түпнұсқа мен асылмәтінді ұсынады [81]. 19-томында Бабырдың ғазалдары жарияланды [82]. «Қазыналы Оңтүстік» жинағының 57-томының үшінші кітабында Бабырдың «Шариғатты түсіндіруші» (Мүбәййән дәр фикh) еңбегін жарияланды [83].

Ақын Бақытжан Алдиярдың «Ақпарақ» атты өлең-жырларының топтамасында ақынның өлең мен балладаларынан бөлек, Маулана Құсайын

Шайық Атаидың 260 ғазалы мен Бабырдың 119 ғазалына көркем аударма жасайды [84].

«Бабырнама» – Қазақстан тарихына арналған алғашқы оқу құралдарының жазылуына да өз ықпалын тигізген еңбектердің бірі. Алаш қайраткері М. Тынышбайұлы «Материалы к истории киргиз-казакского народа» атты зерттеуінде осы «Бабырнамада» берілген деректерді негіз ретінде пайдаланады [85, б.40-41].

Батыстағы бабыртанудың жеке бір бағыт ретінде қалыптасуына сол дәуірдегі тарихи ахуал да әсер етті. Үндістанға ең алғаш сауда жүргізу және саяси келісімдер жасау мақсатында барған ағылшындар Бабыр әулетінің билеушілерімен тікелей байланыс орнатып, олардың тарихын зерттеуге қызығушылық танытты. Алғашқы легінде Үндістанға әскери мамандар, көпестер мен саяси өкілдер барғанымен, уақыт өте келе бұл өңірдің мәдениеті мен өткені қызықтырған ғалымдар да келе бастады. Сол арқылы Бабырдың өмірін, шығармашылық мұрасын ғылыми негізде қарастыру, оны ағылшын тіліне тәржімелеу секілді жұмыстар қолға алынды. Бабуридтер биліктен тайғаннан кейін де бұл бағыттағы зерттеулер тоқтаған жоқ. Керісінше, бабыртану Батыс ғылымында орнықты салаға айналып, оған үлес қосқан атақты ғалымдар қатарында Дж. Лейден, У. Эрскин [86], А. Беверидж, Р. Кальдекот [87] сияқты зерттеушілер болды.

Дж. Лейден алғашқылардың бірі болып «Бабырнама» қолжазбасына назар аударып, оны ағылшын тіліне тәржімелеуге кіріседі. Алайда өмірден ерте кетуіне байланысты аудармасы аяқталмай қалады. Кейіннен У. Эрскин 1816 жылы өз нұсқасын дайындап бітіргенімен, Лейден қалдырған мәтінмен салыстырып шығып, тек 1826 жылы ғана екі еңбекті біріктіріп, біртұтас аударма ретінде жариялайды.

А.С. Беверидж бабыртануды дербес ғылыми бағыт ретінде орнықтыруға ерекше еңбек сіңірген тұлғалардың қатарында. Ол 1900 жылы Хайдарабадта тапқан қолжазбаның факсимильесін жасап, 1905 жылы ғылыми ортаға ұсынады. Мұнымен тоқтап қалмай, басқа нұсқаларды да іздеп тауып, оларды салыстырып, аударма жұмысына қосуға талпынады. [88, p.450].

Кеңестік (ресейлік) бабыртанудың бастау бұлағы Ресейде қызмет атқарған неміс текті ғалым Г.Я. Кердің еңбектерімен байланысты. Ол 1737 жылы «Бабырнама» мәтінін көшіріп шығады. Бұл көшірме 420 беттен тұратыны және соңында арабша «1126 жылы аяқталды» деген (григорианша 1714 жылға сәйкес) жазуы бар екенін ғана білеміз. Н.И. Ильминский қолжазбаның жазылу мәнерін сақтап қалуға тырысқанын және оның Мәуереннахр аймағында көшіруі ықтимал деген пікір айтады [89].

1824 жылы О.И. Сенковский Назар Бай Түркістани атты көпеске тиесілі қолжазбаны алып, оны басылымға дайындайды. Ғалым «Бабырнама» мәтінін зерттегеннен кейін «Шағатай тілі» атты еңбегін жазып, онда Бабырдың «шағатай, яғни түрки тілінің ең таза нұсқасы Әндіжанда сақталған» деген сөзін мысалға келтіреді. Сенковскийдің ықпалымен В.В.

Григорьев те Бабырдың өмір жолын және оның әскери жорықтарын сипаттауға арналған еңбегін жазып шығады. [90, б.232].

Г.Я. Кер көшіріп дайындаған «Бабырнама» нұсқасын 1857 жылы Н.И.Ильминский алғаш рет баспа бетіне шығарады. Осы жарияланым В.В.Вельминов-Зерновтың назарын аударып, ол әртүрлі нұсқаларды салыстыра отырып, мәтіннің сыни басылымын жасауға кіріседі. Алайда зерттеу толық аяқталмай, тек алғашқы 7 бет қана талданған күйі тоқтап қалады. [91, б.858] Кер көшірмесімен айналысу барысында Ильминский шағатай тіліне тереңірек ден қояды. Ол «Бабырнаманы» шағатай тіліндегі басқа шығармаларға қарағанда ерекше құбылыс деп таниды. Ғалым шағатай тілін түркі тілдерінің солтүстік тобына жатқызған және оны зерттеу өзге солтүстік диалектілердің түп-төркінін түсінуге жол ашады деп есептеген. Оның пайымынша, шағатай тілі түркілердің алғашқы қалыптасу орталығына жақын аймақтарда қолданылған, көшпелі өмір салты бұл тілге де бөтен болмаған, өйткені Мавереннахр тұрғындары көшпелі тайпалармен үнемі байланыста болған дейді. Ол кіріспесінде: «Джагатайский диалект может служить если не основанием, то важным пособием к иследованию других северных наречий и к заключением о существовании коренного Тюрского языка в его первобытном виде. Он употреблялся в местах близких к колыбели тюрского племени; кочевая жизнь, произведшая первые движения тюркской мысли и первые звуки тюркской печи не была чужда и непонятна для маваренегрских горожан, потому что они имели постоянные сношения с кочевыми племенами» [89, с.2]. Ильминский қазақ тілі туралы ойын да ашық білдіріп кеткен: «Киргизское наречие (казак тілі) есть самостоятельная отрасль тюркского корня и относится к группе северных диалектов. Оно отличается от татарского особенной фонетикой; имеет много древних форм грамматических какие встречаются в странных, так называемых джагатайских книгах; заключает довольно слов древнетюрских и даже монгольских, особенно относящихся к кочевому, пастушевскому и родовому быту [89, с.107]. Яғни ол қазақ тілін түркі тілдеріне ортақ ежелгі тамырдан тараған дербес тармақ деп бағалап, оны солтүстік диалектілер жүйесіне қосады. Оның пікірінше, қазақ тілінің фонетикасы татар тілінен бөлек және онда шағатай жазбаларынан ұшырасатын көне грамматикалық тұлғалар мен байырғы түркі, тіпті моңғолдық лексика қатары сақталған. Мүмкін, бірнеше рет парсышаға аударылып, ретсіз жинақталған «Бабырнама» мәтінін қайта көшірген кезде ғалым шағатай тілі мен қазақ тілі арасындағы ортақ сипаттарды өз көзімен көрген болуы керек. Ильминскийдің өзі де бұл еңбектің толыққанды сыни басылымын шығаруға талпынғанымен, жұмысты соңына дейін жеткізе алмаған.

«Бабырнаманың» ғылыми-сыни нұсқасын жасауды мақсат еткен зерттеушілердің бірі – А.Н. Самойлович. Ол Вельяминов-Зернов жинаған материалдарды қарап шығып, Хайдарабад көшірмесіне қатысты өзінің көзқарасын білдірмек болған. А.Н. Самойлович А. Беверидждің Г.Я. Кер мен Ильминский дайындаған нұсқаларға айтқан сынына да жауап дайындаған

(олардың «парсыдан тұтас аударылған» деген ескертпесі жөнінде). Алайда бұл бастама да аяқсыз қалып, ғалым сыни басылымды жариялауға үлгермей кеткен. [91, б.174]. 1948 жылы М.А. Салье «Бабырнаманың» орыс тіліндегі толық нұсқасын тәржімелеп, әзірге жалғыз толық аударманы жасады. Бұл еңбек 1958 жылы Ташкентте жеке кітап болып жарық көрді. М. Салье өз жұмысына А. Беверидж дайындаған ағылшын тіліндегі аударманы негізгі дерек ретінде пайдаланған [56].

Бабыр шығармашылығын зерттеген көрнекті ғалымдардың бірі – И.В.Стеблева. Ол Бабыр ғазалдарының семантикасына терең талдау жасап, поэтикалық жүйесін, композициялық құрылымын, мағыналық өрнектерін, бейнелеу тәсілдерін кеңінен қарастырды. Ғалым лирикалық қаһарманның дәстүрлі ғазалдық жүйе ішіндегі орнын, авторлық «меннің» көрінуін, сондай-ақ жанрлық канондар мен жеке стиль арасындағы өзара ықпалдастықты зерттеді [92]. 1978 жылы жарық көрген еңбегінде Стеблева Бабыр ғазалдарының тақырыптық әлемін жіктеп, онда «тағдырға наз», «қиындық пен сынақ», «нәубет», «күйзеліс» сияқты мотивтердің жиі кездесетінін айқындайды. Ол Бабырдағы «ғашықтық күйі» көбіне шартты түрде берілетінін, дәстүрлі «мен – сүйген жар» оппозициясының оның лирикасында «мен – әлем» қарсылығына ауысатынын көрсетеді. Ғалымның бұл тұжырымдары «Бабырнамадағы» мағынасы екіұшты тұстарды ашып түсінуге мүмкіндік берген [93, б.226-234].

Ресейлік бабыртану мектебінің келесі ірі өкілі – Г.Ф. Благова. Батыс зерттеушілерінің Бабыр тұлғасына деген айрықша қызығушылығы XIX ғасырдың алғашқы кезеңінде айқын байқала бастағанын, бұл қызығушылықтың тамыры одан да әрірек – XVII ғасырда жатқанын атап өтіп, мысал ретінде француз шығыстанушысы Бартоламе Эрбало Моленлидің «Babur ou Babor» еңбегін мақаласында айтып кетеді [94, б.169]. 1954 жылы ол «Бабырнама» мәтінінің морфологиялық ерекшеліктеріне арналған кандидаттық диссертациясын қорғап [95], кейінгі 40 жыл бойы осы бағытта табанды түрде еңбек етті. Ұзақ жылдық ізденістерінің қорытындысы ретінде 1994 жылы «Бабурнаме. Язык, прагматика текста, стиль. К истории чагатайского литературного языка» атты көлемді зерттеу еңбегін жариялады [96]. Бұл жұмыста автор «Бабырнаманы» көркем мәтіннің тілдік жүйесі, авторлық стиль және әдеби тіл дамуындағы орны тұрғысынан зерттеп, В.В.Виноградов ұсынған «көркем шығарма тілі – жазушы тілі – әдеби тіл» концепциясына сүйеніп, мәтінді көпқабатты талдаудан өткізген.

А.М. Щербак болса, өзінің «Грамматика староузбекского языка» атты еңбегінде «Бабырнама» лексикасына арнайы тоқталады. Ғалым шығарма тілінің аса бай екенін, оның сөздік құрамында тарихи тұрғыдан құнды грамматикалық және синтаксистік элементтер көптеп сақталғанын атап өтеді. Бабырдың жас шағы Әндіжан өңірінде өткенін негізге ала отырып, мәтін тілі Ферғана уәлаятының қалалық сөйлеу дәстүріне едәуір жақын екенін айтады. Парсы және араб сөздерінің мол қолданылуына қарамастан, авторлық

стильдің жергілікті тілдік негізбен тығыз байланыста екенін көрсетеді дейді [97, б.44].

Захираддин Мұхаммед Бабырдың тарихи бейнесі тек батыс пен шығыс әлемінде ғана емес, әлемдік әдеби кеңістікте де назар аударуға лайық болғанын қазіргі әдебиеттанулық зерттеулер растайды. Атап айтқанда, өзбек жазушысы Пиримқұл Қадыровтың «Жұлдызды түндер» мен «Құмайын мен Акбар» атты тарихи романы мен американдық жазушы әрі шығыстанушы Гарольд Лэмбтың «Бабыр – жолбарыс. Шығыстың ұлы жеңімпазы» атты беллетристикалық туындылары «Бабырнама» еңбегіндегі нақты тарихи деректерге сүйене отырып жазылғанын дәлелдейді [98].

«Бабырнамаға» қатысты кезекті зерттеулерге тоқталатын болсақ, өзбек ғалымы З.Қ. Тешабоева «Бабырнама» мемуарлық еңбегі Орта Азия халықтарының өмірін ең шынайы бейнелейтін дереккөздердің бірі болып саналатынын айтады. Зерттеуші жазба мұраның халықтардың ұлттық және мәдени өміріне, салт-дәстүрлеріне, әдет-ғұрыптарына ерекше назар аударатынын айта келіп, «Бабырнамадағы» мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің орыс және ағылшын тілдеріне аударылуына салыстырмалы түрде талдау жасайды. Дегенмен бұл зерттеу негізінен тілдік материалды зерттеуге бағытталған және әдеби процестерге терең үңілмейді. Алайда зерттеуші өзінің диссертациялық жұмысында: «Әлемдік аударматануда бұл шығарма – өзіндік стилі мен көркемдігі жоғары, автобиографиялық сипаты бар әдеби және тарихи мұраның үлгісі саналады. Әлем әдебиеттануы мен тіл білімінде ол сенімді дереккөз ретінде зерттелсе, бүгінде шығарманың көркемдік ерекшелігі мен оның түрлі тілдердегі аудармаларының тарихы, түсіндірмесі терең талдануда. Сонымен қатар «Бабырнама» – әлем халықтарының рухани қазынасына енген ұлттық-мәдени құндылықтарды, салт-дәстүрлерді бейнелейтін тұрақты тіркестердің, мақал-мәтелдердің және афоризмдердің аудармасын түпнұсқамен салыстыра зерттеу, олардың дәлме-дәл жеткізілгенін айқындау – қазіргі таңда өзекті ғылыми мәселелердің бірі», – деп қорытындылайды [29].

М. Тойшыбаевтың еңбегінде «Бабырнама» әлемдік әдеби дәстүрде Орта Азия, Үндістан, Иран және Ауғанстан халықтарының XV-XVI ғасырлардағы тарихын зерттеуге арналған негізгі еңбектердің бірі ретінде сипатталады. Бұл туындының жоғары әдеби құндылығы атап өтіледі, себебі онда халықтардың салт-дәстүрлері, әлеуметтік-экономикалық өмірі, ұлттық және мәдени басымдықтары көрініс тапқан. Дегенмен бұл зерттеу тарихи фактілер мен географиялық мәліметтердің шынайылығын тексеруге бағытталған және шығарманың көркемдік құрылымының ерекшеліктеріне — авторлық баяндау, философиялық тұжырымдар мен сыншыл ойларға жеткілікті түрде көңіл бөлмейді [99, б.158]. Бабыртанушы ғалым Д.М.Хошимованың «Бабырнама» мәтініндегі көркемдік бейнелеу құралдарының ағылшын тіліне аударылуын зерттеу» атты филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясында былай дейді: «Әлем әдебиетінде «Бабырнаме» мемуар

жанрының сирек үлгісі болуымен қатар, тарихи-көркем шығарма ретінде де үлкен маңызға ие. Бұл туынды – ғылымның түрлі салаларын қамтитын энциклопедиялық еңбек саналады. Осы тұрғыдан алғанда, ұлы мемуарлық шығарма – әлем ғалымдары үшін баға жетпес дереккөз. Ол өзбек халқының әлем халықтарымен әдеби және мәдени байланыстарының тарихын зерттеуге, сондай-ақ оның мәдени өркендеуіне қызмет ететін ерекше мұра ретінде бағаланады» [100], – дейді.

Үнді халқының ойшылы Джевахарлар Неру: «Бабыр тұлғасы – қайта жаңғыру дәуіріндегі ел билеушінің тұлғасы, бірақ оның бейнесі Еуропа үлгісіндегі сол заманның ел билеуші хакімінен әлдеқайда озық тұр. Ол сол бір тұста тіршілік кешкен ең мәдениетті, бетінен иманы тамған аяулы жандардың бірі. Ол – сектанттық томаға-тұйықтықтан, діни фанатизмнен бойын аулақ ұстаған, сонда да болса осындай жолды тұтынғандардың шырқын бұзып көрмеген адам» [9, б.7], – дейді. «Бабырнама» жайында зерттеу еңбектер саны жетерлік. Жәдігер тарих, әдебиет, тіл, философия тұрғысынан кеңінен зерттелген.

Қорытындылай айтқанда, «Бабырнаманы» әдебиеттану саласында зерттеу – тек бір тарихи шығарманы талдау емес, ол түркілік әдеби дәстүрді, қазақ жазба мәдениетінің тарихи негізін, көркем ойдың эволюциясын тереңірек түсінуге жол ашады. Бұл еңбекті ғылыми тұрғыда зерделеу – ұлттық әдебиет тарихын кең ауқымда, халықаралық мәдени контексте қарастыруға мүмкіндік береді.

2 «БАБЫРНАМАНЫҢ» ЖАНРЛЫҚ ТАБИҒАТЫ: МЕМУАРЛЫҚ ЖӘНЕ АВТОБИОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТЫ

2.1 «Бабырнама» мұрасының сюжеттік-композициялық ерекшелігі мен әдеби-көркемдік әлемі

«Бабырнама» – Захираддин Мұхаммед Бабырдың өз қолымен түркі тілінде жазған мемуарлық еңбегі. Бұл шығарма – түркі әдебиетіндегі алғашқы тұлғалық естелік, автобиографиялық прозаның классикалық үлгісі саналады. Себебі ол өз заманы туралы деректік дәлдікпен жазып қана қоймай, субъективті толғаныстарын, адамзаттық ойларын, табиғатқа таңданысын, әлеуметтік шындықты көркем тілмен бейнеледі. Бұл – жай тарихи шежіре емес, әдебиет пен тарихтың түйіскен тұсы.

Түркі әдебиетіндегі мемуар жанрының ерекшеліктерін зерттеу ең алдымен ұлттық әдеби дәстүрлердің негізгі айырмашылықтарын түсіну қажеттілігімен байланысты. Мысалы, Батыс (еуропалық) және Шығыс (мұсылман) әдеби дәстүрлерінің айырмашылықтарын айтсақ болады. Түркі әдебиеті – тарихи және мәдени құндылығы жоғары көркем туындылардың ауқымды қабаты ғана емес, ол тек түркі дүниесін ғана емес, сонымен бірге Ауғанстан, Үндістан секілді өзге аймақтарды да қамтиды. Мемуар жанрының түркі әдеби дәстүріндегі ерекшеліктерін зерделеу – оны Батыс әдеби дәстүрлерінен ажыратып тануға және әлемдік мұра жүйесіндегі орнын анықтауға мүмкіндік береді. Жанрдың жалпы сипаттарын ұғыну үшін нақты көркем шығармаларды қарастырып, олардың даралық белгілерін айқындап, содан кейін шамамен бір тарихи кезеңде жазылған өзге ұқсас туындылармен салыстыру қажет.

«Бабырнама» шығармасының жанрлық құндылығын зерделеу – XV-XVI ғасырлардағы түркі әдеби үдерісін терең түсіну үшін аса маңызды. Еңбектегі тарихи, географиялық, этнографиялық және тілдік ақпараттарды талдау арқылы Орта Азиядан шыққан автордың өмірлік басымдықтары мен қызығушылықтарын ұғынуға болады.

Негізгі жанрлық ерекшеліктерді айқындау шығарманың мәдени құндылығын, оның кейінгі ұрпақтарға әсерін және өткен мен қазіргі заман арасындағы сабақтастықты ескермейінше мүмкін емес. «Бабырнаманы» зерттеу – ұрпақтар сабақтастығының мәнін түсіну тұрғысынан да өзекті мәселе. Әдебиеттегі жанрлық ерекшеліктерді зерттеу көбінесе жанрлық түрлену мәселелерімен байланысты. «Бабырнамаға» деген қызығушылық, ең алдымен, әдебиет тарихындағы маңызды жанрлық өзгерістермен тікелей байланысты – бұл көркем прозадағы автобиография жанрының көне дәуірлерден келе жатқан дәстүрінен орта ғасырларда жаңа мемуар жанрына көшуі және оның қалыптасу үдерісін көрсетеді. Автобиография мен мемуар жанрының өзара кірігуін зерттеу – Шығыс кеңістігінде XVI ғасырдағы әдеби даму мен көркемдік шеберліктің жетістіктерін терең түсінуге мүмкіндік береді.

«Мемуар – француз тілінен алынған сөз. Француз тілінен аударғанда «естелік» деген мағына береді. Алайда мемуарлық туындыға тек естеліктер ғана емес, күнделік жазбалар, хаттар, баяндаулар т.б. жатады. Демек, мемуарлық шығармалардың анықтамасы – алуан түрлі болатыны заңдылық» [101, б.246]. Жазушы әрі ғалым Нұрдәулет Ақыштың «Қазақ мемуарлық романы» атты филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған еңбегінде: «Мемуар, «memoire», «memoria» – жады, белгі семантикасынан беретін, әдеби мағынада, жазушының өмірі, қоғам, ондағы адам жөніндегі ой түйгені, өткергенінен естеліктері, күнделік, хат, жазба ретті белгі, пікірлері көрсеткіштерін беретін әдеби шығармаларға ұлғаяды. Мемуар, әдеби түрдің басқалары сияқты, тіпті көне ертеден бастау алады. Бәлкім, ол, жазу, сызу шықпастан да бұрын өз элементтерін адамдар бейнесін қалдыру, жоқтау ретінде де жүргізе келгендей. Жазу пайда болған шақтың алғашқы кездерінде ол ескерткіштік ретпен, болмаса елден-елге ұзақ жол шегушілердің көргенін таңбалар жазбалары сипатты келулері де мүмкін. Осыдан, мәдениеті тездеу дамыған елдерде, сауда-саттығы жол кешкен жұрттарда мемуардың көрдім-білдім түрлі жазбалары, ертелеу жазулары болуы ықтимал (шығыс жұртымен су жолы елдерінде). Сондай-ақ жорықтар ізінен, жеке адамдық ескерткіштен табылар мұралар да таңбасын қалдыратыны сөзсіз, жазба мәдениетінсіз жасамады. Мұнда да мәдениетті жұрттың еңбегі бекер тұрмайды. Бұларды ертеден Грек, Рим жұртшылығы мұралары, шығыстағы Орхон-Енисей жазбалары, қазақтағы ауызекі жоқтау түрлері де дәлел» [102, б.38-39], – деп, мемуар жанрының қалыптасуы жайында өзіндік пікірін білдіреді.

«Бабырнамадағы» жанрлық ерекшеліктер мен мемуарлық қырын қарастырған зерттеуді іздестіру барысында әдебиеттанушы, жазушы Нұрдәулет Ақыштың «Қазақ мемуарлық романы» [103] атты еңбегі мен М.Хасеновтің «Мемуарлық шығармалар және оның жанрлық табиғаты» еңбегі мен соңғы жылдары Скопус базасында жарияланған ғылыми мақалалар мен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін «Керуен» журналында жарияланған Кәрімхан З.Т., Әубәкірова Қ.Ә., Касымова А.А. «Мемуарлық проза эволюциясы: көне түркі жазбаларынан бүгінгі күнге дейін» атты мақаласында орта ғасырдағы Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди», Қадырғали Жалайыридың «Жылнамалар жинағы», Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» шығармалары мен ХХ ғасыр басындағы алаш әдеби кезеңіндегі мемуарлық шығармалардың құрылымдық және көркемдік ерекшеліктері талданады. Мақалада қазақ әдебиетіндегі мемуарлық элементтердің көрінісі тым ертеден VII ғасырдың жәдігерлігі болып саналатын «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныкөк» жазбалары баяндаушы автор тұрғысында бірінші жақтан жазылғандығы айтылады. «Қазақ әдебиетіндегі мемуарлық сипаттағы туындылар қатарында Абай Құнанбайұлының қарасөздері, Алаш зиялыларының хаттары, жазбалары,

естеліктері мен күнделіктері де ерекше маңызға ие екенін айтады. Бұл мәтіндер тарихи-танымдық құндылығы жоғары дереккөздер ретінде бағаланады. Кеңестік дәуір кезеңінде орын алған зиялы қауым өкілдерінің өзара хат алмасуы, жеке күнделіктері мен ой-толғамдары, сондай-ақ тәуелсіздік алғаннан кейін жазылған ғұмырбаяндық еңбектер мен мемуарлық шығармалар қазіргі күнге дейін жан-жақты зерттелмей келеді» [104, б.79], – дейді мақала авторлары. Н. Ақыш: «Мемуар жанрының туу тарихы ерте дәуірлерден басталды десек те, оның шын мәніндегі жетілу, қалыптасу кезеңдері – XVIII-XX ғасырлар. Мемуар жанрының үздік классикалық үлгілеріне К. Гольдонидің «Мемуарлары», А. Герценнің «Көргендер мен ойлары», М. Горькийдің «Менің университеттерім», С. Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешуі», С. Айнидің «Бұқарасы», С. Мұқановтың «Өмір мектебі» т.б. жатады» [103, б.6], – дейді.

Б. Кенжебаев: «Мемуарлық шығарма тарих ізімен, тарихи шындыққа сай жазылады. Оның авторы, өзіне үлкен талаптар қоя отырып, басынан өткендерін, көрген-білгендерін, әр кездегі ойларын бүркемей, боямай, бұрмаламай, ашық, дәл, нақты жазады; өзінің шын сыры, бір кездегі ізгі мақсаты, арманы етіп баяндайды. Мемуардың авторы өзінің өткен тамаша, терең мағыналы, ұлы оқиғалы өмірін, оның тарихи кезеңдерін қорыта келіп, бұрынғыны әңгімелей отырып, болашаққа ой тастайды» [105, б.157], – дейді. Профессор айтқан бұл ереже мен талапқа «Бабырнама» толықтай жауап береді деп айта аламыз.

«Бабырнама» шығармасының жанрлық ерекшеліктерін қарастыру, атап айтқанда, автобиографиялық жанрдан мемуарлық жанрға көшу үдерісін талдау барысында ең бірінші «Бабырнаманың» түркі әдеби дәстүріндегі жанрлық құндылығы туралы түсінік қалыптастыру негізге алыну қажет. Сонымен қатар шығарманы әлемдік әдебиеттің алтын қорына қосылған көркемдік үлес тұрғысынан сипаттай отырып, еңбектегі авторлық «меннің» көрініс табуын мемуар жанрының негізгі белгісі ретінде қарастыра аламыз.

«Әртүрлі мемлекеттің өкілдері мен бірнеше ұрпақтың өкілдері бүгінгі күнге дейін жеткен көпсалалы ғылым мен мәдениеттің дамуына зор үлес қосты. Солардың бірі – Захираддин Мұхаммед Бабыр. Себебі орта ғасырдағы шығыстың мұсылман классикалық ойшылдарының арасында Бабырдай атағы жер жарған тұлғалар өте сирек. Ол – әлемдік шығыстанудың ең көне әрі танымал ғалымдарының бірі ретінде белгілі. Бабырдың өмірі мен шығармашылығы ғасырлар бойы әлем зерттеушілерінің назарын аударып келеді. Оның классикалық ақын ретіндегі әдеби мұрасы, әсіресе, «Бабырнама» мемуарлық шығармасы әлемнің көптеген оқырманының жоғары бағасына ие болды, бұл оның әртүрлі тілдерге аударылуынан көрінеді. Қазіргі уақытта бұл еңбек 30-дан астам тілге аударылған. «Шығарма шағатай тілінде жазылған, ол –бүгінгі өзбек және ұйғыр тілдеріне ең жақын түркі тілдерінің бірі», – дейді зерттеуші [106].

Осы тұста «Бабырнаманы» көптеген зерттеуші ғалым шағатай тілінде жазылды деп пікір білдіргенімен, Бабырдың өз еңбегінде «түркі тіліндегі»

атаулар жиі кездесетінін айта кету керек. Бұл жөнінде белгілі әдебиеттанушы Н. Келімбетов: «Кезінде Шағатай (Шыңғысханның Жошыдан кейінгі екінші баласы) хан билеген өлке «Шағатай ұлысы» деп аталғаны тарихтан жақсы мәлім. Алғашқы кезде Шағатай мемлекетіне қарасты түріктердің тілін – «шағатай тілі» десе, кейінірек, барып Орта Азия мен соған көрші отырған (Сыр бойындағы Еділ мен Жайық, Арал мен Каспий жағалауларында, т.б.) бүкіл түркі халықтарының бәріне бірдей ортақ – ортаазиялық әдеби тілді «шағатай тілі» деп атап кеткен. Бұл тілді қазір ортағасырлық түркі әдеби жазба тілі деп те атайды. Ал Бабыр заманында «шағатай тілі» дегеннен гөрі «түрікше», «түркі» секілді атаулар көбірек қолданылған. Әйтсе де шағатай тілі туралы күні бүгінге дейін түркология ғылымында ортақ пікір жоқ. Мәселен, кейбір ғалымдар (А.К. Боровков) «шағатай тілі» деген терминді «ескі өзбек тілі» деген тіркеспен алмастырып жүр. Біздің ойымызша, бұл дұрыс емес. Кезінде тіпті Әлішер Науаидың өзі де «Мизан-у ләфзан» («Өлең өлшемі») деген еңбегінде: шағатай тілі – басқа түркі тілдерінен, соның ішінде өзбек тілінен де бөлек, өзге тіл деп танылған. Тіл тарихын зерттеген көрнекті ғалымдардың басым көпшілігі (А. Вамбери, А.Н. Самойлович, Ә.Н. Нәжіп, т.б.) шағатай тілін – Орта Азия мен оған көршілес аймақтарда XI-XV ғасырларда қалыптасып, дамыған түркі жазба әдеби тілі деп біледі. Сонымен «Бабырнама» кітабы бір кезде қазақтардың да ата-бабаларына ортақ болған ортаазиялық әдеби тілде (түркі немесе шағатай) тілінде, жазылғаны анық» [107, б.244], – дейді. Ендеше «Бабырнама» жәдігері ескі түркі тілінде жазылған деп нық сеніммен айта аламыз. Сөзімізге нақты дәлел болу үшін Таңсықбай Әділеттің «Бабырнаманың лексика-семантикалық сипаты (теориялық және әдістемелік аспектісі)» атты диссертациясында «Бабырнама» лексикасының 30,60%-ын түркі сөздері, 29,57%-ын араб сөздер, ал 21,95%-ын парсы сөздері құрайтынын айтады. Бұл көрсеткіштер әдеби мұрадағы негізгі тілдік қабатының түркілік екенін дәлелдейді [57, б.8].

Ақпараттық кеңістікте көбінесе «Бабырнама» өзбек әдеби мұрасы ретінде ұсынылады, алайда бұл туындының авторына түркі әлемінің барлық өңірлерінде ерекше құрметпен қарайды. Сонымен қатар «Бабырнамаға» Үндістанда да зор құрмет көрсетіледі, себебі шығарманың үшінші бөлімі түгелдей дерлік үнді қоғамы мен тұрмысын сипаттауға арналған [99], – дейді. Сондықтан жазба мұраны бір ұлтқа тиеп қою – әбестік. «Бабырнама» – бүкіл түркі халықтарына ортақ әдеби-тарихи мұра.

Кесте 3 – «Бабырнама» шығармасының мазмұндық және пішіндік ерекшеліктері

Мазмұндық ерекшеліктері	Пішіндік (формалық) ерекшеліктері
Ұлттық-патриоттық сезімді тәрбиелеуге, батыр-басшы тұлғасын алдыңғы қатарға шығаруға баса мән беру.	Философиялық тұжырымдарды, ислам руханиятындағы астарлы ойларды белсенді енгізу.

Кесте 3 жалғасы

Халықтардың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әлеуметтік құрылымын жан-жақты сипаттау.	Түркі әдебиетіндегі жазба естелік, автобиография және тарихи роман жанрлары мен стильдік негіздерінің қалыптасуы.
Оқиғаларды хронологиялық және тарихи тұрғыдан шынайы баяндау, себеп-салдарлық байланыстарды құру.	Авторлық үннің болуы – сыни ойлар мен кейіпкерлердің бейнесін жасау арқылы көрініс табады.

Бұл еңбектің құндылығы, ең алдымен, өткен, бүгін және болашақ арасындағы сабақтастықты сақтауымен, ұрпақтарды ұлттық-патриоттық рухта тәрбиелеумен, халықтың салт-дәстүрлерін терең әрі көркем түрде жеткізумен, сондай-ақ тарихтың одан әрі дамуына ықпал етуімен байланысты. Шығармада ұлттық идея үшін күрескен халық сүйіктісі әрі көшбасшысының жарқын бейнесі алдыңғы қатарға шығады. Оқиғалардың тарихи және этнографиялық тұрғыда баяндалуы халықтың салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қайта жаңғыртуға бағытталған.

«Бабырнама» түркі және әлем әдебиетінің алтын қорына лайықты түрде енеді, өйткені бұл туынды жоғары көркемдік және эстетикалық құндылыққа ие, ұрпақтар сабақтастығын сақтайды және жалпы әлем әдебиетіне елеулі әсер еткен шығарма болып саналады. З.М. Бабырдың еңбегі Шығыс (мұсылман, түркілік) әдеби дәстүрінің аясында қарастырылады. Осы іспеттес әдеби ескерткіштердің қатарында мыналарды атап өтуге болады: Рашид ад-дин Табибтің (1987) «Оғызнама» шығармасы, ол оғыз түріктерінің аңыздық арғы тегі мен көне тарихы туралы баяндайды; «Манас» – қырғыз халқының қаһармандық эпосы, сондай-ақ «Көроғлы» – Таяу Шығыс елдерінде кең таралған фольклорлық және эпостық ескерткіш. Бұл туындылардың барлығы дерлік фольклорлық дәстүрмен, батырлық эпоспен тығыз байланыстығын сақтайды [99].

Жанрлық тұрғыдан алғанда, З.М. Бабырдың еңбегі – мемуарлық сипаттағы шығарма, дегенмен ол автобиографиялық сипатпен де сабақтастығын сақтайды. Автобиографиядан мемуар жанрына өту кезеңін айқындауға бірнеше тарихи негіз бар. Себебі автобиография жанры көне дәуірден белгілі болғанымен, мемуар жанры 1524 жылы ғана ресми түрде қалыптаса бастаған, бұл кезеңде француз дипломаты Филипп де Комминнің «Естеліктер» еңбегі жарық көрген [99].

З.М. Бабырдың шығармасы кейінгі тарихи кезеңдердегі түркі әдебиетінің жанрлық дамуына елеулі ықпал еткені де ерекше атап өтуге тұрарлық. Мысалы, Хиуа ханы А.Г. Бахадұрханның «Түріктердің шежіресі» еңбегі, онда Орта Азия халықтарының, соның ішінде түрікмендер, өзбектер, қазақтар, қарақалпақтардың тарихы туралы маңызды мәліметтер жүйеленген. Сонымен қатар автобиографиялық және мемуарлық жанрлар тарихи

бағыттағы эпикалық романдардың қалыптасуына да әсер еткен, ондай шығармаларда кейіпкердің өмірі мен шығармашылық жолы жан-жақты баяндалады. Мысалы, М. Әуезовтің «Абай жолы» романы осыған айқын мысал бола алады.

Мемуар жанрының негізгі ерекшеліктеріне мыналар жатады: хронологияның салыстырмалылығы, оқиғалардың эпизодтық сипатта берілуі, жазбалардың ретсіздігі, мазмұнның үзіктілігі, бейнелеу бұрышының күрт өзгеруі, авторлық жазудың айқын эмоционалдық сипаты, қатаң құрылымның болмауы және кейбір уақыт аралықтарының түсіп қалуы. Дегенмен мемуарлар тұтас бірлікті білдіреді, себебі жазбалар – әлеуметтік-саяси және моральдық-діни мәселелерді көтеретін естеліктердің жинағы. Сонымен қатар мемуарлық жанрдағы әдеби шығармаларға автордың философиялық тұжырымдары, өткенге жиі оралуы және болашаққа көзқарасы, сыни ой-толғамдары тән [99, б.167].

М. Хасенов: «Мемуарлық туындыда суреткер роман, повестегідей шығарма сюжетін әр тараптан өрбітіп, үлкен арнаға құйып отыруға мүмкіндігі келе бермейді. Суреттелетін оқиға жазушының өз басы тікелей, я болмаса жанама түрде болса да қатысты болғандықтан, шығарманың сюжеттік желісі автордың дүниетанымы мен көрген-түйгендеріне негізделеді» [108, б.172]. «Бабырнама» көбінесе эпизодтық, үзінділік және күрт оқиғаны ауыстыру тәсілдерімен сипатталмайды. Керісінше, автор тарихи оқиғаларды барынша толық және егжей-тегжейлі баяндайды, бұл оны мемуар жанрынан гөрі, автобиографиялық сипатқа жақындатады. Алайда шығармадан анық авторлық үн айқын көрінеді және кейіпкерлердің бейнесіне сыни баға беріп отырады. «Бабырнама» мемуарлық жанрға жақынырақ, себебі З.М. Бабыр өзінің саяси қызметінің басынан-ақ күнделік жүргізіп, маңызды оқиғаларды жазып отырған. Жазбалардың көп бөлігі Үндістан кезеңінде жазылған. Осы күнделіктер негізінде 1494-1529 жылдар аралығындағы оқиғаларды қамтитын тарихи-көркем шығарма дүниеге келіп, 1529-1530 жылдары аяқталған [99, б.168].

Тарихи құндылығы тұрғысынан алғанда, бұл кітап – түркі тайпаларының, ауған және үнді халықтарының өмірі туралы деректердің, оқиғалардың және фактілердің маңызды көзі. З.М. Бабырдың естеліктері тек әскери жетістіктері мен сәтсіздіктерін сипаттаумен шектелмей, сонымен қатар тұрмыстық өмірдің бөлшектерін, құндылықтарды, географиялық ерекшеліктерді және әлеуметтік құрылымды барынша толық сипаттауға ұмтылады. Самарқанд, Ферғана, Бұхара, Ғазни, Дели сияқты қалалар туралы кең көлемде мәлімет беріледі, әсіресе, Ферғана аймағының қалаларына: Әндіжан, Исфара, Ходжент, Марғиланға ерекше көңіл бөлінеді. Бұл мәліметтерді кейінгі кезең зерттеушілерінің еңбектерімен салыстырып, қалалардың даму динамикасы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік бар. Шығармадағы тарихи шынайылықты қалпына келтіруге деген ұмтылыс оны автобиографиялық сипатқа жақындатады. Сонымен қатар филология ғылымдарының докторы Н.Ж. Сағындықова «Бабырнама көріністері» атты

мақаласында: «Бабырнамада» автобиогрфиялық деректер мол, өйткені автор өз басынан кешкендерін, өз көзімен көріп, өз қолымен атқарған істерін, Темір жұрағатының бағын шайқалтқан қыпшақ тайпаларымен арадағы талас-тартыс, қиян-кескі соғыстарды қағаз бетіне күнделік ретінде түсіріп отыру ниетінен туған бұл жазбалар үлкен бір дәуірдің, Бабыр құрған күшті империяның тарихи шежіресі деп білеміз» [109, б.167], – дейді.

Автобиография жанрына өмір жолына ретроспективті түрде үңілу, өткен оқиғаларға қайта оралу және өмірді тұтас бір жүйе ретінде қарастыру тән. Бұл жанрда автор тек өз өмірбаянын баяндайды, айналадағы әлемге назар аудармайды. Ал «Бабырнама» күнделік жазбалары негізінде жазылғандықтан, автор өзінің жағдайын жастық шағына көз жүгірте отырып емес, нақты уақыт режимінде сипаттаған. Автордың ой қорытуы мен жеке көзқарасын белсенді жеткізуіне қарамастан, негізгі акцент жеке өмір жолына емес, тарихи дәуірдің толық көрінісін ұғынуға бағытталған. Бабыр өз өмірінен бөлек, тарихи кезеңнің толық көрінісін және сол кезеңдегі тұлғалар өмірі мен шығармашылығын да айта кетеді. «Кітапта өнер мен ғылым өкілдері жиі аталады, мысалы: Науаи, Бинаи, Дилали, Мир Хусейн Муаммайи, Юсуф Бадеи, Бехзад, Қожа Абдулла Марвари. Автор олардың шығармашылық жолдары мен көркемдік, поэтикалық еңбектері туралы айтады [99, б.169]. Әсіресе Әлішер Науаидың шығармашылық келбетіне ерекше тоқталып, З.М. Бабырдың еңбегі арқылы оның ғылыми және әдеби мұрасы бүгінгі күнге дейін жеткен. Осы тұста мемуардағы тарихи тұлғалардың бейнеленуі жайында әдебиеттанушы М. Бекбергенов: «Мемуарлық шығармаларда қоғам өкілдерін қарапайым адамнан бастап, тарихи рөлі бар тұлғаларға дейін толық көрсетуге мүмкіндік мол. Жазушы қоғамнан, қауымнан тыс жеке өмір сүре алмайтыны сияқты, мемуар жанрының табиғаты солай екен деп өзін суреттей бермейді. Ол ең алдымен өз халқының, өз ортасының өкілі. Оның әрекеті – бүкіл халықтың әрекетінің бір ұшқыны, құрамды бөлігі» [110, б.15], – дейді.

Жазира Ошақбаева «Бабырнама – Орта Азия халықтарының біртұтас рухани құндылығы» атты мақаласында былай дейді: ««Бабырнаманы» мемуарлық-ғұмырнама жанрының талаптарына жауап бере алатын көркем туынды ретінде қарастыруға негіз бар. Өйткені «Бабырнамадағы» басты кейіпкер – автор, яғни Бабырдың өзі. Ол өз образын өзінің қимыл-әрекеті үстінде ашып, бейнелеп отырады» [111, б.129], – дейді. Шынында да мемуар жанрына тән авторлық үн «Бабырнамада» жазбалар, пайымдаулар, нақылдар және авторлық ұстанымдарды білдіру деңгейінде көрініс табады. Автор бақылаушы ретіндегі баяндау стратегиясын қалалар туралы әңгімелеуде айқын көрсетеді. Мысалы, жер бедері мен орналасуы туралы айқын түсініктерді былайша береді: «Кабул уәлаятының аумағы аса үлкен емес, оның ұзындығы шығыстан батысқа қарай созылып жатыр және айналасын таулар қоршаған», климаттық ерекшеліктерге тоқтала келе: «Кабул жерінде ыстық және суық аймақтар бір-біріне жақын орналасқан», өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сипаттауда: «Суық аймақтарда жүзім, анар, өрік, алма,

айва, алмұрт, шабдалы, қараөрік, бадам және жаңғақ сияқты жемістер өсіріледі», жергілікті халықтың этникалық құрамы туралы: «Кабулда он бір немесе он екі тілде сөйлейді – арабша, парсыша, түрікше, моғолша, хиндише, ауғанша, пашаи, парачи, гибри, бирки және ламгани тілдері» [28, б.154], – деп көрсетеді. Сонымен қатар «Бабырнама» – фольклорлық элемент мәліметтерінің маңызды көзі. Автор, мысалы, Кабул қоғамындағы жерлеу рәсімдерін, көне моңғолдың «батыр үлесі» дәстүрін, Хорасандықтардың қарбызбен емдеу әдісін және басқа да көптеген этнографиялық ерекшелікті сипаттайды [99, б.170].

Жазбалардың ретсіздігі «Бабырнамаға» айтарлықтай тән емес, өйткені оқиғалар жылдар бойынша хронологиялық ретпен баяндалады, бұл шығарманы оқиғалардың бірізділігін сақтайтын құрылымды автобиографияға жақындатады. Алайда шығармада уақытша үзілістер де кездеседі. Мәселен, 1508-1519 жылдар аралығы туралы мәліметтер мүлде жоқ, осы кезеңде З.М. Бабырдың өмір жолы туралы ақпарат берілмейді. Бұл жағдай автордың саналы шешімімен немесе шығарманың белгілі бір бөлігінің жойылуы немесе жоғалуымен байланысты болуы мүмкін. Осылайша, зерттеліп отырған шығарманың жанрлық ерекшелігі – Шығыс әдеби дәстүрінде автобиографиядан мемуарлық жанрға тарихи көшу кезеңінің тіркелуімен сипатталады. Оқиғаларды хронологиялық ретпен баяндау, үзінділік сипаттың болмауы, себеп-салдар байланыстарын сақтау ұмтылысы шығарманың автобиографиялық жанрға жақындығын көрсетеді. Сонымен бірге автордың бақылаушы ретіндегі баяндау стратегиясы мәтінде айқын көрініс табады, мұнда психологиялық штрихтар, сыни ой-тұжырымдар және философиялық нақыл сөздер секілді баяндау тәсілдері белсенді қолданылады.

«Бабырнамадағы» авторлық үннің ерекшелігі – мемуар жанрының басты белгілерінің бірі деп жоғарыда атап өттік. Жалпы, З.М. Бабырдың бейнесінде – руханияттың қорғаушысы, ақын, халық көшбасшысы және зерделі тарихшы ретінде даналық, сабырлылық, туған жерге сүйіспеншілік, ішкі тепе-теңдікке ұмтылу сынды адами құндылықтарды ұрпаққа сіңіруге толық мүмкіндік бар. Ұлттық көзқарас тұрғысынан Бабыр – Тимуридтер дағдарысы кезінде ұзақ күрес жүргізіп, Орта Азияда қуатты мемлекет құрған көреген басшының жарқын бейнесі. Сонымен қатар ол – өнер иесі, лингвистика, музыка, әдебиет, тарих салаларына қызыққан және парсы мен араб тілдерін жетік білген тұлға.

Бабыр өз замандастары – тарихи тұлғалардың бейнесін сомдағанда белгілі бір жүйелілік сақтайды. Мысалы, әкесі Омар Шейхтің өмірін сипаттағанда мәтін келесі тармақтарға бөлінеді: туған жері мен тегі, мінезі мен әдеттері, жорықтары, иеліктері, ұрпақтары, әйелдері мен күндері және әмірлері. Автор тарихи кейіпкерлерінің сипаттамасын толық ашып, олардың ерекшеліктері мен ұсақ бөлшектеріне дейін назар аударады. Мысалы, әкесі Омар Шейх туралы: «Ол қолы ашық, жомарт, жайдары, сөзшең, тілі майда

және сүйіспеншілікке бейім, алайда досты дұшпанға, бейбіт өмірді соғысқа жиі айырбастайтын» адам ретінде суреттейді [28, б.27].

Сұлтан Махмұт мырза бейнесін жасауда да автор сыртқы белгілеріне: «Бойы аласа, денесі толықша, сирек сақалды әрі пішіні сәл келіспеген адам еді», сонымен қатар ішкі дүниесіне де назар аударады: «Мінезі мен әдеттері жақсы, басқару әдістері мен ұстанымдары жоғары деңгейде болатын». Автор оның кемшіліктерін де жасырмайды: «Қатыгездік пен азғындықта шектен асып, ішімдікке үйір болып, жаман істерге бейімделген» [28, б.47-48], – деген сыни пайымдаулар да кездеседі. Яғни «Бабырнамада» психологиялық портреттер өте көп, бұл – авторлық көзқарастың айқын көрінісі. Сонымен бірге автордың өзі өмір сүрген әдеби ортасы туралы да маңызды жазбалар бар, осындай мәліметтер арқылы Орта Азия, Ауғанстан және Үндістанда өмір сүрген, көпшілікке беймәлім ақындар, суретшілер мен музыканттардың тұтас өмірбаяндарын қалпына келтіруге болады. Әлішер Науаи бейнесі – ақындық және ғылыми дарынымен, өнер мен әдебиеттің қамқоршысы ретінде өте ауқымды суреттеледі.

З.М. Бабырдың еңбегі – ауған тайпаларының еңбек және көшпелі өмір салты туралы автордың жеке бақылауларына толы. Автор мал шаруашылығы, қолөнер кәсібі, егіншілік әдістері, Орта Азия халықтарының ішкі және сыртқы сауда қатынастары, Үндістан мен Ауғанстан шаруалары төлейтін салықтар және Кабулдан Үндістанға дейінгі керуен жолдары туралы кең көлемде мәлімет береді. Сондай-ақ Үндістандағы Лоди әулетінің билік кезеңі, Дели өзені мен Сикри маңындағы шайқастар туралы оқиғалар егжей-тегжейлі баяндалған. Этнографиялық тұрғыдан да нақты мәліметтер жеткілікті. Мәселен, үнділердің ұлттық киімдері (дхоти, сари және т.б.) туралы нақты сипаттамалар кездеседі. Автордың мұндай байқаулары кейінгі XIX ғасырдағы топографиялық сипаттамалармен дәл сәйкес келуі оның объективті әрі шынайы жазғанын көрсетеді.

«Бабырнамадағы» мемуар жанры тарихи, географиялық және этнографиялық бағыттағы сипаттарға ие болып, авторлық дүниетанымды терең жеткізетін көркем туынды ретінде танылып отыр. «Бабырнамадағы» авторлық үнді зерттеу тілдік материал тұрғысынан да қызықты, әсіресе, кейіпкерлердің бейнесін ашуға ықпал ететін экспрессивті фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер мен авторлық афоризмдер арқылы көрінеді. Философиялық нақыл сөздер көбінесе З.М. Бабырдың өз аузымен беріледі және оның ғазал, рубаи секілді өлең түрлерінде жазылған лирикалық жырларында көрініс табады. Бұл өлеңдер жанды бейнелігімен, қарапайым тілімен және өзіндік дүниетанымымен ерекшеленеді. Ретроспективалық (өткенге көз жүгірту, артта қалған оқиғаларға үңілу) сілтемелер көбінесе мәдениет қайраткерлеріне, тарихи тұлғаларға, діни және философиялық мәселелерге арналады. Автор ойын күрделі сөйлемдермен жеткізбейді, ойларын қысқа әрі анық жеткізуге тырысады. Соған сай болашақ туралы болжамдар сирек кездеседі, өйткені автордың басты мақсаты – нақты уақыттағы оқиғаларды егжей-тегжейлі сипаттау.

«Кесте 4 сәйкес» «Бабырнамадағы» мемуар жанрының қалыптасуы оқиғаларды хронологиялық ретпен және тарихи шынайылықпен сипаттауға негізделген автобиографиядан, авторлық үннің белсенділігі мен бақылаушының баяндау стратегиясы тән мемуар жанрына көшу арқылы айқын көрініс табады. Сондықтан шығармада екі жанрдың да белгілері қатар ұштасады: құрылымдық жағынан автобиографияның ерекшеліктері басым сақталса, мазмұны мен баяндау формасында мемуар жанрының сипаттары айқын көрінеді.

Кесте 4 – «Бабырнамадағы» мемуарлық және автобиографиялық жанрлардың ерекшеліктері

Мемуар жанрының ерекшеліктері	Автобиографиялық жанрдың ерекшеліктері
Жеке жазбалардың айқын экспрессивті сипаты	Оқиғаларды хронологиялық ретпен баяндау
Мәтіннің біртұтастығы	Тарихи шынайылық, күндер мен нақты деректердің молдығы
Қоғамдық оқиғаларды егжей-тегжейлі сипаттау, қоршаған ортаны тануға баса назар аудару	Эпизодтық баяндаудың, үзіндінің және бейнелеу тәсілін күрт өзгертудің болмауы
Авторлық үннің болуы, философиялық тұжырымдар мен сыни пайымдаулар арқылы көрінуі	Автордың өмір жолын терең ашып көрсету, жеке тәжірибеге басымдық берілуі

Шығыс әдебиетіндегі мемуар жанрының дамуы ерекше рөл атқарды, өйткені бұл жанрдың жаңа тарихи жағдайда және жаңа материал негізінде өміршеңдігін көрсеткені анық байқалады. Р. Мукерджидің зерттеуіне сәйкес, автобиография жанрының пайда болуы ежелгі грек әдебиетінің гүлдену кезеңімен байланыстырылады. Автор бұл жазу түрінің пайда болу кезеңіне қатысты бірқатар елеулі пікірталас бар екенін атап өтеді, өйткені оның бастау кезеңі кейде христиандық дәуірмен, кейде өркениеттің пайда болуымен байланыстырылады. Сонымен бірге автобиография жанры ғасырлар бойы түрлі өзгеріске ұшырап, дамып отырған. Оқиғаларды құрғақ баяндау біртіндеп сыни ойлармен, бақылаулармен және қоршаған әлемге қатысты философиялық тұжырымдармен толықтырыла бастады. Осылайша, автобиография негізінде мемуар жанры біртіндеп қалыптасқан [112, б.7].

М. Доғанның зерттеуінде «Бабырнама» шығармасындағы гастрономиялық ұғымдардың концептуалдық негіздері қарастырылады, бұл еңбекте әлеуметтік, саяси және мәдени оқиғалар құжаттық талдау негізінде сараланады. «Гастрономия» лексика-грамматикалық санаты бойынша анықталған атаулардың жалпы саны – 90, оның ішінде 17 атау жануар тектес азық-түлікке, 31 атау өсімдік тектес азық-түлікке, ал 42 атау аспаздық өнерге

қатысты. Зерттеу барысында бұл шығарманың тарихи, әлеуметтік-мәдени, географиялық, этнографиялық және тілдік ақпараттардың маңызды көзі екені анықталған. Осылайша, бұл еңбекте сол дәуірдің көптеген материалдық және рухани мәдениет үлгісі көрініс тапқаны айтылады [113, б.139].

Әдебиеттанушылар Е. Терес пен Х. Ялчынкая «Бабырнама» шығармасын шағатай әдебиетінің классикалық кезеңіне тән маңызды еңбек ретінде қарастырып, онда тарихи оқиғалар, ботаникалық, географиялық, зоологиялық нысандардың сипатталуы, әскери қызметке қатысты атаулардың қолданылуы ерекшеленетінін атап өтеді. Зерттеу нәтижесінде бұл шығарма тек түркі әдеби қорымен шектелмей, әлемнің әртүрлі халықтары үшін, әсіресе, қазіргі Ауғанстан мен Үндістан жерінде тұратын халықтар үшін де тарихи дереккөз екені анықталған. З.М. Бабырдың мәліметтері кейінгі кезеңдердегі карталар мен жазба деректермен жиі салыстырылады, бұл туындының жоғары көркемдік қана емес, мәдени маңыздылығы да зор екенін көрсетеді [114, б.237]. С. Толивер мен Х. Хэдлидің пікірінше, танымал әдеби мәтіндерді орта сыныптарда оқу қажет, өйткені олар әртүрлі астарлы мағыналарды қамтиды және соларды түсіну арқылы оқушылар ғылым мен әдебиет кеңістігіне еркін ене алады дейді. Әлемнің түкпір-түкпірінен тарихшылар мен әдебиеттанушылар «Бабырнаманы» белсенді зерттеп келеді, дегенмен бұл шығармаға ерекше қызығушылық түркі халықтарының – өзбектердің, қырғыздардың, қазақтардың және түріктердің тарапынан байқалады, бұл Шығыс әдеби дәстүрін тереңірек түсіну мен зерделеу үшін аса маңызды дейді [115, б.28].

Осылайша, заманауи зерттеушілердің тұжырымдарын салыстыра отырып, мынадай қорытынды жасауға болады. Көптеген шығармада автобиографиялық және мемуарлық жанрлар өзара ұштасады, ал мемуарлар көркемдік тәсілдер арқылы біртіндеп байытылып, көпқырлы жанрлар пайда болуда. «Бабырнама» шығармасының жанрлық ерекшеліктерін зерттеу барысында бұл туындының автобиографиялық және мемуарлық белгілерді қатар сақтағаны анықталды. XVI ғасырдағы әдеби ахуалға сүйене отырып, автобиография жанрының мемуар жанрына ауысуы осы шығарма мысалында көрініс тапқаны туралы қорытынды жасауға болады, өйткені автобиография жанры көне дәуірден белгілі болса, мемуар жанры тек XVI ғасырдың ортасында ғана қалыптаса бастаған.

Автобиография жанрының басты белгілері – тарихи оқиғалардың хронологиялық ретін сақтау, тұтас бір дәуірдің көрінісін қалпына келтіру. Сонымен бірге тарихи шынайылық – автобиографияның негізгі сипаттарының бірі. Дегенмен автордың мақсаты өз өмір жолын пайымдау емес, оқиғаларды сыртқы көзқараспен сипаттай отырып, өзінің ұстанымын көрсету болған. Осылайша, шығармада мемуарлық жанр авторлық үн арқылы айқын көрініс табады, ол тілдік жағынан философиялық нақыл сөздер, лирикалық шегіністер және баяндаушының сыни ой-пікірлері арқылы байқалады.

«Бабырнаманың» автобиографиядан мемуар жанрына ауысқанының айқын дәлелі – шығармада эпизодтық сипаттың, үзіктіліктің және оқиғаны баяндау бұрышын күрт өзгертудің болмауы. Жазбалардың ретсіздігі жалпы шығармаға тән емес, дегенмен 1508-1519 жылдар аралығында жазбалар жүргізілмеген қысқа уақыт кезеңі бар. Әдеби даму үдерісінде автобиографиялық және мемуарлық жанрлар кейіннен тарихи романдар мен эпикалық шығармалардың қалыптасуына әсер етті.

Қорытындылай келе, мемуар жанрына тән басты белгі – авторлық «Меннің» басымдылығы. «Бабырнамада» оқиғалар көбіне бірінші жақтан баяндалады. Бабыр өз өмір жолын, күрестерін, саяси оқиғаларды тікелей куәгер ретінде баяндайды. Автор кейде өзін сынайды, кейде мақтанады, кейде күмәнданады. Бұл – мемуар жанрына тән субъективті көзқарастың көрінісі. Бабырдың субъективтілігі шығарманы тартымды етіп қана қоймайды, сонымен қатар тарихи оқиғаларға өзіндік түсініктеме береді. Бұл – мемуарлық дәстүрдің ең негізгі ерекшелігі.

«Бабырнама» тарихи шығарма ретінде XV-XVI ғасырлардағы Орта Азиядағы саяси оқиғаларды жүйелі түрде қамтиды. Мұнда әскер саны, шайқас барысы, билеушілер арасындағы қақтығыстар, мемлекеттердің ішкі жағдайы нақты деректермен берілген. Осы тұрғыдан алғанда шығарма жылнамалық сипатқа да ие. Алайда ол қатаң ресми жылнама емес. Бабыр тарихты жазғанда тек фактілерді тізбектеп қоймайды, сонымен қатар олардың себеп-салдарына талдау жасайды. Бұл ерекшелік оны тарихшы Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Тарих-и Рашидиінен» бөлек, әдеби сипатқа жақындатады.

Мемуар мен автобтографиялық жанрдан бөлек, «Бабырнаманы» көркем прозаға да жатқыза аламыз. Себебі шығармада көркем әдебиеттің барлық элементі бар. Ең бірінші композиция – оқиғалардың бірізділігі, хронологиялық баяндау, екінші портрет – тарихи тұлғалардың мінезін ашатын психологиялық сипаттамалар, пейзаж – табиғат көріністерін суреттеу арқылы автордың лирикалық көңіл күйі беріледі, көркемдік құралдар – образды тіл, метафоралар, эпитеттер, теңеулер кеңінен қолданылады. Мысалы, Самарқандтың бағын суреттеген жерінде Бабыр тек географиялық дерек беріп қана қоймайды, ол жердің әсемдігін, табиғаттың үйлесімін бейнелі сөздермен жеткізеді. Бұл – прозалық көркемдеу тәсілінің айқын үлгісі. Осылайша, «Бабырнама» жанрлық тұрғыдан үш элементтің синтезінен тұрады деуге болады. Бірінші мемуар – автордың жеке өмірбаяны мен субъективті ойлары. Екінші тарихи хроника – дәуір оқиғаларының куәгерлік сипаттағы баяндалуы. Үшінші көркем проза – поэтикалық суреттеу, бейнелеу құралдары, әдеби стиль. Бұл синтез шығарманың әдебиет тарихындағы орнын ерекше етеді. Егер мемуар көбіне дерекке сүйенсе, көркем проза қиялға, бейнелеуге негізделеді. Ал «Бабырнамада» осы екі ұстаным да тоғысқан. Сондықтан «Бабырнаманың» жанрлық ерекшелігі – оның шекаралық сипатында. Ол тек тарих та емес, тек әдебиет те емес – екеуінің тоғысқан тұсындағы синтетикалық жанр. Бұл қасиет шығарманы әлемдік

әдебиетте де, шығыстануда да, қазақ филологиясында да ерекше зерттеу нысаны етіп отыр.

«Бабырнамадағы» сюжеттік-композиялық ерекшелік пен әдеби-көркемдік әлемі жайында айтпас бұрын, Бабыр шығармаларындағы әдебиеттану теориясының кейбір мәселелеріне тоқтала кетсек. Әдебиет теориясы мәселелері ежелден поэтикамен өзара тығыз байланыста қарастырылып келеді. Қазіргі эстетикада да поэтика мәселелері теориялық және тарихи аспектілер тұрғысынан зерттелуде. Бабыр шығармаларындағы әдеби-теориялық тұжырымдар оның «Муфассал» (Аруз өлшемі) секілді ғылыми еңбектерінде көрініс табады. Дегенмен Бабырдың поэтикаға қатысты ойлары тек осы шығармамен шектелмейді. Оның әдебиетке деген көзқарасы, теориялық пайымдары мен поэтикалық принциптері басқа да еңбектерінде кеңінен көрініс тапқан.

Бабырдың «Диуан» өлеңдер жинағында жинақталған ғазалдар, сондай-ақ «Мүбайын», «Рисола-и мусиқа» сынды шығармаларында көркемдік пен поэтикалық таным мәселелері терең сипатталады. Бұл еңбектерде ақындық табиғат, шабыттың рухани бастауы, адамның көркем сөз арқылы өз болмысын тануы сияқты мәселелер қамтылған. Сөз тек құрал ғана емес, ол – ақиқатқа апарар жол, адам мен Құдай арасындағы байланыстың символы. Бабыр сөздің мәнін Құранмен байланыстырып, оны әлемнің жаратылуына себеп болған алғашқы әмір – «Күн!» сөзімен пара-пар санайды. Осы арқылы ол көркем сөзге діни, философиялық, адамгершілік мағына үстейді. Бабырдың әдебиет теориясына қатысты ой-пайымдары, оның поэтикаға деген ғылыми көзқарасы тек шығармашылық тәжірибенің нәтижесі ғана емес, сонымен қатар ортағасырлық шығыс әдеби ойының ажырамас бөлігі ретінде бағаланады [116, б.108].

Жалпы, «Бабырнаманы» тек тарихи еңбек деп бағаламай, оған көркем әдеби талдау жасаған еңбек бүгінде жоқтың қасы. Г.В. Благованың «Бабырнама» Бабыр сұлтанның дамылсыз жорықтарының күнделігі ғана [94, с.168], – деген пікіріне қарсы шығып, «Бабырнама» – көркем проза үлгісі» деп өзінің кандидаттық диссертациясында сөз еткен Тоекина Балжан Сәкенқызының жұмысын ауыз толтырып айта аламыз. Диссертацияда «Бабырнамаға» ғылыми көркем-әдеби талдау жасап, тұшымды пікірлер айтады: «Бабыр туындысындағы идеялық-композициялық құрылымның әсері де тартымды шығуына күш салған. Ол боямаларға бармағанымен, көбінесе нақыл сөздер мен мақал-мәтелдерді, баламалы сөздерді, даналық ұғымдарды қолдану арқылы өзіне тән көркемдеу тәсілдерін шеберлікпен қолданған. Ағылшындық шығыстанушы Э. Дениссон Росс «Бабырнаманы» адамзат тарихында осы күнге дейін жазылған ең қызықты, ең романтикалық әдеби шығармаларымен қатар қояды. Ғалымның берген бағасына «Бабырнаманың» шын мәнінде лайықты екеніне күмән жоқ» [48, б.76], – дейді.

«Бабырнама» мұрасының сюжеттік-композициялық ерекшелігін айтпас бұрын, сюжет пен композицияның анықтамаларына тоқтала кетсек. Әдебиеттану саласының терминдер сөздігінде [117] композиция дегеніміз –

әдеби шығарманың құрылысы, оның үлкен-кішілі бөлім-бөлшектерінің бір-бірімен қисынды түрде қиюластырып, әртүрлі тәсілмен байланыстырылған тұтастық-бірлігі. Шығарманың құрылысы шымыр болуы, бас-аяғы, жеке тараулары жинақы келуі жекелеген бөлім-бөлшектердің орынды жалғасуына байланысты» [117, б.188]. Осы тұста көркем шығарма композициясы жайлы М. Атымов: «... идея – шығарманың өн бойының өзегі бола отырып, сол шығарманың сапасын белгілесе, композициясы сол идеяны әртүрлі жолдармен оқушыға жеткізудің құралы. Осылай идея композициясысыз, композиция идеясыз өмір сүре алмайды» [118, б.315], – десе, Б. Майтанов «Шығарманың бүкіл элементтерінің басын құраушы – композициясы. Барлық элемент «қисынын тауып» іштей жымдасса ғана шығарма бітімі сұлу болмақ. Жазушының шеберлігі де осыдан көрінеді» [48, б.77], – дейді. Ал академик З.Ахметов: «Әдеби шығарманың композициялық құрылысының ұтымдылығы сөз болатын мәселелерді, суреттелетін жағдайларды, кейіпкерлердің іс-әрекетін талғап, таңдай білуі, оларды екшеп, сұрыптап алу, қисынын тауып қиюластыра білу шеберлігіне жалғас келеді және түптеп келгенде, бұл жазушының қандай шиеленіскен жағдай болмаса да түйінін тауып, ақ пен қараны ажыратып, не нәрсенің мәнді, маңызды екенін терең түсінетін көрегендігіне байланысты болады», – деп ой қорытады [117, б.181]. Ендеше, «Бабырнама» композициясы бірнеше сюжеттік желілердің өзара байланысы арқылы қалыптасқан деуге болады. Яғни Бабыр шығармасын классикалық шежіре формасына құрып, бірақ оны құрғақ тарих емес, жеке күнделік, өмірбаяндық жазба етіп жібереді. Сюжет уақыт ағымымен жыл-жылға, оқиға-оқиғаға тізбектеліп өрбиді. Яғни «қашан – қайда – не болды» деген тіркеспен жүретін нағыз хронологиялық тәртіппен құрылған. Шығарманың негізгі драмасы – Бабырдың 12 жасында Ферғананы мұраға алып, содан кейінгі тақ үшін күресі, жорықтар, жеңілістер мен қайта көтерілуі. Сондықтан «Бабырнаманың» сюжеті үнемі қозғалыста. Бірде Самарқандты алады, бірде қайта жоғалтады, бірде қашады, бірде оралады. Мұндағы шешуші фактор – Бабырдың Үндістанға бет бұруы.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзин «Бабырнаме» – түркіге ортақ мәдени жәдігер» атты зерттеу мақаласында: «Жазбадағы фактілік және оқиғалық мәтін өмір үдерісімен (процесімен) үндесіп, дамып жатады, дерек жүйелене бастайды, әскери жорықтың саяси-экономикалық тұрпатымен қоса мәдени астарлары да айқындала түседі. Аратұра Бабыр қаламынан туындаған дүниелік қазіргі басылымдарға тән байқам (заметка), репортаж, суреттеме, натуралистік очерк сияқты бас-аяғы жұп-жұмыр жанрларға ұқсап барып қалады, «кім? қашан? қайда?» деген сауалдарға жауап берудің де ар жақ-бер жағынан табылады», – деп бағасын береді [119, б.43]. Яғни ғалымның пікірімен толықтай келісуге болады.

«Бабырнама» мемуарлық жанрдың классикалық үлгісіне жатады. Автор оқиғаларды өзінің көзімен көргендей етіп, хронологиялық тәртіппен баяндап шығады. Мұнда жылнамаға тән нақтылық, уақыт пен орын көрсеткіштерінің дәлдігі сақталғанын көруге болады. Тіпті құрылымы жағынан шығарма

белгілі бір кезеңдерге бөлініп, әр кезең нақты тарихи оқиғаларға негізделген. Бабыр шығармасының композициялық құрылымы тікелей оның тұлғасына байланысты қалыптасқан. Өйткені автор өз өмірін негізгі желі етіп алғандықтан, туындыдағы оқиғалар жүйесі мен мазмұндық тұтастық оның өмір жолымен тығыз сабақтасқан. Осы себепті шығарманың әрбір бөлімі өзара табиғи байланыста дамып, бір-бірін толықтырып отырады. Мұндай ерекшелік – тек Бабыр еңбегіне ғана емес, жалпы ғұмырнамалық шығармаларға ортақ сипат. Г.Ф. Благова: «Самою личностью Бабура, его высоким положением в обществе было обусловлено то, что авторское слово, авторская трактовка излагаемых событий, авторская точка зрения по любому вопросу в «Бабурнаме» отражены так ярко и выразительно. Как это весьма редко можно наблюдать в средневековой тюркоязычной литературе» [94, с.174]. Яғни Бабырдың бір дәуірдің тарихи көрінісінен тұтастықты құруға тырысқанын, өз көзқарасымен шындықты ғана баяндауды мақсат еткенін көре аламыз.

«Бабырнама» – түркі прозасындағы мемуарлық ескерткіштердің бірі ғана емес, поэтикалық табиғаты өте күрделі, жанрлық және стильдік өрнегі бай көркем шығарма. Оның поэтикалық құрылымы бірнеше көркемдік қабаттан тұрады. Олар: баяндау формасы, композициясы, хронотоп жүйесі, тілдік-стильдік ерекшеліктері, кейіпкер бейнесін құру тәсілдері және авторлық «Мен» концепциясы. Бұл бөлшектер, тұтастай алғанда, шығарманың көркемдік жүйесін анықтайды.

Ең бірінші автордың баяндау формасы мен автордың «Мен» концепциясына тоқтала кетейік. «Бабырнаманың» поэтикалық ерекшелігінің ең басты ядросы – бірінші жақтан баяндалуы. Бабыр әңгімелеуші де, оқиғаға қатысушы да, куәгер де – бір тұлға. Ал бұл шығармаға автобиографиялық сенімділік береді. Осыған орай «Бабырнама» мәтінін үш негізгі бөлікке бөлуге болады: Бірінші – тарихи-саяси оқиғалар (елдер, хандықтар, соғыстар, дипломатия), екінші – географиялық-этнографиялық сипаттамалар (климат, өсімдік, жануар, қала мәдениеті), үшінші – психологиялық портреттер (әкесі Омар Шейхтен бастап, қарсыластары мен одақтастарының, туыстарының портреті). Бұл үштік бір-бірімен кірігіп, композицияны түрлі қырынан толтырып отырады.

Ал Бабырдың «Мен» образы екі қырда көрінеді. Біріншісі – кейіпкер Бабыр (оқиға ішіндегі мен), яғни жорықтағы қиындықтар, саяси қақтығыстар, күнделікті тұрмыс, қуаныш-күйіністері кірсе, екіншісі – автор Бабыр (бағалаушы мен), мұнда өткен оқиғаларға сыни көзқарас, философиялық ойлар, өзін-өзі бағалау кіреді. Бұл жердегі екі дауыстың қатар жүруі М. Бахтиннің полифония (үйлесімділік) қағидасына сәйкес көпқабатты поэтикалық құрылымды қалыптастырады. Бабыр өз өмірін баяндап отырып, кейде сырттай бақылаушы (автор), кейде тікелей қатысушы (кейіпкер) ретінде көрінеді. Яғни Бабыр автор да, кейіпкер де. Кейіпкер Бабыр бойынша ол өз эмоциясын, күдігін, қорқынышын, мұңайған сәтін, қуанышын жасырмайды. Бұл сюжеттің шынайылығын бірнеше есе арттырады. Бабыр

шынайы фактіні де жасырмайды. Яғни өзі жеңілсе де, қателіктерін де айтады. Керісінше тасы өрге домалаған сәттерінде де асыра мақтанбайды. Сюжеттің табиғи әрі сенімді шығуының басты себебі – автордың оқиғаға тікелей қатысуы және жасандылықтың болмауы. Ендеше «Бабырнаманың» шынайылыққа құрылуы – негізгі көркемдік принцип. Себебі әрбір оқиға ретретімен өрбіп, бір-бірімен табиғи түрде жымдасып отырады. Мысалы, «Мен көз шырымын алдым, қалғандары басқа үйге барып таң атқанға дейін ішті», – деп күнделікті тұрмыс-тіршілігін жиі жазады [28, б.287]. «Маған өте қиын болды, еріксіз жыладым. Одан Хожәндқа келдім», – деп жабырқаған эмоциясын да жасырмайды [17, б.77].

Ал екінші – автор (бақылаушы) Бабыр өзін кейде сырттан бақылап, өзіне-өзі баға береді. Мысалы, мына бір тұста Бабыр өзімен сырласқан сәтін жазады: «Бірінші жұмаданың жиырма үшінші жұлдызында, дүйсенбіде серуенге шықтым. Сонда өзіммен өзім сырласып, жанымды жегідей жеп жүрген дерттен құтылу жолын тағы да ойластырдым. Артық ас – мәкүрік екенін біле тұра, қалайша нәпсімді тия алмаймын деп жәбірлендім. Сонда былай деп үн қаттым:

О, жаным, неге күнә алдында дәрменсізбін дейсің сен?
Тыйылу да, байқап қара, тәттіліктен емес кем.
Бұл өмірде күнәға ұзақ батсаң егер қаншалық,
Тыйған істен ләззат алдым дей бер онда соншалық.
Өз ойыңа келгеніңді орындасаң жан қанша,
Зая етесің өміріңді сау-тамтығы қалғанша.
Кірсең егер киелі зор соғысқа сен құлшына,
Ажал қабақ түйеді ылғи түсірмек боп уысына.
Өлімді кім көп ойласа, сен көңілге түйіп қой,

Сол тек тыйым салынған көп істерден тез тартар бой. Өткен іске өкінбе деген, шарапты татпауға серт еттім. Той-думанда шарап ішетін алтын-күміс құмыра-тостағандарды алдырдым да шағып тастадым. Шарап ішуді қойып, көңілім орнына түсті. Қираған алтын-күміс құмыра-тостағандарды садақа жоралғысымен үлестірдім», – дейді [28, б.359]. Яғни Бабыр өзіне-өзі баға беріп, соған сай өзін тәрбиелеген, жаман істерден өзін тежеп, таза жүруге, ақ жолды ұстануға тырысқан. Тіпті осылайша жанындағыларға да шараптан тыйылуды, ауызға алмауды айтып, үгіттейді.

Ғалым Б.Тоекина: «Бабырнама» жеңіл оқылады және оқиғалар тартымды бейнеленеді. Ол түркі тілінің барлық көркемдегіш құралын қолдана білгендіктен, стилінің реңі көтеріңкі, оқырманды бірден баурап әкетеді. Ол көбіне өмірдегі сан-алуан құбылыстарды таза философиялық тұрғыда саралайды. Сондықтан оның стилі ең алдымен тарихи-философиялық сипатқа ие. Бабыр стилін даралайтын бір ерекшелік өзінің ішкі жан дүниесін эмоциялық тұрғыда көрсете білгендігінде еді. Және оны көрсете білуде бейнелі тіркестерді молынан қолданады. Тіпті оның стилін даралайтын осы бір көркемдік тәсіл әр сөйлем сайын кездесіп отырады деуге болады. Ол оқиғалар тізбегін баяндау барысында лирикалық шегініске жол

беріп, авторлық «менін» үнемі аңғартып отырады. Мұның өзі Бабырдың өз болмысы мен табиғатынан туған даралығын айқындайды», – дейді [48, б.76].

«Бабырнаманың» композициясы дәстүрлі шежірелік жүйеге емес, динамикалық, ағынды композицияға негізделген. Себебі мұнда ретроспекция (артқа шегініс), проспекция (болашаққа бағдар), эллипсис (уақытты қысқарту), егжей-тегжейлі баяндау, жинақтап айту сияқты нарратологиялық тәсілдер кеңінен қолданылады (Ж. Женетт теориясы бойынша). Бабыр сюжетте артқа шегініс көп қолданады. Мысалы: бір жорықты немесе соғысты баяндап келе жатып, кенет бір тұлғаға тоқтайды, оның мінезін толық ашып тастайды, сосын қайта оқиғаға оралады. Мысалы, «Соғыс алаңы қан сасыды, өлген адамда қисап жоқ, жанынан безіп, дала кезіп, қарға-құзғынға жем болғаны қаншама. Өлгендердің сүйегін жинап төбелеп үйіп, үстіне бастарынан қорған тұрғызылды. Хасан мен Мевати де оққа ұшыпты, жаудың бағынбаған басқа басшылары да осының кейпін киіп, жарық дүниеден қайтты. Ғұмырлары қысқа болды. Дұнғарпұр аймағының басшысы, жиырма мың адамнан жасағы болған Равел Уда Синг Багари, мың адамнан атты жасағы болған Рай Чандрабан Чухан, жоғарыда есімі аталған Салахаддиннің ұлы, Чандир аймағының әкімі, алты мың атты жасағы болған Бхупат Рао, мыңнан атты жасағы болған Гангу... тағы да сол сияқты әскербасы, жасақбасы болған тақты, тегі даңқты үндістер еді», – дейді [28, б.373]. Ал кейбір шайқастар, саяси оқиғалар қысқа беріледі, ал табиғат, адамдардың мінезі, кездесулер – кең көлемде суреттеледі. Бұл – авторлық бағдарының поэтикалық белгісі. Бабыр үшін табиғат – оқиғаның ішкі бөлігі деуге болады. Себебі жауын-шашын, су тапшы аймақтар, қарлы асулар – бәрі сюжет динамикасына ықпал етеді. Баяндау логикасы көбіне сапар жолдары мен климатқа байланысты құрылады. Яғни «Бабырнамадағы» табиғат, ауа райы, география – сюжетке әсер ететін факторлар. Мысалы, «... Айнала бақ. «Ауылы қайсы, ағашы қайсы» деген мәтел Ахсикент туралы айтылған болу керек. Қауыны бал татып тұрады, оның міртемір деп аталатын түрі бар. Әй, сірә, дүниеде бұдан дәмді қауын жоқ болар» [28, б.24], – дей отырып, Қазтуған жыраудың «Алаң да алаң, алаң жұрт» толғауындағы:

Балығы тайдай тулаған,

Бақасы қойдай шулаған, – деп келетін жолдарындай, «Ахси құсқа да, аңға да бай. Онда бұғы-марал, қоян өріп жүреді, аңы өте семіз болады» [28, б.24], – деп Бабыр Ахсикенттің табиғат бедері мен өсімдіктерін, жеміс-жидегі мен аң-құстарын – бәрін егжейлі-тегжейлі баяндайды. Сондықтан табиғат пен күнделікті тұрмысты суреттейтін поэтикалық детальдар – «Бабырнаманың» ең көркем тұсы деуге болады. Себебі оның табиғат поэтикасы нақты, дәл, оптикалық бейне тудырады. Сонымен қатар түрлі өлшем бірліктер арқылы (салмақ, ұзындық, қашықтық т.б.) кеңістік сезімін жасайды. Мысалы, иығаш (ағаш), құрық, мил, шери, тұтам, сүйем, елі, қарыс, т.б. Бұл тақырып жөнінде «Бабырнамадағы өлшем бірліктерге этимологиялық талдау» атты мақаламызда кеңінен таныса аласыз [120]. Ал

өсімдік, жеміс, су, тау атаулары ұлттық дүниетанымды сақтайды. Бұл – мәтіннің поэтикалық жандылығын арттыратын қатаң стильдік компоненттер.

Бабыр – тамаша лирик әрі мұқият бақылаушы. Яғни рубаи, шағын өлеңдер, көңіл күй жазбаларын жазады. Бұл – композициялық тыныс. Тіпті Бабыр саяси тартыстар арасында да кенет поэзияға ауысады. Осылайша ол оқырманды соғыстан шаршатпай, мәтінге эмоциялық тепе-теңдік береді. Мысалы,

«Сапымызда жоқ біздің қорқақтар мен езбелер,
Патшаға адал, сенімді өңшең парыз сезген ер.
Көкке биік көтерген желбірейді тулары,
Сөздері өктем әлемге «жеңісті біз бердік» дер», – деп Бабыр жеңістен кейін соғыстағы ержүрек батырларына мақтау арнайды [28, б.367].

Бабыр кейде баяндалып отырған оқиғамен астасатын өткен кезең оқиғаларын немесе халық арасында тараған аңыз-әңгімелерді де қосымша дерек ретінде енгізіп отырады. Алайда шығарманың композициялық тұтастығын қамтамасыз еткен басты ерекшелік – Бабырдың өзі куә болған жайттарды уақыт тәртібімен баяндауы. Бұл реттегі жүйелілік пен тұтастық оның күнделік жүргізу дәстүрімен тікелей байланысты. Өйткені Бабыр 1493 жылдан бастап 1529 жылға дейінгі кезеңдегі маңызды оқиғаларды жүйелі түрде жазып отырған. Соның нәтижесінде тарихи оқиғалардың күрделі әрі тартысты сипатына қарамастан, туындының композициялық бірлігі бұзылмай сақталған. Мұндай тұтастықтың пайда болуы – бір жағынан күнделік жүргізу дағдысына, екінші жағынан автордың суреткерлік шеберлігіне байланысты құбылыс.

Филология ғылымдарының докторы, профессор Кәкен Қамзин: «Бабырнамені» толығымен оқып шыққан адамның жазба ескерткішінің хронологиялық біті шымыр, фактілік материалы сенімді, оқиға дамуы қисынды екеніне көзі жетеді. Жазба иесі тек өз көзімен көргендерін, өзі қатысқан шайқастарды, басқа елдің салт-дәстүрін, табиғат ерекшеліктерін, климатын, фауна мен флорасын қысқа да нұсқа, әсерлі баяндап шығады», – дейді [119, б.23].

Академик З. Қабдоловтың сюжет табиғатына қатысты пікірін еске түсірер болсақ, ол: «Сюжеттің, оған өзек болған өмірлік тартыстың әрбір иінінде, бұрылысында оқырманға қажет нәрсе – дәлел. Образ үшін – психологиялық, ал оқиға үшін – логикалық дәлел. Егер ол жоқ болса, образ да жасанды, оқиға да сенімсіз көрінеді» [121, б.138], – деп тұжырымдайды. Бұл ойды «Бабырнама» жәдігерінен айқындауға болады. Себебі Бабыр шығармасындағы оқиғалар кездейсоқ алынбаған – автор өз өміріндегі және қоғам өміріндегі ең маңызды сәттерді іріктеп, оларды көркемдік өзекке айналдырған. Әрбір эпизод тарихи шындықпен сабақтасып, Бабырдың жеке тәжірибесінен өрбиді. Оқиғалар желісін баяндау барысында автор кейіпкерлердің мінез-құлқын, ішкі әлемін және сырт келбетін көркем тәсілмен бейнелейді. Бұл жөнінде академик З. Ахметов те маңызды пікір айтады: «Жазушы бір не бірнеше оқиғаны суреттеу арқылы кейіпкердің

мінезін, болмысын ашуы мүмкін. Ең бастысы – оның іс-әрекеті арқылы характерді нанымды көрсету. Кейіпкер тұлғасы неғұрлым айқын, дара көрінсе, соғұрлым шығарма сюжеті толыққанды әсер қалдырады» [117, б.313]. Осы тұрғыдан алғанда, «Бабырнамадағы» кейіпкерлер жүйесі – көпқабатты (многослойный). Бабыр тек басты тұлғаларды ғана емес, қарапайым сарбаз, саудагер, жергілікті халық, әмірлерді де араластырып отырады. Сюжет «бір адамдық монолог» емес, тұтас дәуірдің панорамасы болып шығады. Сондықтан Бабырдың кейіпкерлерді бейнелеу тәсілі ерекше назар аударарлық. Ол әр адамды әрекет үстінде суреттей отырып, оның сырт келбеті мен мінезін үйлесімді береді. Мысалы, Байсұңқар мырза жайында Бабыр былай сипаттайды: «тостаған көзді, жалпақ жүзді, орта бойлы, түркімен кейіпті, сымбатты жігіт еді» [28, б.181]. Мұндағы «түркімен кейіпті» деген тіркес бірден оғыз текті адамның бейнесін көз алдымызға әкеледі. Бабыр әр кейіпкерін осылай нақты сипаттармен өрнектей отырып, оқырманды сол заманның адамдарына етене жақындата түседі. Бұл тәсіл – автордың көркемдік шеберлігін, суреткерлік көзқарасын және реалистік баяндау мәнерін айқын көрсететін маңызды ерекшеліктердің бірі.

Жәдігердің поэтикалық құрылымын хронотоп жүйесі де құрайды. Себебі уақыт пен кеңістік тек оқиғалардың фоны емес, автордың рухани әлемінің көркем моделі ретінде қызмет етеді. Орыс әдебиеттану ғылымында көркемдік кеңістік пен уақыт мәселесін алғаш жүйелі түрде көтерген зерттеушілердің қатарында М.М.Бахтиннің орны айрықша. Ғалым көркем шығарманың табиғатына сай өзара тығыз байланысқа түсіп, эстетикалық қызмет атқаратын уақыт пен кеңістік бірлігін «хронотоп» ұғымы арқылы түсіндіреді. Әдеби туындыдағы «хронотоп» немесе Б.Майтанов ұсынған баламалы атау – «мекеншақ» ұғымы дүниенің философиялық-логикалық моделін таныта отырып, өтпелі кезеңдердегі әдеби үдерісте орын алған терең өзгерістерді пайымдауға мүмкіндік береді. М.М. Бахтин өзінің «Формы времени и хронотопа в романе. Очерки по исторической поэтике» [122] атты ғылыми еңбегінде әдебиет өнерінде кеңістік пен уақыт категорияларын шығармашылық тұрғыдан игеру жолдарын анықтайды. Ғалым хронотопты әдеби шығармадағы уақыт пен кеңістік қатынастарының түйісуі деп сипаттап, бұл ұғымды әдебиеттің мазмұндық категориясы ретінде қарастырады. Яғни ғалым хронотоп әдебиетте жанрлық тұрғыдан өте маңызды мәнге ие екенін, тіпті жанр мен оның түрлері дәл осы хронотоп арқылы анықталатынын және әдебиетте хронотоптың жетекші бастамасы уақыт екенін де айтады [122, б.128]. Яғни мәдени кеңістіктегі уақыт пен кеңістік байланыстарының шығармаларды жіктеуде қаншалықты маңызды екенін көруге болады. Себебі жанр және оның түрлері шындық құрылымын айқындайтын заңдылық хронотоп арқылы белгіленеді.

М.Бахтин бойынша, көркем шығармадағы хронотоп – уақыт пен кеңістіктің белгілері біртұтас көркемдік құрылым аясында тоғысып, өзара ажырамас бірлікте көрінетін құбылыс. Мұнда уақыт көркемдік тұрғыдан қоюланып, жинақталып, көзге анық байқалатын деңгейге жетсе, кеңістік

тарихи, сюжеттік және уақыттық қозғалысқа тәуелді күйде шоғырланады. Уақыт кеңістік арқылы таңбаланып, кеңістік уақыттың өлшемі арқылы танылады. Осылайша көркем хронотоп түрлі қабаттардың өзара астасуы мен белгілердің бір-бірімен ұштасуы нәтижесінде тұтас жүйе ретінде қалыптасады. Райан Майклдың «Әдебиет теориясы» кіріспе бөліміндегі сөздікте хронотопқа мынадай анықтама беріледі: «Хронотоп (chronotope) – Михаил Бахтиннің роман дискурсында роман әлемінің кеңестік пен уақыт өлшемдері қандай жолмен берілгенін білдіретін термині. Хронос – гректердің уақыт үшін пайдаланатын сөзі, ал «топос» – грекше орынды немесе кеңістіктегі орналасуды білдіреді [123, б.288], – дейді. Ал XXI ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігінде [124] мекеншақ (көне грек. «хронос» – уақыт, шақ + «топос» – мекен) – көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік координаталарының табиғи сабақтастығын білдіретін көркем категория. Тұңғыш рет физиологиялық зерттеулерде А. Ухтомский қолданды; кейін бұл терминді гуманитарлық салаға қосқан – М. Бахтин; отандық әдебиеттануда қазақша нұсқасын «менкеншақ» деген аудармада ғылыми айналымға енгізген – Б. Майтанов. Әдебиеттегі мекеншақ ұғымының жанр анықтауыштық сипаты бар [124, б.136], – дейді.

Уақыт пен кеңістік категорияларының мәні, қызметі мен құрылымдық сипаты М.М. Бахтин, Д.С. Лихачев, Н.К. Гей, Г.М. Фридлендер, А.Я. Гуревич секілді ғалымдардың еңбектерінде жан-жақты талданған. Бұл мәселеге қазақ әдебиеттануында да ерекше назар аударылып, З. Қабдолов, З. Ахметов, Ш. Елеукенов, Ж. Дәдебаев, Б. Майтанов, Т. Рахымжанов, А.Ж. Жақсылықов, Н. Джуанышбеков, А. Темірболат еңбектерінде ғылыми тұрғыда зерделенді.

Әдебиет пен өнер аясында уақыт пен кеңістік ұғымдары шартты түрде үш бағытта қарастырылады: біріншісі – объективті шындықта өмір сүретін реалды уақыт пен кеңістік; екіншісі – адам санасында қалыптасқан концептуалдық уақыт пен кеңістік; үшіншісі – жеке тұлғаның сезімдік қабылдауына негізделген перцептуалдық уақыт пен кеңістік. Реалды уақыт пен кеңістік адам санасынан тыс, объективті түрде жүзеге асатын құбылыстар мен олардың қозғалыс, ауысу ерекшеліктеріне қатысты. Бұл категориялар туралы адамзатта түсінік болуы да, болмауы да мүмкін. Ал концептуалдық уақыт пен кеңістік – табиғат, ғарыш, қоршаған орта жөнінде тарихи даму барысында жинақталған таным-түсініктердің жиынтығы. Ол – реалды уақыт пен кеңістіктің адам санасындағы бейнесі. Мұнда әр халықтың күнтізбелік жүйелері, ай мен күнге негізделген уақыт өлшемдері, мүшел есебі мен жыл санау дәстүрлері көрініс табады. Перцептуалдық уақыт пен кеңістік ұғымы адамның ішкі психологиялық күйімен, сезім-түйсік өзгерістерімен тығыз байланысты. Көркем шығарма аясында кейіпкерлердің көңіл күйінің, эмоциялық ахуалының құбылуы арқылы уақыт пен кеңістіктің субъективті қабылдануы осы ұғымның мәнін айқындай түседі [125].

Қандай жазушы болмасын өз шығармасында оқиға өтетін белгілі бір кеңістікті жасайды. «Бабырнама» шығармасында болып жататын оқиғалар кеңістік жағынан тиянақты. Яғни оқиғаның қандай жерде, қай уақытта болып

жатқанын Бабыр үнемі жазып отырады. Мәселен, жыл мезгілдері: қыс, көктем, жаз, күз өз кезеңдеріне сай айшықты бедерленіп отырады. Сонымен қатар туындыда суреттелетін оқиғалардың уақыты, мезгілі нақтылы көрініс табады. Мысалы, күннің шығуы, таңсәрі, таң намаз, бесін, намазшам, құптан (Бабыр уақытты намаз уақытымен жазады) бәрі де мезгілдік қызмет атқарып тұр. Сонымен бірге оқиғалар, іс-әрекеттер нақты сюжеттік уақыт жағынан алғанда тәуліктік мерзімді, ай, жылды нақты қамтып көрсетеді. Мысалы: «Айдың бесінде, дүйсенбі күні Бхира аймағын Хинду бекке бердік; сейсенбіде Чин-Аб аймағын Құсайын Икраққа бердік» [28, б.264], «Алғашқы раби айының тоғызы күні, сенбіде тоқты шоқ жұлдызынан өтті. Сол күні бесін намаздан кейін қайыққа мініп, арақ іштік» [28, б.265].

М. Бахтин бойынша хронотоптың қызметі бірнеше қырды қамтиды: жанрлық, сюжеттік, бейнелеушілік, сондай-ақ шығармадағы кейіпкер бейнесін анықтаушы қызмет. М. Бахтиннің хронотоп теориясы бойынша «Бабырнамадағы» негізгі үш бөлімді сюжеттік, бейнелеушілік және кейіпкер бейнесін анықтаушы қызмет тұрғысынан: 1) Ферғана хронотопы; 2) Кабул хронотопы; 3)Үндістан хронотопы деп бөлуге болады. Себебі әр хронотопта Бабыр жастық →күрес → кемелдік → өрлеу секілді темпоральдық күйде көрінеді. Мысалы, Ферғана хронотопы – Бабырдың дүниетанымын, мінезін және болашақ тағдырын анықтайтын бастапқы хронотоп (балалық, бастау, тектік кеңістігі). Бұл «Ферғананы» – Бабырдың балалық шағының символы, алғашқы билік, алғашқы армандар кеңістігі ретінде қарауға болады. Себебі бұл мекенде Бабырдың тегі шыққан, алғашқы тәжірибе мен алғашқы жеңістің, алғашқы қателіктің дәмін сезген, соған сай дүниетанымы нәр алған кеңістік. Бахтин бойынша, кейіпкердің өзіне тән «өмірлік хронотопы» оның алғашқы көрген, алғашқы сезінген кеңістігімен анықталады. Сондықтан Ферғана – Бабырдың рухани, мәдени және сезімдік әлемінің «негізгі коды». «Бабырнамада» Бабыр Ферғананы өте жылы, ностальгиялық реңкпен суреттейді. Табиғаты, халқы, әкесінің иеліктері туралы деректер эмоциялық бояуға толы. Мысалы, «Ферғана шағын аймақ, онда астық та, жеміс-жидек те молшылық. Самарқанмен, Ходжентпен шектесетін батысынан өзге жағын тау қоршап жатады. Қыс кезінде осы батысынан басқа жағынан жау тиісе қоймайды» [28, б.20-21]. Бұл – Бахтин айтатын кейіпкердің бастапқы уақыттық фазасы. Бұл кеңістікте уақыт автордың жастық, аңғалдық, алғашқы билік тәжірибесі болғандықтан, оқиғалар жылдам ауысады, сезімдер тез өзгереді, шешімдер импульсивті. Сондықтан «Ферғана хронотопы» – тарихи кеңістік емес, психологиялық түпсана деуге болады. Себебі Бабыр Ферғанадан кеткеннен кейін де оны жиі еске алады. Бұл Ферғананың тек өткен география емес, кейіпкердің ішкі хронотопы екенін дәлелдейді. Сондықтан «Бабырнамадағы» «Ферғана» хронотопы – авторлық меннің қалыптасу кезеңін көрсететін негізгі поэтикалық құрылым.

«Бабырнамадағы» «Кабул» эпизоды – хронотопты толық ашатын ең маңызды бөлімдердің бірі. Себебі Кабул – саяси кеңістік емес, рухани пананың хронотопы. Яғни Бабырдың Самарқаннан айырылып, Ферғанадан

кеткен ең ауыр сәттерінде Кабул оған тек «жаңа қала» емес, өмірді қайта бастау мүмкіндігін беретін кеңістік ретінде көрінеді. М. Бахтин теориясы бойынша, кеңістік – географиялық қала емес, тағдыр берген жаңа әлем. Ал уақыт – Бабырдың өміріндегі «қайта туу» кезеңі. Себебі Бабыр Кабулды алғаш көргенде табиғаттың әсемдігіне, қаланың тыныштығына, халқының ерекшелігіне қайран қалады. Ол бұл кеңістікті өзінің жан тыныштығы мен саяси орнығуы үшін берілген мүмкіндік деп сезінеді. Мысалы, «Бұнда бір үлкен көл, үш алаңқай бар. Алаңқайлары жап-жасыл, өте тамаша көрінеді» [17, б.148]

М. Бахтин бойынша хронотоптағы уақыт екі қабаттан тұрады: тарихи уақыт пен жеке уақыт [122, б.48]. Мұндағы тарихи уақыт – саяси жағдай, Шайбанилердің күшеюі болса, жеке уақыт – Бабырдың психологиялық күйі. Кабулда осы екі уақыт бір нүктеде түйіседі. Мысалы, Бабыр Кабулға келген сәтін күнделік дәлдігімен, нақты уақыт көрсеткіштерімен береді. Бірақ сипаттау эмоционалдық реңкке толы. Яғни Бабыр Кабулды ерекше көркем тілмен суреттейді. Бұл суреттер тек география емес – ішкі әлемнің проекциясы. Мәтіндегі табиғат сипаттары: бау-бақшалар, аймақтың жемісі таулар, саф ауа, өзендер. М. Бахтиндік хронотопта табиғат – ішкі уақыт пен көңіл күйдің айнасы. Мысалы, «Кабулдың ыстық пен суық ауасының арасы жақын тұр. Кабулдан бір күнде анау қар жаумайтын жерге баруға болады. ...Кабулдың айналасы өте құнарлы. Ол жердің айвасы мен өрігі, қияр дағы жақсы» [17, б.149]. Мұндағы тарихи факт – субъективті түйсік арқылы беріледі. Кабул – тек тарихи кеңістік емес, Бабырдың жеке психологиялық уақытына айналған хронотоп деуге болады. Себебі Самарқандағы сәтсіздіктерден кейін Кабул Бабырдың тағдырын өзгерткен кеңістік болды. Ол жерде Бабыр жаңа саяси құрам жинайды, мәдени орталық қалыптастырды, жаңа қоғам жасады, өзін билеуші ретінде қайта құрды. Яғни кеңістіктің кейіпкерге әсері бойынша М. Бахтиннің айтуынша, «кеңістік – адам тағдырын қалыптастырудың белсенді қатысушысы» деген қағидасына дәл келеді.

Бахтиннің кеңістікті әлеуметтік-идеологиялық код ретінде қарастыру қағидасына сүйене отырып, Кабул эпизодына төмендегідей тұжырым жасауға болады. Бабырдың билік хронотопы осы қалада қалыптасады. Сондықтан «Кабул» кеңістігі – тұлғалық трансформацияның өзегі. Бұл – «Бабырнаманың» идеологиялық қаңқасы. Кабул – тек тарихи қала емес, Бабырдың саяси, рухани әрі тұлғалық қайта түлеуінің кеңістігі. Бұл эпизодта уақыт – тағдырлық, кеңістік – символдық мәнге ие. Сол себепті «Кабул» хронотопы Бабырдың өмірлік жолын жаңа кезеңге бастайтын көркем-идеялық қызметін атқарады.

Ал тарихи жәдігердегі үшінші бөлім болып саналатын «Үндістан» эпизоды – «жаңа кеңістік», «бейтаныс әлем» хронотопы. Себебі бұл – Бабырдың өміріндегі ең ірі тарихи және рухани бұрылыс, хронотоптың драмалық әрі эпикалық түрі. Бахтин классификациясында мұндай кеңістік: бөтен, қауіпті, жұмбақ болса, ал Бабыр үшін Үндістан кеңістігі: бай,

мүмкіндігі мол, хаосты, мәдениеті бөлек, ауа райы өзгеше, халықтары көпқабатты (әртүрлі дін өкілдері). Бабыр үнді табиғатын таңданыспен сипаттайды. Ол жердің ыстық ауасын, жыртқыш хайуандарын, адамдарының түр-түсі, киімін, өзгеше дәмдерін егжейлі-тегжейлі жазады. Мысалы, «Үндістанның уәлаяттарының басым бөлігі тұз жерлерде орналасқан. ...Үндістанда өзендерден өзге ағынды су жоқ. Үндістанның ерекше жануарларының бірі – піл. Оны Үндістанда «hати» дейді» [17, б.306-307]. Бұл деректер географиялық дәлдікті шынайы сипаттап тұр. Жалпы Ферғанадағы уақыт – Бабырдың жастық уақыты болса, Үндістандағы уақыт – кемелдік уақыты, биліктің толық жүзеге асу кезеңі мен өркениеттік миссия уақыты. Бабыр енді саяси жағынан пісіп-жетілген, шешімдерінде тұрақты, ойында батыл. Үндістан жорығындағы уақыт пен кеңістікке нақты мысалдар келтіретін болсақ, соғыс алаңы – кеңістік, ал шайқас уақыты – тарихи уақыт. Мысалы, Панипат шайқасын айта аламыз. «Жеңістің табыс туы Делhи, Агра, Жөнпур, Хәрид, Бahар тағы басқа елдерде желбіреді», – деп Үндістанда жаулап алған елдер тізімі мен соғыс барысын сипаттайды [17, б.350]. Үндістан бөлімінде Бабыр тек жаулап алушы емес, этнограф, ойшыл, бақылаушы ретінде де көрінеді. Сондықтан Үндістан хронотопы – «Бабырнаманың» ең кең әрі күрделі поэтикалық құрылымы. Бұл кеңістік кейіпкердің әлемді танудағы екінші деңгейін ашады. Бабыр сыртқы әлемді бағындырумен қатар, өзінің ішкі рухани әлемін де қайта құрады. Яғни уақыт – тарихи миссия уақытына, кеңістік – жаңа өркениеттік кеңістікке айналады. Бұл жүйе шығармадағы сюжеттік қозғалысты ғана емес, кейіпкердің рухани эволюциясын да көрсетеді.

«Бабырнама» – дәстүрлі шежіре немесе қатаң ресми жылнама емес. Ол – автордың өмір жолын, билік жолындағы күресін, саяси-әлеуметтік ойларын, табиғатқа, өнерге деген сүйіспеншілігін ашық баяндайтын мемуар. Әдебиеттану ғылымында мемуар жанрына тән басты белгі – авторлық «Меннің» басымдығы, субъективтілік, дерек пен естеліктің ұштасуы. Осы тұрғыдан алғанда «Бабырнама» – тек тарихи оқиғалар тізбегі емес, Бабырдың жеке ой-толғаныстары, психологиялық күйзелістері мен эстетикалық талғамын көрсететін көркем туынды. Сондықтан «Бабырнама» – бір ғана жанрға сыймайтын күрделі құрылым. Ендеше жәдігерден жанрлық синтезді шығаруға болады. Бірінші – мемуар (автордың жеке куәгерлігі), екінші – шежіре (тарихи тұлғалар тізбегі мен тарихи шындық), үшінші – саяси трактат (соғыс тәсілдері), төртінші – лирикалық проза (табиғат суреттері), бесінші – географиялық еңбек (өлкелердің сипаттамасы), алтыншы – этнографиялық жазба (халықтардың салт-дәстүрі мен мінезін талдау). Осы жанрлық араласу – поэтикалық құрылымның басты жаңалығы деп айтар едік.

Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» шығармасындағы әдеби-көркемдік әлемін сөз еткенде, оны тек тарихи деректер жинағы емес, сонымен бірге әдеби туынды ретінде қарау қажет. Себебі шығармада мемуарлық, тарихи, географиялық және көркем-публицистикалық элементтер бір-бірімен табиғи үйлескен. Ол тек тарихи оқиғаларды баяндап

қана қоймай, сол дәуірдің мәдениеті, салт-дәстүрі, табиғаты туралы мол мәлімет береді. Шығармада автордың жеке естеліктері, саяси жағдайларға берген бағасы және көркем бейнелеу құралдары үйлесім тапқан. Себебі біріншіден, Бабыр көркем бейнелеу құралдары мен поэтикалық тәсілдерді орынды қолданады. Бабыр шығармасында көркемдік қуатты арттыру үшін метафора, теңеу, эпитет сияқты бейнелеу құралдарын шебер қолданған. Табиғат суреттерінде шығыстық поэтикаға тән әсірелеу мен нәзік реңктер де кездеседі. Мысалы, батырларды «арыстандай» деп бейнелейді. Мысалы, «Қақтығыс пен айқас ұзаққа созылыр бара жатқанда ағзамның зеңбірек тасасында байлаулы арыстандай ширығып, жұлқынып тұрған қырандарына: «Майданға араласып, оң қанаттан да, сол қанаттан да, ортадан да шабуылға шықсын!» деген жарлық берілді» [28, б.371]. Сонымен қатар: «Исламның ақ туының астындағы мұсылман қырандары сайдың тасындай, ну ормандағы ырғайдай сап түзеді. Олардың балқарағайдың бүріндей дулығасының ұшы күн нұрына шағылысып, нұр шашып, алла атымен аттанған пендесінің жүрегіндей шынайылық сезіледі» [28, б.367]. Бұл жерде Бабыр жауынгерлерді «қыранға» деп алмастырып, құбылтып (метафора) суреттесе, дулығасының ұшын «балқарағайдың бүріне» теңейді.

Екіншіден, «Бабырнамада» тарихи деректер мен сол дәуірдің шындығы үйлесім тапқан. Бабыр оқиғаларды тек деректік тұрғыда ғана емес, қалай бар солай болғандығын, шынайы баяндайды. Яғни кейіпкерлердің мінезін, психологиялық күйін бар болмысын сол қалпы боямасыз аша отырып баяндайды. Бұл тәсіл деректердің әсерлілігін арттырып, оқырманға тарихи кезеңнің рухын сезіндіреді. Мысалы, өзің әкесі Омар Шейх туралы: «Өте жомарт еді, мінезі де жомарттығындай болатын еді. Жарқын мінезді, көп сөйлейтін, шешен және тілі тәтті кісі еді. ...Бұрынғы кездері көп ішімдік ішетін еді, кейінірек аптада бір не екі рет ішетін болды. Есірткіден кәйіп болған кездері миы істемей қалатын еді. Жетімнің жебеушісі еді», – дейді. [28, б.27]. Бабырдың тіпті өз әкесін бүкпесіз шынайы бейнелеуі, бір жағынан оның шыншыл, ақиқатты сүйген адам екенін де көрсетеді. Кейіпкер сипаттамасындағы қысқалық, нақтылық пен реализм ешқашан көлеңкеленбейді, керісінше кейіпкер бейнесінің жарқын ашылуына көмектеседі. Мысалдағы өз әкесінің портретінде бұл анық көрінеді. Сонымен қатар туысқан ағаларының да портретінде шындықты жазудан еш қымсынбайды.

Үшінші – стильдік жағынан сарай жазбаларына тән ресмилік пен қарапайым күнделікті қолданатын сөйлемдер де көрініс тапқан. Шығарма тілі араб-парсы әдеби дәстүрінің әсерін айқын көрсетеді. Лексикасында араб-парсы сөздері молынан қолданылғанымен, түркілік тілдік элементтер де жиі ұшырасады. Яғни түркі поэтикасына тән қарапайымдық пен дәлдік кездеседі. Сондықтан шынын айту қажет Бабырдың тілі әсіре көркем емес, бірақ өткір, шынайы, динамикалық. Яғни қысқа сөз тіркестері мен нақты етістіктер оқырманға тікелей әсер ететін поэтикалық функция атқарады. Бұл жөнінде

нақты ғылыми дәлелді пайыздық мөлшерімен алғашқы бөлімде айтқан болатынбыз.

Төртіншіден, кейіпкерді бейнелеу заңдылығы жайында айтар болсақ, Бабыр өз бейнесін ашық әрі шынайы көрсетеді, әрі тек бір қырынан ғана емес, өзін батыр, билеуші, ойшыл, саяхатшы, зерттеуші ретінде де көрсетеді. Бұл – көпқабатты кейіпкер моделі. Тарихи тұлғаларды бейнелеуде де олардың мінезі, әрекеті және тарихи рөліне ерекше мән береді. Авторлық бағалау стилистикасы бойынша, жағымды кейіпкерлерді көтермелейді, керек жерінде жағымсыз қасиеттерін де айта кетеді, ал жауларын әшкерелейді. Ал оқиғаларды мінездік тұрғыдан бейнелейді. Бұл – көркем бейне жасаудың басты поэтикалық құралы.

Жәдігерді оқып отырғанда теңеу көркемдік құралын жиі көруге болады. Себебі классикалық шығыс поэзиясына тән «...дай», «...секілді», «...сияқты» үлгілер шығармада көптеп кездеседі. Алайда автор теңеуді орынсыз қолданбай, жауынгерлердің ерлігін «жұлдыздай ағып түсіп жатты», көп әскерді «көл-көсір теңіздей» деп мәтіннің эстетикалық құндылығын арттырады. Мысалы, «Аспан күмбезінің ернеуінен рауандап қылаң берген таң сәулесіндей арбаның қалқасынан өре түрегелген олар майдан даласында тың серпіліс жасап, жаудың қанын судай ағызды; жау қырандары жұлдыздай ағып түсіп жатты» [28, б.371]. Дәл осы бір көркемдік суреттеу Ә.Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» романындағы Ұлы Отан соғысындағы мына бір көріністі есімізге салады: «Алға! Қырандарым!» деп, тағы да қарлыға айқайлап, ілгері жүгірдім. Қырандарым таудан төңкерілген судай ағындап, менен озып, айналамнан алға қарай ағытылып жатты» [126, б.213]. Ендігі бір тұсында Бабыр: «Ислам әскерінің дүбірі құлағына шалынғанда жау аю түскен араның ұясындай гүжілдеп, үйірін қорғаған пілдей азан-қазан болып, исламның қағба тасын шайнап тастайтындай қайраттанып, таудай-таудай пілдеріне қару-жарақтарын артып, әскерін сапқа тұрғызды.

Алып піл мен аласа үнділік
«Пілді адам» деп аталды.
Бейне ажал ақшамындай, ашулы олар жексұрын,
Қара түнде қаптаған жұлдыздардай аспанды,
Олар оттай, жоқ – түтіндей көтергенде бастарды
Ашуға аспан қапталды.
Оң мен солдан келеді олар бейне қалың құмырсқа,
Атты, жаяу мыңдаған табанға жер тапталды», – дейді [28, б.367]. Яғни Бабыр ислам әскерінің шуылын «аю түскен араның ұясына» теңесе, олардың күш-қайраты мен айбатын «исламның қағба тасын шайнап тастайтындай» деп теңейді. Сонымен қатар өлеңін де көркемдік тәсілмен өрбиді. Жаудың ашуын «ажал ақшамындай», «оттай», «түтіндей» деп теңесе, жаудың аттылы, жаяу әскерін бейне бір «қалың құмырсқаға» теңейді. «Бабырнамада» үшінші «Үндістан» бөлімінде автор теңеуді өте көп қолданады. Мысалы, «Жауынгерлердің сабы Ескендір Зұлхайнайынның темір сауытты қырандары сияқты, олардың қатары Алла Тағаланың жазуымен түп-түзу болаттан

құйылғандай бітісіп, жұбы жазылмайтын құрсаудай көрінді» [28, б.367]. Мұндағы «темір сауытты қырандары сияқты», «болаттан құйылғандай», «жұбы жазылмайтын құрсаудай» теңеулері шығарманың көркемдігін үстемелеп тұр.

Автор шығармасынан эпитетті де байқауға болады. Әдебиеттану терминдер сөздегінде «эпитет (сипаттама) дегеніміз – заттың, не құбылыстың айрықша белгісін, қасиетін білдіретін бейнелі сөз. Эпитет ұғымға, нәрсеге бейнелілік, нақтылық сипат береді» [117, б.376]. Автор кейіпкерлердің портретін ашуда тұрақты анықтауыштар қолданған: «ержүрек қолбасшы», «айбынды хан», «адал пейілді сүйеніш», «сенімді серік» «сенімді жан» «қалаулы азамат», т.б. Мысалы, «...биліктің сүйеніші, сенімді адамы, ет жақын сырлас та сенер жаны Камал ад-дин Жүніс Әли, сондай сенімді серігі Жажал ад-дин Шah Мансұр Барлас, адал пейілді сүйеніші Шахаб ад-дин Абдолла Китабдар» [28, б.368], «...шексіз сенімді жан Жалал ад-дин Хұсрау Көкелтас. ...Адал, сенімділігімен қалаулы азамат Уәли Қазынашы Қаракөз» [28, б.369].

Гипербола (әсірелеу) – қазақ әдебиетінің батырлық жыр-дастандарда ең жиі кездесетін көркемдік тәсілдердің бірі. Көбінде батырдың ерлігін, күшін, айбарын, тіпті аттың жүйріктігін көрсету үшін қолданылады. Қазақ эпосында әсірелеусіз батырды елестету қиын деуге де болады. Гипербола батырлық жырларда халық арманын, идеал батыр бейнесін көрсету үшін қолданылған. Яғни бұл тәсіл арқылы батырлар – жай адам емес, елді, жерді қорғаушы, халық үмітін арқалаған құдіретті тұлға ретінде сипатталды. Сол секілді батырлардың ерлігін немесе табиғат сұлулығын әсірелеп суреттеу – Бабыр стилінің бір ерекшелігі деуге де болады. Мысалы: «Өзен тасып, жердің шетін жұтып қоятындай болды», – деп табиғаттың күшін айқындаса, «...Садақты күшті тартып, оқты жақсыататын еді. Оның садағын тарту үшін қырық батпан күш керек екен» деп суреттейді [28, б.181]. Адам күшін батпанмен өлшеп сипаттау орта ғасырдағы «Бабырнамада» ғана кездеседі. Ендігі бір тұста көтерілген шаңды бұлтқа теңеп, күн көзін жапты дейді. Мысалы: «Мыңдаған атты-жаяулы лашкердің айқасынан көтерілген шаң бұлтқа айналып, күннің көзін жауып, соғыс алаңының үстін шарбып қалды; сатырлаған қылыш-найза жай отындай жарқылдады. Кімнің жеңіп, кімнің жеңіліп жатқаны белгісіз, азан-қазан дүние: аспанда, жұлдыз да, өзге планета да жоқ, жер жаңадан жарылып, аттың тұяғының ұшқыны жанар таудың шашыранды шоқты тасы сияқты айқыш-ұйқыш от шашады. Апырым-ай, ақырзаман деген осы емес пе деп аңырап қаласың.

Шайқас күні балыққа болды азық аққан қан,

Айға жетті аспанға көтеріліп ұшқан шаң.

Кең далада үріккен аң тұяғының дүбірі,

Алты қабат болса да жер, сегіз қабат болды аспан» [28, б.372], – дейді Бабыр. Тағы бір көркем мысалы: «Екі жақтың әскерінің ортаңғы тобы күн мен түннің тоғысар сәтіндей тоқайласты. Оң қанат пен сол қанаттың айқасының айбаттылығы сондай – жер қайысып, көк күңіренді» [28, б.370].

Екі жақтың әскерінің басы қосылған сәтін «түннің тоғысар сәтіндей» деп сипаттаса, екі жақтың айқасын «жер қайысып, көк күңіренді» дейді.
Осы соғыстың аяқталған сәтін Бабыр жырмен былай суреттейді:
«Өлді барлық үнділік кемсітуден, қорлаудан,
Тастан атқан қарудан болғаны үшін пілді адам.
Көптігінен өліктің жазық жерге тау тұрды,
Ондай өлік таулардан өзен болып ақты қан.
Қашты тау мен далаға қорқып тірі қалғандар,
Әскерлерден қаптаған, қардай жауған оқтардан», – дейді [28, б.370]. Мұнда Бабыр адам өлігі тауға айналғанын, аққан қан таудан өзен болып аққанын, атылған оқ қардай жауғанын әсірелеп сипаттайды.

Сонымен қатар Бабыр – табиғат лирикасын суреттеудің де шебері. Көктемнің келуін, таулардың көрінісін, өзен мен көлдің бейнесін нәзік поэтикалық өрнекпен суреттейді. Шығармада табиғат көрінісі көбіне оқиға атмосферасын ашу немесе кейіпкердің көңіл күйімен үндесу үшін беріледі. Мысалы, Бабыр тыныштық күйінде жүрген сәтіндегі қыс көрінісін былайша суреттейді: «Сәрсенбіде Киндғар қайнарына серуен құруға аттандық. Киндғар Мандрауар тұманына қарайтын қыстақ болатын. Бүкіл Ламғанат бойынша осы қыстақта ғана құрма шығады. Қыстақ тау бөктеріне орналасқан; пальма бағы оның шығыс жағында; қайнар суы пальма тоғайының шетіне таяу жерден ағып өтеді. Бұлақтың суы өте жұмсақ. Қыстың күні бастапқыда оның суы тастай суық көрінгенімен, ішінде біраз тұрғаннан кейін, қатты сүйсінесің» [28, б.291]. Ал Бабыр елінен бодандық көріп, Кабулға әскерлерімен бара жатқан қыс мезгілін өзінің ішкі халімен үндесетіндей етіп сипаттайды. Мысалы, «Осылайша оппа қарды таптап, жол салып отырып, Анджұқан деген жерден өтіп, екі-үш күн дегенде Зарри асуының етегіндегі хавалаға (қыстақ), яғни Хавал-и Кутиге жеттік. Бұл күні қар қалың түсіп, қатты боран соқты, жұрттың зәресі ұшты», – дейді [28, б.226]. Бұл екі жерде екі Бабырдың екі түрлі ішкі халін көруге болады.

Жәдігерді оқып отырып жиі көзіңіз шалатын тағы бір дүние бар. Ол – құран аяттары, хадистер, ислам өркениетіне тән діни-мәдени жоралғылар. Бұл тәсіл шығарманың мәдени контексін айқындап, оның рухани құндылығын арттырады деп айтуға болады. Себебі Құран аяттары шығармада бей-берекет емес, белгілі бір мақсат жолында ғана жазылғанын көреміз. Мысалы, «Әй, Алла! Сен менің Тәңірімсің. Сенен басқа тәңір жоқ. Саған тәуекел еттім. Сен байтақ ғарыштың иесісің! Алланың қалағаны ғана жүзеге асып, қаламаған нәрсесі орындалмайды. Алладан өзге еш күш-қуат жоқ. Алла Тағаланың барлық нәрсеге күш-қуаты жететінін, ілімімен барлық нәрсені қамтығанын, бүге-шүгесіне дейін жіпке тізіп, сақтап қойғанын жақсы ұғынып, біліп ал! Әй, Алла Тағалам! Нәпсінің қалауынан туындайтын және жамандықтардан әрі мейірімсіз жауыздардың жамандығынан, бүкіл жаратылыс атаулының кесірінен бір өзіңе сиынамын. Бүткіл тіршілік иесін өзіңе бағындырушысың. Шын мәнінде сен байтақ ғарыштың Тәңірісің!» [17, б.224], – десе, жеңіске жеткен сәтінде: «Жаудың жапырылып кейін шегінуі,

дауыл соғып құлатқан ағаштай жапырылып қалуы – Алла тағаланың жазуы. Жер бетіндегі пенделердің жақсы-жаман істерінің бәрін көріп-біліп отыратын Алла тағаладан өзге не бар! Біздің сыйынарымыз да, жалбарынарымыз да жаратқан иеміз емес пе!», – дейді [17, б.373].

Бабыр өз жазбасында тек соғыс пен саяси оқиғаларды ғана емес, көрген түстерін де тіркеп отырған. Тығырыққа тірелген кездерінде аян беретін түстер көргенін атап өтеді. Бір жолы басына қатер төнген шақта былай деп суреттейді: ««Өлімге басымды байладым. Осы бақтың ішінен бұлақ ағады екен, дәретімді алып, құбылаға қарап, жайнамазымды жайып, екі қайтара намазымды оқып, Құдайға жалбарындым. Осы кезде көзім ілініп кетіп, Қожа Жақияның ұлы Қожа Ұбайдолла ағзамның немересі Қожа Жақып бір топ ала атты жасақпен келген екен деймін, өзі де ала шұбар ат мініп қарсы алдымда тұр. Ол: «Қапа болмаңыз! Мені сізге Қожа Ахырар жіберді. Ол сізге: Біз Алла тағаладан жалбарынып сұрап, оны патша тағына отырғыздық. Егер оның басына ауыр іс түссе, бізді көз алдына елестетсін, біз оған жәрдемге келеміз. Қазір, дәл осы сәтте жеңіс сіз жағында. Басыңызды көтеріңіз, ұйқыңызды ашыңыз» деді. Көңілім қуанышқа кенеліп, ұйқымды аштым, дәл сол сәтте Жүсіп даруға мен оның жолдастары күбірлесіп жатыр екен. «Бір айласын тауып қолға түсіріп, байлап алу керек» деген сөзді анық естідім. ...Осы кезде салт аттылар бақтың қақпасын іздеп әуре болмай, бір мұжылған дуалды құлатып, баса-көктеп жетіп келді. Байқаймын, менің ең сенімді нөкерім Құтлық Мұхаммед Барлас пен Баба-и Паргари, қасында он бес-жиырма адамы бар екен. ...Жаратқан ием маған қайтадан жан бітіргендей сезіндім. ...Қайдан келесіздер, қалай білдіңіздер? деп сұрадым. Құтлық Мұхамед Барлас: «Түсімде Қожа Ұбайдолланы көрдім, ол менімен сөйлескендей болып: Бабыр падишаһ Қарнан қыстағында. Сонда барып алып қайтыңыздар, өйткені патшалық таққа отыратын адам – сол», – дейді [28, б.141-142]. Бабырдың түсіне кірген Қожа Ұбайдолла (Бабырдың есімін қойған) сенімді нөкері Мұхаммед Барластың да түсіне кірген. Оған да аян бергенін атап өтеді. «Мұндай көрініс XX ғасыр соңындағы кең танылған Пабло Куэльоның «Алхимик» романында да бар. Яғни шығармада бір адамның түстегі сыры екінші адамның түсінде жалғасып отырады. Бұл тәсіл XX-XXI ғасырлардағы постмодернистік прозада жиі қолданылғаны белгілі» [48, б.79].

«Бабырнама» нақты тарихи оқиғаларға негізделген туынды болғанымен, автордың мұндай эпизодтарды қоса баяндауы кейінгі кезеңдердегі көркем әдебиетке өз әсерін тигізуі ықтимал. Бұл ойымызды әдебиеттанушы Г. Пірәлиева ортағасырлық шығармаларда түс мотивіне ерекше мән берілгенін айта келе: «Құрандағы періштелер мен пайғамбарлар, Қыдыр ата, аруақты әулиелер түс арқылы аян беретіні жөніндегі таным жаңаша өңделіп, түс адам өмірінің универсалды моделі іспетті қабылданды. Түс – терең философиялық әлемді білдіретін символдық астарға айнала бастады», – дейді [127, б.59]. Сонымен бірге «Түс – көркем шығармадағы шартты деталь. Бетке қарағанда кенет пайда болғандай әсер қалдырғанымен, шын мәнінде ол шығарма

табиғатынан туып, кейіпкер мінезінің ішкі қисынымен және сюжет құрылымымен өзара жымдасып жатады», – деп түсіндіреді [127, б.47].

Жалпы түс көру, белгі, аяндар – мифтік компоненттер ретінде де қарастырылады. Бабырдың жоғарыда аталған шешуші оқиғалар алдында түс көруі – исламдық мистикалық дәстүрмен ұштасқан мифтік элементтерге жатады. Осы тұрғыда филология ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессоры А. Мәуленов «Фольклор және мифология» атты монографиясының «Бабырнама» және «Шежіре-и түрк» туындыларындағы мифтік ұғым-түсініктер» атты бөлімінде орта ғасырлық түркі әдебиетіндегі проза жанрында тек діни тақырып қамтылып қана қоймай, шежірелік әдеби дәстүрді кейінгі толқын әдебиетшілеріне мұра етіп қалдырғаны жөнінде айта келіп, «Жүсіп Баласағұнның «Құтты білік» кітабының, Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздері жинағы» еңбегінің, Қожа Ахмет Яссауидың «Ақыл кітабының», Мұхамед Хайдар Дулатидың «Тарих-и-Рашиди», Қадырғали Қосымұлы Жалаиридің «Жылнамалар жинағы» және Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасын» және Әбілғазының «Түрік шежіресінде» көне замандағы халық өмірінің шындық көріністерін жеткізетін, даңқты бабаларымыздың тұрмыс-тіршілігі, саяси және экономикалық хал-ахуалы, әдет-ғұрып, салт санасы туралы көптеген деректі өз бойына жинақтап, мифтік сананың архетиптік жадысын танытатындығы дәлелдеуді қажет етпейді», – деп бағасын береді» [128, б.106]. Расында да, «Бабырнаманың» көркемдік табиғатында көне түркілік дүниетанаммен астасқан мифтік, символдық және архетиптік сарындардың байқалатыны ғылыми тұрғыдан назар аударуға тұрарлық. Себебі миф – тек қиялдан туған сюжет емес, халықтық жадының, мәдени кодтың көрінісі. Сондықтан Бабыр өмірбаяндық деректерді беріп отырса да, мифтік ойлау жүйесі кейбір оқиғаларды бейнелеу тәсілінен, табиғатқа көзқарасынан, адамдарды сипаттауынан, тіпті өзінің ішкі рухани халін жеткізуінен мол сезіледі. Ол – Шығыс мұсылман кеңістігінде өмір сүргенімен, оның дүниетанымы көне түркілік мұраның жалғасы. Түркі мәдениетінде табиғатқа ерекше құрмет, жаратылыспен тілдесу, аспан мен жерді қасиетті ұғым ретінде қабылдау, батырлық пен тектілік туралы түсініктер мифтік модельдер ретінде сақталған. Мысалы, Бабыр тауды – «үміт, биіктік, рухтың асқақтығы» ретінде, суды – «тазалық», даланы – «еркіндік» символы етіп сипаттауы – сол дәуірдің мифопоэтикалық ойлау жүйесінің көрінісі. Сонымен қатар Бабыр Хиндукуш пен Бадахшан тауларын сипаттағанда мифтік масштабтағы көрініс арқылы сипаттайды. Осындай дүниелерге қарап отырып, «Бабырнама» – тек шежіре, күнделік емес, ол – тарихи сана мен мифтік ойлаудың түйіскен жері деуге де болады. Бабыр шығармасында қолданылған мифтік сарындар, ең бірініші, қаһарман бейнесін күшейтеді және оқиғаға тағдырлық сипат береді. Сонымен қатар туындыдағы көркемдік масштабты кеңейтеді. Сондықтан осындай дүниелер арқылы Бабырды тек билеуші емес, рухани көшбасшы, тарих үстіндегі символ ретінде де тануымызға болады.

«Бабырнамада» мақал-мәтелдер мен нақыл сөздер де өте жиі әрі орынды қолданылады. Арада бес ғасырдан астам уақыт өтсе де, Бабыр келтірген мақал-мәтелдердің көпшілігі бүгінгі қазақ тілінде сол қалпында айтылады. Б. Қожабекұлы аудармасы бойынша: «Бүлінгеннен бүлдіргі алма» [28, б.27], «Көп сөйлегеннің сөзінде береке болмайды» [28, б.36], «Жығылғанға жұдырық» [28, б.37], «Қорыққанның көзіне қос көрінеді» [28, б.87], «Аузыма ақ тигенде, мұрнымнан қан кетеді» [28, б.88], «Жау жоқ деме, жар астында» [28, б.99], «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа» [28, б.101], «Құланның қасуына мылтықтың басуы» [28, б.106], «Жау не демейді, түс не көрсетпейді» [28, б.169], «Көппен бірге көрген – ұлы той» [28, б.227], «Екі қошқар бір қазанға сыймайды» [28, б.214], «Бет көргеннің ұялуы бар» [28, б.220], «Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды» [28, б.225], «Қасқырдың бөлтірігін қанша бақсаң да, түптің-түбінде далаға қарап ұлиды» [28, б.354], «Сақтықта қорлық жоқ» [28, б.368], «Адамның аласы ішінде, малдың аласы сыртында» [28, б.367], «Басшың көр соқыр болса, көзіңді жұмып жүр» [28, б.234], «Сиыр сипағанды сезбейді» [28, б.375].

Ал И. Жеменей аудармасы бойынша мақал-мәтел мен нақыл сөздер: «Барлық нәрсе өз тегіне қайтады, Таза алтын, күміс пен қорғасында» [17, б.34], «Көп сөйлеген қырт сөйлеп кетер» [17, б.38], «Жамандық жасап, зардабынан аман қалмассың, Оның жазасын табиғат уәжіп деп санаған» [17, б.48], «Бармақ үшін мекені тар, Тұрмақ үшін жоқ ұясы пар» [17, б.82], «Қақпадағыны қаппаса, қарығушы қайғырады» [17, б.93], «Иланба досыңа, сабан тығар теріңе» [17, б.98], «Көздерін тұз тұтты» [17, б.99], «Сылтауы күнәсінен бетер» [17, б.100], «Таң таяу, мақсат жырақ» [17, б.134], «Он дәруіш бір көрпеде жатар, екі патша бір өлкеге сыймас» [17, 141 б.], «Дұшпан не демес, түске не кірмес» [17, б.165], «Қала қақпасын жаба аласың, Қарсылас ауызын жаба алмайсың» [17, б.165], «Сен жаман істеушіні тағдырына қоя бер, Тағдыр саған кек алушы қызметкер» [17, б.180], «Жаман әйел жақсы ердің сарайында, Болса да оның тозағы болар осы әлемде» [17, б.190], «Адам бір нәрсені естісе, оны қалай ұмытады» [17, б.202], «Әр жақсы мен жаманды санар болсаң, Онда істің қайыры болар нақ қарасаң» [17, б.220], «Егер әлем семсері сермелсе орнынан, Шаба алмас бір тамыр құдай қаламайынша» [17, б.223], «Тартысты биікке жеткізер сөздің мәні, Ежелгі достықты ойран қылар оның өзі» [17, б.233], «Көп пе, аз ба тәңірінің ғой бар күші, Бұл дүниеде жоқ қой адамның күші» [17, б.236], «Жас айнадан көп нәрсені көреді, Қария оның көргенін кірпіште көреді» [17, б.238], «Әмір семсері орнынан қимылдай бастаса, Бір тамыр кесе алмас құдай қаламаса» [17, б.404] бұл нақыл сөзбен «Егер әлем семсері сермелсе орнынан, Шаба алмас бір тамыр құдай қаламайынша» [17, б.223] деген нақыл сөздің мағыналары бір, тек аудармашы әртүрлі сөйлем тіркесін қолданған. Сонымен қатар «Сен жаман істеушіні тағдырына қоя бер, Тағдыр саған кек алушы қызметкер» [17, б.180.] деген нақыл сөзді «Сен жаман жасағанды тағдырға тапсыр, Тағдыр сенің құлың, одан кегіңді алар» [17, б.226] деп бұл жерде де сөйлем орындары ауысып беріледі, бірақ мағынасы бір.

Байқап отырсақ, екі аудармашы бір мағынадағы нақыл сөз бен мақал-мәтелдерді екі түрлі аударады. Осыған қарап, Б. Қожабекұлының аудармасы «көркем» аудармаға жақын екенін, Ал И. Жеменей аудармасы түпнұсқаға сүйенген «реалист аударма» екеніне тағы да бір көзіміз жетеді. Аталған мақал-мәтелдердің басым бөлігі жорық, әскери жағдай мен мемлекеттік басқару істеріне, достыққа қатысты айтылуы Бабыр өмірінің өзегінен, мол тәжірибесінен алынғанын көрсетеді. Сонымен қатар Бабырдың мына бір сөйлемі қазақ жоқтау дәстүріндегі тіркеспен үндес екенін көруге болады: «Өлімге ет үйреніп кеткендіктен бе, оқта-текте болмаса онша босай қоймаушы едім, мына қаза жаныма қатты батты. Ноянның дүние кешу тарихы – «Өлдің Ноян, қор болдың Ноян» деп аяқталады. Бірнеше күннен кейін Дихкетке қайтып оралдым» [28, б.119]. Қазақ арасында сақталған Мамайдың шешесі Қараүлектің жоқтауында айтқаны: «Өлдің, Мамай, қор болдың» деген сөз тіркесін ескерсек, түркілік ортақ дүниетаным мен тарихи сананың ғасырлар бойы өзгермей жеткенін аңғару қиын емес. Жалпы көрнекті тұлға Бабырдың халық қазынасынан алынған тұрақты тіркестерді, нақыл сөздерді, мақал-мәтелдерді өз орнымен қолдана білуі оның көркемдік, танымдық пайымын және өмірлік тәжірибесіне сүйенген терең адам екенін көрсетеді.

«Бабырнамада» портрет пен психологиялық детальдарға тоқталар болсақ, автор кейіпкер бейнесін сыртқы сипатпен шектемей, ішкі күйін, мінез ерекшелігін ашатын детальдар беріледі. Мысалы, Науаи туралы түсіндірмелерден бұрын Бабырдың мынадай пікірін ескерген жөн: «Алишербектің мінезі нәзіктігімен әйгілі... бұл сипат оған тумысынан дарыған». Самарқандқа келгенде де оның мінезі ерекше жұмсақ болғаны туралы жазылады [28, б.170]. Мұнда «мінез» сөзі тек мінез-құлық немесе әдет сипатында ғана емес, сонымен қатар көркем талғам, шабыт, поэтикалық шеберлік мағынасында келтірілген. Бабыр оны «жібектей» (яғни өте нәзік табиғатты) сипатымен сипаттайды. Себебі, шабыт пен поэзия – туа біткен ерекшелік, ал Науаи секілді көркем шығармашылық иесінің басты қасиеттерінің бірі болмақ. Белгілі болғандай, Науаи Самарқандқа келген кезде жас кезі, шәкірттік уақыты еді. Дәл осы шақта оның көркем бейнесі мен ақындық ерекшелігі қалыптаса бастаған. Бұл ерекшелік Науаидың дарыны ерте ашылғанын және оның ақын ретіндегі қалыптасу кезеңінде-ақ көрініс бергенін дәлелдейді. Бабырдың Самарқандтағы оқиғаларына қатысты тағы бір елеулі естелігі: «Сол сәттерде мен онымен жиі жүздесіп тұрдым. Бірде ол маған бір рубаиді оқыды...» [28, б.87]. Ұлы ақынның сөзін бағалаудағы ұстанымы да маңызды: «Ол рубаидің рәдиді мен қафиесін айту қажет еді» – деп Хожа Абулаббарақ айтты. Біз бұл жерден Бабырдың поэтикалық мәдениетін, (рәдид) сөз қайталау мен (қафия) ұйқас талаптарын терең меңгергенін, поэзия техникасы мен мазмұндық талаптарын жақсы меңгерген ақын болғанын көреміз. Осыдан келіп, Бабырдың көркем шығармаларында сөз өнері мен оның сиқыры, ойдың поэтикалық көрінісі, шабыт табиғаты мен оның көркем күш-қуаты (Науаиға берген бағасы мен

техникалық талаптарды ескере отырып) айқын байқалады. Ол рәдид, қафия сияқты күрделі поэтикалық категорияларға да терең мән берген. Захириддин Мұхаммед Бабыр әдебиет теориясы мәселелеріне қатысты өзінің өзіндік көзқарасына ие болған. Ол көрнекті ғалым, терең білім иесі ретінде әдебиеттану тарихында өзіндік орнын қалдырған тұлға.

Қорытындылай айтқанда, «Бабырнама» – ортаазиялық әдеби кеңістікте мемуар жанрының қалыптасуындағы шешуші рөл атқарып, авторлық «Мен» концепциясының жаңа үлгісін жасаған түркі прозасының ең көрнекті шығармасы. Оның поэтикалық құрылымы тек тарихи дерек пен құжаттық жазбадан тұрмайды, сонымен бірге көркемдік-эстетикалық заңдылықтарға бағынады. Осы тарауда «Бабырнаманың» поэтикалық табиғаты жан-жақты қарастырылып, мәтіннің көркемдік жүйесін анықтайтын түрлі теориялық аспектілер талданды.

«Бабырнаманың» поэтикалық құрылымы – дәстүрлі түркі прозасының және авторлық мемуар жанрының тоғысында туған көпқабатты көркем жүйе. Баяндаудың бірінші жақтан берілуі, хронотоптық кеңістік алгоритмі, лирикалық деталь, табиғат поэтикасы, жанрлық синтез және авторлық бағалау стилі шығарманың көркемдік қуатын арттырып, оны әлем әдебиетіндегі бірегей ескерткішке айналдырады. Ал шығармадағы Ферғана, Самарқан, Кабул, Үндістан хронотоптары – Бабыр тұлғасының рухани эволюциясын көрсететін көркем кеңістік. Бұл құрылым «Бабырнаманы» әлемдік мемуар әдебиетінің ең бірегей үлгілерінің қатарына қосады.

2.2 З.М. Бабырдың кейіпкер портретін бейнелеудегі психологиялық аспектілері

Әдеби шығармадағы бейнелеу құралдары – оның көркемдік болмысын айқындайтын басты поэтикалық тәсілдердің бірі. Олар оқырманның шығарма жөніндегі әсерін күшейтеді, қабылдау үдерісін жүйелейді, тарихи жағдайдың мәнін ашуға, сюжеттің өрбуін айқындауға, кейіпкер бейнесін толықтыруға қызмет етеді. Көркем мәтін құрылымында бейнелеу құралдары әртүрлі қырынан көрініс табады. Мәселен, белгілі бір нысанның басқа заттардан дараланатын ерекшелігін көрсету үшін айрықша сипат беретін сөздер қолданылады. Кейде ұқсастыру тәсілі арқылы нақтылыққа қол жеткізіледі. Ал өмірдегі жағымсыз құбылыстарды тікелей көрсету орнына ирония қолдану дәстүрі де бар. «Бабырнамада» бейнелеу құралдары арқылы жазушы жеке тұлғалардың, географиялық аймақтардың, табиғат көріністерінің бейнесін жасап, оқырманда тарихи ассоциациялар туғыза алады. Бұл ерекшелік шығарманың қабылдау үдерісін жандандырып, әсерлілігін арттырады.

Захириддин Мұхаммед Бабыр «Бабырнама» шығармасында қалалар мен ауылдардың суретін, оқиғалар барысын, соғыс-қақтығыстарды қарапайым баяндап қана қоймай, оларды көркем бейнелеу құралдары арқылы жеткізеді. Осы арқылы шығарманың оқырманға түсінікті болуын қамтамасыз

етеді. Сондай-ақ мемлекет басқару жүйесінің өкілдері – уәзірлер, бектер, тарихи тұлғалар, жазушы, әдебиетші, музыкант, шабандоз, суретші және басқа да адамдардың қызметін сипаттауда бейнелеу тәсілдерін орнымен қолданған. Нәтижесінде олардың портреттері мен мінез ерекшеліктері оқырманның көз алдына анық елестейді. «Бабырнама» – тарихи, ғылыми, философиялық, географиялық, мемуарлық, биографиялық сипатқа ие аса ауқымды шығарма дедік. Сонымен бірге онда барлық маңызды қырларды біріктіріп, олардың әсерін күшейтетін ортақ ерекшелік бар. Ол – «Бабырнаманың» көркем шығарма екендігі. Осы тұрғыдан алғанда, әрбір көркем туындыдағы басты көркемдік бейнені айқындаушы маңызды құралдардың бірі – портрет.

Әдебиеттану терминдер сөздігінде [117] портрет дегеніміз (франц. portrait – бейнеленген) – әдеби кейіпкердің сырт көрінісін, кескін-кейпін, бой-тұлғасын суреттеу. Кейіпкердің мінез-бітімін, характерін неғұрлым толық ашып көрсету үшін оның портретін мүсіндеудің де үкен мәні бар. Сондықтан кейіпкердің характерін әртүрлі жағдайда, күрес-тартыс үстінде оның басқа адамдармен қарым-қатынасы, өзінің әрекет-қимылдары, істеген істері арқылы айқындай отырып, жазушы портреттік сипаттауға да көңіл бөледі. Жазушы негізгі қаһармандардың келбетін, бой-тұлғасын, жүріс-тұрысын, сөйлеу мәнерін есте қаларлықтай етіп, әсерлі бейнелеуге мән береді [117, б.270].

Бейнелеу өнерінде де, көркем әдебиетте де портреттің атқаратын міндеті – шынайы өмірді және көркем образды үйлестіре көрсету. Сондықтан портрет белгілі бір логика мен заңдылыққа бағынуы шарт. Портрет (фр. portrait – бейнелеу) 1. кейіпкердің сөз арқылы суреттелген сыртқы келбеті (бейнесі, тұлғасы, киімі, бет-жүзінің ерекшеліктері, дене қимылы мен қозғалыстары, мінез-құлқы); 2. Белгілі бір адамның өмірі мен қызметін кеңінен баяндайтын деректі немесе мемуарлық очерк те шартты түрде портрет деп аталады (мысалы, «Танымал адамдар өмірі» сериясындағы еңбектер). Сондай-ақ әдебиет сыншылығында жазушының өмірі мен шығармашылығын сипаттайтын әдеби-сын жанры «әдеби портрет» деп аталып, тәжірибеде қысқаша «портрет» түрінде қолданылады [129, б.226].

М. Тұраров «Қазақ әдебиетіндегі әдеби портрет: ерекшелігі, маңызы, сипаттамасы» атты мақаласында: «Әдеби портрет ұғымының аясы кең. Оның көркем шығармадағы кейіпкерлердің, әдеби қаһарманның сырт бейнесі, көрік-келбетін білдірумен қатар, мемуарлық шығармалардағы сөз болып отырған кейіпкердің, нақты өмірде болған адамның сипатын беретін де қасиеті зерттеліп келеді. Мұнда қаламгер көбінесе әдеби портрет арқылы өзімен қоян-қолтық араласып жүрген, сыралғы серікке айналған адамның өзі таныған мінез болмысын, кейіп-көрінісін ақиқаттан ауытқымай қағаз бетіне түсіреді», – дейді [130, б.247]. Портрет – көбіне эпикалық шығармаларда қолданылатын, композицияның маңызды элементтерінің бірі және кейіпкер бейнесін, сипатын ашуға қызмет етеді. Әдебиеттануда портреттің статикалық және динамикалық түрлері ажыратылады. Статикалық портрет – автор бір

кейіпкерді қимылсыз күйінде сипаттайтын тәсіл. Яғни бет-бейнесі, киімі, дене бітімі, қасы-көзі, сыртқы түрі өзгермейтін кадр сияқты беріледі. Негізгі мақсаты – кейіпкердің тұрақты болмысын, мінезінің негізгі штрихтарын көрсету. Динамикалық портрет – кейіпкердің сыртқы келбетін қозғалыс үстінде, әрекет арқылы ашатын тәсіл. Мұнда автор адамның жүруі, сөйлеуі, қимылдауы, дауыс мәнері арқылы оның ішкі мінезін көрсетеді. Бұл портреттің екі түрі де әдебиетте характер ашудың классикалық құралы. Статикалық – «кім екенін» көрсетсе, динамикалық – «қандай адам екенін» дәлелдейді [131].


«Портреттің ең негізгі сипаты – оның психологиялық портретке айналуында. Психологиялық портрет жазушыға кейіпкердің сыртқы бейнесі арқылы оның рухани дүниесін ашуға көмектеседі», – дейді [132, б.25]. «Бабырнамададағы» портреттердің басым бөлігі статикалық сипатқа ие, бұл «Бабырнаманың» көркем туындыдан гөрі тарихи деректілікке жақындығын айғақтайды. Алайда кейбір тұстарда екінші типтің белгілері де көрініс табады.

З. Ахметов «Жазушы бір не бірнеше оқиғаны суреттеу арқылы кейіпкерлердің характерін, мінез-бітімін айқын айтып көрсетуі ықтимал. Мәселе кейіпкерлердің іс-әрекетін бейнелеу арқылы, мінез-сипатын нанымды түрде көрсетуде. Неғұрлым кейіпкерлердің характерлері, бейне-тұлғасы дараланып, әсерлі көрінсе, соғұрлым шығарманың сюжеті тиянақты аяқталғандай сезіледі», – дейді [117, б.313]. Автор кейіпкерлерді белгілі бір тарихи оқиғаға, жеке көзқарасына немесе шежірелік тегіне байланысты сипаттағанда, олардың портретін қысқаша штрихтар арқылы береді. Мұндай тәсіл оқырман санасында бейненің толық қалыптасуына ықпал етеді. Қысқа сипаттамалар динамикалық өрістеуге ие болмаса да, психологиялық элементтерден мүлдем ада емес. Сондықтан мұндай портреттер кейіпкердің ішкі әлемін ашуға да қызмет етеді. Сондықтан Захириддин Мұхаммед Бабыр портрет жасауда адамның сыртқы бейнесімен ғана шектелмей, оның рухани болмысын да назарға алады. Ол еңбектегі тұлғаларды тек жағымды қырынан емес, олардың кейбір мінездік кемшіліктерін де көрсетуге тырысады. Бұл тұрғыдан алғанда, портреттік сипаттамалардың шынайылығы мен бейнелеу құралдарының дәлдігі автордың көркемдік шеберлігін дәлелдейді. Мысалы, әкесі Омар Шейх мырзаның мінезі туралы: «Өте жомарт еді, мінезі де жомарттығындай болатын еді. Жарқын мінезді, көп сөйлейтін, шешен және тілі тәтті кісі еді. Батыр және ер мінезді кісі еді... Елдерді жаулап алушылық уайымынан көбіне татулық – ұрысуға, достық – дұшпандыққа ауысып тұратын еді» [17, б.30]. Яғни әкесінің жомарт және сөзшеңдігін айта отырып, достықты дұшпандыққа ауыстыра алатын тұрақсыз, сабырсыз адам екенін де жазады.

Сонымен қатар Захираддин Мұхаммед Бабыр адамдардың портретін сипаттағанда, ең алдымен, олардың иманына, тақуалығына және исламның үкімдерін орындауына қарай оң немесе теріс баға беріп, осы мәселе бойынша өзінің берік көзқарасын білдіреді. Мысалы, әкесі Омар Шейх мырза туралы:


«Қанапия мәзһабты, таза сенген кісі еді. Бес уақыт намазын тәрк қылмайтын. Өмірінде қазаларын түгендеген. Көп уақытын құран оқумен өткізетін», – дей келе, тағы бірде «Бұрынғы кездерде көп ішімдік ішетін еді, кейінірек аптада бір не екі рет ішетін болды. Кейінірек есірткіні көбірек қолданатын еді. Есірткіден кәйіп болған кездері миы істемей қалатын еді. Жетімнің жебеушісі еді. Өмір қасіретін көп көрген, ұдайы нард ойнайтын еді, кейде құмар ойнап тұратын еді», – деп суреттейді [17, б.29-30]. Көріп отырғанымыздай, Бабыр өз еңбегінде адамдарды мінезіне не іс-әрекетіне қарап айыптамайды, салыстырмалы талдау да жасамайды. Әр кейіпкерін жеке тұлға ретінде қалай бар солай суреттеп көрсетеді. Байқап қарасақ, әкесінің қандай адам болғанын бүкпесіз оқырманына жеткізіп тұр.

Психология ғылымдарының кандидаты, доцент Аслонов Илхом Низомовичтың «Бабырнама» еңбегіндегі тарихи тұлғаларға тән жағымды және жағымсыз психологиялық қасиеттерге зерттеу жұмысында салыстырмалы талдау жасаған [133, б.370]. «Сурет 1» көрсетілгендей Бабыр Омар Шейх мырза және оның 12 әмірі туралы тарихи деректермен бірге оларға психологиялық сипаттамалар береді. Диаграммада келтірілген жағымды және жағымсыз психологиялық қасиеттерді салыстыратын болсақ, 7-де жағымды қасиеттері жағымсыз қасиеттерінен басым болған, 5-де жағымсыз қасиеттер басымдылық көрсетсе, 1-де екеуі тең түскен. Осы тұста Сұлтан Үсейін мырзаға және оның әмірлеріне берілген сипаттамаларды талдау да назар аудартады.



Сурет 1 – Омар Шейх мырза мен әмірлеріне берілген оң және теріс сипаттамалар

«Сурет 2» бойынша Сұлтан Үсейін мырзаға және оның әмірлеріне жалпы саны 31 адамға берілген сипаттамалар көрсетілген. Мұнда жағымды қасиеттері басымы – 22, жағымсыз қасиеттері басымы – 5, тең нәтиже көрсеткендері – 4. «Сурет 2» сәйкес Бабырдың өз шығармасында жеке тұлғаны бағалауда әділ, бейтарап болуға тырысқанын көруге болады. Сондай-ақ жағымсыз қасиеттердің салыстырмалы түрде көп болуы Бабырдың мінезінің айналасындағыларға да, өзіне де өте талапшыл болғандығын көрсетеді.



Сурет 2 – Сұлтан Үсейін мырза мен әмірлеріне берілген оң және теріс сипаттамалар

Сұлтан Үсейін мырзаның әмірлері туралы деректерге сүйенсек, есімдері аталған кейбір адамдар туралы егжей-тегжейлі ақпарат береді, кейбіреулерінің бір немесе екі қасиеті туралы айтылады және олардың кейбіреулерінің есімдері ғана тізімделеді. Демек, Бабырда Сұлтан Үсейін мырзаның айналасындағы билер туралы Омар Шейх мырзаның әмірлеріне қарағанда табиғи түрде аз мәлімет болғаны білінеді. Дегенмен бұл деректер Сұлтан Үсейін мырзаның және оның айналасындағылардың өмірі мен мінез-құлқы туралы толық әсер қалдыруға жеткілікті. Сұлтан Үсейін мырзаның билерінің қасиеттерін бағалай отырып, олардың жеңістеріне қызғанышпен қарап, билердің арасында мырзаға адал адамдар, білікті қолбасшылар мен жауынгерлер көп екенін айтады. Бабыр әмірлер мен қолбасшыларға баға бергенде ең көп айтылатын тағы бір қасиет – олардың жауынгерлік

қасиеттері, жүргізген шайқастары мен шайқаста жеткен жеңістері [134, б.277].

Бабырдың психологиялық дүниетанымын талдау барысында біз оның кейіпкерлерді үш қырдан – тұлғалық, әлеуметтік (қоғамдық) және әскери психология тұрғысынан ашатынын байқадық. Ең алдымен, қаламгер шығармашылық жұмысқа кіріскенде де, дерек жинау барысында да адам табиғатына терең үңіледі. Ол кейіпкердің іс-әрекетін, мінезі мен ішкі ерекшеліктерін жан-жақты зерттеп, әр детальға мән береді. Өйткені тарихи-көркем туындыдағы басты нәтиже – белгілі бір дәуір адамының жан әлемін айқын, шынайы әрі көркем түрде жеткізу. Автор үшін типтік мінездер, ортаға тән құндылықтар, кейіпкердің ішкі толғаныстары мен мақсат-мұраттары – оқырманға дәуір рухын сезіндіретін негізгі тетіктер. Шығармадағы алғашқы деректер (мысалы, хижраның 899 жылындағы оқиғалар), Бабырдың әкесі Омар Шейх мырзаның тұлғасы мен оның маңындағы әмірлердің болмысы – барлығы да туындының мазмұнын байытып, тарихи суреттің анық шығуына мүмкіндік береді. Автор кейіпкерлердің мінез-құлық ерекшеліктері мен моральдық-психологиялық сапаларын көрсетіп қана қоймай, сол сипаттардың шығарманың құндылығын, тартымдылығын күшейтетінін дәлелдейді [134, б.277].

Екіншіден, жазушының әлеуметтік (қоғамдық) психологияға көзқарасын айрықша атап өткен жөн. Бабыр өз еңбектерінде адамды тек жеке тұлға ретінде емес, белгілі бір әлеуметтік орта мен топтың өкілі ретінде қарастырады. Ол отбасы, ру-тайпа, кәсіби қауым, аймақтық бірлестік, ұлт сынды түрлі әлеуметтік топтардың мінез-құлық моделін көркем тілмен бейнелейді. Әр өңірдің тұрмыс-тіршілігін сипаттай отырып, сол қоғамды қозғап тұрған саяси-әлеуметтік процестердің табиғатын ашуға тырысады. Жазушы үшін бұл тек баяндау емес – қоғам дамуының бағытын түсінуге, әлеуметтік топтардың мінезін тануға, тіпті оларды басқарудың тиімді жолдарын белгілеуге бағытталған талдау. Мысалы, «Үндістан мемлекеттері кең халқы мол, өнімі көп уәлаят болып орныққан», – дейді [17, б.302]. Бұл жерде Бабыр елдің ауқымын да, қоғамның құрылымын да бір тұтас жүйе ретінде сипаттайды. Басқа бір тұста ол: «Әндіжан тұрғындарының бәрі түркілер. Қалада да, базарда да түрікше сөйлемейтін адам ұшыраспайды. Халықтың ауызекі сөзі әдеби тілінен айырғысыз. ... Әндіжан тұрғындарының көпшілігі сұлу келеді; атақты сауықшыл, жырдың перісі Қожа Жүсіп те әндіжандық» [28, б.21]. Ал Шегірек тайпасын суреттегенде: «Әндіжан уәлаятының көшпенділерінің бірі – Шегірек тайпасы. Олар қалың жұрт. Бес-алты мың шаңырақ ел. Олар Ферғана мен Кашғар арасындағы тауларда тұрады. Олардың жылқылары көп, қойлары қалың сан. Ол тауларда сиыр орнына қодас өсіреді. Қодас молынан бар еді. Таулары берік және шекарада болғандықтан мал өткізу дәстүріне ие емес», – дейді [17, б.54].

Үшінші бағыт – әскери психология. Бабыр билеуші әрі қолбасшы ретінде әскер мінезін, жауынгердің психологиялық бейімін, қабілетін, темпераментін, эмоциясын өте жақсы зерттеген. Әрбір шайқастың артында

жауынгердің рухы, басшының шешімі, ұжымның ұйымшылдығы тұрғанын дәл көрсетеді. Әскердің дайындығы, тәртібі, саяси сергектігі, ішкі бірлігі – мұның бәрін Бабыр оқиға желісінде үнемі саралап отырады. Мәселен, ол бір эпизодта «Хұсрау шаһтың інісі Уәлі өзеннен өткен кісілердің үстіне бармаққа ынталанса да, Сұлтан Мәсуд мырза Уәлидің жауы Бақи Шағаниаңнан жүрексініп, өзеннен өткен кісілердің үстіне бармады. Содан Сұлтан Мәсуд мырзаның әскери тобы бытырап, Һисар (Хисар) жаққа қарай бет алды», – деп Сұлтан Мәсуд мырзаның қорқақтық танытып, өзеннен өткен жасаққа қарсы шыға алмағанын айта келе, басшылықтағы әлсіздіктің әскердің шашырауына әкелгенін көрсетеді [17, б.57]. Керісінше, Гәрдиз жұртының батылдығын суреттегенде: «Гәрдиз жұрты мықтылықтан кенде емес. Гәрдиз жұрты Насыр мырзамен шайқасқанда мырзаны әжептәуір әбігерге салды», – дей келе олардың жауға қарсы қайсар мінезін, айлакерлігін, ұрыс тәсілдерін ерекше бағалайды [17, б.172]. Сонымен қатар Бабыр «қазақ жігіттерінің» ержүректігін, батылдығын бірнеше жерде ерекше ықыласпен жазады. Мысалы, «Әндіжан мен Ош өңірінде де қазақ жігіттер әйиарлықпен тынбай шабуылдап, жылқыларын айдап, кісілерін өлтіріп, қатты әлсіреткен болатын», «Төлен қожа атты барынның ер, бетке ұстары қазақ жігіттерден еді. Әкем Омар Шейх мырза жанашырлық қылып еді, қазір де жанашыр болып жүр. Мен өзім тәрбиелеп, бек қылып едім. Ғажап ер және қазақ жігіт еді. Жанашырлыққа лайықты еді», – деп олардың шапшаңдығын, соғыс тәсіліндегі шалт қимылдарын, қайсарлығын атап өтеді. Төлен қожа сияқты ер тұлғаларды еске алып, қазақ жігіттерінің ішінен шыққан батырларды мақтанышпен сипаттайды [17, б.149].

Захираддин Мұхаммед Бабыр «Бабырнамада» бірқатар тұлғалардың бейнесін жеке дара сипаттап, олардың әрқайсының мінездік ерекшеліктерін, ішкі психологиялық болмысын нақты келтіреді. Автордың назарындағы өзі атап кеңінен тоқталған, негізгі тұлғалар мыналар:

1. Омар Шейх**.** Бабыр әкесі Омар Шейхті тек тарихи дерек көзі ретінде емес, мінезі айқын, шешім қабылдауда өзіндік ерекшелігі бар күрделі тұлға ретінде танытады. Оның адамгершілігі, билікті ұстау тәсілі, ашық-жарқын немесе кейде қатаң мінез көрсетуі секілді сипаттары арқылы әкенің ішкі дүниесін ашады.

2. Сұлтан Ахмет. Сұлтан Ахметтің бейнесі де психологиялық қырынан көрінеді. Бабыр оның іс-әрекеті мен сөздерінен билікке деген ұмтылысы, табандылығы немесе әлсіз тұстары байқалатынын меңзейді. Автор оның саяси мінезін, шешім қабылдау әдебін, айналасындағылармен қарым-қатынасын талдап көрсетеді.

3. Сұлтан Махмұт. Сұлтан Махмұттың тұлғалық келбеті Бабырда бірнеше аспектіде ашылады: оның мінезіндегі құбылмалық, кейде батылдығы, кейде құлықсыздығы, келісімге бейімдігі сияқты қасиеттері психологиялық тұрғыда сараланып беріледі. Әсіресе оның билік пен отбасы арасындағы тепе-теңдікті ұстауға ұмтылысы айқын көрінеді.

4. Байсұңқар. Байсұңқардың бейнесін бергенде Бабыр оның рухани ерекшеліктеріне көбірек көңіл бөледі. Оның мінезіндегі өжеттік, кейде асығыстық немесе батырлыққа тән тік мінез ерекшеленеді. Автор Байсұңқардың шешімдері мен қадамдары арқылы оның ішкі күйін, ойлау жүйесін ашады.

5. Сұлтан Үсейін. Сұлтан Үсейіннің тұлғасы да психологиялық жағынан тереңдетіліп көрсетілген. Оның сабырлылығы, кей тұстарда күмәншілдігі, кейде батылдыққа бара алатын қасиеті Бабырдың сипаттауында айқындалады. Билеушілікке тән шешімдері, айналасымен қарым-қатынасы арқылы оның жан дүниесі ашылады.

Аталған кейіпкерлердің бейнелері тарихи оқиғалардың аясында беріліп, олардың қоғамдық рөлі мен мінез-құлқы авторлық портреттік штрихтар арқылы нақтыланған. «Бабырнамада» кейіпкерлердің портреттік сипаттамасы олардың сыртқы бейнесі мен ішкі болмысын қатар ашуға бағытталған. Соның айқын үлгісінің бірі – жоғарыда атап өткен әкесі Омар Шейх мырзаның портреті. Бұл бейне классикалық әдебиеттегі тарихи проза дәстүрінде қалыптасқан билеуші әрі әке тұлғасының көркем нұсқасы ретінде көрінеді. Автордың баяндауында Омар Шейх мырзаның сыртқы кескіні мен мінез-құлқы мынадай сипатта беріледі: «Қысқа бойлы, тік сақалды, ақ құба жүзді, жалқау кісі еді. Өте тар тон киетін. Сондықтан қарнын ішке тартқан түрде, белдікпен қабаттап байлап тастайтын еді. Байлаған соң қарнын еркінсіп қоя берсе қомпиып, белдігі ашылып кете беретін еді. Кимек пен жемекте немқұрайлы еді. Сәлдесін орағанда мыж-тыж болатын еді. Сосын қызметкерлері қыртысын жатқызып орап беретін еді. Ол кездері бәрі сәлделерін төрт қайыра етіп орайтын еді. Жазда кеңес отырыстардан басқа уақытта моғол бөрік киіп жүретін еді», – дейді [17, б.29].

Бұл сипаттамалардан бірнеше маңызды тұжырым жасауға болады. Біріншіден, «бойы аласа» тіркесі арқылы Омар Шейхтың ортадан төмен бойлы болғаны аңғарылады. Екіншіден, тонға байланысты детальдар оның бойы аласа болғанымен, кең иықты, мығым тұлғалы адам екенін дәлелдейді. Үшіншіден, «тік сақалды, ақ құба жүзді» деген сипаттамалар оның түркі антропологиясына тән бет-әлпет ерекшеліктерін көрсетеді. Сонымен бірге сәлде мен бөрікке қатысты деректер Омар Шейх мырзаның мемлекеттік істерде дәстүрлі салтты ұстанып, ресми жағдайда сәлде кигенін, ал тұрмыстық ортада қарапайым моғол бөркін тағатынын айқындайды. Ас пен киімге талғамсыз қарауы оның қарапайым, кең мінезді тұлға екенін айғақтайды. Осы сипаттамалардың барлығы мәтіннің лингвомәдени қырын ашып қана қоймай, Омар Шейх мырзаның жеке тұлға ретіндегі даралығын – сыртқы келбетін, ішкі болмысын, мінез ерекшеліктерін және қимыл-қозғалыс, әдет-қылықтарын нақты бейнелеуге қызмет етеді.

Бабыр портрет жасауда өз дарынын, көркемдік тәжірибесін және шеберлігін толықтай көрсете алған. Осы арқылы ол өзіне қан жағынан өте жақын тарихи тұлғаның бейнесін жанды әрі толыққанды түрде сомдайды. Бабыртанушы ғалым Саидбек Хасанов бұл жөнінде: «Тарихи тұлғалардың

бейнесі мен қасиеттерін суреттегенде автор оларға шынайы көзқараспен қарайды, олардың өмір сүру салты мен жағдайына сүйене отырып, мінез-құлқының ең маңызды қырларын барынша анық әрі ықшам тіркестермен жеткізуге тырысады», – деп жазады [135, б.25]. Бабыр кейіпкерлеріне портреттік сипаттама бергенде, оқырман олардың қандай адам болғаны жөнінде айқын түсінікке ие болады. Тарихи дерек көркемдік элементтермен, портреттік тәсілдермен соншалықты үйлесімді берілгендіктен, оқиға көз алдымызда жандана түседі. Бабыр туысқан ағасы, яғни әкесінің ең үлкен ағасы Сұлтан Ахмет мырзаның портретін былайша суреттейді: «Түр-келбеті: Ұзын бойлы, шоқша сақал, қызыл шырайлы, етжеңді, жалқау кісі еді. Екі жағында сақалы жоқ еді. Өте әңгімешіл кісі еді... Мінезі мен қылығы: таза сенімдегі қанапия мәзһабтағы кісі еді. Бес уақыт намазын қаза қылмастан өтеп жүретін еді. Ішімдік ішкен кездерінде де намазын қылатын еді. ...Өте әдепті еді. Адал кісі еді. Уәдесі мен берген сөзіне адал еді» [17, б.40-41].

Бейнелеу құралдарының негізгі қызметтерінің бірі – портреттің штрихтарын нақты әрі қарапайым сипатта беру. Осындай көркемдік детальдар мен мазмұндық жүк оқырманға бейнені толық сезінуге мүмкіндік береді. Мәтіндегі «шоқша сақал, қызыл шырайлы» деген тіркес арқылы кейіпкердің бет-бейнесі көз алдымызға келеді. Автордың портрет жасаудағы шеберлігі – кейіпкердің бейнесін шынайы беру болса, оған көркемдік реңк беру – бейнелеу құралының қызметі. Мұндай тәсіл кейіпкерлердің мінез-құлқын және олардың іс-әрекетін суреттеп қана қоймай, олардың адами болмысын да айқындайды. Назар аударсақ, Бабыр Сұлтан Ахмет мырзаның бойының ұзын әрі тұлғалы, етжеңді екенін баса айтады. Сонымен бірге сақалды тек иек астында қою дәстүрі оған ерекше айбат бергенін атап өтеді. Автор әкесіне де, Сұлтан Ахмет мырзаға да қатысты қолданған «жалқау» анықтамасына арнайы тоқталу қажет. Себебі өзбек тілінде Порсо Шамсиев пен Содиқ Мирзаевтың аудармасында Сұлтан Ахмет: «баланд бўйлуқ, қунқор соқоллиқ, қизил юзлук, танбал киши эди», – делінген [136, б.43]. «Танбал» сөзі бұл жерде толық, етжеңді мағынасында қолданған. «Науаи шығармалары сөздігінде»: «танбал – 1. Жалқау, еріншек; 2. «Семіз, толықша» деп түсіндіріледі [137, б.402]. Біздіңше, бұл сөздің бірінші мағынасы (жалқау) аталмыш тұлғаларға сай келмейді. «Бабырнамадағы» мәліметтерден Омар Шейх пен Сұлтан Ахмет мырзалардың жауынгер, дәуірінің алдыңғы қатарлы қолбасшылары болғанын білеміз. Әскери қабілет пен соғыс өнері биік бағаланған Бабыр заманында жалқау адамның тақ иесі болуы мүмкін емес. Демек, Бабыр қолданған «жалқау» (танбал) сөзі олардың толықша, ірі денелі, мығым тұлғалы екенін білдіреді. Себебі Байұзақ Қожебекұлы аудармасында дәл осы сөзді Омар Шейх портретінде «толықша» деп аударса, Сұлтан Ахмет портретінде «етжеңді» сөзін қолданған.

Омар Шейх мырзаның бейнесіндегі сияқты, Бабыр Сұлтан Ахмет мырзаның портретінде де сәлде деталіне айрықша назар аударады: «Сәлдені ол замандағы дәстүр бойынша орап, түйінін қасы үстіне қоятын». Мұнда оқырман сол дәуірдегі аристократияға тән киім мәдениеті жайында маңызды

мәлімет алады. Омар Шейх мырзадағы сәлде деталімен салыстыру арқылы осы мәдени-тарихи элементтің ортақ сипатын аңғаруға болады. Жазбадағы «ол замандағы дәстүр бойынша» деген түсініктеме осы ойды қуаттайды. Сонымен қатар автор Сұлтан Ахмет мырзаның аңшылық және әскери шеберлігі, мінезіндегі жауынгерлік қырлары туралы да айтады: «Ол садақты өте жақсы тартатын еді. Шоғырланған құстарға атқан оғы көп ретте дәл тиетін еді. Аң алаңында тізіліп тұрған асқабақты бір жағынан бастап, соңғы қатардағысына дейін атып шығатын. Соңғы кездері еріккеннен қырғауыл мен бөденені сақпанымен атып түсіретін еді» [17, б.39]. Бұл жерде кейіпкердің садақ атудағы қабілеті бейнеленіп отыр. Мәтіндегі «қырғауыл», «бөдене», «асқабақ», «сақпан» сияқты сөздердің барлығы – тарихи лексикаға тән бейнелеу құралдары. Әрқайсысы кейіпкердің белгілі бір қырын танытуға қызмет етеді. Сұлтан Ахмет мырзаға тән мұндай аңшылық шеберлік Науаидың «Сабаи Сайяр» дастанындағы Иран патшасы Баһрамның бейнесін көз алдыңызға елестетеді. Иран патшасы туралы аңыз оқырманды оқиғаның өмірлік негізі бар екеніне сендіреді. Осы тұста ғалым Р.Бердібай «Сәбғай Сайер» («Жеті жолаушы») поэмасында шайыр адам мінезіндегі қайшылық диалектикасын ашады. Дастан қаһармандарының бірі – Баһрам шаһ бойына түрлі сипаттар қатар дарығанын көрсету, мінездің іші-тысын қабат суреттеу тамаша поэтикалық табыс еді», – дейді [138, б.374].

«Науаи шығармаларының сөздігінде» әскери жаттығу құрылғысы асқабақ ретінде сипатталған: «1. Асқабақ – көкөніс. 2. Садақпен атып машықтану үшін ұзын ағаштың ұшына орнатылған нысана («асқабақ ойынында»); Бұл сөз таза түрік лексикалық қабатқа жататын сөз. Ол дәуірде әскерлер, қолбасшылар (әскер бастықтары), тіпті билеушілер де асқабақ ойыны арқылы әскери дағдыларын жетілдірген. «Бабырнаманың» жалпы мәтінінде кездесетін бейнелеу құралдарының негізгі бөлігі әскери лексикаға қатысты сөздер жүйесі негізінен өзіндік қабат құрайды» [137, б.92].

Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады, «Бабырнамадағы» түркі этносына қатысты тарихи тұлғалардың портретін бейнелеуде қолданылған бейнелеу құралдары тарихи-лексикалық әрі көркем-семантикалық жүйеде өзіндік қабатты құрайды. Шығармадағы бұл ерекшелік төрт қырынан маңызды:

1. «Бабырнама» арқылы тарихи түркі тілінің ерекшеліктерін тереңірек түсінеміз;

2. Бейнелеу құралдарының ұлттық тіл негізінде қалыптасу жолдарын айқынырақ байқаймыз;

3. Шығармадағы тарихи тұлғалар туралы нақты әрі кеңірек түсінік аламыз;

4. Көркем портрет жасаудағы түркі дәстүріне тән тарихи-поэтикалық мүмкіндіктерді бағамдаймыз [134].

Мәтінде келтірілген «сақпан» секілді әскери лексикаға тән бейнелеу детальдары кейіпкердің әскери ортада өмір сүрген тұлғалық портретін айқынырақ ашуға қызмет етеді. Бабыр Сұлтан Махмұт мырзаның портретін

былай суреттейді: «Түр-келбеті: қысқа бойлы, сирек сақалды. Жалқау және зердесіз кісі еді. Мінез-құлқы: мінезі жақсы еді, намазын қаза қылмайтын. Басқаруда, тәртіпте өте мұқият еді. Әр істің ғылыми жүйесін жақсы білетін» [17, б.48]. Б. Қожабекұлы аудармасында: «Орта бойлы, ұзын селдір сақалды, тұйық мінезді, етжеңді адам болатын. Адамгершілігі, іс-әрекеті жосықты еді, намазды құр жібермейтін, ал ел басқаруы, тәртіп орнатуы жоғары дәрежеде болатын. Есеп ғылымына жүйрік болатын, оның рұқсатынсыз бір дархем, бір динар жұмсалмайтын...» [28, б.47]. Автор небәрі бір сөйлемде кейіпкердің сырт келбетін ғана емес, мінездік ерекшелігін де дөп басып жеткізген. «Селдір сақалды» деген сипаттама оның антропологиялық тұрғыдан моңғол қауымына жақындығын меңзейді. Қазіргі әдеби тілімізде бұл тіркес «сирек сақалды» деп айтылады, яғни бетінде түгі аз өсетін ер адамды білдіреді. Ал «қысқа бойлы, орта бойлы» және «етжеңді» деп келуі оның да Омар Шейх сияқты төртпақ, мықты денелі адам болғанын көрсетеді. Сөйлем ішіндегі «зердесіз кісі еді» деген сипаттама ерекше назар аудартады. Сонымен бірге бұл сөз адамның психологиялық сипатын да білдіріп, онша байыпты емес, ойға тұрақтамайтын, немқұрайлы мінезді адамға қатысты айтылған. Халық тіліндегі «бейқам» тіркесі осыған жақын келеді.

Жалпы, портрет жасаудың түрлі тәсілдерін әр жазушы өз идеялық мақсаты мен стиліне қарай қолданады. Шебер жазылған портрет кейіпкердің толыққанды бейнесін ашып, оның рухани әлемін көркем талдауға мүмкіндік береді. Бабыр Сұлтан Махмұттың әлеуметтік және мемлекеттік басқарудағы қызметіне де қысқаша сипаттама береді. Осы сипаттамасы арқылы кейіпкердің портреті айқынырақ, толыққанды ашыла түседі. Мысалы: «Жиындар, сыйлықтар, қонақасы мен мемлекеттік қабылдауда өте жақсы орындалатын. Барлығы заң мен ереже бойынша өткізілетін. Оларды бір жүйе мен тәртіпке қойып еді», – деген жолдардан оқырман кейіпкердің тағы бір қырын таниды [17, б.48]. Демек, Бабыр Сұлтан Махмұт мырзаның жомарт, қолы ашық, дастарқаны кең адам болғанын қысқа әрі дәл бейнелейді. Сонымен бірге, «жиындар, сыйлықтар, қонақасы мен мемлекеттік қабылдау» оның салтанатты, жомарт билеуші екенін айқын көрсетеді. Ал «жүйе мен тәртіп» сөзі оның қарапайым халықпен байланысын және ұқыпты (пунктуальный) адам екенін аңғартады. Бұл арқылы Бабыр Сұлтан Махмұт мырзаның басқару ісінде де жомарт, кеңпейіл, сонымен қатар заң мен ережеге қатаң мән бергенін көрсетеді. «Барлығы заң мен ереже бойынша өткізілетін» деген сөйлем осыны дәлелдейді. Жалпы алғанда, Бабыр өз кейіпкерлерінің бейнесін айшықтауда қысқалық, нақтылық, бейнелі сөздер, төл түркілік лексиканы орнымен қолдану сияқты поэтикалық, тарихи, лингвистикалық және халықтық құралдарды ұтымды пайдаланған. Мұның бәрі Бабыр прозасына тән жоғары шеберлікті аңғартады. Шығармасында тарихи, көркемдік әрі халықтық портрет жасау қағидаттары тоғысқанын анық байқаймыз.

Бабырға арналған барлық маңызды зерттеуде оның әділдігі және өзгелерге қатысты шынайы, реалистік көзқараста болғаны айрықша атап

өтіледі. Бұл пікірге қосылмау мүмкін емес. Шын мәнінде Бабыр жақындарына тән теріс қылықтарды да жасырмай айтқан, ал қарсыластарының жақсы қасиеттерін де әділ түрде көрсетуден тартынбаған. Ол ешқашан қарсыласына қатысты әділетсіз позиция ұстанбаған, барды – бар, жоқты – жоқ күйінде баяндаған. Біздің ойымызша, мұндай объективтілік, біріншіден, оның мұсылмандық сенімнен, ислам этикасына негізделген тәрбиеден шыққандығын, екіншіден, табиғатынан тік мінезді, жомарт әрі әділ болғанын көрсетеді.

«Бабырнамада» автор өзінің әлеуетті қарсыласы Шайбани хан туралы кеңінен тоқталады. Қажет жерлерде оның жақсы қырларын да атап өтеді. Сонымен қатар оның қателіктерін, орынсыз әрекеттерін ашық көрсетеді. Соның нәтижесінде Шайбани ханның портреті оқырман алдында біржақты емес, жан-жақты қырынан айқындалады. Мысалы, «Шайбани хан Гератты алғаннан кейін шаһзаданың бала-шағасына әңгіртаяқ ойнатты, оларға ғана емес, бүкіл халыққа қасірет шектірді. Қысқа өмірдегі аз күнгі қызыққа бола жарамсыз қылыққа, дөрекілік іске барды. Шайбани ханның Нераттағы ең алғашқы тұрпайы ісі: арамзалық пиғылмен, өш алмақ қара ниетпен Хадиша бикені зинақорлықпен бұзылған Шаһ Мансұр Бахшиға зорлатқызып, қорлатты» [28, б.240]. Шайбани ханның мына іс-әрекеті жауын жеңген соң, оның үрім-бұтағы мен халқының күл-талқанын шығарып азаптайтынын Бабыр әдемі суреттеп береді. Бұл жайында жапон ғалымы Эйджи Мано да пікір білдіріп, Бабырдың әрбір суретті анық, дәл жеткізуге тырысқанын атап өтеді [139, б.23].

Академик Сұлтан Иззаттың пікірінше: «Портретті екі жолмен жасауға болады: кейіпкердің сыртқы бейнесін шығарманың басында-ақ толық сипаттау немесе шығарма барысында детальдар арқылы оқырман санасында біртіндеп бейнені қалыптастыру. Көркем шығармада адам бейнесін жасауда ең маңыздысы – оның ішкі жан дүниесі. Сондықтан кейде кейіпкердің сыртқы келбетін мүлде сипаттамау да мүмкін» [140, б.68]. Яғни Бабыр Шайбанидің сыртқы келбетін сипаттамаса да, оның іс-әрекеті арқылы кейіпкерге динамикалық портрет жасайды.

«Бабырнамада» Сұлтан Үсейін Байқараның туғаны мен тегі, сырт келбеті мен мінезі, әдет-ғұрпы мен соғыстары, билігі, әулеті мен отбасы туралы мәлімет беріледі. Алайда бұл тек атақты тұлғаның өмірбаяны емес. Тарихи деректерге сүйенсек, Үсейін Байқара 1469 жылы ұзақ соғыстардан кейін Герат тағына отырып, елде 30 жылға жуық тыныштық орнатады. Бұл жөнінде кітапта: «Сұлтан Үсейін мырзаның туған күні мен тегі жайында: сегіз жүз қырық екіде Гератта Шаһрұх мырза заманында дүниеге келді. Сұлтан Үсейін мырзаның әкесі − Мансұр. Мансұр Байқараның ұлы, Байқара Омар Шейхтың ұлы. Омар Шейх болса Әмір Темірдің ұлы. Мансұр мырза мен Байқара мырза патшалық қылған емес. Сұлтан Үсейін мырзаның анасы Фируза бегім Әмір Темірдің немересі болған. Сұлтан Үсейін мырза Мирашаһ мырзаның да немере жиені болған еді. Сұлтан Үсейін мырза екі жақтан да текті еді. Бекзат патша еді. Олар бірге туған екі ұл, екі қыз еді. Байқара мырза,

Сұлтан Үсейін мырза, Әка бегім және Ahмет ханға тұрмысқа шыққан Бәтке бегім» [17, б.179]. Мемлекетті басқару барысында Сұлтан Үсейін мәдениет, ғылым мен әдебиеттің дамуына ерекше көңіл бөлген. Бұл тарихи дерек «Бабырнамада» былайша бейнеленеді: «Сұлтан Үсейін мырзаның заманы ғажап заман болды. Оның заманында Хорасан, әсіресе, Герат қаласында ғалымдар мен теңдесі жоқ тұлғалар молынан болды. Әр адам бір іспен айналысып жүретін еді. Адамдардың бар ынтасы мен мұраты бір істі кемеліне жеткізіп орындау-етін» [17, б.197]. Бұл жолдардан автордың Сұлтан Үсейіннің білімді қауымға деген шексіз құрметін аңғарамыз. «Әркімнің бір істі кемеліне жеткізетіні» деген сипаттама тарихи шындықты ғана көрсетіп қоймай, СұлтанҮсейін бейнесіне қосымша сипат береді. Өйткені әділ, елін сүйген билеуші болмаған жерде мұндай жағдай болуы мүмкін емес. «Білімді, теңдесі жоқ тұлғалардың Хорасанда, Гератта тұруы» туралы мәлімет те оның портретін айқындай түсетін ерекше сипат. Шындығында, Сұлтан Үсейін өзі де көптеген артықшылыққа ие тұлға болған. Өнер мен ғылым иелерін қолдаушы, сарайында мәжілістер ұйымдастырып, өнер иелеріне қамқор болған билеуші ретінде даңққа бөленген.

Шетелдік бабыртанушы У. Эрскин де Бабырдың осындай қасиеттерін жоғары бағалайды. Оның пікірінше: «Бабыр бір адам жайында сөз қозғағанда, оның келбеті, киімі, талғамы мен әдеттерін сондай шынайы суреттейді, біз сол адамды өмірде көргендей, онымен бірге өмір сүргендей әсер аламыз. Бабыр өзі көрген елдердің табиғатын, климатын, тұрмысын, өнері мен шаруашылығын, сәулет ескерткіштерін соншалықты толық сипаттап берген, арнайы саяхатшылардың өзі мұндай толық сурет бере алмас еді» [141, б.19]. Сұлтан Үсейінге қатысты портретте: «қиық көзді, арыстан денелі, кіші бойлы еді. Белінен төменірек жіңішке еді. Егде тартқан ақсақал болған жасында шырайлы, қызыл-жасыл түстен жібек киім киетін. Қара қозы терісінен бөрік немесе қалпақ киетін. Айт намазда кішілеу үш оралған селдені тәп-тәуір ширатып үкі тағып намазға баратын еді» [17, б.185]. Бұл сипаттамада автор тарихи кейіпкерге тән үш қырды айрықша атап өтеді:

1. Көз, бет-әлпет пен дене бітімі;
2. Киім кию мәдениеті;
3. Жасына байланысты өзгерістер.

Мәселен, кейіпкердің қиық көзі оның түркі-барлас тегінен шыққан нағыз Темір әулетінің өкілі екенін көрсетсе, «арыстан денелі» деген теңеу оның батырлығын, жорықтарда шыңдалғанын меңзейді. Белінен төменгі жағының жіңішкелігі – оның нағыз сымбатты, келбетті адам болғанының дәлелі. Үсейін Байқараның көбінесе қара қозы терісінен жасалған бөрік киіп, сәнді сәлдені тек мерекелік жағдайда тағуы, оның даңғазадан алыс, қарапайым іс адам болғанын байқатады. Ал ақ сақалды күйінде де сымбатын сақтауы оның қартайған шағында да осы сипаттарынан айырылмағанын білдіреді.

Автор Байсұңқар мырза портретін: «Түрі мен келбеті: көзі үлкен, жалпақ беті, орта бойы, түрікмен жүзді, жұмсақ мінезді жігіт еді. Мінез-

құлқы, әдет-жүрісі: ол әділетті, адамдық қасиетті, жұмсақ табиғатты, парасатты шаһзада еді. Оның ұстазы шиит Сейіт Маһмұт болған, осы себептен Байсұңқар мырза да жиіркеніште еді. Кейінірек Самарқандқа ондай иман қағидадан бас тартып, пәк сенімді болған деседі. Ол өте шарапқорлыққа берілген еді, шарап ішпеген кезде намаз оқитын еді», – дейді [17, б.89]. Көрнекті мысалдарға қарап отырып, Бабырдың әрбір тарихи тұлғаны бейнелеуде сыртқы мүсін мен ішкі болмысты шебер қабыстырғанын көруге болады. Ол адамның түр-тұлғасын да, мінез өрнегін де ықшам да дәл беріп, көркемдік элементтерді, таза түркі сөз өрнегін, тарихи және интернационалдық сипаттарды орнымен қолдана отырып, портрет жасаудың жоғары деңгейін көрсетеді. Бұл – Бабыр прозасының өзіндік дара стилін айқын танытатын белгілердің бірі.

Осылайша, автор тұлғаның портретін бейнелеуде статикалық және динамикалық сипаттарды ұштастыра отырып, оқырман көңіліне толыққанды әсер қалдырады. Мұнда портрет жасаудың басты қағидаларының бірі – тарихи шындықты нақты бейнелеу анық көрінеді. Кейіпкерлердің сыртқы бейнесі, бет әлпеті, дене бітімі, сондай-ақ динамикалық қырлары – көзқарасы, мимикасы, жүріс-тұрысы, тіпті персонаждың киімі де портреттің бір бөлігі. Портреттің табиғи белгілері оқырманға оның ұлты мен әлеуметтік тегін алғашқы әсерде-ақ сездіреді, тіпті киім үлгілері, жүріс-тұрыс ерекшеліктері де үлкен рөл атқарады.

«Әр кейіпкер немесе әрбір мағыналы сюжет психологиямен астарласып жатады. Себебі табиғаттың төл туындысы – адамның көңіл күйі, ой-толғаныстары, болмыс-бітімі төңірегінде нақты материалдық құбылыстар құпиясын түсінуге ұмтылу, оларға қарсы іс-әрекет іздестіру немесе бүкіл тіршілік схемасын объективті стихияларға бейімдеу деңгейіне байланысты» [142, б.147].

«Бабырнама» кейіпкерлеріне берілген психологиялық мінездемелерді саралай отырып, автордың назарын қандай адамдық қырлар көбірек өзіне тартқаны анық байқалады. Біріншіден, ол адамның ішкі болмысын ашатын жомарттық, асыл тектілік, жоқшылықта да адамдық қасиетін жоғалтпау, сондай-ақ жауыздық, тойымсыздық, екіжүзді әрекет, айла мен салғырттық сияқты моральдық-психологиялық сипаттарды жіті бақылайды. Екіншіден, Бабыр ерік-жігерге қатысты батылдық пен қайсарлықты, еңбекке адалдықты, тәртіпке мойынсұну немесе керісінше күдер үзу секілді қасиеттерді де ерекше атап өтеді. Үшіншіден, қарым-қатынас мәдениетін белгілейтін сыпайылық, сөзге шешендік, әзіл-қалжыңға бейімділік секілді қырлар да оның назарынан тыс қалмайды. Төртіншіден, кішіпейілділік пен қарапайым мінез, тапқыр ойлауға қабілеттілік, кей жағдайда жағымпаздыққа бейімділік немесе қаталдық сияқты сипаттар да әр тұлға бейнесінде көрініс табады.

Автордың адамдарға деген көзқарасы олардың өмірден өткенін баяндау кезінде айқын сезіледі. Қатардағы адамдар туралы жазғанда ол «өлді», «дүниеден өтті», «ажалы жетті» сияқты бейтарап тіркестерді қолданады. Ал өзі ерекше құрметтеген тұлғаларға қатысты «Тәңірінің рақметіне қауышты»

сөз тіркесін қолданады. Бабыр бұл тіркесті барлығы 14 рет қолданғанымен, оның ішінде 11 рет аса қадір тұтқан адамдарға, оның ішінде Құдайберді Теміртас, Әлішер Науаи және бірнеше жақын туыстары Құтлық Нигар ханым, Мәһсума Сұлтан бегім және тағы басқалары туралы айтқанда қолданады. Мысалы, «Екінші қызы – менің анам Құтлық Нигар ханым еді. Ол көптеген қазақылықтар мен аласапыран кездерде менімен бірге жүретін еді. Кабулды жаулағаннан бес-алты ай соңыра тоғыз жүз он бірінші жылы тәңірінің рақметіне қауышты» [17, б.33].

Көріп отырғанымыздай, «Бабырнамадағы» портрет бейнелері кейіпкердің сыртқы келбетін, психологиясын, қимыл-қозғалысын, ым-ишарасы мен мимикасын жан-жақты сипаттайды. Мұның бәрі Бабырдың көркемдік талғамы жоғары, аса дарынды ақын, өмір құбылыстарын терең бақылаушы тәжірибелі суреткер, адам психологиясын жіті зерттеген психолог болғанын көрсетеді. Сонымен қатар кейіпкерлер портреті тарихи принципке сүйене отырып суреттелген. Бұл ұстаным тарихи тұлғалардың бейнесін шынайы әрі дәл бейнелеуге мүмкіндік берген.

2.3 «Бабырнамадағы» кейіпкер характерін ашудағы көркемдік амалдар

«Бабырнама» мәтінінде көптеген тарихи тұлғаның (темірлік әулет билеушілері, әскери шенеуніктер, ғылым мен өнер өкілдері, ақындар мен шығармашылық иелері) бейнелері мен қасиеттері, мінез-құлықтары, іс-әрекеттері мен қызмет ерекшеліктері бейнелеу құралдары арқылы шебер ашылып көрсетілген. Бабыр тарихи тұлғалардың мінезіндегі ең маңызды қырларын шынайы, нақты әрі ықшам түрде бейнелеген. Шығарма авторы бейнелеу құралдары «Бабырнама» мәтінінде образдардың мінезін ашуда ерекше орынға ие екенін атап өтеді.

Характер – көркем шығарманың тұтастығын қамтамасыз ететін маңызды поэтикалық бірлік. Көркем портрет, негізінен, кейіпкердің сыртқы келбеті жайлы түсінік қалыптастырса, мінез оның ішкі дүниесін, шығарманың сюжеттік дамуы мен басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасын айқындайтын негізгі құрал қызметін атқарады. Тек көркем портрет пен характер үйлесім тапқанда ғана кейіпкер болмысы толық ашылады. Осы арқылы шығарманың әсер ету күші, эстетикалық құндылығы, практикалық және тәрбиелік маңызы арта түседі.

Әдебиет теориясында характер мәселесі аса салмақты зерттеу нысандарының бірі саналады. Бұл жайтқа Аристотельдің «Поэтика» еңбегінде-ақ айрықша назар аударылған. Грек ғұламасы өз еңбегінде характердің төрт маңызды қырын атап көрсетеді:

1. Характер иесінің жақсы әрі нақты мақсатқа немесе жаман әрі теріс мақсатқа ие болуы;
2. Характердің кейіпкердің өз болмысына сәйкес келуі;
3. Характердің шынайылығы;
4. Характердің жүйелілігі [143, б.17].

Академик Зәки Ахметов: «Характер (әдеби характер) – көркем шығармадағы кейіпкердің мінез-бітімі, ой-сезімі дүниесіне тән психологиялық, моральдық сипат ерекшеліктері. Әдеби характер адамның өмірдегі мінез, қимыл-әрекет өзгешеліктерін жинақтап, екшеп, типтік дәрежеге көтеріп, сомдап бейнелеу арқылы жасалады. Сондықтан оны жекелеген қасиет-сипаттардың қосындысы деп санамай, солардың бірлік-тұтастығы, синтезі деп қараған жөн», – деп анықтама береді [117, б.302].

Әдебиеттану сөздігінде характерге мынадай анықтамалар беріледі: «Характер (гр. Character – белгі, ерекше қасиет, өзіндік ерекшелік сөздерінен шыққан) – көркем шығармада индивидуалдық сипаттарға негізделе отырып, жан-жақты толық жасалған адам бейнесінің кемел түрі»; сондай-ақ «…әдеби характер – белгілі бір дәуір мен орта адамына тән ең маңызды жалпы қасиеттерді жеке адамға тән дара сипаттармен үйлестіре тоғыстырған адам образы. Әдеби характер өз бойына объективті және субъективті қырларды біріктіреді», – деп түсіндіріледі [144, б.398].

Зерттеуші Ш. Ботирова характер туралы: «Характер – белгілі бір адамға тән темперамент, талғам, көзқарас, қылық; белгілер мен қасиеттерді бойына жинақтаған даралық. Бұл жағдай былайша түсіндіріледі: адам өмірде сан алуан қарым-қатынас пен байланыстарға түскенде, оның санасы мен мінезінде сол қарым-қатынас пен байланыстарға сәйкес қырлар қалыптасады», – деген пікір білдіреді [131, б.37]. Белгілі болғандай, «Бабырнамада» тарихилық, мемуарлық және биографиялық сипаттар маңызды орынға ие. Дегенмен мұндағы кейіпкерлердің мінездері көркем таза шығармалардағы бейнелерден еш кем емес. Тіпті кейбір тұстарында ерекше айырмашылықтары мен артықшылықтары бар. «Бабырнамадағы» мінездердің басты ерекшелігі – түркі классикалық прозасына тәндігі және шынайы кейіпкерлердің бейнесіндегі көркем бояудың айқындылығы. Сонымен қатар автордың мінезді сипаттаудағы нақтылық, ықшамдылық және детальдарды ұтымды қолдануы ерекше назар аудартады. «Бабырнамадағы» кейіпкерлер жүйесін байқау олардың жоғарыда аталған анықтамалар мен аксиомаға айналған қағидаларға толық сәйкес келетінін, кей тұстарда тіпті оларға жаңашыл сипат енгізетін қырларға ие екенін көрсетеді. «Бабырнамада» кейіпкерлер характері айқын әрі түсінікті түрде берілген, әрбір суретте келтірілген деректер оқырманда таңданыс тудыруы мүмкін екенін үнді ғалымы Сантану Мондал да өз зерттеуінде атап өтеді. [145, б.54]. Шығармада тарихи оқиғалардың дамуында маңызды орын алған Омар Шейх, Құсайын Байқара, Сұлтан Ахмет, Хұсрау шах, Байсұңқар мырза сынды тұлғалардың келбеті, тегі, рухани болмысы, мінез-құлқы, адамдарға қарым-қатынасы, мәдени деңгейі, қызметі мен тағдыры баяндалу арқылы олардың мінез ерекшеліктері кең ашылады. Автордың бұл кейіпкерлерге қатысты әділ әрі шынайы ұстанымы олардың характерлік логикасының өзіндік даралығын қамтамасыз еткен.

«Бабырнамаға» тән оқиғалылық, табиғат, жан-жануарлар мен жансыз дүниенің бейнелерін натуралистік тұрғыда суреттеу – тарихи тұлғалардың

мінезін айқындауға бағытталған авторлық бейнелеу тәсілдерінің бірі. Осы тұста бабыртанушы өзбек ғалымы Х. Құдратуллаевтың мына пікірін қоса кеткіміз келеді: «Бабыр адамдардың мінез-құлық қасиеттерін суреттегенде теңеу, метафора, ауыспалы мағына және басқа да көркемдік тәсілдерді артық қолдануды құп көрмеген: оқиғалар қысқа, жинақы, тарихи тұрғыда нақты бейнеленген». «Бабырнама» мәтініндегі бейнелеу құралдарын қарастырғанда, автордың оларды қолдануда «алтын орта (үйлесім)» қағидасын ұстанғанын байқаймыз. Ешбір теңеу, метафора немесе ауыспалы мән шамадан тыс қолданылмайды. Бұл тәсілдер кейіпкер мінезін бейнелеудегі ықшамдылыққа, нақтылыққа және шынайылыққа нұқсан келтірмей, керісінше, олардың айқын әрі әсерлі көрініс табуына мүмкіндік береді», – дейді [146, б.31].

З.М. Бабыр бейнелеген образдардың тарихи және әлеуметтік орнын біз төмендегі жіктеу негізінде қарастыруға тырысамыз:

Билеушілер бейнесі – Ұлықбек мырза, Омар Шейх мырза, Байсұнқар мырза, Сұлтан Үсейін, Сұлтан Махмұт, Сұлтан Ахмет, Шайбани хан және басқалар;

Әмірлер бейнесі – Дәруіш Әли, Мұхаммед Мұрындық барлас, Жаһангир барлас, Ноян бек, Мәулана Шейх Хұсайын, Зуннун Арғын және басқалар;

Дін қайраткерлерінің бейнесі – Хожа Убайдулла Ахрар, Мір Сарбархана, Кемаледдин Үсейін Газүргаһи және басқалар;

Әскери қызметкерлер бейнесі – Мұхаммед Дулат, Дұст Насыр, Қасымбек және басқалар.

«Бабырнамада» Байсұнқар Мырзаның бейнесі төмендегідей суреттеледі: «Ол әділетті, адамдық қасиетті, жұмсақ табиғатты, парасатты шаһзада еді» [17, б.86]. Алдымен, бұл сөйлемде Бабыр Байсұнқар Мырзаның әділ билеуші екенін атап өтеді. «Әділетті» сөзі арқылы ол барлық Темір әулеті билеушілері сияқты әділдікті ұнататынын көрсетеді. «Адамдық қасиетті, жұмсақ табиғатты» деген тіркесте Байсұнқар Мырзаның жоғары ақыл-парасатқа ие, қарым-қатынас мәдениеті жоғары, өнерді сүйетін тұлға екенін білдіреді. «Парасатты» деген сипаттама оның жай ғана адам емес, патша ретінде айналасындағы адамдар мен қарапайым халыққа пайда мен жақсылық әкелгенін, атқарған істерінің игілікті болғанын көрсетеді. Сонымен қатар Бабыр оның көңілді және ізгі ниетті тұлға болғанын да сипаттайды. Келесі сөйлем Байсұнқар Мырзаның бейнесін одан әрі толық түсінуге көмектеседі: «Ол өте шарапқорлыққа берілген еді, шарап ішпеген кезде намаз оқитын еді. Жомарттық пен тарту жасауда ұстамды болған» [17, б.86]. Бұл сипаттамалардың барлығы жоғарыда атап өткен Аристотельдің «Поэтика» еңбегінде келтірілген көркем кейіпкерге қатысты төрт негізгі қағиданы өз бойына жинақтайды. Егер оның шарап ішуі туралы мәліметті есепке алмасақ, бұл сипаттамалар Байсұнқар Мырзаның ізгі мақсатты, патшаға лайық және шынайы кейіпкер екенін дәлелдейді.

Орыс әдебиеттанушысы Н. Драгомирецкаяның айтуынша, жазушы характер жасауда түрлі тәсілдерді қолдануы мүмкін:

1) Бір топ жазушылар көркем характер ерекшеліктерін кейіпкер сөзі арқылы береді;

2) Кейбірі образдың белгілі бір затқа қатынасын көрсету арқылы мінез ашады;

3) Үшіншілері бейнені табиғат аясында суреттеу арқылы характер жасауға тырысады [147, б.132].

Бабыр өз кейіпкерлерінің мінез-құлқын салыстыру, теңеу және әсірелеу негізінде жан-жақты ашып көрсетеді. Мысалы, «Бабырнамада» Байсұңқар Мырзаның жазу өнері, көркем безендіру және шығармашылық шеберлігін былайша сипаттайды: «Насталық жазуы өте жақсы болған, сурет салуда да қолы жаман емес еді. Өлеңді де тәуір айтатын еді, ақындықта «Адели» лақап есімі болған, өлең жинағын шығаруға өлеңдері жеткіліксіз болған. Самарқандта Байсұңқар мырзаның ғазалдары кеңінен таралғаны соншалық – мырзаның өлеңдері болмаған бір үйдің болмауы кемде-кем болған» [17, б.86]. Бабыр Байсұңқар Мырзаның ақындық шеберлігін атай отырып, Самарқанда оның ғазалдары өте танымал болғанын және оның өлеңдері жетпеген үй қалмағанын дәлел ретінде келтіреді. Бұл Бабыр кейіпкерлеріндегі шынайылықтың тағы бір мысалы бола алады.

Бабыр билеушілердің тұрмыс-салты мен әдеттерін салыстыру арқылы да олардың мінез-құлқына тән қырларын бейнелейді. Мысалы, «Бабырнамада» Сұлтан Үсейін Байқараның 36 әмірі, Омар Шейх мырзаның 13 әмірі, Сұлтан Ахмет Мырзаның 11 әмірі, Сұлтан Махмұт Мырзаның 6 әмірі болғаны айтылады. Бұл ақпарат зерделі оқырманға осы билеушілердің қайсысы құдіреттірек, қайсысы салтанатты өмірге көбірек құштар екенін түсінуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ Бабыр әрбір әмір туралы қысқаша да болса ақпарат береді. «Бабырнама» мәтініндегі әмірлер бейнесінің ішінде Зуннун Арғынның кейіпкерлік сипаттамасы өзіндік ерекшелігімен дараланып тұрады. «Нағыз ержүрек адам еді. Сұлтан Әбу Сайд Мырзаның жанында жүрген кезінде жақсы қылыш шапқан».

Зуннун Арғынның батырлығы мен қылышпен шайқасу шеберлігін автор «нағыз ержүрек адам» эпитеті арқылы бейнелейді. Бұл және басқа да көркемдік құралдар Зуннунның жағымды қырларын көрсетеді. Келесі үзіндіде: «Жетпіс-сексен адаммен бірге бұл өңірде ең жақсылар қылыш шапты. Аз ғана адаммен қалың Хазара мен Нақдариді ең жақсылар басып алды», – делінген [28, б.97]. Бұл үзіндіден Зуннун Арғынның соғыс ісінде өте шебер екені анық көрінеді. «Хазара мен Нақдариді көп адам қолға түсіре алмаған» деген сөйлемде бұл жерлерді жаулап алу көпшілік үшін қиын болғанын, ал Зуннун Арғынның ерекше қабілетімен ерекшеленгенін және бұл саладағы өзгелерден үстемдігін көрсетеді. Алайда Бабыр бұл кейіпкердің тек жақсы жақтарын ғана сипаттап қоймай, оның «жағымсыз» қырларын да шынайы түрде бейнелейді: «Оның батырлығына сөз жоқ. Бірақ сәл жындылау адам еді» [28, б.97]. Бұл жерде батырлық пен ақылсыздық салыстыру әдісі арқылы қатар беріледі. Көп мақтауға лайық қасиеттерге ие адамның аздап ессіздігі (жындылығы) бар екені оқырманды таңғалдырмайды.

Керісінше бұл кейіпкердің шынайылығына сенімді күшейтеді. Шынында да халық арасында «Батырдың есі жоқ» деген сөз бар. Бұл кейіпкер бейнесін жасауда Бабыр тек бақылау және баяндау тәсілін ғана емес, психологиялық талдау әдісін де қолданғанын көрсетеді. Бабыр келесі бір сипаттауда: «Зуннун Арғын сараң адам болса да, оған жақсы қызмет қылды. Бір сыйлық жасағанда қырық мың қой тарту етті», – дейді [17, б.65.]. Яғни сараң адам болса да, Сұлтан Әбу Сайд Мырзаға адал, жақсы қызмет еткенін оқырманға осылайша түсіндіреді.

Академик Сұлтан Иззат: «Кейіпкерлер жасау – жазушының адам психологиясын білуі және оны суреттей алуы арқылы жүзеге асады» [140, б.98] – деп атап өткен. Осыған сәйкес «Бабырнама» мәтінінде уәзірлер бейнелерінің сипатталуы да ерекше орын алады. Бабыр уәзірлердің мінез-құлқын бейнелеуде эпитет, теңеу және салыстыру сияқты көркемдік құралдарды кеңінен қолданады. Бұл тәсіл оқырманның шығарманы қабылдауын жеңілдетеді және кейіпкерлердің бейнесін айқын әрі есте қаларлықтай етіп жасайды. Мысалы, тарихи тұлғалардың бірі Мәулана Шейх Хұсайын бейнесі кеңірек суреттелген: «Хикмет пен логика және қалам ілімін жақсы білетін еді» [17, б.167]. Бұл сипаттамадан Шейх Хұсайынның философия, логика, фиқh пен ақида ілімдерін терең меңгерген, өз дәуірінің кемел ғалымы болғанын байқаймыз. Тағы бір жерде ол жайлы: «Аз сөзбен көп мағына беріп, ойды мұқият жеткізу оның жаңалығы еді», – дейді [17, б.167]. Мұнда Шейх Хұсайынның ауызша және жазбаша ой жеткізуде теңдессіз шешен, өзіндік стилі бар ғалым болғаны аңғарылады. «Жаңалық» сөзі оның тыңнан жол салған, жаңашыл ғалым екенін дәлелдейді. Бабыр Шейх Хұсайынның мемлекеттің барлық маңызды ісіне қатысы болғанын ерекше атап көрсетіп, «мухтасиб» (діни және дүниелік бақылау қызметі) лауазымы туралы былай дейді: «Жалпы мемлекет істерінің барлығында оның қатысы бар еді. Есеп-қисапты одан жақсы атқарған кісі болмаған» [17, б.167]. Бұл сипаттама Шейхтың жоғарыда аталған қасиеттерінен бөлек, адал экономист болғанын да көрсетеді және оның елдің әлеуметтік-экономикалық өміріндегі орнына назар аударады.

Мамандардың пікірінше: «Бабырнамада» жазушы адамдардың мінез-құлқын баяндағанда да, олардың өмірлік оқиғаларға, адамдармен қарым-қатынасына көзқарасын сипаттағанда да, олардың негізгі ерекшеліктерін оқиғалар аясында көрсеткенде де көркем ықшамдыққа, нақтылыққа, тілдің қарапайым, көркем және әсерлі болуына ерекше назар аударған» [148]. Бұл пікірлер біздің жоғарыда айтқан ойларымызды растайды. Бабыр Кемаледдин Үсейін Газүргаһи туралы айтқанда: «Ол өзі сопы болмаса да, сопылық жолында еді», – дейді [17, б.193]. Бұл сипаттаманың мәнін түсіну үшін «сопы» және «сопылық жолы» ұғымдарының айырмашылығын білу қажет. Е.Э. Бертельс өзінің «Сопы және сопылық әдебиет» атты зерттеуінде «сопы» мен «сопылық» терминдерінің түбегейлі айырмашылығы бар екенін атап өткен. Оның пікірінше, «сопы» – сопылық ілімді теория мен тәжірибеде біріктіретін, яғни теорияны өмірінде толық жүзеге асыратын тұлға.

Ал «сопылық» – сопылықтың тек теориялық жағына қанағаттанатын адам [149, б.86]. Бабырдың бұл екі ұғымды (сопы мен сопылық) ажыратып көрсетуі бізге кейіпкердің мінезін нақтырақ түсінуге көмектеседі. Нәтижесінде, Кемаледдин Үсейін Газүргаһи сопылық теориясын терең меңгермегенін байқауға болады. «Бабырнамада» келтірілген мына сипаттама да Кемаледдин Үсейін Газүргаһиге қатысты: «Әлішер бектің төңірегінде соншама сопылар жиылып, зікір айтып, би билеп, ән салатын еді. Олардың көбісінен осы Кемаледдиннің тегі тәуірлеу болғаны үшін оны құрметтеуінің басты себебі болған. Басқа бір пәлендей дейтіндей абыройы болмаған» [17, б.193]. Бұл жерде автор салыстыру әдісін қолданады. Яғни Кемаледдиннің тегі басқаларынан тәуірлеу болғаны үшін басқалар оны сыйлайтынын айтады. Бабыр Газүргаһидің еңбегіне де баға береді: «Ол Сұлтан Үсейін мырзаға арнап «Ғашықтар мәжілісі» атты бір шығарма жазған. Өте босаң, көбісі жалған да мәнсіз, әдепсіз сөздермен жазылған. Тіпті оның жазғанына қарап кейбіреулер оны кәпір ме деген күдікте болды. Өйткені бірталай пайғамбарлар мен әулиелерді қияли ғашықтар қатарында атап, әрқайсысына сүйікті жар қосып қойған» [17, б.193]. Мұндай бағалау Газүргаһидің бейнесінің кейбір жағымсыз қырлары айқын ашып береді. Шығармаға берілген «босаң», «жалған», «мәнсіз», «әдепсіз» деген анықтамалар оның қоғамда қабылданбаған, сыналған көзқарастарды кітап қылып шығарғанын көрсетеді. Алайда бір таңқаларлығы осыған қарамастан, кітап жарияланған. Ең үлкен сын – Бабырдың ойынша, Камаладдин Газүргаһидің жалған мадаққа бейімдігі, адамдар жайлы шынайы дерек бермеуі еді: «Бұл бір ғажап алдатпа дүние болды. Кітаптың алғы сөзінде Сұлтан Үсейін мырза өзімнің жазғаным және авторымын деп жазып қойыпты. Және кітап арасында Кемаледдин Үсейіннің ғазал өлеңдерін келтіріп бәрінде «авторы Кемаледдин Үсейін» деп көрсеткен. Оған мәз болып, масайған Кемаледдин Үсейін Зуннун Арғын «Алла арыстаны» лақап есіміне ие болған» [17, б.193]. Мұнда Бабырды ашуландырған нәрсе – «Алла арыстаны» теңеуі. Себебі Зуннун Арғынның Газүргаһидің өлеңдерінде «Алланың арыстаны» деп сипатталуы Бабырдың әділдік өлшемі бойынша шындыққа қайшы, яғни орынсыз әрі әдепсіз құбылыс деп бағаланады.

«Бабырнамадағы» кейіпкерлер сипаттамасында көптеген эпитет, антитеза (қарама-қарсы қою), метафора, метонимия сынды бейнелеу құралдарын кездестіреміз. Бұл, әрине, мәтін мазмұны мен образдар мінезін ашып көрсетуде маңызды рөл атқарады. Бұл туралы Сұлтан Иззат: «Көркем шығармалардың көркемдік тұрғыдан кемел шығуында эпитет, теңеу, метафора, метонимия, гипербола сияқты бейнелі-экспрессивті құралдар да белгілі бір қызмет атқарады. Жазушылар мұндай арнайы тәсілдер арқылы суреттеп отырған құбылыстардың кейбір қырларын не белгілерін анық әрі ықшам бейнелеуге қол жеткізеді. Әрбір құбылысты суреттегенде, автор оның нақты жағдайда маңызды саналатын қырын бөліп көрсетеді», – деп жазады [140, б.57]. Ғалым айтқан бұл ерекшеліктер «Бабырнамадағы» Қасымбектің сипаттамасынан да айқын көрінеді. Мысалы, Бабыр Қасымбек туралы былай

дейді: «Ол мұсылман, діндар, тақуа кісі еді. Күдікті тағамдардан сақтанатын еді. Парасат-пайымы өте жақсы еді. Көп қалжыңдайтын еді. Сауатсыз бола тұра байыпты, нәзік кісі болатын» [17, б.36]. Бұл үзіндідегі «мұсылман», «діндар», «тақуа» деген сөздер оның қатты дін ұстанатынын көрсетеді.

Б. Қапасова «Бабырнамадағы діни сарындар» атты мақаласында: «Бабырнамада сомдалған әр кейіпкердің мінезі тек діни сипатпен бейнеленеді. Оны мынадай жолдан көруге болады: «Омар Шейх мырза ханифит жолын тұтатын, діншілдігі берік еді. Бес уақыт намазын мұқият орындамағанымен, соның орнын толтырамын деп құран оқумен болатын», – дейді [150, б.52]. Шынында да Бабыр өзі сипаттайтын кейіпкердің діни сауаттылығы мен діни ұстанымдарына міндетті түрде арнайы тоқталып өтеді. Сөйлемнің жалғасындағы «күдікті тағамнан сақтанатын» деген тіркес оның шариғат талаптарына қатаң және тұрақты түрде бағынатын кемел мұсылман екенін түсінуге мүмкіндік береді. Келесі сөйлемде кездесетін «сауатсыз» сөзі «оқу-жазуды білмейтін» деген мағынаны білдіреді. Алайда соған қарамастан, Қасымбек құрметке лайық адам болған. Ал Қасымбектің құрметке ие болуының себебі, қадірлі болуының себебі – бойындағы «діндарлық» және «тақуалық» қасиеттері. Бабыр өзі мұсылман және шығармашыл тұлға ретінде осы қасиеттерді жоғары бағалайды және дәріптейді. Кейіпкердің әзілге жақындығы мен талғаммен қалжыңдай білуі оның тақуалық қасиетімен үйлесіп, мінезінің асқақ көрінуіне қызмет етеді. Қасымбектің мінезін суреттеудегі автор шеберлігі жайында айтар болсақ, автор кейіпкерлердің мінезін бейнелеуде олардың әрбір әрекетін мұқият бақылау әдісін қолданады.

Кейіпкердің мінезін сипаттауда автор антитеза (қарама-қарсы қою) әдісін жиі қолданған. Олардың жағымды немесе жағымсыз қасиеттерін көрсетумен қатар, олардың мамандықтары, қабілеттері және қай салада шеберлік көрсете алатынына дейін сипаттайды. Мысалы, Қасымбек туралы Бабыр былай жазады: «Өмірінің соңғы кездерінде билігі мен беделі артты және өксімеді. Мәрт кісі еді. Бір мәрте Касан өңірін шапқан өзбектің артынан барып жайпап тастаған. Омар Шейх мырза қасында қылыш сермеп жүрген-ді. Иасы кешіті (өткелі) ұрысында да жақсы шабысты» [17, б.11]. Қасымбектің жаңқияр жауынгер екенін көрсету үшін оның қылыш шеберлігін ерекше атап өтеді. Оның ержүректілігі мен батылдығы үшін Бангиш өлкесін сыйға тартқанын да баяндайды: «Һазара түркімендерін Қош шатқалында шапқанымда Қасым бек кәрілігіне қарамастан, жігіттерден тәуірірек ұрысқаны үшін Бангаш уәлаятын жүлде ретінде сыйладым. Кейін Кабулға келгенде Һұмаюнға атабек (тәрбиеші) қылдым» [17, б.36]. Бұл сипаттамадан Бабырдың автор-баяндаушыдан автор-кейіпкерге айналғанын көреміз. Қасымбекке Бангаш өлкесін сыйға тарту, оны Һұмаюнға атабек (тәрбиешісі) етіп тағайындау туралы ақпараттарда Бабырдың өзі тікелей қатысады. Дегенмен ол Қасымбекпен байланысты әрекеттерін сырттай бақылаушы автор ретінде бейтарап баяндайды. Бұл сипаттамада автор баяндаушыдан кейіпкерге айналады. Қасымбекке Бангаш өлкесін сыйға тарту, оны Һұмаюнға атабек (тәрбиешісі) етіп тағайындау туралы ақпараттарда

Бабырдың өзі тікелей қатысады. Дегенмен ол Қасымбекпен байланысты әрекеттерін сырттай бақылаушы автор ретінде бейтарап баяндайды. Көріп отырғандай, Қасымбектің батырлығын ашуда қолданылған антитеза тәсілі оның мінезін айқындауға бағытталған. Бұл жерде автор қария мен жасты салыстыру арқылы Қосымбектің жас жігіттерден де артық екенін дәлелдейді. Бұл тәсіл нәтижесінде кейіпкердің қартайғанына қарамастан, соғыс кезінде жас жігіттерден де озық болғаны айқындалады. Бұл оның марапаттар мен лауазымдарға лайық екенін дәлелдейді.

Сұлтан Ахметтің мінезі мен әдеті жайында: «Сұлтан Ахмет мырза діні жағынан ханафи де, дінге беріп, бес уақыт намазын құр жібермейтін, шарап ішкен кезінде де намазын бұзбайтын. ...Сұлтан Ахмет сондай инабатты адам-ды» десе, енді бір жерде керісінше: «Сұлтан Ахмет мырза ештеме оқымайтын, сауатсыз адам болды. Ол қалада өскенімен, қарапайым, ебедейсіз, ешқандай дарындылық қонбаған, бірақ әділ адам еді, сондықтан да Қожа ағзам оны әрқашан да бағалап жүретін», – дейді [28, б.39]. Бабыр Сұлтан Ахметті «сауатсыз, оқымаған» деп сипаттаса да, оның көбіне жағымды қасиеттеріне басымдық береді. Бабырдың «иманды», «әділ» деген бағасы таразасы басын бәрібір де басып тұрады.

Бабыртанушы М. Мирсайдуллаевтың атап көрсетуінше: «Бабыр негізді дәлелдерге сүйене отырып, кейде өмірді көркем игеруге ұмтылады. Ол тарихи оқиғаларды жалаң баяндап қана қоймай, адам мінезін, бейнесін жасау, сан алуан өмір мен табиғат көріністерін суреттеу арқылы жеткізе алады. «Бабырнама» қарапайым тарихи еңбектен көркем мемуар дәрежесіне көтеріледі. Шығарманың көркемдік ерекшеліктерінің алуан түрлілігі бізге онда адамдардың бейнесі мен сипаттамасын беруде қолданылған қарапайым да шынайы, тартымды көркем стильден, бейнелі-көркемдік құралдардың қолданылуынан айқын көрінеді» [151, б.14]. Шынында да Бабырдың жоғарыда талданған кейіпкерлерді сипаттау принциптері оның «негізді дәлелдерге» сүйенетіндігімен және шынайы өмірді көркемдікпен бейнелеуге бағытталуымен ең үздік көркем шығармалардағы кейіпкерлерден кем түспейді. Тарихи шындықтан ауытқымау, ойдан шығарылған көріністерге орын бермеу, шындық пен әділдікті сақтау принциптеріне адалдық тұрғысынан Бабырдың кейіпкерлері көптеген көркем бейнелерден де биік тұрады. Тарихи шындықтан алшақтамау, ойдан қосымшаларға жол бермеу, әділ әрі тура сөз айту принциптеріне берік болғандықтан, Бабыр сипаттаған характерлер көп жағдайда көркем әдебиеттегі ойдан жасалған бейнелерден де жоғары тұрады.

Қорытындылай айтқанда, Бабыр кейіпкердің характерін ашуда теңеу, ұқсату, сипаттау, антитеза (қарама-қарсылық), салыстыру сияқты әртүрлі бейнелеу құралдарын қолданады. Алайда ол бұл жерде өлшем сақтаудың маңыздылығын қатаң ұстанады. Көркемдік талаптарын орындау үшін шынайылық пен реализмнен ешқашан ауытқымайды. Классикалық прозадағы бейнелеу құралдарына жаңаша, реалистік рең береді. Сонымен қатар кейіпкер мінезін бейнелеудегі көркемдік сипаттарды толық сақтап

қалады. «Бабырнамадағы» Байсұнқар мырза, Кемаледдин Газүргаһи, Зуннун Арғын, Мәуләна Шейх Хұсайын, Қасымбек және басқа да бейнелер осы тұжырымдардың дәлелі бола алады.

3 «БАБЫРНАМАДАҒЫ» ТАРИХИ ШЫНДЫҚ ПЕН КӨРКЕМДІК ШЕШІМНІҢ ҮЙЛЕСІМІ

3.1 Туындыдағы тарихи деректердің көркем көрінісі

«Бабырнама» – XV-XVI ғасырлардағы Орта Азия, Ауғанстан, Үндістан халықтарының тарихын зерттеуде әлем ғалымдары үшін негізгі дереккөз қызметін атқарған шығарма. Бұл еңбек өзіндегі нақты тарихи мәліметтердің көптігі мен алуан түрлілігі, тарихи құндылығы арқылы көптеген шетелдік зерттеушінің назарын өзіне аударған. Шығармада өңір халықтары арасындағы сауда-саттық, әлеуметтік-тұрмыстық және мәдени-ағартушылық байланыстар кеңінен сипатталады.

Әдебиеттану терминдер сөздігінде [117] тарихи шындық – өмір шындығының тарихи тақырыпқа арналған шығармадағы көркемдік көрінісі. Тарихи шындыққа қоғамдық өмірдегі нақтылы құбылыстар, болған уақиғалар, өмір сүрген тұлғалар арқау болады. Тарихтың, халық өмірінің шынайы болмысын елестету арқылы өткеннің сипаты танылады. Алайда әдеби шығармадағы тарихи шындық – көркемдік бейнелеу тәсілмен берілетін өмір шындығы, яғни көркемдік бейнелеу тәсілмен берілетін өмір шындығы, яғни көркемдік шындық [117, б.319]. Ал көркемдік шындық дегеніміз – өмір шындығының жазушының ой елегінен, творчестволық көрігінен өтіп, қорытылып, әдеби шығармалардағы баяндалған, көркем суретке айналған қалпы. Көркем шындық өмірдегі шындықты кең толғап түсіну, терең сезіну, оған жазушы өз қатынасын білдіру арқылы туады [117, б.193]. Демек, тарихи шындық пен көркемдік шешім – тарихи оқиғаны бейнелеудің көркем туындыдағы екі негізгі аспектісі. Мұндағы тарихи шындық – нақты фактілерге, оқиғаларға негізделсе, көркемдік шешім – автордың шығармашылық шешімдері арқылы сол оқиғаларды әсерлі етіп жеткізуін көздейді.

Тарихшы Б.Б. Кәрібаев өзінің «Қазақ хандығы құрылуының деректері және оларға талдау» атты мақаласында: «1540-1560 жж. тарихын баяндайтын дерек мәліметтері Қазақ хандығы құрылуының алғышарттарын, барысын түсінуге, кейбір мәселелерді анықтауға жанама түрде жәрдем бере алады. Олар мыналар: З.Бабырдың «Бабырнамасы», Әбілғазының «Түрік шежіресі», Қадырғали Жалайырдың «Жылнамалар жинағы», Масуд бен Осман Кухистанидың «Тарих-и Абулхаир-хани» атты еңбегі, Шах Махмуд ибн Мырза Фазил Шорастың «Тарихы», Өтеміс қажының «Шыңғыс-намесі» тағы басқа тарихи шығармалар», – дейді [152, б.115]. «Бабырнаманың» сөз өнеріндегі және тарихтағы айрықша орнын қазіргі қазақ ғалымдары да жоғары бағалап келеді. Әсіресе әдебиетшілер мен тарихшылардың назарын аудартатын тұсы – шығармада қазақ халқының этникалық құрамына кірген дулат, жалайыр, қыпшақ секілді тайпалардан шыққан өнер адамдары мен әкімшілік тұлғалар жөнінде мол әрі құнды деректердің келтірілуі. Мәселен, Бабырдың Хасан Әлі Жалайырға берген сипаттамасы соның бір мысалы. Ол

туралы автор былай деп жазады: «Хасан Әли Жалайыр деген әкімі де болды. Оның шын аты-жөні – Құсайын Жалайыр, бірақ жұртқа Хасан Әли деген есіммен көбірек танымал-ды. Оның әкесі Әли Жалайырға Бабыр мырза қамқорлық көрсетіп, оған бек дәрежесін берді, содан кейін Жәдігер Мұхаммед Гератты алғанда, Әли Жалайырдан жоғары адам жоқ-ты. Хасан Әли Жалайыр Сұлтан Құсайын мырзаның кезінде құсбегі болды, ол ақын еді, өлеңді жазғанда Туфаил деген тахаллус есімді пайдаланатын. Қасиданы да жақсы ұйқастыратын, бір кезде сонымен атағы шыққан. Тоғыз жүз он жетінші жылы мен Самарқанды алғанымда, Хасан Әли Жалайыр маған қызмет етуге келді. Ол менің қасымда бес-алты жыл болды; маған арнап та жақсы бәйіт жазды» [28, б.104]. Сонымен қатар Бабыр шығармашылығының қазақ әдебиетіне тигізген ықпалы да зерттеушілер назарынан тыс емес. Белгілі ғалым Мекемтас Мырзахметов Бабыр мен Абай шығармашылықтарының байланысын арнайы атап көрсетіп, екі тұлғаның дүниетанымындағы сабақтастықты дәлелдермен негіздейді. Оның пікірінше, Абай «Бабырнамадағы» мәліметтердің барлығын емес, қазақ тарихына тікелей қатысы бар тұстарын ғана сұрыптап пайдаланған. Бабыр мен Жүніс ханның ұрпақтары туралы, сондай-ақ Жошы әулетінен шыққан Шайбақ хан (Шайбани хан) жөніндегі деректерді Абай өз еңбектерінде қысқа, нақты, түсінікті түрде қосымша тарихи мәлімет ретінде келтірген. Мысалы, Абайдың «Үш жүз» туралы айтқанындағы келтірген Жүніс ханның балалары – Ташкент билеушісі және қазақ ханы Ахмет жөніндегі мағлұматтар («Құмар Шаихтың баласы – белгілі Бабыр патшаның шешесімен туысқан екі ағайынды болған…») Бабыр еңбегіндегі деректермен сәйкес келеді. Ал қазақ халқының «Үш жүздің баласы» деген түсінігінің тамырын Абай халық жадында сақталған шежірелік аңыздармен байланыстыра түсіндіреді. Осылайша, «Бабырнама» қазақ тарихи санасының кейбір негізгі артерияларымен тоғысып, кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиеті мен тарихнамасының дамуына да әсер еткен рухани арналардың бірі ретінде көрінеді [73, б.3].

Захираддин Мұхаммед Бабыр саналы түрде өз өмірін, саяси өзгерістерді, қоғам тіршілігін, тұлғаларды, географиялық аймақтарды тарихи дәлдікпен сипаттай отырып, сонымен қатар көркемдік-бейнелеу құралдарын кең қолданады. Шығарма осылайша деректік мазмұн мен көркемдік интерпретацияны өзара жымдастырған күрделі мәтінге айналады. Бабырдың авторлық стилі – реалистік тарихнаманы лирикалық-поэтикалық ойлау жүйесімен үйлестіретін бірегей құбылыс деуге болады. Осыған орай, «Бабырнамадағы» тарихи шындықтың берілу ерекшеліктеріне тоқтала кетсек, ең әуелі автордың куәгерлік сипаты және автобиографиялық дәлдігін айта аламыз. Яғни Бабыр оқиғаларды тікелей өзі көрген, өзі қатысқан және соның бәрін өзінің жеке бағасы арқылы жеткізген. Бұл еңбекке деректік сенімділік береді. Мәселен, Ферғана, Самарқанд, Әндіжан, Кабул арасындағы билік үшін күрес оқиғалары Бабырдың өз саяси тәжірибесіне сүйеніп баяндалады. Мысалы, «Мен тозақты күндерден, барарға жер таба алмай сенделген азапты

күндерден енді ғана арылып, Отанымды қайырып, қолым билікке енді ғана жетті ме дегенімде, «Аузым аққа тигенде мұрным қанадының» кері келіп, адам айтса сенгісіз соққыға жығылдым. Менің негізгі сүйенішім болған Қамбар Әли моғол Әндіжанды алғаннан кейін өзінің еліне кеткен, ол менің қасымда жоқ еді» [28, б.88]. Еуропалық ориенталист Дж. Э. Бойл мен В.Бартольд те Бабырды «Өз дәуірін ең әділ жазған шығыс тарихшыларының бірі» деп бағалаған. Сонымен қатар Бабыр оқиғаларды өзі қатысқан жорықтар, келіссөздер, көрген табиғаты, араласқан адамдар арқылы сипаттайды. Сондықтан тарихи деректің шынайылығы бірнеше деңгейде айқындалады. Мысалы, ең бірінші – хронологиялық дәлдік. Оқиғалардың уақыты, мерзімдік ерекшеліктері жүйелі түрде келтіріледі. Шығарманың үш негізгі бөлімге бөлініп, әр бөлім тарауларын нақты жыл атауымен беруі де осыған дәлел. Екінші – тарихи тұлғалар тарихы. Бабыр әрбір тұлғаны саяси-әлеуметтік рөлімен байланыстырады. Үшінші – әскери-стратегиялық ақпарат. Яғни соғыс тактикасы, әскери күштің құрамы, логистикасы нақты сипатталады. Айтылған бұл белгілер еңбекті тарихи дерек ретінде жоғары бағалауға мүмкіндік береді. Мысалы, «Үндістан тұрғындарының тіршілігінде пілдің үлкен маңызы бар; оның әскерінің бір жасағында бірнеше піл болады» [28, б.318]. Яғни Бабыр Үндістанда піл соғыста қару үшін тактикалық құрал ретінде пайдаланылған жазады.

Ағылшын тарихшысы Эдвард Халлет Карр өзінің әйгілі «Что такое история?» («Тарих деген не?») [153] еңбегінде тарихи деректің табиғаты, оның таңдалуы мен интерпретациялануы, тарихшы мен фактінің өзара байланысы туралы концептуалды тұжырымдар ұсынады. Бұл теориялық қағидалар «Бабырнаманың» тарихи шындық пен көркемдік шешім арасындағы үйлесімін талдауда ерекше маңызды дер едім. Себебі Бабыр – әрі оқиғаның тікелей қатысушысы, әрі өзі баяндаушы, әрі тарихи деректі таңдап, оны өз танымына сай түсіндіретін автор. Осыған қатысты тарихшы Эдвард Халлет Карр: «Дерек (факт) өздігінен тарихқа айналмайды, оны тарихшы таңдап алған кезде ғана ол тарихи дерек болады» [153, б.19], – деген тұжырымына сәйкес, «Бабырнамада» Бабыр мыңдаған оқиғаның ішінен тек өзі маңызды деп санағандарын ғана таңдайды. Мысалы, Бабыр Үндістандағы Панипат шайқасын, Самарқанды қайта басып алу сәтін өте егжейлі-тегжейлі баяндайды да, ал кейбір әскери қақтығыстарды қысқа әрі ресми түрде ғана атап өтеді. Мысалы, «Бұндай жағдай және мұнша қуатқа тәуекел етіп, өзбектей жүз мың жаудың кәрі жауды арқаға қойып, Сұлтан Ибрайымдай қалың әскері, кең байтақ жері бар патшалықпен бетпе-бет келдік. Тәуекелімізге жар болып, тәңірі тағала онша тауқымет пен машақат шеккізбей, зиянға ұшыратпай мұндай айбынды жауды жеңіп, Үндістандай кең мемлекетті жаулатты» [28, б.302], – дейді. Э. Карр теориясы бойынша, тарихи дерек – абсолют шындық емес, таңдалған дерек. Яғни бұл дегеніміз – автордың субъективті іріктеуі және тарихи деректің көркемдікпен ұштасуы. Бұл қағида «Бабырнама» мәтініне сәйкес келеді деп те айта аламыз. Себебі Бабыр оқиғаны жай ғана баяндамайды. Оны түсіндіреді, бағалайды,

салыстырады және эмоциямен жазады. Яғни тарихи шындық авторлық түсіндіруге ұласып, көркем мәтін түзіледі. Мысалы, Бабырдың Шайбанимен шайқастағы жеңілісі – тарихи оқиға. Ал Бабырдың оны: «Әндіжанға бола Самарқанды қолдан шығардық. «Тоқал ешкі құдайдан мүйіз сұраймын деп, құлағынан айырылыпты» деген мәтел осындайдан айтылған болар. Бұл басыма түскен ауыр жағдай болды; мен қол бастап, ел басқарғаннан бері, осындай жағдаймен нөкерлерімнен айырылып, туған жерімнен айырылып көрген емеспін. Осы жасқа келгенше мұндай қайғыға, қасіретке душар болмадым» [28, б.73], – деп беруі – авторлық интерпретация. Яғни тарихи шындық пен автордың «ішкі дүниесі» – бірін бірі анықтайды. Э. Каррдың пікірінше, бұл: «тарих – адам мен қоғам туралы түсініктің кеңеюі». Бабырдың тарихи баяндауы да оның сезімінен, дүниетанымынан, саяси тәжірибесінен, моральдық қағидаларынан ажырамайды. Мысалы, біз жоғарыда келтірген Бабырдың Самарқанда жеңіліс тапқан сәтіндегі эмоционалды күйзелісі – тарихи деректің артындағы адамның психологиялық болмысы. Бұл Э. Каррдың «тарих – автор санасының өнімі» [153, б.65], – деген қағидасымен толық сәйкес келеді. Сонымен қатар Бабыр бірнеше жыл дайындықтан соң, қайта Самарқанды басып алған сәтін былай суреттейді: «Біз Самарқанды алмақ ниетпен бірнеше жыл бұрын әскерімізді даярлап жатқанымызда, Сұлтан Махмұт мырзадан айта қаларлықтай елеулі көмек, сүйеніш таппадық, бірақ біз Самарқанды жаулап алғанымыздан кейін, ол Әндіжаннан үйелеп шықпай қойды» [28, б.74], – дейді. Бабырдың тарихи оқиғаны субьективті баяндауы, Э. Карр айтқандай, тарихи фактіге берілген түсіндірме.

Сонымен қатар Бабыр географиялық-этнографиялық атауларды шынайы суреттейді. Яғни табиғат, климат, су жүйесі, жәндік пен өсімдік әлемі, жер бедері туралы мәліметтерді ерекше дәлдікпен береді. «Бабырнамадағы» «Кабул», «Үндістан» деп аталатын бөлімдері жол очерктері немесе саяхатнама күнделіктері тәрізді жазылған. Зерттеуші ғалымдар оның Үндістан табиғаты туралы жазбалары кейінгі биогеографиялық зерттеулермен сәйкес келетінін атап өтеді. Мысалы, Бабыр Үндістанды: «Үндістан бірінші, екінші, үшінші ықылымға орналасқан. Бұл ел төртінші ықылымға жатпайды. Бұл – бір ғажайып өлке, біздің жермен салыстырғанда мүлдем басқа дүние» [28, б.315]. Сонымен қатар Кабулдың ауа райын салқын, ал Хиндукуш тауын қарлы, адамдардың тұрмысын қатал деп сипаттайды. «Кабул уәлаяты төртінші ықылымға жатады. ...Кабулдың солтүстік жағында Құндық, Андар-Аб, уәлаяттары бар, оны Хиндукуш тауы бөліп тұрады, ал оңтүстігінде Фармул, Нагз, Банну және Ауғанстан жатыр» [28, б.154.] Бұл көріністер тек фон емес – тарихи кеңістіктің мәдени-психологиялық контекстін ашады. Мысалы: «Кабулда қыста қар қалың жауғанмен, шектен асқан қатты суық болмайды. Жаздың күні түн баласы тонсыз ұйықтай алмайсың. ...халқы төзімді келетұғын» – мұнда әрі географиялық, әрі антропологиялық ақпараттар [28, б.154]. Бабыр Әндіжанның ауасы дымқыл болғандықтан, күзге қарай безгек ауруы

көбейетінін де жазады [27, б.21]. Яғни Бабыр Ферғана, Самарқанд, Кабул және Үндістан территорияларын кең көлемде сипаттайды. Оның топографиялық өлшемдері, ауа райы мен климаттық ерекшеліктері, табиғи ресурстар, шаруашылық түрлері жөніндегі мәліметтері кейінгі кезеңдегі географиялық зерттеулермен салыстырғанда айтарлықтай дәл келеді. Этнографиялық деректер де – тарихи шындықты көрсетудің маңызды компоненті. Соның ішінде тайпалардың саяси құрылымы, мәдени-діни ерекшеліктері, тұрмыс-салт сипаттары реалистік тұрғыда жеткізіледі. Осы тұста Э. Карр тарихтың «табиғи тілге» тәуелділігі» жайлы тұжырымын келтіруге болады [153, б.162]. Яғни тарихшы фактілерді тіл арқылы қайта құрастырады. Ал дәл осы құбылыс «Бабырнамада» көрінеді. Яғни шындық – деректік, баяндауы – көркем, тәсілі – композициялық, психологиялық. Мысалы, біз жоғарыда келтірген Үндістан мен Кабул табиғаты жайлы ұзақ көркем сипаттамалар – тарихи географияны, яғни тарихи шындықты көркемдік шешім арқылы әдеби пейзажға айналдырады. Э. Каррдың тұжырымы бойынша, бұл – тіл арқылы фактіге жаңа форма беру.

Сонымен қатар Бабыр әлеуметтік-экономикалық деректерді де толықтай жазады. Яғни жергілікті халықтың шаруашылығын (егіншілік, мал шаруашылығы, қолөнер), салық жинау жүйесін, сауда жолдарын, мемлекет ішіндегі әлеуметтік жіктелуді, әскери құрылымдарды деректік түрде сипаттайды. Мысалы, Темуридтер әулетінің ішкі тартыстары, аймақаралық әскери қақтығыстар – бәрі тарихи дерек қисынын дәл береді. Осы тұста тарихшы Э.Каррдың: «Тарихшы ешқашан оқиғадан тысқары тұра алмайды» [153, б.98], – деген ең маңызды тұжырымын мысалы ретінде алуға болады. Себебі әкесі Омар Шейх өлгеннен кейінгі туысқан ағаларының тақ үшін таласы, нәтижесінде он екі жасында Бабырдың елден қашып аман қалуы шығарманың шымылдырығы тәрізді. Сосын өз көзімен көрген елдердің негізгі шаруашылығына да міндетті түрде тоқталады. Мысалы: «Тау халқы жұпар тышқанмен, қодаспен, шафранмен, қорғасынмен, мыспен сауда жасайды. Үнділер бұл тауларды Савалак-Парбат деп атайды» [28, б.315], «Үндістан тұрғындарының тіршілігінде пілдің үлкен маңызы бар. Пілдің кейбір жақсы қасиеттері бар: ауыр жүкті көтеріп, ағысы қатты, ені жалпақ өзендерден жеп-жеңіл өте шығады» [28, б.318], «Кабулдың айналасы өте құнарлы. Ол жердің айвасы, өрігі де жақсы болады. Қияры дағы жақсы. Бір түр жүзім бар, оны Абәнгур дейді. Өте жақсы жүзім. Одан күшті шарап жасалады» [17, б.149], – дейді.

Тарихи деректі анықтайтын тағы бір дүние – Бабыр қолданған ескі түркі тіліндегі әскери, әкімшілік, әлеуметтік терминдер тарихи контексті анықтауға мүмкіндік береді. Бабыр қолданған әкімшілік лауазымдардың, әскери құрылымдардың, әскери құрал-саймандар атауларын бұрмаламай сақтайды. Бұл тарихи ақпараттың тілдік дәлдігін қамтамасыз етеді. Мысалы, «әмір, канизак, бек, мырза, иығаш, фарух, батпан, құрық, шери т.б.» Б.Қожабекұлы «Кабулдан Зурматқа дейін он екі, он үш иығаш, ал Ғазнидан жеті-сегіз иығаш жер» [28, б.164], – деп жазса, И. Жеменейдің түпнұсқа

негізіндегі аудармасында: «Кабулдан батысқа қарай он төрт ағаш жол бар. Бұл жолдан барушылар таң атысымен Ғазнадан шығып, екі намаз арасында намаздыгерде Кабулға барып жетеді. Адинапурдан он үш ағаш жол бар» [17, б.158], – дейді. Бабыр шығармасында жиі кездесетін қашықтық өлшемдерінің бірі – «иығаш» деп аталатын бірлік. Түркі тіліндегі түпкі мағынасы да «ағаш» сөзіне келіп тіреледі. И. Жеменей түпнұсқадан жасаған аудармасында осы атауды сол күйінде қолданады. Бұл өлшемді Бабыр көбіне елді мекендердің арақашықтығын көрсету үшін пайдаланады. Оның еңбегіндегі деректерге сүйенсек, бір «ағаш» шамамен алты шақырымдық жолға тең деп көрсетіледі [120, б.79].

Көркемдік шешімдер жүйесіне тоқталатын болсақ, алдыңғы бөлімде айтқанымыздай, Бабыр жеке тұлғаларды бейнелеуде тек сыртқы портретпен шектелмейді. Ол – психологиялық портрет жасау шебері. Бабыр тұлғаларды тек саяси рөлі арқылы емес, адам психологиясы арқылы танытады. Автордың портреттік тәсілдерін бірнеше топқа жинақтауға болады. Ең бірінші статикалық портрет – адамның қимылсыз тұрыстағы сыртқы кескіні. Яғни кейіпкердің бет-бейнесін, дене бітімін, сыртқы келбетін толықтай суреттейді. Мысалы, Сұлтан Ахмет портреті: «Қысқа бойлы, сирек сақалды, жалқау және зердесіздеу кісі еді» [17, б.48]. Екінші динамикалық портрет – кейіпкер мінезін қимыл-әрекеті арқылы көрсету. Мысалы: «Маңызды істердің көпшілігін заң жолымен шешетін де, берген уәдесін бұлжытпай орындайтын. Ол нағыз іске тікелей ешқашан араласпағанымен, батылдықпен аты шықты, дегенмен кейбір айқастарда ол ерлік көрсетті деп айтады» [28, б.39]. Үшінші моральдық-психологиялық мінездеме – жомарттық, тектілік, адалдық, айлакерлік, қаталдық, зұлымдық сияқты қасиеттерді саралау. Мысалы, «Ол қаталдыққа, зинақорлыққа бейім-ді; шарапты үзбей ішіп, көптеген пашша бала ұстайтын» [28, б.47]. Төртінші эмоциялық портрет – кейіпкердің сол сәттегі күйін сезімдік реңкпен беру. Яғни қорқыныш, өкініш, ашу, қуаныш, сағыныш, армандау секілді ішкі күйдің көрінісі. Мысалы, «Қытайға кетсем бе деген ойға қалып, табан астында жолға да шықпақ болдым. Бала жасымнан Қытайды көруді армандаушы едім, бірақ билік пен туған-туысты, бала-шағаны тастап кете алмағанмын» [28, б.123].

Осы секілді Бабыр Байсұңқар мырзаны суреттегенде сырт келбетін – «көзі үлкен, жалпақ бетті, орта бойлы» деп, табиғатын – «мейірімді, парасатты», рухани болмысын – «кейін иман жолына түскен» деп, моральдық мінезін – «шарапқа жақын» деп ашық әрі қысқа береді. Аталған бұл тәсілдердің бәрі де тарихи тұлғаларды деректік бейнеден гөрі көркем-рухани бейнеге айналдырады. Ендеше, «Бабырнама» – тұлғалардың мінезін психологиялық аспектіде талдаудың түркі әдебиетіндегі ең ерте үлгілерінің бірі. Кейіпкердің мінезін, сезімін ашуда авторлық шеберлік анық байқалады [154, б.53].

Бабыр табиғатты да көркемдік-символдық деңгейде қолданады. Яғни табиғат суреттері тарихи оқиғаның жай фондық элементі емес, оқиғаның психологиялық атмосферасын, адам мінезінің ішкі динамикасын, тарихи

кезеңнің әлеуметтену кеңістігі ашатын көркемдік құрал ретінде пайдаланады. Мысалы, «Тағы бір ойым – тауға жетіп қалармын, оған жете қалсам, белдігіме бірнеше жебе қыстырып, тырмысып тауға шығып, жан сауғалау. Өз аяғымның мықтылығына сендім. Осындай ойға келдім де, ілгері жылжыдым» [28, б.137]. Таулардың биіктігі, мықтылығы – қайтпас жігердің символы тәріздес. Себебі Бабыр елден қашып пана тұтқан жердің бәрі де осы – тау болды. Бұл – табиғат бейнесінің көркемдік шешім ретіндегі қызметі.

Көркемдік шешімнің тағы бір қызметі лирикалық шегіністер және авторлық ой ағысында көрінеді. Бабырдың ақындық табиғаты оның прозасына поэтикалық өң береді. Мысалы, Бабырдың жорықтағы сезім, туған жерге деген сағыныш, жеңіліс кезіндегі өкініш, адамтанымдық толғаныстары, Жахангир, Құмайын (Хумайюн) ұлдары үшін алаңдауы, Науаиге деген құрметі лирикалық шегініс арқылы көрініс табады. Бұл көркемдік амалдар тарихи мәтінді эмоционалды-эстетикалық тұтастыққа жеткізеді. Мысалы:

«Мен көрмеген қаталдық, зорлық бар ма,

Төзбеді бұл жүрек қай қорлықтарға» [28, б.226], – десе, Бабыр тағы бір тұсында: «О, жүрегім, мейірімдіге тағдырыңды тапсырып, Қайырымсыздан күтпе ешқашан еш жақсылық» [28, б.103], – дейді. Яғни Бабыр «Бабырнамадағы» тарихи деректерді жай баяндап қана қоймай, оны көркемдік тұрғыдан қайта өңдеп береді. Мұндағы тарихи оқиға – нақты дерек, ал көркемдік шешім – деректің эмоционалдық-эстетикалық интерпретациясы. Бұл екі қабат автордың баяндауында бөлінбей, өзара толықтырып тұрады. Бабыр тарихты тұлғалар арқылы көрсетеді. Ол дәуір шындығын сол кезеңдегі хан, бектер, әмірлер, өнер иелері, қарапайым халық бейнелері арқылы ашады. Тарихи процестің себеп-салдары тұлғалардың мінезі мен еркіне тікелей байланысты көрсетіледі. Мысалы, кітапта өнер мен ғылым өкілдері де жиі аталады. Атап айтқанда: Әлішер Науаи, Беннаи, Дилали, Мір Құсайын Муаммаи, Бехзат, Қожа Абдолла, Молда Мұхаммед Бадахши, Хилали, Шah Мұзаффар, Шейх-и Найи, Шah Күли Ғижжақи, Ғұлам Шади, Құсайын-и Үдеші, Пехлевен Мұхаммед Бу Саид. Автор олардың шығармашылық жолдары мен көркемдік, поэтикалық еңбектері туралы айтады. Әсіресе Әлішер Науаидың шығармашылық келбетіне ерекше тоқталған. З.М.Бабырдың еңбегі арқылы оның ғылыми және әдеби мұрасы бүгінгі күнге дейін жеткен. «Бабырнамадағы» тарихи тұлғалар бейнесі атты келесі бөлімде бұл тарихи тұлғаларға кеңінен тоқталатын боламыз.

Сонымен қатар Бабырдың кейіпкерлерге берген бағасы – тарихи дерек пен көркемдік бағалаудың тоғысқан тұсы. Мысалы, құрметтеген тұлғалары туралы «Тәңірінің рақметіне қауышты» дегені ол тұлғалардың автор санасындағы рухани мәртебесін білдіреді. Ал қарапайым адамдарға қатысты бейтарап «өлді», «қайтыс болды» тіркестерін қолдануы – авторлық иерархияны танытады. Бабыр бұл тіркесті барлығы 14 рет қолданғанымен, оның ішінде 11 рет аса қадір тұтқан адамдарға «Тәңірінің рақметіне қауышты» тіркесін қолданады.

«Бабырнама» – реалистік баяндау мен поэтикалық мәтіннің қосарланған табиғаты. Себебі Бабыр тарихи деректі нақты жеткізеді және сол деректі поэтикалық образбен толықтырады. Сосын психологиялық, философиялық баға береді. Нәтижесінде тарихи және көркемдік қабаттар бөлінбей, біртұтас мәтінге айналады. Мысалы, «Самарқанды басып алғаннан кейін Шайбани хан Молда Беннаиды жақын тартты. Ол Шейбани ханның қасында болды. Біз Самарқанды алғаннан кейін бірнеше күн өткен соң, Молда Беннаи Самарқанға келді. Қасым бек күдіктеніп, Шахрисябзға жөнелтіпті. Ол талантты адам болған соң, әрі ешқандай ылмыс жасамағандықтан, көп ұзамай оны Самарқанға алып келуге жарлық бердік» [28, б.108].

«Бабырнаманың» тарихи дереккөз ретіндегі бағасы – дәуірдің шынайы шежіресі. Еңбек XVI ғасырдағы Орта Азияның саяси құрылымын, Мауараннахрдағы саяси қақтығыстар, Темуридтер әулетінің ішкі құрылымы, мәдени кеңістігін, аймақтық экономикалық қатынастар, этникалық топтардың өмір салтын дәл сипаттайтын сенімді дерек көзі ретінде бағаланады. Ғабитов Тұрсын ««Бабырнама» және тарих философиясындағы түркілік үдерістер» еңбегінде «Бабырнама» шығармасындағы бейнелеу ерекшеліктерін 5-ке бөліп қарастырған және Бабырдың империясындағы ел басқаратын әулеттің адамдары тек бір ортақ тектен шығады деген ұстанымды жоққа шығарады. Елге үлгі боларлықтай, өнегелі әулеттің адамдары да таққа таласа алады. Бұл үрдіс Бабырдың өзінің бабасы Шыңғыс Хан мен Әмір Темірден қалған.

Шығармада Бабыр өзінің жаулап алған елдеріне өзінің ренессанстық жүйесін жүргізеді. Бұл – тек шығармада ғана емес, шынайы өмірде де кездескен қағидалар. Ол туралы Н.И. Веселовский: «Бабыр батырлығының шегі жоқ деуге болады. Оның бүкіл ғұмыры батырлықтың үлгісі секілді. Тіпті ол Шайбанидің он бес мың әскері тұрған Самарқанды өзінің небәрі екі жүз кісілік отрядымен жаулап алуға тәуекел жасады ғой. Тек тәуекел жасап қана қойған жоқ, жауды шынында да қаладан қуып шықты» [155, б.36]. Бабыр ерліктің символы ретінде көрініп отырған. Яғни жаулап алған елдеріне жеңімпаздық рухын танытып отырған. Бабыр өзіне дейінгі патшалардың жеңісін есіне ала отырып, олардан асып түсудің түрлі амалдарын қарастырған. «Бабырнама» шығармасын жазу барысында оқиғаға қатысты адамдардың өзін емес, бірінші оның арғы тегін, ата-бабасын жазудан бастаған. Бабыр өзі жаулап алған жерлеріндегі халықты өзінің ұлтының қатарына қосып отырған. Шыққан жері мен орналасқан аумағына қарамастан, заңы мен дінін қабылдаса, сол елдің азаматы деп есептеген. Шығармада анық көрінетіндей, Бабыр патша мемлекетті құруды ислам дінін тарату мақсатымен байланыстырған. Бірақ кейіннен Бабыр дүниеден өткеннен кейін бұл үрдіс сан тарапқа кетіп, ислам дінін теріс бағытта пайдаланатын жоғары тап өкілдері елдің тас-талқанын шығарады. Бабыр Сұлтан Ахмет мырзаны бес уақыт намазын тастамаса да, күні бойы шарап ішетінін жазады. Бұл діни догмаларға жасалған үлкен опасыздық болып

есептеген. Бұл түсініктердің шығармада кездесуінің өзі шығармадағы тарихи шындықтың дәлме-дәл жеткізілуінде. Осындай ерекшеліктерді Ғабитов Тұрсын жазып өтеді [156, б.374]. Зерттеу еңбектерінің басым көпшілігі Бабырдың шығармашылығы мен өмірінің арасындағы шынайы байланысқа негізделеді.

Қорытындылай айтқанда, «Бабырнамадағы» тарихи фактілер – Э.Каррдың тарих философиясы тұрғысынан толық табиғи ерекшеліктерге ие. Себебі тарихи дерек – таңдалған, түсіндірілген және автордың тұлғалық дүниетанымымен өңделген факт. Тарихи оқиғаларды бейтарап күйінде емес, авторлық интерпретация арқылы беру – шығарманың көркемдік қуатын арттырып, тарихи шындықтың көркем шешіммен үйлесуін қамтамасыз етеді. Яғни деректік шындықтың нақтылығы, автордың поэтикалық ойлау жүйесі, психологиялық портрет жасаудағы шеберлік және көркемдік интерпретацияның үйлесімді берілуі еңбекті әмбебап мәтінге айналдырады.

Бабырдың тақырыпты қарапайым, таза түркі тілімен беруі түркі прозасының дамуына үлкен серпін берді. Оның баяндау әдісі кейінгі ғасырлардағы түркі әдебиетінің көркемдік дәстүріне негіз қалыптастырды және Бабыр түркі әдебиетінде мемуарлық көркем прозаның негізін қалады. Сонымен қатар кейінгі дәуірдегі тарихи романдардың көркемдік моделіне ықпал етті. Себебі Бабыр деректерді дәл бергенімен, оларды көркемдік сүзгіден өткізіп, адам болмысы мен дәуір рухын сезіммен өрнектейді. «Бабырнамадағы» тарихи реализм, лирикалық-символдық тәсіл, поэтикалық тілдік өрнек – оның әдебиет пен тарих арасындағы аралық жанр ретінде маңызын арттырады. Сонымен қатар Бабырдың дүниетанымы мен жазушылық шеберлігі «Бабырнаманы» түркі халықтарының рухани мұрасы ғана емес, әлемдік деңгейдегі тарихи-көркем проза үлгісі дәрежесіне көтереді.

3.2 З.М. Бабырдың тарихи тұлғаларды бейнелеу тәсілдері

Орта ғасырдағы ғұламалардың еңбектері әлі де болса зерттеулерді қажет етеді. «Тарих – халықтардың қасиетті кітабы, олардың тұрмыс-салты мен тіршілігінің айнасы, жан дүниесі мен әдет-ғұрпының көне естелігі, ата-бабаларының қалдырған өсиеті» [157, б.446], – деп түсініп, құндылығын ашқанда ғана жәдігерді дұрыс бағалай аламыз. Себебі тарихшы Э. Каррдың әйгілі «Тарих – қазіргі уақыттың өткенге қойған сұрақтарына беретін жауабы» [153] деген тезисі бойынша, елімізде Шығыс шайырларының шығармашылығы мен еңбектерін жүйелі әрі толыққанды зерттеу жұмыстары көкейімізде жүрген сауалдардың жауабын тауып берер ме еді. Осы тұрғыдан алғанда, ортағасырлық шайырлар, ғұламалар мен зиялы қауым өкілдері туралы деректерді «Бабырнама» шығармасынан да молынан кездестіруге болады. Бұл туындының құндылығы – онда белгілі ғұламалар мен мәдениет қайраткерлері жайындағы нақты тарихи деректердің анық әрі сенімді түрде жазылуында. Бабыр өз дәуірінің өнер иелеріне ерекше құрметпен қарап, олардың шығармашылық ізденістеріне қолдау көрсетіп, рухани демеу берген.

Қарлығаш Нұрмұхаметованың «Бабырнама» жәдігеріндегі руханият мәселесі» атты мақаласында «З. Бабырдың дүниетанымында адам мәселесі мен адам өмірінің мәні мәселесі, оның экзистенциялдық, әлеуметтік-этикалық қыры, тарихи тұлға мен құдай арасындағы қатынастар басты мәселе екендігі байқалады. Оның шығармашылығында түркі дүниетанымындағы құт-бақыт, тәубе, қанағатшылдық, киелілік пен кесірлік, адамшылдық және т.б. түсініктер имандылықпен, парасаттылықпен, сүйіспеншілікпен байланыстырылып, адамның рухани болмысы философиялық-теологиялық тұрғыдан пайымдалады» [158, б.112], – дейді.

«Бабырнама» – жанры жағынан сан қырлы, әрі көлемі мен мазмұны терең шығарма. Онда тарих, ғылым, философия, география, мемуарлық баяндау мен өмірбаяндық деректер табиғи өріліп, біртұтас көркем әлем жасайды. Осындай күрделі туындыда портрет – кейіпкер бейнесін ашатын маңызды тәсілдердің бірі. Әдебиет пен бейнелеу өнерінде портреттің міндеті – шынайылық пен көркемдік үйлесімін табу болса, Бабыр да осы заңдылықты ұстанған.

Портрет арқылы адамның сырт келбеті, жүріс-тұрысы, киім киісі, ым-ишарасы сияқты детальдар ғана емес, оның болмысы мен мінезі де айқындалады. Эпикалық шығармаларда портрет композицияны толықтырып қана қоймай, кейіпкердің ішкі әлемін тереңірек түсінуге көмектеседі. Бабыр өз естеліктерінде тек әкесін, жақын туыстарын, батыр қолбасшыларын ғана емес, тарихта ізі қалған тұлғаларды да сипаттап өтеді. Солардың ішінде қазақ хандары Қасым хан мен Әдік сұлтан туралы берген дерегі ерекше маңызды. Мысалы, «Шайбани хан Ташкент пен Шаһрұхты басып алғанда, Сұлтан Нигар ханым моғолдың он екі нөкерімен Әдік сұлтанға қашып кетті. Әдік сұлтаннан екі қыз көтерді, бірі – Шайбани ханның тұқымындағы сұлтанға, екіншісі – Саид ханның баласы Рашид сұлтанға ұзатылды. Әдік сұлтаннан кейін Сұлтан Нигар ханымды қазақ ұлысының ханы Қасым хан алды. Жұрттың айтуына қарағанда, қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым хан сияқты бағындыра алмаса керек» [28, б.32]. Осы деректер Бабырдың Қазақ хандығы туралы мәліметтерді жақсы білгенін, ал Қасым ханды аса қуатты әрі беделді билеуші ретінде танығанын көрсетеді. Бабырдың бұл бағасы – жай мақтау емес, сол дәуірдің өз ішінде айтылған нақты тарихи бағалау. Бабыртанушы ғалым Жеменей Ислам да бұл ойды қуаттап, Бабырдың Қасым хан жайындағы пікірі – замандасының көзімен берілген шынайы әрі салмақты баға екенін айтады. Оның айтуынша, тарихта теңдесі жоқ ірі империяның негізін қалаған Бабыр секілді тұлғаның Қасым ханға жоғары құрмет көрсетіп, баға беруі – Қазақ хандығының сол кезеңдегі күш-қуатын дәлелдейтінін айтады [17, б.21].

Бабырдың келесі бір тоқтала кететін тарихи тұлғаларының бірі – Жүніс хан. Бабыр ол жөнінде былай дейді: «Жүніс хан болса, Шыңғыс ханның екінші ұлы Шағатай ханның нәсілінен болған. Шыңғыс ханнан Шағатай, Шағатай ханнан Мұтакен, Мұтакеннен Есентуа, Есентуадан Барақ хан, Барақ ханнан Дауа хан, Дауа ханнан Есенбұға, Есенбұғадан Тұғлықтемір хан,

Тұғлықтемір ханнан Қызырқожа хан, Қызырқожа ханнан Мұхаммед хан, Мұхаммед ханнан Шерәлі оғлан, Шерәлі оғланнан Уайыс хан, Уайыс ханнан Жүніс хан. Бұлайша осынша әңгіме болғандықтан, хандардың қал-ахуалын да біршама баян қылайық. Жүніс хан мен Есенбұға хан Уайыс ханның ұлдары еді. Жүніс ханның анасы түркістандық қыпшақ бектерінен Темірбектің құрмет тұтқан шейх Нұреддинбектің қызы не немересі еді. Уайыс ханның оқиғасында моғол ұлысы екі топқа бөлінді. Бір тобы Жүніс хан жақ болды. Ал көп бөлігі Есенбұға хан жақтасы болған» [17, б.32]. Ендігі бір тұсында Бабыр Жүніс ханның үш қызы болғанын атап өтеді: «Жүніс ханның осы Есендәулет бегімнен үш қызы бар. Бәрінен үлкен Мейір Нигар ханым еді. Ол Сұлтан Әбусаид мырзаның үлкен ұлы Сұлтан Ahмет мырзамен қосылған. Екінші қызы – менің анам Құтлық Нигар ханым еді. Ол көптеген қазақылықтар мен аласапыран кездерде менімен бірге жүретін еді. Кабулды жаулағаннан бес-алты ай соңыра тоғыз жүз он бірінші жылы тәңірінің рақметіне қауышты. Үшінші қызы – Хуб Нигар ханым еді. Оны Мұхаммед Үсейін Көреген дұғлатқа ұзатқан еді. Бір қыз, бір ұлы болған еді. Оның ұлы Айдар (Хайдар) мырза еді» [17, б.32].

Мұхаммед Хайдар Дулат өзінің атақты «Тарих-и Рашиди» атты кітабында XIV-XVI ғасырдағы Орта Азия аумағында өмір сүрген халықтар мен олардың мемлекеттері туралы тарихи, этнографиялық, географиялық сипатта мол мағлұматтар береді. Автор «Тарих-и Рашидиде» «Есенбұға ханға Әмірлердің қарсылық көрсеткен күндерінен» деп аталатын 39-әңгімесінде: «Жүніс хан кенткен соң Мауараннəhрге ұлыс түгелдей Есенбұға ханға бағынады. Бірнеше жыл осылай өтті. ...Сол заманда Әбілқайыр хан қыпшақ даласына түгелдей билігін жүргізіп отырған еді. Жошы ұрпағының сұлтандары жорық жасап, Жәнібек хан мен Керей хан одан қашып, Моғолстанға кетіп қалды. Есенбұға хан оларды құрметтеп қарсы алып, Шу маңы мен Қозыбасыны тапсырған еді. Ол аймақ Моғолстанның батыс шегі еді. Олар бұл аймақта тыныш өмір сүрген. Әбілқайыр хан қайтыс болған соң, өзбек ұлысы бір-бірімен шайқасып, арасында көп келіспеушілік туды. Олардың көбісі Керей хан мен Жәнібек ханның жанына барған еді. Олардың саны екі жүз мыңға жететін.Олар өзбек-қазақ деп аталды. Алғашқы қазақ сұлтандарының үкіметі 870 (1465) жылы құрылды. 940 (1533) жылға дейін қазақтар толықтай билік тізгінін ұстап тұрды. Өзбекстанның басым бөлігін Керей ханнан кейін Бұрындық хан басқарды. Одан соң Жәнібек ханның ұлы Қасым хан басқарып, қыпшақ даласын толық биледі. Оның әскері мың-мыңынан көбірек болды. Жошы ханнан кейін сол жұртта одан ұлы хан болмаған еді. Қасым ханнан кейін оның ұлы Мәмаш хан биледі. Одан соң немере бауыры Таһир хан биледі. Таһир хан заманында қазақ күйзелді. Одан кейін бауыры Бойдаш хан билікті қолға алды. Қазақ Бойдаш хан кезінде жиырма мың болып қалған еді. 940 (1533) жылы Бойдаш дүние салды. Қазақ жойылды. Қорытып айтқанда, Есенбұға хан дәуірінен бастап Рашид хан заманына дейін моғол мен қазақ арасында достық пен татулық болған. Бірақ Рашид сұлтан оларды бұзды» [17, б.200]. Бабыр айтып кеткен Есенбұға,

Қасым хан жайындағы деректі осылайша бөлесі Мұхаммед Хайдар Дулат өз еңбегінде кеңінен толықтырып жазып кетеді.

Бабыр кейіпкерлерін тарихи оқиғалармен, әулеттік байланыстармен немесе тұлғалар арасындағы қарым-қатынастармен байланыстыра сипаттап отырады. Осы тұста ол қажет деп тапқан жерде портреттік детальды да қоса береді. Мұндай бейнелер кейін шығарманың өз ішінде ары қарай кеңейіп, динамикалық деңгейге толық өсіп кетпегенімен, белгілі бір психологиялық қырларынан айырылмаған. Сол арқылы кейіпкердің ішкі әлемі, оның рухани болмысы көрініс табады. Осы тұрғыдан алғанда Мұхаммед Хайдар Дулаттың орны ерекше. Бабырдың ол туралы жазғаны жай дос-жарандық емес, туған-туыстықтың нақты белгісі еді. Екеуінің аналары – Жүніс ханның қыздары: үлкені Құтлық Нигар ханым Бабырдың әкесі Омар Шейхке тұрмысқа шықса, Хуб Нигар ханым Мұхаммед Хайдардың әкесі Мұхаммед Үсейінге ұзатылған. Яғни Бабыр мен Мұхаммед Хайдар – туған бөлелер. Одан бөлек Мұхаммед Хайдардың Үндістанда өткізген қуғындағы кезеңі Бабырдың мұрагері Құмаюнмен тығыз байланысты. Оның әйгілі «Тарих-и-Рашиди» еңбегін жазуына да «Бабырнаманың» ықпалы болғаны белгілі.

Бабыр өз естелігінде Мұхаммед Хайдардың қабілеті мен мінезін былайша сипаттайды: Оның әкесін өзбек өлтіргеннен соң, менің жаныма келіп, үш-төрт жыл тұрды. Кейін рұқсат сұрап Кашғарға Саид ханның қасына барды.

Барлық нәрсе өз тегіне қайтады,

Таза алтын, күміс пен қорғасын да.

Қазіргі кезде байсалды болып, жақсы жолға түсіпті. Ол жазу, сурет салу, оқ жону, найза мен садақ жасаудың, тіпті әр нәрсеге икемі бар, ақындық дарыны да бар екен. Маған жағдайын баяндаған хат келген еді, жазу мәнері де жаман емес» [17, б.31], – дейді. Автордың «Барлық нәрсе өз тегіне қайтады» деген тұжырымы – Мұхаммед Хайдардың тектілігін, табиғи қабілетінің қайдан бастау алғанын меңзейтін астарлы ой. Бір ғана сөйлем арқылы Бабыр кейіпкерінің болмысын айқын ашып береді. Жалпы Бабыр Хайдардың рухани өмірінің бастамасы мен оның жан-жақты өнерлі болып өсуіне көп септігін тигізген. Тіпті Шайбани ханнан келетін қауіптен күдіктеніп, Хайдарға қастандық жасалады ма деген оймен оны өз сарайына алдыртып, жанында ұстаған. Осылайша Хайдар Бабырдың қасында араб, парсы тілін жетілдіре түсіп, сол тілдерде көптеген кітап оқуға мүмкіндігі ашылған. Сарайдағы шешендер мен суырып салма ақындармен танысып, қарым-қатынас жасауының өзі оның парасатын биіктете түседі. Тіпті Бабырдың қол астында жүрген кезінде бірнеше рет жорықтарға қатысады. Тибет жорығына қатысып қол бастаған және Кашмирде билік жүргізеді. Дулат Бабырдан рұқсат алып, Әбу Саид ханның жанына кетіп, жиырма жылдай ханның жанында болады.

Бабырдың келесі бір тоқталатын тарихи тұлғалардың бірі – Ұлықбек ғұлама. Бабыр ол жөнінде: «Ұлықбек мырзаның Самарқанд қамалында салдырған ғимараттарының ішінде медресе мен дәруішхана тұрғызған.

Дәруішхананың күмбезі өте биік болғаны сонша, әлемде ондай биік күмбездің нышаны кемде-кем. Енді бірі – осы медресе мен дәруішханаға жақын бір тамаша монша салыныпты. Ол «Мырза моншасы» деген атпен танымал, түрлі тастардан төселген. Хорасан мен Самарқандта ондай монша бар-жоғы белгілі емес. Ендігісі – медресенің оңтүстігінде бір мешіт салынған. Оны «Кестелі мешіт», – деп атаған. «Кестелі» деп атауының себебі – кесілген ағаштарды жонып «Әслими» және «Хатаи» нақыштарымен өрнектеп салынған. Қабырғалары мен төбесі осы өрнекпен тұр. Осы мешіт пен медресенің құбыласы арасында айырма өте көп. Бұл мешіттің құбыласының бағытын жұлдызбен анықтап жасағандай көрінеді. Ұлықбек мырзаның тағы бір зәулім ғимараты – Куһәк төбесінің етегінде салынған обсерватория. Обсерваторияда жұлдыздарды бақылай алатын алты құрал болған, ғимарат үш ұялы салынған. Ұлықбек мырза осы обсерваториямен «Көрегендік жұлдыздар кестесін» жасады. Бұл кестені әлемде қазіргі кезде өзге кестелермен бірге қолданып келеді. Бұдан бұрын «Елхандық кесте» қолданыста болған» [17, б.67]. Қарлығаш Нұрмұхаметтің «Бабыр мұраты» атты монографиясындағы «Бабырнама» жәдігеріндегі ғұламалар» атты тарауда ғұламаға кеңінен тоқталады: «Ұлықбек өз кезегінде ғылымның өркендеуіне үлес қосқан. Оның іргелі жұмысының бірі Самарқанд қаласында астрономиялық обсерватория орталығын салғызған. Ғұламаның ең басты еңбегі «Зидж гурган» кестесінің құрылуы. Кесте төрт бөлімнен тұрады: 1.Календарь туралы; 2. Уақыт өлшемі; 3. Планеталардың қозғалысы жайлы; 4.Астрономияның теориясынан мәліметтер деп аталады. Ұлықбек ғұламаның еңбектері Лондон қаласында бірнеше рет басылып шығады. Ұлықбектің өлшеуі бойынша 1 жыл – 365 күн 6 сағат 9 минут 15 секунд деп көрсетілген, оның қазіргі уақытын бірнеше секундқа ғана қателескенін көреміз [74, б.337].

Өтеген Күмісбаев: «Әмір Темір тұсында Ұлықбектің «Жұлдыздар таблицасы» 1437 жылғы еңбегі шығыс миниатюрасымен көркемделген. Шедеврлердің бірі – «Шахнамаға» жазылған миниатюралар (1526). Шығыс мәтіндеріне Иран көркем жазушылары өте үлкен назар аударған. Үндіні билеген Ақбар тұсында (XV-XVII ғ.) Делиде Орта Азия миниатюрасы даңққа ие болған» [159, б.233], – дейді. Жалпы Ұлықбек ғұлама Бабырдың аталас туысы болған. Ол – Темірдің үшінші ұлы Шахрух мырзаның тұңғыш баласы. Тарихи еңбектерден білеміз Ұлықбек жас шағынан көптеген елдерді аралап, сол елдердің мәдениетімен, тұрмыс тіршілігімен танысқан. Тіпті ежелгі грек ғалымдары Платон, Аристотель, Птоломей, Ибн Сина, Әл-Фараби, Бирунидің еңбектерімен жете таныс болғанын да ғылыми деректерден оқыдық. Ғұлама ғалым астрономиядан өзге математика, геометрия ғылымдарымен де айналысқан. Қосымша Бабырдың Ұлықбек ғұламаға берген бейнелеуі арқылы зерттеушілер көптеген ақпаратқа қанық бола алады.

Бабырдың өзі тамсана жазатын тағы бір тарихи тұлғасы – Әлішер Науаи. Бабыр оның Сұлтан Үсейін мырзаның әмірі болғанынан бастап, толықтай өмірі мен қабілеттеріне тоқталады. Қаламын кеңінен тербеген Бабыр ол жөнінде былай дейді: «Сұлтан Үсейін мырзаның енді бір әмірі –

Әлішер Науаи. Ол бегі емес, бәлки кеңесшісі, сырлас-сұхбаттасы еді. Кішкентайынан бірге сыныптас болған. Сұлтан Әбусаид мырзаның дұшпандық сезімі аса жоғары болды, мен оның не себептен екенін білмеймін. Білетінім Әлішерді жазалау үшін Гераттан қуып жіберді. Әлішер Самарқандқа барып, неше жыл сонда болды. Онда Ahмет Қажы бек оның тәрбиешісі әрі қамқоршысы болған еді. Әлішер бектің мінезі нәзіктікпен танылған. Ел оның әдептілігін дәулетті болғаны үшін тәкаппарлығынан деп ойлайтын еді. Бірақ олай емес-тұғын. Бұл сипат оның табиғатынан туған қасиет еді. Ол Самарқандта да сондай нәзік мінезді еді. Әлішер бек теңдесі жоқ кісі болды. Түркі тілінде өлең жазатын, ешкім сонша көп және жақсы өлең айтқан емес, алты мәснәуи жинақ кітабы бар, бестік кітабы хәмсаға жауап ретінде жазылған, және бір кітабы «Мәнтықәт-тейір» кітабының өлең өлшемі, яғни уәзні бойынша «Лесан-әт-тейір» (құстар тілі) атты кітабы бар. Және төрт ғазал жинақ кітабы бар. Олар: «ғарайыб-әс-сеғәр» (балалықтың ғажайып шағы), «нәвадер-әлшәбаб» (жастықтың қиял-ғажайып жылдары), «бәдиһ-әл-вәсәт» (орта жастың тапқыр кезеңі), «фәваед-әл-кебр» (кәрілік шақтың пайдалары). Сонымен қатар жақсы рубаи өлеңдері де бар. Тағы да басқа жыр еңбектері де болған, жоғарыда атап кеткен шығармаларына қарағанда, деңгейі төмендеу әрі әлсіздеу болып келеді. Оған мысал ретінде Маулана Әбдіраһман Жәми шығармаларына еліктеп жазған жинағы, түйіндеп айтсақ, әр іс үшін достарына бір хат жазып, басын өлеңмен құрастырған жинақ. Тағы бірде «мизан – әл-әузан» (уәзін өлшемдері) атты арудтық еңбек жазған. Оның кемшілігі өте көп. Жиырма төрт рубаи уәзнінде (өлең өлшемі) төрт уәзінінде қате жазған. Кейбір бәһрдың уәзінінде де қателіктер жіберген. Аруд маманына бұл қате анық көрінеді. Парсыша жазған жинағы да бар, парсы тілінде жазған өлеңдерінде «Фани» лақап есімін алған. Ол жинағының кейбір бәйіттері жаман емес, бірақ көбісі әлсіз және нашар. Сондай-ақ музыкада жақсы дүниелері бар, кейбір әуендері реңкті, жақсы өрісті. Ғылым мен өнер адамдарына Әлішер бектей жетекші, жанашыр бұрын-соңды болғаны не болмағаны белгісіз. Мәселен: ұстаз Құл Мұхаммед, Шейхи Сани, Үсейін Уди музыка саласының бас мамандары болып, бектің тәрбиесі мен қолдауының арқасында соншама өркендеп, танымал болды. Ұстаз Бехзад пен Шаһ Мұзаффар сурет салуда бектің ынтасы және қолдауымен кеңінен мәшһүр болды. Сондай-ақ сонша көп ғимарат салған, қайырлы істер де – оның ісі. Бұл жайтта мұнша жетістікке жеткен адам кемде-кем. Оның ұлы да, қызы да болмастан жеке басты адам болып дүниеден өтті. Бастапқы жастық шағында патша мөрінің иесі болған. Кейінірек орта жасына келгенде, бек болып неше рет Астарабадта әкім болды. Соңғы жылдарда әскерилік жұмыстарды тастады» [17, б.200]. Бір сөзбен айтқанда, Науаидың өмірден ұрпақсыз өткенін және сөз өнерінен бөлек, музыка, сурет салу өнерінен хабары болғандығын, шәкірттер тәрбиелегенін, жастық шағында патша мөрінің иесі, орта жасында бек, әкім болғандығын Бабыр баяндап өтеді. Сонымен қатар Науаидың убаи мен арудтық өлшем бірліктегі өлеңдерінде кемшіліктер бар екен жазады. Бұл Бабырдың бұл тақырыпта терең білімді

екенін айғақтайды. Ұлы жазушы М. Әуезов те: «Науаи – данышпан ақын, философ, мемлекет қайраткері болудың үстіне, тағы талай өнердің шебершісі, жоқтаушысы, ұлы жәрдемшісі де болған. Ол музыка өнерінің көрнекті өнерпазы. Суретшілік өнерінің құмары, сәулет өнерінің үлкен сыншысы, ұстазы және нақтысы, әсем жазу – каллиграфияның білгіші, сыншысы болған. ...Көбіне ұстаздық ойымен басшылық бағыт берген, мол қасиет иесі», – деп өз бағасын береді [160, б.7-9]. Бабырдың өзі ол жөнінде тағы бір тұсында былай дейді: «Әлішер бек ойы жүйрік, тапқыр адам-ды, ол көп нәрсе ойлап тапты. Өз ісінде жаңалық ашқан адамды «Әлішери» ғой деп айту мәтелге айналған. Кейбіреулер қылжақбастыққа салып, Әлішер бекке аудара салатын. Бірде Әлішер бектің құлағы ауырып орамалмен таңып жүріпті, соған әйелдер көк жаулықты қисайта құлақ бастыра байлап, мұны «Әлішерше байлау» атап кеткен» [28, б.210]. Қарап тұрсақ, өз кезеңінде көпшілікті мойындатқан, өз ісінде жаңалық ашқан адам екені сөйлемде анық көрінеді.

Осы орайда Ә. Қайдар мен М. Оразов «Бабырнама» тілін Ә. Науаи тілімен салыстырады: «Ә. Науаи тілімен салыстырғанда Бабыр шығармаларында араб-парсы сөзі аздау, бірақ қажетті жерлерінде олардан толық пайдаланған. Сондықтан да «Бабырнамада» араб тіліндегі сөйлем құрау нормалары да, көне түркі тілдеріне тиісті болған грамматикалық формалар да көп кездеседі. Дегенмен де, «Бабырнаманы» Науаи шығармаларына қарағанда оңай түсінуге болады», – дейді [161, б.183]. Алайда бүгінде Бабыр мен Науаи тілдері арасындағы айырмашылық туралы толық зерттеу еңбек жоқтың қасы.

«Бабырнамада» психологиялық портреттер өте көп, бұл – авторлық көзқарастың айқын көрінісі. Сонымен бірге автордың өзі өмір сүрген әдеби ортасы туралы да маңызды жазбалар бар, осындай мәліметтер арқылы Орта Азия, Ауғанстан және Үндістанда өмір сүрген, көпшілікке беймәлім ақындар, суретшілер мен музыканттардың тұтас өмірбаяндарын қалпына келтіруге болады. Әлішер Науаи бейнесі – ақындық және ғылыми дарынымен, өнер мен әдебиеттің қамқоршысы ретінде өте ауқымды суреттеледі», – дейді ғалым [162, б.43]. Бұдан шығатын қорытынды Бабыр Әлішер Науаиды өзіне ұстаз санаған. Сол себепті көзқарасы жағынан ақын Науаимен рухани үндес болғанын байқай аламыз. Себебі Бабыр Науаимен арагідік хат алмасып тұрғаны жайында былай дейді: «Самарқанды екінші рет алғанымда Әлішер бек тірі болатын. Бір жолы тіпті хат та алған болатынмын. Қайтарылған жауап хаттың сыртқы бетіне түрікше өлең жазғанмын; жауабын ала алмадым, араға лаң түсіп, аласапыран болдық», – дейді [28, б.108].

Бабырдың келесі бір тоқталатын тарихи тұлғалардың бірі Әлішер Науаидың замандасы – Маулана Әбдірahман Жами. Ол жөнінде: «Сұлтан Үсейін мырзаның ақындары: ақындарының арасынан төресі де, бас хатшысы да Маулана Әбдірahман Жәми еді және Шейхым Сүhейли, Үсейін Әлі Түфейли Жалайыр еді. ...Солардың бірі – Маулана Әбдірahман Жәми еді. Ол заманда дүнияуи және рухани ғылымда ол қатарлы кісі жоқ еді. Оның

өлеңдері баршаға мәшһүр болған. Маулананың мәртебесінен биіктеу болмағанын айтып жатуы қажет емес. Мақсат көңілде жүргендіктен осы шағын жазбада тәбәрік себепті олардың аты аталсын деген ниетпен біршама сипатын хатқа түсірдім» [17, б.197-199]. Ендігі бір тұсында Шейхим бекті айта отырып, оның өлеңіне деген Маудана Әбдірахман Жамидің пікірін келтіреді:

«Күрсінгенде, демім қозғап жұлдызды,

Төккен жасым бір топан су жүргізді. Ол жерде бұл өлеңдерін Маулана Әбдірахман Жами отырған кезінде оқып жіберді. Сонда Маулана: «Мырза, мұныңыз қалай, өлең оқып отырсыз ба, әлде жұртты үрейлендіргеніңіз бе» деді», – дейді [28, б.203]. Маулана Әбдіраһман Жамидің негізгі еңбектері: «Саламан және Абсал», «Юсуф және Зылиха», «Ләйлі және Мәжнүн», «Ізгі қасиет», «Ескендірдің даналығы», «Алтын алқа» болса, 1487 жылы «Бахаристан» атты еңбегін аяқтаған. Сонымен қатар музыка ілімін зерттеген ғалым. Музыкадағы әуен интервалы мен мақамға түсініктеме берген. Интервалдың ең биік сатысы 17 деңгейіне шекті қарастырған. Ол музыкаға қатысты аль-Фараби, Ибн-Сина, Сафи ад-дин Урмави, Абдь аль-Кади Мараги сынды ғалымдардың еңбектерін зерттеген» [74, б.103]. Бабыртанушы ғалым Саидбек Хасанов: «Тарихи тұлғалардың бет-бейнесін, қасиеттерін ерітуде автор оларға әділдік танытуға, олардың өмір сүру салты мен жағдайына сүйене отырып, олардың мінезінің маңызды тұстарын мейлінше анық әрі қысқа сөз тіркестерімен жеткізуге тырысады», – дейді [163, б.142].

«Бабырнамада» Шайбани хан бейнесі ерекше орын алады. Автор оны тек қарсылас билеуші ретінде ғана емес, қажет жағдайда жақсы қасиеттерін де көрсетіп, мінезіндегі осал тұстарын да жасырмай беруге тырысады. Сондықтан Шайбани ханның тұлғасы біржақты емес, күрделі, жан-жақты, тарихи реалистік сипатта көрініс табады. Жапон зерттеушісі Эйджи Мано да осы ерекшелікті атап өтеді. Оның пікірінше, Бабыр әр кейіпкердің бейнесін анық, нақты қабылдайтындай етіп құруды басты мақсат еткен. Эйджи Мано портрет жасаудың екі әдісі бар екенін көрсетеді: Біріншісі – кейіпкердің келбеті оқиғаның басынан бастап жүйелі түрде бірден беріледі; Екіншісі – сюжеттің әр жерінде шашыраңқы берілген детальдар оқырман санасында уақыт өте келе толыққанды бейнеге айналады [148, б.74]. Сонымен қатар зерттеуші кейбір тұлғалардың сырт келбеті арнайы сипатталмай қалуы мүмкін екенін атап өтеді. Өйткені көркем шығармадағы ең басты нәрсе – адам болмысының ішкі әлемін ашу. Осы ғылыми тұжырым Бабырдың тәсілімен де ұштасады. Себебі ол портретті тек сыртқы белгілер арқылы емес, мінез, әрекет, сөз және тарихи жағдайлар арқылы сомдайды. Нәтижесінде Шайбани хан оқырманға жанды, күрделі, шынайы кейіпкер ретінде көрінеді. Мысалы, «Шейбақ хан (Шейбани хан) үш-төрт ай бойы жақындамай алыстау жерден қорғанды айналып, көшіп жүретін еді. Бір кештің түн ортасында елдің қапыда болған кезінде Пируза қақпасының жақын маңына келіп, дабыл қағып, асыр салған еді. Мен медреседе болған едім, аса күдік пен абыржу болды. Мұнан кейін де кеш сайын келіп, дабыл

қағып, асыр салып, улап-шулап тұратын еді» [17, б.109]. Бұл мәтінде Шайбани ханның соғыс кезіндегі тактикасы айтылады. Жаулауға келген елді үш-төрт ай бойы қорғанды айналып бақылап, тиімді бір күні аяқ астынан түн ортасында елдің қапыда болған кезінде шабуыл жасайтынын жазады. Ендігі бір жерінде Бабыр Шайбани ханның жауыздық іс-әрекетін де жазады: «Шейбақ хан (Шейбани хан) Гератты алғасын әлгі екі патшаның зәузатына аянбай жамандық жасады. Жаудың жамандығы тек қана оларға шектелмей, барлық халыққа, ауылдықтар, тіпті көрмеген адамдарға жамандық жасап бес күндік өтер дүниенің байлығы үшін мұншама жаман атқа ие болды. Шейбақ ханның (Шейбани хан) ұнамсыз іс-әрекеттері Гератта көрініс тапты. Ол бұл шірік-лас дүние үшін Қадиша бегімді Шah Мансұр Бәхши көт бергішке ұстатып, түрлі-түрлі қиын істер қылдырды және Шейх Пурандай әулие әзиз кісіні моғол Әбдіуahабқа тапсырып қор қылды. Оның тағы бір ұлын басқа бір кісіге беріп қорлады», – дейді [17, б.227]. Бабыр Шайбани ханның жеңісінен кейін істейтін қаталдығын ерекше шеберлікпен бейнелейді. Ол жауын тізе бүктірген соң, олардың ұрпағына да, қарапайым халқына да аяусыз жаза қолданатынын анық суреттеп өтеді. Келесі бір тұста: «Шайбани хан Мұзаффар мырзаның Ханзада ханым деген әйеліне талақ мерзімін күтпей-ақ үйленіп алды. Шайбани хан өзінің сауатсыздығына қарамай, Гераттың атақты, дарынды ғұламалары Қази Ықтияр мен Мұхаммед Мір Жүсіпке Құран үйретті. Қолына қалам алып, Сұлтан Әли-Мешхеди мен суретші Бехзаттың жазғандары мен салған суреттерін түзетті. Ол кейде бірнеше өлеңсымақ қиыстырып, оны мінбеден оқытып, оған жұрттан байғазы жинады. Ол таңсәріден тұрып, без мезгіл намазын құр жібермей, әрі Құранды да мақамдап оқуды жақсы білгенімен, ол осындай ақымақтық істер жасап, пәтуасыз, мәнсіз, мағынасыз сөздер айтып, жосықсыз қылықтар жасады» [28, б.240]. Бабырдың берген осындай суреттемесі арқылы оқырман Шайбани ханмен етене таныса алады.

Бабыр тарихи тұлғалардың бірі – Беннаи ақын жайында да жазады. Ол жөнінде: «Сұлтан Үсейін мырзаның тағы бір ақыны – Бәнаи еді. Гераттық. Оның әкесі ұста Мұхаммед құрылысшы яғни «Бәнна» болғаны үшін Бәнаи қалап есімін алған. Бәнаидың ғазалының көркемдік пен рухы бар. Өлеңдер жинағы бар. Мәснәви түрінде өлеңдері бар. Оның бір мәснәуиі жемістер жайында. Оны Мұтықарып өлшеммен жырлаған. Оның пайдасыз немелері де бар. Босқа еңбек еткен. Тағы бір шағын көлемді мәснәуиі бар. Хәфиф өлшемде жырлаған. Және көлемділеу мәснәуиі бар, ол да хәфиф өлшемде, бұл мәснәуи кейінірек тәммдаған» [17, б.199]. Беннаидың Әлішер Науаимен сөз қағысқаны жайлы Бабыр былай дейді: «Оның қалжыңбастық әдеті қалмады. Оның бірі мынадай: бірде Әлішер бек шахмат ойнап отырып көсілсе, аяғы Беннаидың бөксесіне тиіп кетіпті. Әлішер бек қалжыңдап: «Бұл Гератта аяғыңды көсілсең де, ақынның бөксесіне тиеді» депті. Беннаи оған: «Аяғыңды жиып, астыңа басып отырсаң да, ақынның бөксесіне тиеді» депті. Ақыры осы қалжыңның әсерінен ол Гераттан Самарқанға қоныс аударды» [28, б.210]. «Бабырнамада» Әлішер Науаи мен Беннаи ақынның арасындағы

кикілжіңді байқауға болады. Бабыр тағы да сондай бір көріністі былайша сипаттайды: «Беннаидың бір тапқырлығы есіме түседі. Бірде Беннаи Әлішер бекті сөзге жығыпты. Әлішер бектің түймелі шекпені болатынды-ды. Ол: «Сен сөз тауып кеттің. Сөз тапқанға қолға жоқ» деген, мынау шекпенімді иығыңа жабар едім, түйменің бөгет жасап тұрғанын көрмейсің бе?» депті. Сонда Беннаи: «Әпендім-ау, түйменің жазығы не, оны тұтып тұрған баулық емес пе!» депті», – дейді [28, б.411]. Нұрмұхаметова Қарлығаш: «Беннаи Шайбани ханға арнап «Шайбанинама» еңбегін жазған және өз дәрінде «дала жолбарысы» атағына ие болған» [74, б.128].

Бабыр өз заманындағы музыкант, суретшілер жөнінде де нақты деректер қалдырған. Мәселен, музыканттар туралы ол: «Канунда Қожа Абдолла Марварид сияқты шебер ойнайтын өнерпаз жоқ еді. Құл Мұхаммед Үдеші деген болды. Ол ғижжаққа үш ішек жүргізіп жақсы ойнады. Музыканттар мен орындаушылардың ішінен одан жақсы әуенді көп жазған адам болған емес. Шейх-и Наий деген болды. Ол да үде мен ғижжақта тәуір ойнады. Он екі-он үш жасынан бастап машыққан майталман музыкант болды», – деп жазады [28, б.213]. Сонымен қатар Бабыр одан өзге: Шаһ Күли Ғижжақи, Құсайын-и Үдеші, Ғұлам Шади, Мір Азу, Мұхаммед Бу Саид секілді музыкант есімдерін атап, өнерлерін талдап өтеді.

Сол сияқты Бабыр суретшілерге де тоқталған: «Ең атақты деген суретшілердің бірі – Бекзат. Ол – өте сезімтал суретші. Бірақ көселердің пішінін нашар бейнелейтін, иектерін тым сүйірлеп жіберетін. Сақалды еркектің бейнесін өте жақсы келтіретін. Шаһ Мұзаффар деген болды. Ол суретті өте нәзік бейнелейтін, ол шашты да айнытпай салатын», – деп атап өтеді [28, б.212].

Бабыр шығармасында Маулана Шейх Құсайын секілді ойшыл-философтар жөніндегі мәліметтер де кездеседі. Осы деректердің барлығынан аңғарылатыны – Бабыр музыка, бейнелеу өнері және философия саласына бейжай қарамаған. Егер ол бұл өнер түрлерінен мүлде хабарсыз болса, өнерпаздарды мұншалықты дәл сипаттап, олардың шеберлік деңгейін айырып айтуы екіталай болар еді. Осының бәрін ескере келе, «Бабырнама» тек тарихи-саяси оқиғаларды ғана емес, сол дәуірдің мәдени тынысын да көз алдымызға әкелетін құнды шығарма екенін байқаймыз.

Бабыр өз дәуіріндегі тұлғаларды сипаттағанда белгілі бір тәртіп пен жүйеге сүйенеді. Мәселен, ол әкесі Омар Шейхтің өмірін баяндағанда ақпаратты тармақтап береді: алдымен оның шыққан ортасы мен тегі, кейін мінез-құлқы мен күнделікті әдеттері, жорықтары, иеліктері, отбасы мүшелері, соңынан әмірлері туралы мәліметтерді тізбектейді. Осы тәсіл арқылы автор кейіпкерін тек тарихи факт арқылы ғана емес, тәлімді детальдар арқылы да танытады. Мысалы, әкесі Омар Шейхті «аққөңіл, қолы ашық, сөзге шешен, елгезек және адамдарға ықыласы ерекше» деп сипаттай келе, оның бейбіт жағдайды жиі шайқасқа ұластырып жіберетін мінезін де жасырмай айтады. Бабыр әкесінің кемшіліктерін де ашық беруден қашпайды. Ол Омар Шейхтің соңғы жылдары есірткіге әуестеніп, күйзеліске жақын жүретінін, жастайынан

сезімге беріліп, махаббаттың ауыртпалығын жылдар бойы тартқанын жазады. Бос уақытында нард пен тобық ойынын жиі ойнағанын да атап өтеді. Осы мәліметтерді негізге алсақ, Бабыр әкесінің бейнесін бір жақты көрсетпей, оның тұлғасын толық қалпында қайта жаңғыртқанын байқаймыз. Ол портрет жасаудағы суреткерлік шеберлігін, бай тәжірибесін ғана емес, дерекке адалдығын да танытады. Ендеше, Бабырдың шығармасындағы портреттер оқырманға тірі адамды елестеткендей әсер қалдырады. Тарихи мәліметтер мен көркемдік тәсілдердің өзара ұштасуы соншалық – кейіпкерлердің болмысы нақты өмірде жүргендей айқын көрінеді. Себебі Бабыр үшін басты құндылық – әділдік. Ол ең жақын адамдарының да кемшілігін жасырмайды. Омар Шейхтің есірткіге әуестігі, мінезіндегі қайшылықтар туралы еш бүкпесіз жазуы – оның тарихи шындыққа адалдығын көрсетеді. Бабыр кей тұста эмоцияға да ерік береді, бұл да оның мемуарист ретіндегі табиғилығын дәлелдейді. Бабырдың бейнелеу тәсілі – факт пен сезімнің, дерек пен эмоцияның, тарих пен көркемдік ойлаудың синтезі. Мысалы, «Үлкенді-кішілі бауырларым азды-көпті жамандық жасағанмен, оларға өшпенділік оайлау маған жат қылық көрінетін де, жамандыққа жамандық жасау әркімнің қолынан келеді деп көңілімді жұбататынмын. Бұын Жаһангер мырза екеуміз иелікке, нөкерге бола қырғи-қабақ болып қақтығыстық та, алауыздыққа да ұшырадық. Қазір болса екеуміз де жат жердеміз» [28, б.145]. Сонымен қатар Бабыр тарихи тұлғаны оның шыққан ортасымен тығыз байланысты қарайды. Мысалы, Мұхаммед Хайдар Дулаттың ақындық дарынын, қолөнерге жақындығын сипаттар алдында оның Жүніс хан әулетімен туыстығын еске алады. Жоғарыда айтылған «Барлық нәрсе өз тегіне қайтады» деген тұжырым Бабырдың әлеуметтік-психологиялық көзқарасын білдіреді. Яғни адамның қабілеті тек жеке таланттан емес, тектілік, орта, тарихи дәстүрден бастау алады. Бұл – шығыс мемуаристикасына тән, бірақ Бабырда ерекше дамыған әдіс.

Қорытындылай айтқанда, З.М. Бабырдың тарихи тұлғаларды бейнелеу әдістері – шығыс мемуаристикалық дәстүріндегі ерекше құбылыс. Оның портрет жасаудағы тәсілдері, ең біріншіден, жүйелі құрылымға бағынған және психологиялық тереңдікке құрылған. Сонымен қатар тарихи деректермен дәлелденген, көркемдік элементтермен байытылып, әлеуметтік-генеалогиялық байланыстарды ескерген және авторлық шыншылдықты алдыңғы орынға қойған. Осының нәтижесінде «Бабырнамада» берілген тұлғалар тек оқиғалардың қатысушылары емес, өз дәуірінің толыққанды тарихи-көркем бейнесі ретінде көрінеді.

Бабырдың тарихи тұлғаларды бейнелеу тәсілдері бүгінгі әдебиеттану мен тарих ғылымы үшін де құндылығын жоғалтқан жоқ. Керісінше, оның шығармасы тарихи психологияны, портрет өнерін, деректану мәдениетін зерттеудің маңызды үлгісіне айналып отыр.

3.3 Баяндау мен кейіпкер диалогінде қолданылатын амалдар

Захириддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнамасы» – тарихи деректерді жинаған шежіре ғана емес, күрделі нарративтік құрылымы бар көркем туынды. Себебі Бабыр қолданған баяндау түрлері (нарративтік тәсілдер) мен кейіпкер диалогінде қолданылатын амалдары мәтіннің көркемдік қуатын күшейтіп, оқиғаның психологиялық тереңдігін айқындайды. Сондықтан Бабыр прозасының басты ерекшеліктерінің бірі – баяндау (наррация) мен кейіпкер диалогінің органикалық байланысы. Бұл екі компонент шығарманың көркемдік тұтастығын құрайды, әрі кейіпкер характерінің ашылуына, оқиғаның драматизмін тереңдетуге қызмет етеді.

Баяндау – автордың оқиғаны беру тәсілі, шығарманың композициялық негізі. Баяндау жөнінде айтқанда әдебиеттанудың бір саласы – нарратологияны айтпай кете алмаймыз. Әлем әдебиетінде нарротология Р.Барт, Ж. Женетт, М. Риффатер, А. Прието және орыс әдебиеттануында М.Ю. Лотманның мен Р. Якобсонның сюжеттер түзілімі (сюжетосложение) теориясы туралы зерттеу еңбектерінен айтылады. Вольф Шмид «Нарратология» [164] еңбегінде терминге мынадай анықтама береді: Нарратология – бұл «баяндау теориясы». Роман немесе әңгіме жанрларына ғана тән дәстүрлі типологиялардан өзгеше әрі тек көркем әдебиет аясымен шектелмейтін бұл ғылым саласы Батыста 1960 жылдары структурализм бағытында қалыптасты. Нарратологияның мақсаты – кез келген жанрдағы және кез келген қызметтегі баяндау түрлеріне ортақ құрылымдарды анықтау, яғни барлық «нарративтердің» әмбебап заңдылықтарын табу», – дейді [164, б.9].

Нарратология терминінің шығуы әдебиеттанудағы «нарратив» ұғымымен тікелей байланысты екені белгілі. Бұл бағыт баяндау табиғатын зерттеуді мақсат еткен теориялық саланың бірі ретінде қалыптасқан. XXI ғасыр әдебиеттану: терминдер сөздігінде [124] нарратив дегеніміз (ағылш., франц. narrative – әңгімелеу, баяндау) – оқырманға немесе тыңдаушыға сөздер мен образдардың тіркесі ретінде ұсынылған өзара байланысқан оқиғаларды мазмұндау» [124, б.155]. Ал нарратор (narrator) – бұл әдеби туындыдағы оқиғаны баяндайтын, әңгімелейтін немесе баяндаушы тұлға, ол автордан бөлек, тек сол шығарманың ішінде өмір сүреді және оқиғалардың қалай жеткізілетінін анықтайды. Әдебиеттануда автор мен нарратор бір-бірінен бөлек, қарсы мәндегі екі құбылыс ретінде қарастырылады. Автор шығармадан тыс тұратын шынайы тұлға болып саналса, нарратор керісінше – мәтіннің ішкі құрылымына кіретін, онсыз баяндау жасалмайтын компонент. Ғылыми әдебиеттерде бұл екі ұғымды атауда «әңгімеші» және «баяндаушы» терминдері қатар қолданылады [165].

Автор мен нарратор жиі қабысып кететіндей көрінгенімен, ғылыми тұрғыдан олар екі бөлек категория. Автор – шынайы тарихи тұлға болса, нарратор – сол тұлғаның мәтіндік көркем бейнесі. Олардың арасындағы негізгі айырмашылықтар мынада: автор – өмір шындығын жасаушы, ал

нарратор – сол шындықты баяндаушы. Автор эмоциясын, субъективті көзқарасын толық көрсетуі мүмкін, бірақ нарратор сол эмоцияны мәтіндік құрылымға енгізеді. Яғни автор – тарихи субъект, нарратор – көркем субъект. Алайда олардың бірлігі – шығарманың автобиографиялық жанрында табиғи құбылыс ретінде көрінеді. Бұл ерекшелік «Бабырнаманың» реалистік әсерін күшейтеді. Демек, нарратор – автордың мәтіндік бейнесі. Ол шығарманың ішкі кеңістігінде әрекет ететін әрі оқиғаны баяндаушы тұлға ретінде көрінеді. «Бабырнамада» нарратор бірінші жақтық баяндауды қолданады, бұл шығармаға ерекше шынайылық, психологиялық тереңдік және эмоциялық реңк береді. Ендеше, «Бабырнамадағы» тұтас мәтінге қарап автордың баяндаудың бірнеше түрін қолданғанын көруге болады. Олар: хроникалық баяндау, психологиялық баяндау, портреттік баяндау, географиялық-этнографиялық баяндау және эпикалық баяндау. Бабыр шығарманың негізгі бөлігін хроникалық (күнделік-тарихи) баяндау стилінде береді. Себебі Бабыр өз жолын, саяхатын, әскери қақтығыстарын, адамдармен қатынасын бірінші жақтан баяндайды. Мұндай баяндау тәсілі, ең біріншіден, оқиғаның нақты уақытын белгілейді және тарихи шындықты дәл жеткізеді. Сонымен қатар туындыдағы көп деректің ретін сақтайды. «Бабырнамадағы» жорықтар, саяси оқиғалар, әскер қозғалысы, қала сипаттамалары, халықтардың әдет-ғұрыптары, соғыс тактикасы – мәтіннің құжаттық дәлдігін айқындайды. Мысалы, «Болған моғолдар, әндіжан әскерлері және бір топ жақын бектері де Әндіжанға кетті. Менімен Самарқандта бек пен бекзаттар, жақсы-жаман мыңға жуық кісі қалған еді» [17, б.74].

Психологиялық баяндауда Бабыр өзінің ішкі әлемін, көңіл күйін, толғанысын ашық көрсетеді. Бұл бейнелеу түрі кейіпкер мінезін ашуға көмектеседі. Мәселен: жеңілістен кейінгі күйзеліс, туған жерге сағыныш, қауіп-қатер алдындағы толғаныс. Мысалы, «Маған өте қиын болды, еріксіз жыладым. Одан Хожәндқа келдім. Менің анамды, әжемді және менімен қалған кейбір отбасыларды менің жаныма Хожәндке жіберді» [17, б.77].

Портреттік баяндауда Бабыр кейіпкерлердің сырт келбетін, мінезін, жүріс-тұрысын детальмен суреттеп, баяндайды. Мысалы, әкесінің портреті немесе Байсұңқардың «түркімен жүзді, кең иықты, сымбатты» деп бейнеленген бейнесі, сол секілді көптеген тұлғаны Бабыр егжейлі-тегжейлі баяндайды.

Географиялық-этнографиялық баяндауда табиғат, қала, ел, тайпа туралы кең көлемді сипаттамалар бар. Бұл баяндау түрі оқиға кеңістігін ашады, тарихи-мәдени ақпарат береді. Мысалы, «Самарқан», «Кабул» мен «Үндістан» қалаларының табиғаты мен құрамындағы тайпаларды баяндауынан көре аламыз. Соның ішінде Бабыр Самарқан қаласы жайында: «Самарқандта жақсы уәлаяттар мен түмендер бар, уәлаятының үлкендігі Самарқандпен теңесетін Бұқара бар. Ол Самарқандтың батыс тарапында жүз елу шақырым қашықтықта орналасқан. Бұқараның данеше түмендері бар, тәуір қаласы да бар, жемісі мол да сапалы болады» [17, б.71].

Эпикалық баяндау. Кей бөлімдерде Бабыр оқиғаларды эпикалық масштабпен береді. Мәселен, батырлардың шайқастары, шешуші жорықтар, ел ішіндегі қақтығыстар. Мысалы: «Бірақ жұртын бүлікшілер мен арамтамақтардан аулақ қыла алмады, оларға уәде де, үгіт-насихат та, қорқыту мен үркіту де еш әсер етпеді. Ұзын Асан мен Сұлтан Ahмет Тәнбәл бір рет Төлен Қожаның үстіне әскер жіберіп, қапыда ұстап, алып келіп өлтірді» [17, б.75].

Жалпы «Бабырнамадағы» автор мен нарратор – бір тұлғаның екі қыры тәрізді. Автор – тарихи деректерді қалдырған мемлекет қайраткері болса, нарратор – сол деректерді көркем тілмен жеткізген баяндаушы. Екі категорияның өзара байланысы шығарманың жанрлық және эстетикалық табиғатын айқындайды. Бұл ерекшелік «Бабырнаманы» түркі мемуар жанрының асқан үлгісі ғана емес, әлем әдебиетінің де құнды нарративтік ескерткіші деңгейіне көтереді. Шығарманың көркемдік дәлдігі, психологиялық шынайылығы және авторлық «меннің» қуатты бейнесі – оның мәңгілік мәнін айғақтайды.

Ал «Бабырнамада» диалог – оқиғаны дамыту, мінез ашу, шешім қабылдау құралы. Бабыр тарихи тұлғалардың сөзін дәлме-дәл келтіруге тырысады. Бабыр диалогті беру үшін: қысқа реплика, риторикалық сұрақ, бұйрық рай, мақал-мәтел, этникалық ерекшелігі бар сөздер сияқты тәсілдерді қолданады. Бұл көркемдік шеберлік баяндау мен диалогтің үндесуін одан әрі күшейтеді. Сол себепті «Бабырнамадағы» баяндау мен диалог – шығарманың көркемдік табиғатын анықтайтын екі өзекті компонент. Баяндау – тарихи шындықтың қаңқасы болса, диалог – сол қаңқаға жан бітіретін тірі қан тамыры. Екі элементтің үйлесімді кірігуі туындыны құжаттық дерек қана емес, әдеби құбылыс деңгейіне көтереді.

Әдебиеттану терминдер сөздігінде [117] диалог, сөйлестіру (гр. – dialogos) – әдеби шығармада екі кейіпкердің немесе бірнеше адамның сөйлесуі, оларды сөйлестіру тәсілі. Ал кейіпкер сөзі – көркем шығармадағы сөйлеп тұрған, пікір білдіретін, әңгімелесетін немесе баяндаушы рөлін атқаратын кез келген адам бейнесі. Автордың көркемдік ниеті, негізгі баяндаушы немесе хикаяшы ретіндегі мақсат-мұратына қарай кейіпкер сөзінің табиғаты айқындалады. Тарихи шығармаларда кейіпкер сөзінің сипаты сол дәуірдің тарихи жағдайы мен тілдік ерекшелігіне сай құрылуы шарт. Сонымен қатар көркем тілде жеке дараландыру принципі де маңызды орын алады. Кейіпкердің өзіндік сөйлеу мәнері оның мінезі, тұлғалық болмысы, дүниетанымы, мәдени және рухани деңгейімен тығыз байланысты [117, б.185]. Кейіпкерлердің сөзінен олардың мақсаты, әрекеті мен мінезі айқын көрінеді. Көп жағдайда сөйлеу мәнері кейіпкердің дәл сол сәттегі көңіл күйіне байланысты болады. Сондықтан кейде олар қуанышты, кейде мұңды не күйзелген болып көрінеді. Бұл олардың өзара әңгімесінде немесе басқа кейіпкермен жүргізген диалогінде байқалады. Кейіпкерлер бірде күледі, бірде жылайды – мұның бәрі олардың қоршаған орта әсерінен туындайды. Кейіпкер сөзі сюжет табиғатына қарай монологтік сипатта да берілуі мүмкін.

Бұл «Бабырнамада» көп көрініс табады. Бейнелі тіл кейіпкердің сөзін байытып, оқырман үшін оны түсінікті әрі әсерлі етеді. Кейіпкер Бабырдың сөйлеуінде әсірелеу, метонимия, салыстырмалы бейнелер сияқты тәсілдер ерекше рөл атқарады. Осылайша ойын шебер жеткізе білуі оның сөзге шешендігін аңғартады.

Сонымен қатар кейіпкер сөзінен оның жақсы немесе жаман қасиеттері, рухани әлемі, мінезінің даралығы да көрінеді. Өмірде бірдей сөйлейтін адамдар болмайтыны сияқты, шығармадағы кейіпкерлердің сөйлеу мәнері де бір-бірінен айқын ерекшеленеді. Әр кейіпкер өз мінезіне, кіммен сөйлесіп тұрғанына және жағдайға қарай әртүрлі интонациямен сөйлейді. Кейбіреулер ауызекі сөздерді немесе бөтен тілдік элементтерді жиі қолданса, енді бірі шешен, бейнелі тілге құмар келеді. Біреулері пафосты, ишара-ыммен толықтырылған қызу әңгімеге бейім болса, енді біреулері әдеби тіл нормасынан шықпай, сабырлы сөйлейді. Осындай ерекшеліктер кейіпкерлердің мінезін ашуда және олардың сөзі мен ойының мән-мағынасын жеткізуде аса маңызды рөл атқарады [166].

«Бабырнама» тарихи шындық принципін қатаң сақтайтын шығарма болғандықтан, ондағы кейіпкерлердің сөйлеу мәнері шынайы тарихи тұлғалардың тілімен толық сәйкес келеді. Бұл туралы М.Мирсайдуллаев: «Өмірде әрбір адамның сөйлеу мәнері, сөз қолдану тәсілі оның қандай тұрмыс кешкенін, мәдениеті мен санасын, психологиясын аңғартады. Сол себепті көркем шығармадағы кейіпкерлердің сөздері мен сөйлеу мәнерлері де әртүрлі, өзіндік болып келеді және олардың мінезін түсінуге белгілі бір қызмет атқарады», – деп жазады [151, б.97].

Әдебиеттанушы ғалым Б. Майтанов «Қазақ романы және психологиялық талдау» [167] атты еңбегінде: «Көркемдік интерпретациядан өтетін өмір шындығының сенімділігіне айқын кепілдердің бірі – кейіпкер сөздері. Қаһарманның тек өзіне хас дара характері оның сөйлеу мәнерінен көрінеді. Бұл диалогтің эстетикалық мәнін анықтайды. Монолог арқылы да мінездер ерекшелігі, ойлау сипаттары, образдың дүниетанымдық арналары өрнектеледі», – дейді [167, б.292]. Жалпы, «Бабырнамада» кейіпкерлер сөзінің монолог, диалог және сұхбат түрлері кеңінен қолданылады. Олардың барлығы бейнелеу құралдарына бай болып келеді, бұл ерекшелік автор сөзі арқылы айқын көрінеді. Мысалы, «Сонда маған екі таңсық әңгімесін айтты. Біріншісі, оның нөкерлері тастап кеткені себепті көңіл айтқанымда ол: «Бұл нөкерлерім төрт рет осылайша менен айырылып кетіп, қайта оралып келген», − деп жауап берді. Енді бірі інісі Уәлиді сұрадым. Ол: «Амудрия өткелі қашан оны өткізсе, сол уақытта келеді. Бірақ өткелдер суы ұлғайғанша өзгеріп тұрады. Мынадай «Ол өткелді су шайып кетті» мысал да бар», − деді. Оның бақ-дәулеті басынан кетіп, нөкерінен айырылғанда бұл сөзді оның ауызына тәңірі салды» [17, б.143]. Бұл үзінді Бабыр мен Хұсрау шаһ арасындағы сұхбатқа қатысты болып, әңгіме Хұсрау шаһтың нөкерлері мен інісі жайында өрбиді. Бабыр екі қызықты жағдай орын алғанын айтып, Хұсрау шаһтың көңілін көтеру мақсатында осы туралы сұрайды. Әңгіме

барысында автор Хұсрау шаһтың жауабын да келтіріп өтеді. Бұл жерде диалогты ұйымдастыратын, екі сөйлесушінің сөзін ажыратып тұратын қызметті «айтқанымда», «сұрадым» сияқты сөздер атқарады. Дәл осы сөздер «Бабырнамадағы» баяндаушы сөзінің ішінде диалогтік жағдаят құруға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар «-ым», «-ім» сияқты меншіктік жалғауларды қосу арқылы әңгіме кезегі Бабырға өтеді. Сол арқылы Бабыр Хұсрау шаһпен болған оқиғаны баяндап қана қоймай, оны талдаушы, бағалаушы және қорытынды шығарушы субъект рөлін де атқарады. Хұсрау шаһ нөкерлерінің мінез-құлқын жақсы білетіндіктен, олардың қайта оралатынына сенім білдіре отырып айтады: «Бұл нөкерлерім төрт рет осылайша менен айырылып кетіп, қайта оралып келген». Кейіпкер сөзінен алынған осы сөйлемде семантикалық қарама-қарсылық тәсілі байқалады. Мұндағы «айырылып кетіп» және «оралып келген» сөздері мәтінде дәл осы функцияны атқарып тұр. Сөйлесу барысында екі тарап арасындағы ішкі психологиялық қайшылық та сезіледі. Бабыр әңгімелесушісінің оған еріксіз, салқын түрде құрмет көрсетіп отырғанын бейнелеу барысында бейнелеу құралдары арқылы көрсетеді. Нөкерлер мен інісі Уәли туралы хабарлардан олардың келуінен гөрі, келмей қалуы мүмкін екені аңғарылады. Тіпті Хұсрау шаһтың өзі де ішінен олардың Бабыр әскеріне қосылғанын қаламайтыны сезіледі. Інісі Уәли туралы Бабыр қойған сұраққа Хұсрау шаһ шартты сөйлеммен жауап қайтарады: «Амудрия өткелі қашан оны өткізсе, сол уақытта келеді» Бұл жерде «Амудрия өткелі қашан оны өткізсе» деген тіркес – Уәлидің келуі күмәнді дегенді астарлап жеткізуге арналған. «Бірақ өткелдер суы ұлғайғанша өзгеріп тұрады» тіркесі – астарлы мағына беретін негізгі сөз. Себебі бұл сөйлемнен екі мәнді көруге болады: Бірінші, сыртқы (тікелей) мағынасы – суы ұлғайғанша өткелдің өзі де өзгереді дегенді білдіреді. Бұл белгілі бір деңгейде ирониялық реңкке ие болып, істің әдейі кейінге шегеріліп жатқанын білдіреді. Екінші, астарлы мағынасы – «адам өзгергіш, түрлі реңкке енетін, екіжүзді болса, оның сөзінде су сияқты өтірік көбейеді» деген терең ойды жеткізеді. Сөйлем соңындағы «Мынадай «Ол өткелді су шайып кетті» мысал да бар» сөзі диалогтің мазмұнын тереңдетіп, астарлы иронияны күшейтеді. Бұл даналық сөз Хұсрау шаһтың ішкі көңіл күйін, Бабырға деген екіұшты қатынасын, уәдесінде тұрмайтын мінезін ашып көрсетеді. Шындығында, Бабыр мен Хұсрау шаһ өзара көмек туралы келісімге (өткізетін өткелге) келген болатын. Бірақ Хұсрау шаһтың жалған уәдесі («сөзіндегі су») сол өткелді ағызып әкеткендей болды, яғни уәдеден тайқып кеткенін білдіріп тұр.

Осыған сәйкес әдебиеттанушы ғалым Б. Майтановтың атаулы еңбектің [167] «Диалогтегі сезім шынайылығы» атты тоғызыншы тарауында: «Тұлға, характер өзін диалогте, сөздер кездесуінде ішек-қыртысына дейін, әрі қайталанбастай күйде танытады: адам қалайша бұлтарыс жасайтыны немесе тасаланып бағатыны, нені түгел айтып, нені бүгін отырғаны, оның ұғымынша қандай нәрсені атамаса да түсінікті екені, сөйлеу жүзінде ол қандай

мүмкіндіктер байқататыны аңғарылады», – дейді [167, б.245]. Бұл тұжырым жоғарыда аталған мысалыға тұздық деп білемін.

Автор диалогті көбінесе меншіктік жалғаумен жазатынын айттық. Соған тағы да бір мысал: «Бір ескі тері тон тауып алып келді, оны кидім. Бір аяқ жемнен ас та тауып әкелді, оны жедім. Ғажап тыныштық таптым. Пенде Әліге: «Қадірбердіге адам жібердің бе?», – деп сұрадым. Ол: «Жібердім», – деді. Бұл бақытсыз ауылдық ерсімақ бірігіп, бұл кісіні Әхсиге Тәнбәлдің жанына жіберіпті» [17, б.136].

Автор кейіпкердің сөзін түсінікті, көркем, әсерлі әрі көп мағыналы етіп жеткізуде, оның рухани әлемін ашуда халық мақалдарын орынды қолданады. Бұл туралы Ш. Исақова төмендегідей атап өтеді: «Жазушылар кейіпкерлердің сөзіне халық мақалдарын өте шеберлікпен және белгілі бір өлшемді сақтай отырып енгізеді. Бұл арқылы олар кейіпкерлердің рухани әлемін тереңірек ашуды көздейді» [166, б.48]. Сөзімізге дәлел болсын «Бабырнаманың» кейбір тұстарында автордың өз мінезіне тән қырлары баяндаушының сөзі арқылы және мақалмен толық ашылады. Бабырдың халықпен, әскермен қарым-қатынасын көрсетуімен қатар, онда оның жомарттығы, төзімділігі, қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі де көрініс тапқан. Мысалы: «Мен үңгірдің кіреберісінде күрек алып қар күреп өзіме бір текеметтің бір паршасындай орын жасадым. Қарды кеудеме дейін қаздым, бірақ жерге жете қоймады. Әйтеуір желден қорғануға пана болды. Сонда отырдым. Маған қаншама үңгірге барыңдар десе де, бармадым. Сонда мен ойлағам, барша жұрт қарда және шапқында болғанда мен үйде, демалып жатсам қалай? Сонда барша ұлыс абдырап, машақатпен алысып жатқанда, мұнда тыныш ұйқыға жатсам мәрттіктен жырақ, бағыттастықтан ұзақ іс болар деп мен де қандай да бір абыржу мен қиындық болса көрермін, қаншама ел төзе білсе, мен солармен бірге тұрайын. «Достармен бірге өлген – той» деген парсының бір мысалы бар» [17, б.213]. Осыдан байқайтынымыз Бабыр патша болса да, елден бөлінбейді. Бүкіл әскер қалың қарды қазып, жеркепе жасап, сол суық түнді сонда өткізіп жатқанда, Бабыр «жылы үйде» жайлы ұйықтауды қаламайды. Ауыр жағдай мен қатты суық сөйлемде анық бейнеленген: «Қарды кеудеме дейін қаздым, бірақ жерге жете қоймады» деген жолдар қардың қаншалықты қалың болғанын көрсетеді. Сол қалың қардың ішінде Бабыр өзі үшін жеке паналайтын орын жасап, жай әскердей қоныстанады. Себебі ол өз әскерінен жайлы жағдайда өмір сүріп, өзін олардан жоғары қоюды қаламаған. «Ұлық болсаң, кішік бол» дегендей, қиын сәтте жанындағылармен бірге болуы, адамгершілікті ту еткен парасатты адам екенін көрсетеді. Сонымен қатар Бабырдың халқын қаншалықты құрметтейтіні, өзінің емес, ең алдымен елінің жағдайын ойлайтыны көркемдік бейнелеу құралдары арқылы айқын көрсетілген. Бабырға қатысты бұл ішкі монологтің әртүрлі көркем тәсілдер көмегімен берілуі шығарманың әсерлілігін арттыра түседі. Мәселен, автор «мен де қандай да бір абыржу мен қиындық болса көрермін, қаншама ел төзе білсе, мен солармен бірге тұрайын» деген сөйлемінде ырғақты, үйлесімді сөйлеу тәсілін қолданады.

Мұнда өзінің халқы қандай жағдайда болса да, олармен бірге болуға, қиындық пен рақатта да қатар жүруге дайын екенін шынайы жеткізген. Бабыр мәтін бойында ойларын анық білдіріп, қарама-қарсы қою тәсілін де орынды пайдаланады. «Маған қаншама үңгірге барыңдар десе де, бармадым» деген жолда халықтың оған айтқан сөздері көрсетіледі. Бабыр сарбаздарының жағдайын ойлап, жылы, қорғалған жерге барудан бас тартады. Сол сәтте ол өз шешімін дәлелдеу үшін мына мақалды келтіреді «Достармен бірге өлген – той». Б. Қожабекұлы аудармасында бұл сөйлем былайша аударылады: «Хавал – қыспақ аңғар екен; оған кіре берістен күрекпен қар үңгіп, кеңдігі жайнамаздай күрке дайындадым; шұңқырды кеудеме дейін қазсам да жерге жетпедім, әйтеуір желден тасаланып қорғанып, сол жерде отырдым. «Хавалға жүріңіз» деп қанша шақырса да, баспай қойдым. Нөкерлерім қардың астында, боранның өтінде қалғанда, мен жылы үйге кіріп, қалай дәтім шыдайды. Жұрт тоңып, қорлық көріп, азап шеккенде, мен рақаттанып ұйықтамақпын ба? деп ойладым. Бұл ерліктен аулы алыс жат қылық, жолдастыққа жатпайтын қылық. Мен де солармен бірге боламын, олар тартқан азапты біге тартамын. «Көппен көрген ұлы той» деген парсының мәтелі бар емес пе», – деп келеді [28, б.227]. Қарап тұрсақ, қазақ танымына жақын етіп аудармашы мақалды «Көппен көрген ұлы той» деп аударады. Алайда Ильминскийдің көшірмесінде бұл мақал «Достармен бірге өлген – той» деп жазылған [20]. И. Жеменей аудармасы өзінің «реалист» аударма екенін осы жерде тағы да бір рет дәлелдеп отыр.

Диалог – эмоцияны жеткізудің басты құралы. Себебі Бабыр психологиялық реңк беру амалын қолдану арқылы ішкі күйін тікелей суреттей отырып, оқырманмен сырласу тәсілін қолданады. Автор мен оқырманды өзара байланыстыратын бұл тәсіл – ол кезеңдегі жазбаларда қалыптаса қоймаған құбылыс. Бабыр сүреңсіз кездерінде, яғни туған жері мен нөкерлерінен айырылып, қатты қапаланған сәтінде оқырманымен ашық сырласады. Мысалы: «Бұл басыма түскен ауыр жағдай болды; мен қол бастап, ел басқарғаннан бері, осындай жағдаймен нөкерлерімнен айырылып, туған жерімнен айырылып көрген емеспін. Осы жасқа келгенше мұндай қайғыға, қасіретке душар болмадым» [28, б.77].

«Бабыр кейбір тарихи оқиғалар мен қақтығыстарды сипаттағанда оларды тек сыртқы факті ретінде емес, өз жан дүниесіндегі тартыстар мен толғаныстардың сүзгісінен өткізіп береді. Автор көбіне ішкі ой ағымын – кейіпкер психологиясын ашуда негізгі тетік саналатын ішкі монологті пайдаланады. «Бабырнама» мәтінін мұқият қараса, мұндай ішкі толғаныстар желісі үздіксіз өріліп жатқаны байқалады. Ішкі монологті көркем деңгейде беру оңай іс емес. Ол адам табиғатын дәл тануды, жан әлеміне бойлай алатын ерекше сезімталдықты талап етеді. Шын мәнінде, нағыз жазушы – бір мезетте терең психолог. Мұхтар Әуезов ұлттық прозадағы ішкі сөздің эволюциясын талдай келе, кейіпкердің ішкі үні мен ой саптауын ауызекі тілден даралап, шынайы монолог дәрежесіне жеткізді. Ал Бабырдың лирикалық тұстары да осындай өзіндік сырласу дәстүріне толы. Ол кейде

оқиғаның ортасында емес, өзімен-өзі ақылдасып отырғандай әсер қалдырады. Мысалы, ол Ходжентте бір жарым жыл тұрақтап, енді не істерін білмей, ой үстінде жүрген сәтін: «Осыншама толқудан, күдіктеден кейін байыз тауып отыра алмай, Ұратепенің оңтүстігіндегі жайлауға тарттық. ...Сол жерде тұрғанымызда мен сияқты ұшарын жел, қонарын сай біліп, дел-сал болып жүрген Қожа Әбу-л Мәкәрім маған жолығуға келді. Одан ақыл сұрап: «Осы жерде тұрамын ба, жүремін бе, не істеймін, не істеу керек? деп сырластым. Оны біздің жағдай қатты толғандырып, намазын оқып жүріп кетті. Бұл да маған қатты әсер етті, бауыр етім елжіреп, қапа болдым», – дейді [28, б.83]. Осы арқылы Бабыр оқырманын әңгімеге серік етіп, өз ішкі халі мен пайымын бөлісіп сөйлейді.

Кейде Бабыр өзіне сұрақ қою арқылы да оқырманды сол сұрақтың жауабын табуға итермелейді. Мысалы, «Мен ылғи: «Егер мүйізтұмсықты пілмен жолықтырса қайтер еді? Қандай әрекет жасар еді?» – деп ойлаймын» [28, б.294]. Осы жерде оқырман Бабыр секілді осы сұрақтың жауабын ойша табуға тырысады. Бабыр диалогте кейіпкер сөзін дараландыру тұрғысынан да көркемдік-бейнелеу құралдарының мол мүмкіндігін танытады. Мысалы, Жәнібектің сөзінде қолданылған бейнелеу тәсілдері мен диалектілік элементтер біздің ойымызды растайды: «Өзбек ұлысында мәшһүр палуан екен. Өзбек палуан кісіні «бұқа» депті. Жәнібек: «Кім бұқа? Бұқа болсаң кел күресейік» депті. Елші қаншама бастартса да қоймапты. Ақыры күресіп, Жәнібекті жығыпты» [17, б.43]. Бұл үзіндіні талдасақ, Жәнібектің сөзінен мына сөйлем ерекше көзге түседі: «Жәнібек: бұқа болсаң, кел, күресейік». Өзбектер күшті, мықты, палуан кісіні «бұқа» деп атаған. Демек, мұнда қыпшақ диалектісіне тән сөз бейнелеу құралы ретінде қолданылған. Бабыр кейіпкердің әртүрлі қырын, яғни Жәнібектің ақылға қонымсыз мінез құлқы мен күшті, батыр екенін, елшіден тайсалмай сөйлескенін көрсеткісі келеді. Бабыртанушы В. Рахмон былай дейді: «Көркем шығармада бейнелеу құралы ретінде әдеби тілде қолданылмайтын, тек белгілі аймақ немесе аудан тұрғындарының сөйлеуінде кездесетін сөздер мен тіркестер, яғни диалектизмдер немесе шевалық элементтер маңызды рөл атқарады» [168, б.54]. Демек, кейіпкер сөзін даралауда, оның мағынасы мен мазмұнын байытуда әртүрлі диалект және жергілікті сөйлеу элементтерінің өзіндік орны бар. Алайда таза көркем шығармаларда кейіпкерлердің тілін диалектілік сипатта беру көбінесе көркемдік талаптарға байланысты болса, «Бабырнамада» бұл үдеріс тарихи оқиғалар мен нақты өмірлік жағдайлар талабына сәйкес жүзеге асады. Бабыр айналасында жиналған, тарих сахнасына қатысқан шынайы тұлғалардың сөзі көркемдік персонификация сипатын анықтайды.

«Бабырнамадағы» диалог құруда қолданылатын негізгі амалдарға тоқталар болсақ, ең бірінші тарихи-әлеуметтік мәртебені көрсету тәсілі көзге түседі. Себебі Бабыр әр кейіпкердің сөзін оның дәрежесіне сай құрады. Мысалы, «Жұрт: «Алды ма?» деп сұрасады, сонда Қасым бек: «Жемтігін осыншама әлсіреткеннен кейін қалайша тастап кетеді, алады!» депті» [28,

б.188]. Бұл амал кейіпкердің әлеуметтік орнын диалог арқылы-ақ танытады. Қасым бектің Жаһангир мырзаның жанында тұрып айтқан бұл сөзі, соңында Жаһангир мырзаның жанына батып, сол жерден кетуіне себеп болғаны Қасым бектің үстемдік дәрежесін көрсетеді.

Бабыр түркілік мақал-мәтелдік сөйлем арқылы да диалог жасайды. Яғни сөз арасында қысқа нақылдар, даналық тіркестер, мақал-мәтелдер қолданады. Мысалы, «Жұрттың бәрі: «Ғази хан отыз-қырық мың адам жиыпты, Даулат хан шал болса да беліне қос семсер қыстырыпты. Олар соғысқа кіресетін болар», – десті. «Тоғыз достан он дос артық» деген мәтел бар, ісіміз сәтті болу үшін лахорлықтар бізге қосылсын, бірге соғысамыз» деп ойладым» [28, б.296]. Ішкі монолог сипатында: «Бикрамда тұрған кезімде бірер күннен кейін маған суық тиіп, ыстығым көтеріліп еңсем түсіп, сандырақтадым. Тұмаудың арты жөтелге айналып, жөтелген сайын қан түкірдім. Бұл дерттің неден жабысқанын ұқтым. «Серттен тайған адам – өзіне қастық жасайды. Алла тағалаға берген сертінен қайтпаған адамға оның рақымы түседі». Мен жаратқан иеме қайта жалбарынып, пендеңнің күнәсін кешір деп жанымды мазалаған ойдан безіп, тыныштық тілеп, қаламымды сындырдым» [28, б.293]. Бұл халықтық ой қорыту дәстүрінің көрінісі.

Б. Майтановтың «Диалог заман көрінісінен хабар береді» [167, б.250] деген тезисін негізге алсақ, «Бабырнамада» әскери жорық пен соғыс кезіндегі диалогтер жиі кездеседі. Сол себепті қысқа, нақты, бұйрыққа толы әскери сөйлемдер Бабыр туындысында көп кездеседі. Бұл сол кезеңдегі заман көрінісі десек артық айтқандығымыз емес. Мысалы: «Соғысты бастаңыздар, Сиялкутта немесе Парсрурда бізге қосылыңыздар» деген жарлықпен жөнелттім» [28, б.296]. Келесі бір мысалыда: «Оны бұлай масқараламаңдар, өлімге кесілген адам емес қой», – дедім» [28, б.232]. «Бабырнамада» көбінде бұйрық сөйлем бірінші жақтан айтылады. Мысалы, «Қамалдан жан шығармай, ханымның бөлмесін тінтіп, жерге кіріп кетсе де Мұхаммед Құсайынды алып келіңдер!», – деп бұйрық бердім» [28, б.234]. Бұл амал сол дәуірдің әскери мәдениетін де айқын көрсетеді.

Тікелей сөз бен жанама сөзді алмастырып қолдану немесе ирония мен келемеждеу арқылы жауап қату да Бабыр диалогтерында көп кездеседі. Мысалы, «Менің кінәм не?» деп құлындағы даусы шықты. «Бұл адамдардың ішіндегі атақтыларының, ақылшыларының бірі сен емессің бе, бұдан асқан кінә бол ма? – деп жауап қайырдым» [28, б.232]. Автор кейде репликаны тікелей береді, кейде «ол былай деді» деп жанама жеткізеді. Бұл амал баяндаудың ырғағын бақылауға мүмкіндік береді.

Бабыр шығармаларындағы тарихилықпен астасып жатқан философиялық тереңдік, психологиялық байламдар мен нәзік лирикалық әуендер – түптеп келгенде, әлем әдебиетінің дамуына өзіндік серпін берген құбылыс. Орта ғасыр жағдайында прозалық туындыға тән психологиялық бейнелеуді жаңаша қырынан енгізуі сол кезең әдебиеті үшін үлкен жаңалық болғаны даусыз. Әдебиет зерттеушісі Б. Майтанов бұл құбылысты былайша түсіндіреді: «Барлық көркемдік-эстетикалық көріністерінде де лиризм

психологизмнің, психологизм лиризмнің ажырамас өрімі ретінде стиль түзушілік қызмет атқарысты. Анығына барғанда, лиризм жазушы субьектімен түбірлес те, психологизм сан алуан антипод қаһармандар танымы, жан «лемі танылатын обьективті ақиқаттарға баяндаушылық аялармен жол салады» [169, б.189]. Осы көзқарас тұрғысынан қарағанда, «Бабырнама» – Орта Азиядағы ортағасырлық жазба дәстүрде реалистік проза элементтерін лирикалық бояумен шебер тұтастырған алғашқы еңбектердің бірі. Оның шығармаларындағы сезімдік иірімдер мен сыршыл толғаныстар кездейсоқ құбылыс емес, ақын жастайынан жырлаған ғазалдарынан бастап қалыптаса бастаған табиғи поэтикалық мәнерінің жалғасы болатын. Бабыр ішкі монологті жыр түрінде де жазды. Мысалы:

«Жамандық ойлаған адамды,
Табыс ет деп тағдырға.
Тағдыр сенің демеушің,
Берер саған қол ұшын» [28, б.185], – деп «атаңа не істесең, алдыңа сол келеді» деген пәлсапалық ойды өлеңмен оқырман жүрегіне жеткізеді. Ендігі бір көркем мысал:

«Әр сөзі антқа барабап,
Тілекке тілек қосылған.
Тағдырға қандай шара бар,
Айырған тату досынан», – дейді [28, б.254]. Бабыр оқырманына дертке шалдығып, сыртқаттанған сәттерінен де сыр шертеді. Мысалы, «Сырқат күндері төрт рубаи жаздым, соның бірі мынадай-ды:

Күндіз күйіп, дене ыстығым артады,
Түнде көзден ұйқым алыс қашады.
Азап, төзім бойды аңдыса қалады,
Төзім бітіп, азап асып барады», – дейді [28, б. 381].

Қорытындылай айтқанда, «Бабырнамадағы» кейіпкер сөзінің бастапқы және ең айқын түрі – диалогтік және монологтік сөз. Шығармада диалогтік сөздің эмоционалды-психологиялық, аналитикалық, контрасты және қарапайым әлеуметтік түрлері кездеседі. Автор бейнесін ашудағы маңызды сөйлеу үлгілерінің бірі – кейіпкерлер арасындағы өзара әңгіме (диалог), екіншісі – монологтік сөз. Бабыр мен Хұсрау шах арасындағы әңгімеде монолог та, диалог та қатар қолданылғанын көреміз. Бұл ерекшелік екі билеуші тұлға арасындағы нәзік қатынастар мен жағдайлардың жүйелі әрі айқын ашылуына мүмкіндік берген. Бабырдың өзі мен өзгелер арасындағы әлеуметтік қатынастарды ішкі жан дүниесінде сараптап айтуы монологтік сөздің психологиялық-рухани түріне мысал бола алады. Мұнда автордың өз рухани толғаныстарына берген бағасы көркем-психологиялық түрде көрініс табады. Ал «Бабырнамадағы» баяндау түрлерінің алуан сипаты – шығарманың көпқабатты құрылымын дәлелдейді. Хроникалық, психологиялық, портреттік, географиялық және эпикалық баяндаулар мәтінді кеңістік пен уақыт тұрғысынан тереңдетеді. Кейіпкерлер сөзінде қолданылатын диалогтік және монологтік сөйлеу үлгілері мақал-мәтелдер,

нақыл сөздер сияқты паремиологиялық құралдар арқылы да айқындалады. Ұқсату, сипаттау, қарама-қарсы қою, салыстыру, шендестіру, ирония сынды көркемдік бейнелеу тәсілдері кейіпкерлердің мінезі мен іс-әрекетін, олардың тарихи шындық пен Бабыр өміріндегі орнын көрсету үшін маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар Бабыр тарихи шындықты бейнелеуде түрлі жергілікті диалект элементтерін де пайдаланады. Бұл диалогтеғы тәсілдер сол дәуірдегі кезең мен тарихи тұлғалардың бейнесін айқын әрі нанымды көрсетуді қамтамасыз етеді. Осылайша, баяндау мен диалогтің бірлігі «Бабырнаманы» тарихи туынды болудан асырып, көркемдік шеберлігі жоғары әдеби туынды деңгейіне көтереді. Бабыр шеберлігі – осы гармонияны дәл ұстап, фактіні көркемдікпен, тарихилықты психологиямен, хрониканы драматизммен ұштастыра білуінде. Сондықтан «Бабырнама» – түркі әдебиетінің таңдаулы үлгісі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Захираддин Мұхаммед Бабыр – Орта Азия мен Үндістан тарихындағы ең ірі саяси әрі мәдени тұлғалардың бірі. Оның «Бабырнама» атты мемуарлық-тарихи еңбегі тек жеке өмірбаяндық жазба ғана емес, XV-XVI ғасырлардағы саяси құрылым, этномәдени өмір, тарихи дерек пен тұлғалар жөнінде құнды еңбек. Бабырдың тарихи тұлғаларды бейнелеу тәсілдері өз дәуірінің шынайы келбетін ашып қана қоймай, автордың көркемдік шеберлігі мен аналитикалық ойлау жүйесін айқын көрсетеді. Зерттеу жұмысымызда Бабырдың тарихи бейнелерді сомдау әдістері, портрет жасаудағы көркемдік және деректік тәсілдері, сондай-ақ тарихи-биографиялық мінездеудің ерекшеліктері ғылыми тұрғыдан талданады.

Кіріспе бөлімде тақырыптың ғылыми өзектілігі негізделеліп, «Бабырнаманың» қазақ әдебиеттануындағы орны, зерттеу мақсаты мен міндеттері айқындалды. Әдебиеттанудағы методологиялық негіздер салыстырмалы әдебиеттану, аударматану, поэтика теориясы сипатталады. Зерттеудің ғылыми жаңалығы – «Бабырнама» тарихи жәдігерін әдебиеттану саласы тұрғысында, яғни көркемдік жүйе, жанр, бейнелеу құралдары негізінде талдау болып шығады.

Бірінші тарауда «Бабырнаманың» қолжазбалары мен көшірмелері және зерттелуі туралы ғылыми шолу жасалады. Сонымен қатар «Бабырнаманың» қазақ жазба әдебиетіндегі маңызы мен әдебиеттану саласындағы зерттеулерге кеңінен талдау жасалады. Одан соң тарихи жәдігердің қазақ тіліне аударылу тарихы, негізгі аудармалары – Байұзақ Қожабекұлы мен Ислам Жеменей аудармалары салыстырылады. Яғни қазақ тіліндегі екі аударманың көркем әдеби нормаларға сәйкестігі және түпнұсқаға жақындығы салыстырмалы талдау арқылы ашылды.

Екінші тарауда «Бабырнаманың» жанрлық табиғаты қарастырылады. Бабырдың мемуары тарихи хроника ғана емес, көркем шығарма ретіндегі сипатымен сараланады. Автордың «Мен» бейнесі, баяндау тәсілдері, композициялық құрылымы, оқиғалардың баяндалуындағы әдеби ерекшеліктер талданады. «Бабырнаманың» шығыс әдебиетінде мемуар жанрын қалыптастырудағы орны көрсетіледі. Сонымен қатар «Бабырнамадағы» поэтика және көркемдік құралдар мен бейнелеу жүйесі зерттеледі. Бұл тарауда «Бабырнамадағы» табиғат суреттерінің поэтикалық мәні, кейіпкерлер бейнесін сомдаудағы тәсілдер, метафора, эпитет, теңеу, гипербола сияқты көркемдік амалдардың қызметі талданады. Әдеби дәстүр мен жаңашылдықтың арақатынасы, автордың тілдік-эстетикалық ізденістері ашылады. «Бабырнама» мәтініндегі бейнелеу құралдарының жалпылық және шарттылық сипаты көрініс табады. Бабыр кейіпкерлерінің портретін бейнелеуде салыстыру, ұқсату, сипаттау, теңеу, детальдау, шарттылық пен жалпылау сияқты көркемдік әдіс-тәсілдерді шебер қолданған. Түркілік лексикаға тән көне және классикалық сөздерді пайдалану портреттердің толыққанды жасалуына тиімді құрал болған. Автор түрлі бейнелеу

құралдарын, түркілік сөздік қабатқа тән лексемаларды, киім-кешекке қатысты нақты детальдарды, халық арасына сіңген парсы мақалдарын қолдану арқылы кейіпкердің сыртқы келбетін толық көрсете алған. Қаһарманның әдет-қылығы, мимикасы, ым-ишарасы, өзгеге ұқсамайтын әрекеттері арқылы оның мінез ерекшелігі мен ішкі психологиялық қырлары ашылған. Кей жағдайларда әлеуметтік, экономикалық, тұрмыстық және кеңістік-уақыттық сипаттағы ақпараттар Бабыр үшін кейіпкер портреті мен ішкі әлемін ашатын көркемдік тәсіл қызметін атқарған. Мұндай сирек қырлар «Бабырнамадағы» Үсейін Байқара, Шайбани хан, Сұлтан Махмұт мырза сынды тұлғалардың сипатында айқын байқалады. Көркем характердің басты қасиеттері – мақсатқа бағытталуы, логикалық тұтастығы, шынайылығы және бірізділігі. «Бабырнамадағы» кейіпкерлер осы қасиеттердің барлығын бойына сіңірген.

Бабыр кейіпкер бейнесін қалыптастыруда келесі қағидаларға сүйенеді:

1. Кейіпкерлерді суреттегенде исламдық сенім мен шариғат қағидаларын өлшем етеді;
2. Нақты өмірді жан-жақты зерттеп, негізінен өзі көзімен көрген шынайы оқиғаларды баяндайды;
3. Тарихи тұлғаға қатысты ең маңызды және айқын деректерді іріктеп алады;
4. Оларды көркемдік өң беріп, логикалық бірізділікпен жеткізеді.

Бабыр мінез сипатында ұқсату, теңеу, сипаттау, қарама-қарсы қою, салыстыру сияқты көптеген бейнелеу құралдарын қолданады дедік. Дегенмен ол бұл тұрғыда өлшем мен шынайылық принципін қатаң сақтайды. Реализм мен ақиқаттылықты ешқашан көркемдік талапқа құрбан етпейді. Классикалық прозадағы дәстүрлі тәсілдерге жаңа, реалистік рух енгізіп, сонымен қатар көркемдік сипаттың жоғалмауын қамтамасыз етеді. «Бабырнамадағы» Байсұңқар мырза, Камолиддин Гүзаргохи, Зунннун Арғын, Маулана Шейх Хұсейін, Қасымбек сияқты кейіпкерлердің бейнелері осы қорытындыға әкеледі.

Үшінші тарауда «Бабырнамадағы» тарихи шындық пен көркемдік шешім арақатынасы, тарихи оқиғалардың әдеби көркем бейнеде берілуі және тарихи тұлғалар бейнесі талданады. Бабырдың тарихи деректерге сүйенуі мен көркемдік шешім арқылы толықтыруы арасындағы байланыс қарастырылады. Автордың субъективті көзқарасы мен көркемдік бейнелеу тәсілдері салыстырылады. «Бабырнамада» тарихи тұлғалар бейнесі көбіне нақты оқиғамен бірге беріледі. Мысалы, Шайбани ханды сипаттағанда Бабыр оның әскери қабілетін, саяси қулықтарын ғана емес, жеңістен кейін қарсыластарын аяусыз жазалауға бейімдігін нақты тарихи көріністермен жеткізеді. Осылайша, тарихи тұлға дерекпен сәйкес, бірақ көркем реңкпен толыққан бейне ретінде өмірге келеді.Тарихшы Эдуард Каррдың: «Тарих – бұл жай ғана фактілер жиынтығы емес, ол – интерпретация үдерісі, тарихшы мен өткеннің арасындағы үздіксіз диалог» [154] деген тұжырымы бойынша, Бабыр өз кезеңіндегі тарихи оқиғалар мен тарихи тұлғаларды тек оқиғаның

қатысушысы ретінде ғана емес, қоғамдағы орны бар күрделі әлеуметтік феномен ретінде көрсетуге тырысқан.

З.М. Бабырдың тарихи тұлғаларды бейнелеу әдістері – шығыс мемуаристикалық дәстүріндегі ерекше құбылыс. Оның портрет жасаудағы тәсілдері, ең біріншіден, жүйелі құрылымға бағынған және психологиялық тереңдікке құрылған. Сонымен қатар тарихи деректермен дәлелденген, көркемдік элементтермен байытылып, әлеуметтік-генеалогиялық байланыстарды ескерген және авторлық шыншылдықты алдыңғы орынға қойған. Осының нәтижесінде «Бабырнамада» берілген тұлғалар тек оқиғалардың қатысушылары емес, өз дәуірінің толыққанды тарихи-көркем бейнесі ретінде көрінеді. Бабырдың тарихи тұлғаларды бейнелеу тәсілдері бүгінгі әдебиеттану мен тарих ғылымы үшін де құндылығын жоғалтқан жоқ. Керісінше, оның шығармасы тарихи психологияны, портрет өнерін, деректану мәдениетін зерттеудің маңызды үлгісіне айналып отыр

«Бабырнама» мәтінінде әрекет ететін, сөйлейтін, қарым-қатынас жасайтын кейіпкерлер саны өте көп әрі табиғаты жағынан әр алуан. Шығарма кейіпкерлерінің көптүрлілігін қамтамасыз ететін маңызды фактор – оның тарихи, мемуарлық және биографиялық сипатқа ие болуы. Осының ортасында Бабырдың кең географиялық ауқымды қамтыған, күрделі әрі тағдырлы өмір жолы қызыл жіп сияқты тартылып жатыр. Кейіпкерлер сөзіндегі әртүрлілік пен кең тыныстылықтың өзегі – Бабырдың шығармашылық тұлғасын көрсетеді.

«Бабырнамадағы» кейіпкер сөзінің бастапқы және ең айқын түрі — диалогтік сөз. Шығармада диалогтік сөздің эмоционалды-психологиялық, аналитикалық, контрастты және қарапайым әлеуметтік түрлері кездеседі. Автор бейнесін ашудағы маңызды сөйлеу үлгілерінің бірі – кейіпкерлер арасындағы өзара диалог, екіншісі – монологтік сөз. Бабыр мен Хұсрау шах арасындағы әңгімеде монолог та, диалог та қатар қолданылғанын көреміз. Бұл ерекшелік екі билеуші тұлға арасындағы нәзік қатынастар мен жағдайлардың жүйелі әрі айқын ашылуына мүмкіндік берген. Бабырдың өзі мен өзгелер арасындағы әлеуметтік қатынастарды ішкі жан дүниесінде сараптап айтуы монологтік сөздің психологиялық-рухани түріне мысал бола алады. Мұнда автордың өз рухани толғаныстарына берген бағасы көркем-психологиялық түрде көрініс табады.

Кейіпкерлер сөзінде қолданылатын диалогтік және монологтік сөйлеу үлгілері мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, қанатты тіркестер сияқты паремиологиялық құралдар арқылы да айқындалады. Ұқсату, сипаттау, қарама-қарсы қою, салыстыру, шендестіру, ирония сынды көркемдік бейнелеу тәсілдері кейіпкерлердің мінезі мен іс-әрекетін, олардың тарихи шындық пен Бабыр өміріндегі орнын көрсету үшін маңызды рөл атқарады. Сонымен қатар Бабыр тарихи шындықты бейнелеуде түрлі жергілікті диалект және шева элементтерін де пайдаланады. Бұл тәсілдер тарихи тұлғалардың бейнесін айқын әрі нанымды көрсетуді қамтамасыз етеді.

«Бабырнамада» нарратор бірінші жақтық баяндауды қолданады, бұл шығармаға ерекше шынайылық, психологиялық тереңдік және эмоциялық реңк береді. Сондықтан «Бабырнамадағы» тұтас мәтінге қарап автордың баяндаудың бірнеше түрін қолданғанын көруге болады. Олар: хроникалық баяндау, психологиялық баяндау, портреттік баяндау, географиялық-этнографиялық баяндау және эпикалық баяндау Бабыр шығарманың негізгі бөлігін хроникалық (күнделік-тарихи) баяндау стилінде береді. Себебі Бабыр өз жолын, саяхатын, әскери қақтығыстарын, адамдармен қатынасын бірінші жақтан баяндайды. Мұндай баяндау тәсілі ең біріншіден, оқиғаның нақты уақытын белгілейді және тарихи шындықты дәл жеткізеді. Сонымен қатар туындыдағы көп деректің ретін сақтайды. Мәселен, «Бабырнамадағы» жорықтар, саяси оқиғалар, әскер қозғалысы, қала сипаттамалары, халықтардың әдет-ғұрыптары, соғыс тактикасы – мәтіннің құжаттық дәлдігін айқындайды. Мысалы, «Болған моғолдар, әндіжан әскерлері және бір топ жақын бектері де Әндіжанға кетті. Менімен Самарқандта бек пен бекзаттар, жақсы-жаман мыңға жуық кісі қалған еді» [17, б.74].

Психологиялық баяндауда Бабыр өзінің ішкі әлемін, көңіл күйін, толғанысын ашық көрсетеді. Бұл бейнелеу түрі кейіпкер мінезін ашуға көмектеседі. Мәселен: жеңілістен кейінгі күйзеліс, туған жерге сағыныш, қауіп-қатер алдындағы толғаныс. Мысалы, «Маған өте қиын болды, еріксіз жыладым. Одан Хожәндқа келдім. Менің анамды, әжемді және менімен қалған кейбір отбасыларды менің жаныма Хожәндке жіберді» [17, б.77].

Портреттік баяндауда Бабыр кейіпкерлердің сырт келбетін, мінезін, жүріс-тұрысын детальмен суреттеп, баяндайды. Мысалы, әкесінің портреті немесе Байсұңқардың «түркімен жүзді, кең иықты, сымбатты» деп бейнеленген бейнесі, сол секілді көптеген тұлғаларды Бабыр егжейлі-тегжейлі баяндап береді.

Географиялық-этнографиялық баяндауда табиғат, қала, ел, тайпа туралы кең көлемді сипаттамалар бар. Бұл баяндау түрі оқиға кеңістігін ашады, тарихи-мәдени ақпарат береді. Мысалы, «Самарқан», «Кабул» мен «Үндістан» қалаларының табиғаты мен құрамындағы тайпаларды баяндауынан көре аламыз. Соның ішінде Бабыр Самарқан қаласы жайында: «Самарқандта жақсы уәлаяттар мен түмендер бар, уәлаятының үлкендігі Самарқандпен теңесетін Бұқара бар. Ол Самарқандтың батыс тарапында жүз елу шақырым қашықтықта орналасқан. Бұқараның данеше түмендері бар, тәуір қаласы да бар, жемісі мол да сапалы болады» [17, б.71].

Эпикалық баяндау. Кей бөлімдерде Бабыр оқиғаларды эпикалық масштабпен береді. Мәселен, батырлардың шайқастары, шешуші жорықтар, ел ішіндегі қақтығыстар. Мысалы: «Бірақ жұртын бүлікшілер мен арамтамақтардан аулақ қыла алмады, оларға уәде де, үгіт-насихат та, қорқыту мен үркіту де еш әсер етпеді. Ұзын Асан мен Сұлтан Аһмет Тәнбәл бір рет Төлен Қожаның үстіне әскер жіберіп, қапыда ұстап, алып келіп өлтірді» [17, б.75].

Осылайша, баяндау мен диалогтің бірлігі «Бабырнаманы» тарихи туынды болудан асырып, көркемдік шеберлігі жоғары әдеби туынды деңгейіне көтереді. Бабыр шеберлігі – осы гармонияны дәл ұстап, фактіні көркемдікпен, тарихилықты психологиямен, хрониканы драматизммен ұштастыра білуінде. Сондықтан «Бабырнама» – түркі әдебиетінің ғана емес, әлемдік нарративтік мәдениеттің таңдаулы үлгісі.

Ал «Бабырнамадағы» автор мен нарратор – бір тұлғаның екі қыры тәрізді. Автор – тарихи деректерді қалдырған мемлекет қайраткері болса, нарратор – сол деректерді көркем тілмен жеткізген баяндаушы. Екі категорияның өзара байланысы шығарманың жанрлық және эстетикалық табиғатын айқындайды. Бұл ерекшелік «Бабырнаманы» түркі мемуар жанрының асқан үлгісі ғана емес, әлем әдебиетінің де құнды нарративтік ескерткіші деңгейіне көтереді. Шығарманың көркемдік дәлдігі, психологиялық шынайылығы және авторлық «меннің» қуатты бейнесі – оның мәңгілік мәнін айғақтайды.

Қорытындылай айтқанда, «Бабырнама» – тарихи дерек пен көркем әдебиеттің үйлесімін таба білген шежірелік еңбек. Ондағы әдеби-көркем заңдылықтар шығармаға эстетикалық құндылық беріп қана қоймай, оны әдеби классика деңгейіне көтерді. Бабырдың шынайы баяндауы, бейнелеу шеберлігі мен тарихи дәлдігі бұл еңбекті әлемдік әдебиет пен тарихнамада мәңгілік орынға ие етті деп толықтай айтуға болады. Себебі «Бабырнама» мәтінінде қолданылған көркем бейнелеу құралдарын зерттегенімізде, автордың оларды қолдануда «алтын орта» қағидасын ұстанғанын көреміз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Юсупова Д.Р. Арузоведение тимуридского периода: Захириддин Мухаммад Бабур и его «Трактат об арузе» // Polish science journal. – 2023. – №4 (49). – С. 206-209.

2 Akün Ö.F. Babür Sanatkar ve Fikir Adamı Yönü // Türkiye Diyanet Vakfı İslam Ansiklopedisi. – 1991. – IV. – pp. 396-400.

3 Togan Z.V. Tahran Kütüphanelerinde Hindistan'dan gelen eserlerde çağatay dil ve Temürlü Sanat Abideleri // TTK Belketen. – 1960. – №25(95). – P. 441-446.

4 Türkmen E. Hindistan Kütüphanelerindeki bazı Türkçe yazma eserler // TKA. – 1985. – №23(1-2). – S. 493-494.

5 Алиев А.А. Завещание Тимура и Мухаммед Бабур // Вестник КРСУ. – 2015. – Т. 15, №6. – С.53-56.

6 Ибрагимов А.П. Бобур асарлари лексикасининг лингвостатистик, семантик ва генетик тадқиқи («Девон», «Мубаййиин», «Аруз»): 10.02.02: филол.фанл.док. ...автореф. – Тошкент, 2008. – 47 б.

7 Bilkan A.A. Babür: Risale-I Validiyye Tercümesi. – İstanbul, 2002. – s.100.

8 Қожабекұлы Б. Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. – Алматы: Ататек. – 1993. – 448 б.

9 Неру Дж. Вгляд на всемирную историю. Том 2. – М.: 1975. – 115 с.

10 Уляницкий В.А. Сношение России в Средней Азиий и Индиий в XVI-XVII вв., кн 3, – М.: 1889. – 354 с.

11 Сәкенқызы Б. Жазба шежіре – көркем әдебиеттің бастауы. https://abai.kz/post/15017. 25.10.2012

12 Жеменей И. Мұхаммед Айдар Дулат. Тарих-и Рашиди. 2 кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. 2-кітап. – 450 б.

13 Дербісәлиев Ә. Шыңырау бұлақтар (зерттеулер, мақалалар). – Алматы. Жазушы, 1982. – 256 б.

14 Varadarajan L. «Jahangir the Diarist. An interpretation based on the 'Tuzuk-i-Jahangiri», Journal of Indian History, Golden Jubilee Volume, 1973, P. 403-418.

15 Қамзин К. Бабырнаме» – түркіге ортақ мәдени жәдігер // Мәдениет. – 2008. – №10 (26), – 22-25 б.

16 Жеменей И. Мұхаммед Айдар Дулат. Тарих-и Рашиди. 2 кітап. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. 1-кітап. – 367 б.

17 Жеменей И. Захираддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. Аударма. – Алматы: Дарын баспасы, 2023. – 458 бет +8 бет жапсырма.

18 Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – Алматы: Раритет, 2011. – 432 б.

19 Самойлович А.Н. Новый перевод Записок Бабура // Известия АН. Сер. литературы и языка. – 1994. – Т.53, No1. – С. 76-84.

20 Ильминский Н. Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. – Қазан: Университет табиғханасы, 1857. – 508 б.

21 Beveridge A.S. Art. XIX. – Notes on the Turki Text of Babar's Memoirs // Journal of the Royal Asiatic Society. – 1900. – Vol. 32, Issue 3. – P. 439-480.

22 Beveridge A.S. Further Notes on the MSS. Of the Turki Text of Babar's Memoirs // The Journal of the Royal Asiatic Society of Great Britain and Ireland. – 1902. – Vol.1. – P. 653-659.

23 Babur Z.M. The Babar-Nama: being the autobiography of the Emperor Babar, the founder of the Moghul dynasty in India. – London, 1971. – P. 871

24 Boltabayev S. Bâburnâme'de Çün Bağlama Edatının Kullanımı ve İşlevleri // Korkut Ata Türkiyat Araştırmaları Dergisi. – 2023. – S. 10. – S. 663-678.

25 Султанов Т.И. Обстоятельства и время написания «Бабур_наме» // Тюркские и монгольские письменные памятники. Текстологические и культуроведческие аспекты исследования: сб. ст. – М., 1992. – С. 86-91.

26 Miniatiyuri Rukopisi Baburnama / Miniatures of Babur-Name, – M.: 1960. – c. 89.

27 Захириддин Мухаммед Бабур. Бабур-наме. – Ташкент: Фан, 2003. – 448 с.

28 Қожабекұлы Б. Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед. Бабырнама. – Алматы: Ататек. – 1993. – 448 б.

29 Тешабоева З.Қ. «Бобурнома»нинг инглизча таржималаридаги фразеологик бирликлар ва уларнинг миллий-маданий хусусиятлари. Филология фанлари бўйича фалсафа доктори (phd) диссертацияси. – Тошкент, 2017. – Б.152.

30 Ибрахимов А.П. «Бобурнома» – буюк асар. – Тошкент, 2000. – Б.14-17.

31 Отажонов Н. Мукаммал асар йулида // Шарқ юлдузи, – Тошкент, 1990, №10, – Б. 143.

32 Thackston W.M. The Baburnama. Memoirs od Babur, Prince and Emperor. – NY.k: Oxford University Press, 1996. – P. 480.

33 Иброхимов А. «Бабырнама»даги хиндча сузлар тадқиқи. Филол.фан.ном.дисс... автореферати. – Тошкент, 2011. – Б. 27.

34 Собиров М. «Бобурнома»нинг инглизча таржималарида муаллиф услуби ва бадииятини қайта тиклаш муаммолари. Филол.фан.ном. ...дис. – Тошкент, 2002. – Б. 170.

35 Хўжаев Ғ. «Бобурнома»нинг немисча икки таржимаси» // Ўзбек тили ва адабиёти. – Тошкент, 1979. – №6, – Б. 46.

36 Рахимов Х. «Бобурнома»нинг олмонча таржималарига бир назар // Бобур ва дунё. – Тошкент, 2019. №1. – Б. 15.

37 Комилов Н. «Бобурнома» таржималари // «Гулистон». – Тошкент, 1977, № 3. – Б.28.

38 Рахмонов В. Бобуршунослик ютук ва муаммолар // Ҳуррият. – Тошкент, 2008. 21-август. – Б. 15.

39 Мадраимов А. «Бобурнома»нинг фос тилидаги қулезмалари // «Узбек тили ва адабиети». – Тошкент, 1974. №1. – Б. 62.

40 Отажонов Н., Хошимова Д. «Бобурнома» шарқ элчиси. – Тошкент. – 2010. – Б. 126.

41 Мадраимов А. Бабурнома: тузилиши, тили ва бадиий хусусиятлари. – Тошкент: Фан, 1990. – 156 б.

42 Комилов Н. «Бобурнома» таржималари // «Гулистон». 1977. – Тошкент, № 3. – Б. 28.

43 Тешабоева З. «Бобурнома»даги фразеологик бирликларнинг инглизча таржималари қиесий тахлили. – Тошкент, 2018. – Б. 14.

44 Хошимова Д. «Бобурнома» асарининг танқидий матнини яратиш муаммолари. Филол.фан.ном... дисс. автореф. – Тошкент, 2006. – Б. 28.

45 Абдуғафуров А., Уринбоев А., Япон олимининг илмий жасорати // Узбекистон адабиети ва санъати. – Тошкент, 1996. 15 март. – Б. 2.

46 Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің ежелгі дәуірі. – Алматы: Мектеп, 1986. – 214 б.

47 Жеті ғасыр жырлайды: екі томдық. – Алматы: Жазушы, 2021. 1-том. – 496 б.

48 Тоекина Б.С. «Бабырнама» және Қазақ хандығы тұсындағы жазба шежірелер: филол.ғыл.канд.дис. М.Әуезов атын. Әдебиет және өнер инс-ты; ғыл.жет. Омаров Б. – Алматы: 2009. – 124 б.

49 Құнанбайұлы А. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. - Алматы: Жазушы. – Т.1: Өлеңдер мен аудармалар. – 2004. – 296 б.

50 Құнанбаев А. Поэмалар, өлеңдер. – Алматы: Мектеп, 1987. – 160 б.

51 Күмісбаев Ө. Бабыр ғазалдары // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы Вестн. КазНу.Сер.востоковедения. – 2005. – №3. – 79-82 б.

52 Құдайбердіұлы Ш. Өлеңдері мен поэмалары. Құраст. Х.Сүйіншәлиев. – Алматы: Рауан, 1990. – 208 б.

53 Дербісәлиев Ә. Бабырнама – бағалы мұра. Жұлдыз. – 1990. – №11., 23 б.

54 Омарбеков Т. «Бабырнама» – ортақ мұра. Қазақ әдебиеті. – 1991. 10 қыркүйек. – №13. – 4 б.

55 Әбдірәсілқызы А. Қожа Ахмет Йасауидің ақындық әлемі. – Алматы: Кие, 2007. – 262 б.

56 Салье М. Бабур-наме. Записки Бабура. Перевод. Изданиен второе, доработанное. –Тошкент: 1958. – 463 с.

57 Таңсықбай Ә.Қ. «Бабырнаманың лексика-семантикалық сипаты (теориялық және әдістемелік аспектісі): философия д-ры (PhD) ...дис.(Қазақ тілі мен әдебиеті) / Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті; отандық ғылыми кеңесші Қ.К.Кенжалин; шетелдік ғылыми жетекші А.В. Дыбо. – Астана: 2025. – 174б.

58 Уәлиханов Ш. Таңдамалы. Бес томдық шығармалар жинағы. 1том. – Алматы: Жазушы, 1984. – 560 б.

59 Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений: в 5 т. – Алма-Ата, 1985. – Т. 4.

– 463 с.

60 Құнанбаев А. Шығармаларының бес томдық жинағы. – Алматы: Қазақстан Мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1961. – 597 б.

61 Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.

62 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: Сана, 1991. – 80 б.

63 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1985. – Т.2. – 370 б.

64 Әуезов М. Индия очерктері (көріністері). – Алматы: Көркем әдебиет, 1958. – 133 б.

65 Сүйіншәлиев Х. Алғы сөз // Қазақ прозасы хрестоматия. IX-XIX ғасырлар. – Алматы: Ғылым, 2002. – Т.1. – 564 б.

66 Қасқабасов С. Рухани мәдениет // Қазақстан тарихы (Көне заманнан бүгінге дейін) Бес томдық. – Алматы: Атамұра, 1998. – Т.2. – 257 б.

67 Уахатов Б. Көркемдік ізденістер: әдеби сын мақалалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1991. – 208 б.

68 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1987 – 368 б.

69 Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – Алматы: Рауан, 1995. – 200 б.

70 Мусабаев Г.Г. Современный казахскй язык. –Алматы: АН Казахской ССР, 1959. – 140 с.

71 Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Рауан, 1991. – 256 б.

72 Келімбетов Н. Көптомдық шығармалар жинағы. – Алматы: Раритет, 2014, 4-том. – 448 б.

73 Мырзахметов М. Бабырдың туғанына 500 жыл. Бабырнама және Абай // Қазақ әдебиеті. – 1983 №28 (1690). – 15 июль, жұма. – 3 б.

74 Нұрмұхамет Қ. Бабыр мұраты. Монография. Ғылыми басылым. – «Айтұмар баспасы, 2015. – 114 б.

75 Күмісбаев Ө. Бабыр ғазалдары // ҚазҰУ хабаршысы. Шығыстану сериясы Вестн. КазНу.Сер.востоковедения. – 2005. – №3. – 79-82 б.

76 Шоинжанова М.Т. «Бабырнама» және Үндістан // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2009. – №7/8. –290-292 б.

77 Ғабитов Т. Қазақтың тарих философиясы. Жиырма томдық. 6-том. «Бабырнама» және тарих философиясындағы түркілік үдерістер. Астана: Аударма, 2006. – 512 б.

78 Жеменей И. Бабыр бейнесі әлем шарында // Turkoloji. – 2008. – №33-33. – 113-117 б.

79 Жеменей И. Қазақ тарихының дерекнамалар // Түркі әлемі. – 2015. – № 8. – 3 б.

80 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 14-т.: Zahираддин Мұхаммед Бабыр. Бабырнама. /Ауд: Б.Қожабекұлы. – Алматы: Таймас, 2011. – 480 б.

81 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 18-т.: Заһираддин Мұхаммед Бабыр. Шариғат түсініктері. /Құраст.: Т.Қыдыр. – Алматы: Таймас, 2012. – 480 б.

82 Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 19-т.: Бабыр З.М. Ғазалдар; Жалайыри Қ. Шежірелер жинағы. /Құраст.: С. Қорабай, Т. Қыдыр. С. Өтениязов. – Алматы: Таймас, 2013. – 400 б.

83 Қазыналы Оңтүстік. – Алматы: «Нұрлы Әлем». 2013. – Сер.: Түркістан кітапханасы. Т 57: 3-кітап: Бабыр. Шариғатты түсіндіруші (Мүбәййән дәр фикһ) XVI ғ. – 320 б.

84 Алдияр Б. Ақпарақ. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2017. – 392 б.

85 Тынышпаев М. Материалы к истории киргиз-казакского народа. – Ташкент, 1925. – 70 с.

86 Babar Z. et.al. Memoirs of Zehir-ed-din Muhammed Baber, Emperor of Hindistan, Written by Himself, in the Jaghatai Turki, and Translated, Partly by the Late John Leyden …Partle by William Erskine with Notes and a Geographical and Historical Introduction. – London: Longman, 1826. – P. 526.

87 Calfecott R.M. The life of Baber, Emperor of Hindostan. – London: James Darling, 1844. – P. 339.

88 Beveridge A.S. The Babur-nama in English (Memoirs of Babur). – London: Luzac, 1922. – Vol.2. – P. 880.

89 Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского наречия // В кн.: Ученые записки. – Казань, 1860. – Кн. 3. – С. 107-159.

90 Григорьев В.В. Бабериды // В кн.: Энциклопедический сексикон. – СПб,. 1839. – С. 232-233.

91 Благова Г.Ф. К истории изучения «Бабур-наме» в России // Тюркологический сборник: сб. К 60-лет. А.Н. Кононова. – М.: Наука, 1996. – С. 168-176.

92 Благова Г.Ф. Восточные рукописи в библиотеке покойного В.В. Вельяминова-Зернова // Известия РАН. – 1919. – Т. 13, №6. – С. 858-872.

93 Стеблева И.В. Семантика газелей Бабура. – М.: Наука, 1982. – 327 с.

94 Стеблева И.В. Преодоление ирадиционной тематической нормы в газели Бабура // В кн.: Тюркологический сб. 1975. – М., 1978. – С. 226-234.

95 Благова Г.Ф. Характеристика грамматического строя (морфологии) староузбекского литературного языка конца XV в по «Бабур-наме». – М., 1954. – 247 с.

96 Благова Г.Ф. «Бабур-наме»: язык, прагматика текста, стиль: к истории чагатайского литературного языка. – М., 1994. – 403 с.

97 Щербак А.М. Грамматика сароузбекского языка. – М., 1962. – 274 с.

98 Гарольд Лэмб. Бабур – Тигр. Великий завоеватель Востока. – М.: Центрополиграф. 2002. – № 3. – 385 с.

99 Ussenova N., Zhemeney I., Bysengaly Z. Transition from Autobiography to Memoir in «Babur-nama» Asiatic: IIUM Journal of English Language and Literature. 2024. 18(2), P. 155–172.

100 Хошимова Д.М. «Бобурнома» матнидаги тасвирий воситаларнинг инглиз тилига таржималари тадқиқи. Филология фанлари доктори (dsc) илмий даражасини олиш учун тайёрланган диссертация. – Тошкент. – 2018. – 262 б.

101 Әдебиеттану терминдер сөздігі. Құраст: Ахметов З., Шаңбаев Т. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 383 б.

102 Ақыш Н.Б. Қазақ мемуарлық романы: филол. ғыл. докторлығы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған автореферат. – Алматы, 2009. – 325б.

103 Ақыш Н. Қазақ мемуарлық романы. – Алматы: Арда, 2010. – 416 б.

104 Кәрімхан З.Т., Әубәкірова Қ.Ә., Касымова А.А.. Мемуарлық проза эволюциясы: көне түркі жазбаларынан бүгінгі күнге дейін. «Керуен» ғылыми журналы. – 2024, №4, 85-том, – 79 б.

105 Кенжебаев Б. Қазақ халқының XX ғасыр басындағы демократ жазушылары. – Алматы: Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1958. – 259 б.

106 Hegyi P. Tradition and innovation in literature: From antiquity to the present. Budapest: Eötvös Loránd University. – 2020. P. 234

107 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Том 1. – Алматы : Ана тілі, 1991. – 264 б.

108 Хасенов М. Мемуарлық шығармалар және оның жанрлық табиғаты // Жанр сипаты. – Алматы: Ғылым, 1971. – 372 б.

109 Сағындықова Н.Ж. Бабырнама көріністері // Шелковый путь и Казахстан: Материалы науч.-практ.конф. Алматы, 2-3 сентября 1998 г. – Алматы: Жибек жолы, 1999. – 324 с.

110 Бекбергенов М. Азаттық үшін алысқандар. – Алматы: Қазақстан, 1976. – 170 б.

111 Ошақбаева Ж. Бабырнама – Орта Азия халықтарының біртұтас рухани құндылығы // Адам әлемі / Мир человека. – 2013. – №3. – 127-137 б.

112 Mukherjee, Riya. «The history and evolution of the genre of autobiography: A critical study». International Multidisciplinary Research Journal. – 2013. – no. VI, vol. II. – pp. 1-9.

113 Doğan, Murat. «Evaluation of gastronomy elements in Babur-name, memoir of Ghazi Zahīr ud-Dīn Muhammad Babur Shah (1483-1530)». ART/icle: Sanat ve Tasarım Dergisi. – 2022. no. 2,vol. 2. – pp. 130-157.

114 Teres, Ersin, and Hamza Yalçınkaya. «Some object names related to the military service in Bâbur’s memories». Folklor. – 2015. – no. 84, vol. 21. – pp. 233-239.

115 Toliver, Stephanie, and Heidi Lyn Hadley. «Ca(n)non fodder no more: Disrupting common arguments that support a canonical empire». Journal of Language and Literacy Education. – 2021. – vol. 17, no. 2. – pp. 1-28.

116 Болтабоев Х. Бобур асарларида адабиет назарияси масалалари. З.М. «Бобуринг жахон маданияти тарихида тутган урни» халқаро илмий анжуман материаллари /тахрир хайьати: А. Аъзамов, Б. Абдухалимов, З. Машрабов ва

бошқ.; Масъул мухаррир: В. Рахмонов; таржимон Ғ. Сатимов. – Тошкент: «Oqituvchi» НМИУ, 2013. – 168 б.

117 Ахметов З., Шаңбай Т. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Үшінші басылым. – Семей-Новосибирск: Талер-Пресс, 2006. – 398 б.

118 Атымов М. Жанр және композиция // Жанр және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1968. – 350 б.

119 Қамзин К. Бабырнаме» – түркіге ортақ мәдени жәдігер // Мәдениет. – 2008. – №10 (26). – 22-25 б.

120 Усенова Н.Е. «Бабырнамадағы» өлшем бірліктерге этимологиялық талдау» // Aqiqat. – 2025. – №10. – 73-85 б.

121 Қабдолов З. Әдебиет теориясының негіздері. – Алматы: Мектеп, – 1970. – 380 б.

122 Бахтин М. Формы времени и хронотопа в романе. Очерки по исторической поэтике // Вопросы литературы и эстетики. – М.: Худож. лит., 1975. – С. 234-407.

123 Райан Майкл. Әдебиет теориясы: Кіріспе. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 292 б.

124 XXI ғасыр әдебиеттануы: терминдер сөздігі / Жауапты шығарушы, құраст: А. Қалиева, Г. Сәулембек. – Алматы: Service Press, 2024. – 296 б.

125 Жанұзақова Қ.Т., Утепбергенова Г. Көркем шығармадағы уақыт пен кеңістік композициясын талдау мәселесі. https://www.rusnauka.com/35_FPN_2014/Philologia/1_179828.doc.htm

126 Нұршайықов Ә. Ақиқат пен аңыз. – Алматы: Жазушы. – 1985. – 256б.

127 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. – Алматы: Алаш. – 2003. – 328 б.

128 Мәуленов А.А. Фольклор және мифология. – Алматы. – 2023. – 343б.

129 Қуронов Д. ва бошқ. Адабиётшунослик луғати. – Тошкент: Akademnashr, 2010. – Б. 226-227.

130 Тұраров М. Қазақ әдебиетіндегі әдеби портрет: ерекшелігі, маңызы, сипаттамасы // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2012. – № 3(137). – 247-249 б.

131 Ботирова Ш. Персонаж характеристикасида психологик тасвирнинг ўрни // Ўзбек тили ва адабиѐти. – Тошкент, 2012. – №5, – Б. 50.

132 Ҳотамов Н., Саримсоқов Б. Адабиѐтшунослик терминларининг русча-ўзбекча изоҳли луғати. – Тошкент: Ўқитувчи, 1979. – Б. 238.

133 Усенова Н.Е., Дүйсенбай Г., Жеменей И.А.. Захираддин Мұхаммед Бабырдың «Бабырнама» еңбегіндегі психологиялық көзқарастары. М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты «Керуен» ғылыми журналы. – 2024, – №2, том 83. – 270-284 б.

134 Aslonov I.N. The Problem of Artistic – Psychological Image in Boburnoma. Eurasian Scientific Herald. Volume 7. April, 2022. – 368-372 p.

135 Хасанов С. Захириддин Мухаммад Бобур. Бобурнома / Масъул мухаррир: Вахоп Рахмон. – Тошкент: Шарқ. – 2002. – Б. 336.

136 Бобур, Захириддин Мухаммад. Бобурнома. /Тахрир хайъати: Абдуғафур Абдурашидов, Бобур Алимов ва бошқ. П. Шамсиев, С. Мирзаев ва Эйджи Мано нашрлари асосида қайта нашрга тайерлович: Саидбек Хасанов. – Тошкент, «Шарқ» нашриет-матбаа акциядорлик компанияси Бош тахририяти, 2002. – 336 бет + 32 бет зарварақ.

137 Навоий асарлари луғати. Тузувчилар: П.Шамсиев, С.Иброҳимов. – Тошкент: Ғафур Ғулом номидаги Адабиет ва санъат, 1972. – Б.592.

138 Бердібай Р. Әр жылдар ойлары. Көмекші оқу құралы. – Түркістан, «Тұран» баспасы, 2007. – 680 б.

139 Eiji Mano. The characteristical description of historical people in Baburname. Бобур абадияти (Халқаро анжуман материаллари). Андижон, 2017, – Б. 23-24.

140 Султон И. Адабиѐт назарияси. – Тошкент: Ўқитувчи, 1980. – Б.181.

141 Эрскин У. Бобур Ҳиндистонда. / Ғ. Сотимов таржимаси. – Тошкент: Чўлпон, 1995. – Б. 105.

142 Жетібай Р.Қ. Ж.Нәжімеденов прозасындағы психологизм көрінісі // Еуразия гуманитарлық институтының хабаршысы. – Астана, 2022. – №2. – 147-152 б.

143 Аристотель. Поэтика. Поэзия санъати ҳақида. – Тошкент: Ғ.Ғулом номидаги АСН, 1980. – Б.31.

144 Әбдіғазиұлы Б. Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010. – 573 б.

145 Santanu Mondal. Tuzk-e-Babri. Baburnama, Memoirs of Babur. Babur, Indian Literature. – India, 2013. – P. 82.

146 Қудратуллаев Ҳ. «Бобурнома» ва «Тарихи Рашидий» да муаллифларнинг портрет яратишдаги муштараклиги ва ўзига хослиги. Муҳаммад Ҳайдар Мирзонинг Тарихи Рашидий асарининг жаҳон маданияти тарихидаги ўрни (Халқаро илмий анжуман материаллари). – Тошкент, 2011. – Б.44.

147 Драгомирецкая Н. Характер в художественной литературе // Проблемы теория литературы. – Москва: Наука, 1958. – С.132-133.

148 Жамолов С., Отажонов Н. Заҳириддин Муҳаммад Бобур ижодини ўрганиш ўқув қўлланмаси. – Тошкент: 1990. – Б.93.

149 Бертельс Е. Суфизм и суфийская литература. – М.: Наука, 1965. – С. 415-420.

150 Қапасова Б. Бабырнамадағы діни сарындар // ҚазМУ хабаршысы. Шығыстану сериясы. – 2002. – №2. – 51-52 б.

151 Мирсайдуллаев М. Бобурнинг касаллик тарихи. – Тошкент: Фан, 2013. – Б. 118.

152 Кәрібаев Б. Тарихи дерек: археография және деректану мәселелері. Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. Алматы, 30 қазан 2007ж. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 430 б.

153 Карр Э.Г. Что такое история? Рассуждения о теории истории и роли историка. Алматы: Жеті жарғы, 1997. – 208 с. – (Фонд Сорос - Казахстан).

154 Усенова Н.Е., Жеменей И.А., Пилтан Ю.. «Бабырнамадағы» тарихи тұлғалар бейнесі // М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты «Керуен» ғылыми журналы. – 2025. – № 1, 86 том. – 45-58 бб.

155 Усенова Н.Е., Бисенғали З.Қ., Якыжы А.. «Бабырнама» шығармасындағы тарихи шындық және фольклорлық негіздер М.О.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты «Керуен» ғылыми журналы. – 2023. – №2, 79 том, – 29-42 б.

156 Ғабитов Т. Қазақтың тарих философиясы. Жиырма томдық. 6-том. «Бабырнама» және тарих философиясындағы түркілік үдерістер. Астана: Аударма, 2006. – 512 б.

157 Халид Қ. Тауарих хамса (Бес тарих) // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – Астана: Аударма, 2006. – 6 т. – 415-443 б.

158 Нұрмұхаметова Қ. «Бабырнама» жәдігеріндегі руханиат мәселелері // Қоғам және дәуір. – 2009. – №4. – 111-114 б.

159 Күмісбаев Ө. Шығыс шайырлары. Бес томдық. – Алматы: РПБК «Дәуір», 2015. 1-том: Иран әдебиетінің тарихы. – 312 б.

160 Әуезов М. Ақынның өзбек өнеріндегі бейнесі // Әлем әдебиеті. – 2008. – №6. – 7-9 б.

161 Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: Арыс, 2004. – 360 б.

162 Schultze-Kraft M. Historical memory and its (dis)contents. In: Education for Sustaining Peace through Historical Memory. Cham: Palgrave Macmillan. – 2022. – pp. 37-61.

163 Хасанов С.Захириддин Мухаммад Бобур. – Тошкент, 2011. – Б. 86.

164 Шмид В. Нарратология. – Москва: Языки славянской культуры, 2003. – с. 312.

165 Қазіргі көркем прозадағы автор-нарратор-кейіпкер. Әдебиет порталы. 05.09.2017. https://adebiportal.kz/kz/news/view/qazirgi-korkem-prozadagy-avtor-narrator-keiipker__19393

166 Исақова Ш. Бадиий таржимада миллийлик ва тарихийликнинг акс эттирилиши (Ойбекнинг Навоий романининг французча таржимаси мисолида). Филол. фан. ном. ...дисс. – Тошкент, 2004. – Б.39.

167 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.

168 Раҳмон Ваҳоб. Мумтоз сўз сеҳри. – Тошкент: Ozbekiston, 2015. – Б.190.

169 Майтанов Б. Лиризм – стильдік құбылыс // Көркемдік кілті – шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1985. – 348 б.


ҚОСЫМША А







Қазақстан Республикасы Ұлттық кітапхана қорының Сирек кітаптар мен қолжабалар бөліміндегі Н.Ильминскийдің көшірмесі


Бабыр, Захир ад-дин Мұхаммед.
Бабырнама = Baber-namah diagataige ad fidem Codicis petropolitani / Бабыр Захир ад-дин Мұхаммед; ред. Н. Ильминский. – Қазан: университет табиғханасы, MDCCCLVII (1857). – 508 б.
25,5х16,5 см.
Мәтін араб графикасімен жазылған.
Мәтін шағатай тіл.
Оциф. № 495
159446 23003 РК





159445
Қазақстан Республикасының Ұлттық кітапханасы
23002
P.H.

Н. Ильминский көшірмесінің бірінші және соңғы беттері



494
BABER-NAMEH
DIAGATAICE
AD FIDEM CODICIS PETROPOLITANI
EDIDIT
N. Ilminski
CAZANI
MDCCCLVII.
1857








Шығыстанушы ғалым И.Жеменей аударған Ауғанстанның Мазар Шәріп қаласында «Ұлықбек» баспасынан Һедайәтолла Һедайәт дайындаған түпнұсқалық қолжазбасы



کتاب بیلگیلری

کتاب آتی : بابر نامه
یازوچی : ظهیرالدین محمد بابر
مهتمم : پوهنیار هدایت الله هدایت
نشرگه تیارلاوچی: علیشیر هدایت
کمپیوترایتوچی : بیکتاش هدایت
ناشر : میرزا اولوغ بیگ فرهنگی بنیادی
باسیلگن ییلی : ۱۳۸۷ = ۲۰۰۸
باسیلگن ییری : میرزا اولوغ بیگ باسمه خانه سی مزار شریف
تیراژ : ۱۰۰۰



936 (1529)

وقایع سنه ست و ثلاثین و تسعمایه(۹۳۶هـ.ق)

سه شنبه کونی محرم آیی نینگ اوچیدا گوالیار دین شهاب الدین خسرو بیله شیخ محمد غوث، رحیمداد نینگ شفاعتی اوچون کیلدی، چون درویش و عزیز کیشی ایدی، رحیمداد نینگ گناهی نی الار غه باغیشلاب شیخ گورن بیله نور بیگنی گوالیار غه بییاریلدی کیم، گوالیار نی بولار غه تاپشوروب[۱]

[۱]- ترکي بابرنامه نینگ برچه موجود نسخه لري و فارسي ترجمه لرنینگ همه نسخه لري شو جایگه کیلیب گیسیله دی.